- 5 Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / Құраст. филол.ғ.д., профес. Н. Ғабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 364-372-бб.
- 6 Смағұлов А.Т. Қайым Мұхаметхановтың шығармашылық өмірбаяны: филол.ғ.д. ... диссер. авторефераты. – Алматы, 2007.
- 7 Джаркынбаева М.Б. Қайым Мұхаметханов - абайтанушы ғалым // <https://infourok.ru/ayim-mhamethanov-abaytanushi-alim-1073331.html>

ЭОЖ 821.512.122.09

Е. ҒАЛЫМОВ

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ АБАЙ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Автор бұл мақалада Абай текстологиясына кенінен тоқталады. Текстолог ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып М.О. Әуезов, Қ. Мұхамедханов және М. Мырзахметұлы зерттеулерін талдауға алады. Мақалада Абай шығармаларының текстологиясын зерттеудің тарихы қысқаша баяндалып, қазіргі абайтану ғылымындағы бұл мәселенің көкейкесті жақтарына жете көңіл бөлінеді. Сонымен қатар қазақ мәтінтану ғылымының теориялық-әдістемелік мәселелері кеңірек сөз болады. Мәтінтану ғылымын зерттеуші отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалып, көрнекті зерттеушілердің ғылыми ой-пайымдаулары зерделенеді.

Түйін сөздер. мәтінтану, мәтінгер, қолжазба, көшірме, түсіндірме, абайтану, шығарма.

Е. ГАЛЫМОВ

КазГУ им. аль-Фараби, Казахстан, Алматы

ТЕКСТОЛОГИЯ ТВОРЧЕСТВА МУХТАРА АУЭЗОВА И АБАЯ

Аңдатпа. В данной статье автор рассматривает текстологию произведений Абая. На основе трудов текстологов автор сравнивает исследования М.О. Ауэзова, К. Мухамедханова и М. Мырзахметулы. Кроме того, в статье рассматривается история исследований текстологии творчества Абая, автор останавливается на основных моментах современного абаяведения. Кроме этого, уделено внимание проблеме теоретическо-методологических сторон текстологической науки, делается обширный обзор по трудам отечественных ученых-текстологов и их концепциям.

Ключевые слова. текстология, текстолог, рукопись, копия, абаяведение, примечание, произведение, абаяведение.

E. Galymov

al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan

TEXTOLGY OF THE OEUVRE OF MUKHTAR AUEZOV AND ABAI

Abstract. In this article, the author examines the textual works of Abai. Based on the works of textologists, the author compares the studies of M.O. Auezov, K. Mukhamedkhanov and M. Myrzakhmetuly. In addition, the article examines the history of the research on the Abai's works; the author dwells on the main points of modern Abai studies. In addition, the attention is paid to the theoretical and methodological aspects of textual science, an extensive review is made of the works of Kazakhstanitextologists and their concepts.

Keywords. textology, textologist, manuscript, copy, Abai, note, work, Abai studies.

Кіріспе

Жалпы, жазба әдебиетті текстологиялық тұрғыда зерделеу Абай өлеңдерінен бастау алды десек те болады. Абайдың тұңғыш өмірбаянын Алаш көсемі, ғалым Ә. Бөкейханов жазып берді. Ең алғаш абайтанудың ғылыми негізін қалаған Мұхтар Әуезов Абай мұрасына сан алуан текстологиялық өзгерістер енгізіп, оны катеден арылтуға өлшеусіз үлес қосты. Сондай-ақ, бұл жұмысты ары қарай жалғастырған – Қайым Мұхаметханов. Атақты ғалымның 1959 жылы жарық көрген «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» атты зерттеу еңбегі әлі күнге өзекті. Әуезов пен Мұхаметханов негізін салып кеткен бұл сала бүгінге дейін бірізділігін жойған жоқ», – дейді Абай текстологиясын зерттеушілер.

Дереккөзі мен әдістері

Ақын мұрасын зерттеп-зерделеуде, шығармаларының тұңғығына сүңгіп, тереңдеген сайын оның өлеңдерінің сырына қаныға түсетініміз анық. Жалпы қазақ халқының әдебиеті мен рухани мұрасын саралауда өзіне тән біраз қиыншылықтардың барын да білеміз. Біріншісі – кейбірінің мұрасы тек ауызша, не болмаса басқалардың жазып алуы арқылы жетсе, екіншісі – қазақ тіліне жат жазу (араб, парсы) негізінде

бізге жеткен. Сол себепті З. Ахметов, С. Қирабаев, М. Мырзахметов сынды ғалымдар жалғастырып, тереңдеп із салғанымен де, түзеу жұмыстарының әлі де нүктесі қойылды деп айта алмаймыз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, қазақ әдебиеті тарихында текстологиялық ғылыми жұмыстар Абай шығармашылығымен тұспа-тұс келеді. Дәл осы мәселеде ақын мұрасын жан-жақты зерттеуді қолға алған Мұхтар Әуезов болатын. 1927 жылы ақын шығармаларының толық жинағы М. Әуезовтың мұрындық болуымен даярланып, Абайдың ғылыми өмірбаяны да бірінші рет жазылып біткен еді. Бірақ, жағдайларға байланысты 1933 жылы ғана жарық көрді. Абай шығармаларының жинағы толық текстологиялық сұрыптаудан өтіп жариялануы республикамыздың рухани өмірінде, әсіресе абайтану тарихында маңызды құбылысқа айналды. Абай мұрасын зерттеушілерді қиыншылықтан арылтып, сүйенер дерек бола білген М. Әуезов жариялаған толық жинақ пен Абайдың ғылыми өмірбаяны болды. 1933 жылы жинақта Әуезов Абай шығармаларының жазылу жылдарын анықтап, хронологиялық жүйемен беруді басшылыққа алған болатын.

Талдамалар

Қазақ текстологиясы – мәтін туралы ғылым ретінде ұлттық руханиятымыздағы құнды жәдігерлеріміздің мәтіндерінің мазмұнын талдап, қай тарихи дәуірге, қай авторға тиесілі екенін анықтаумен қатар, алашқа танымал тұлғалардың артында қалдырған мұраларына қатысты сүбелі ой айтады [1].

Ұлт текстологиясы ғылымында М. Мырзахметов, З. Ахметов, И. Дүйсенбаев, Б. Кенжебаев, Ғ. Мұсабаев, Т. Абдрахманов, Қ. Өмірәлиев, Ш. Сарыбаев, Ә. Құрысжанов, Р. Сыздықова, Б. Сағындықұлы, Е. Жұбанов, М. Малбақова және т.б. ғалымдар ежелгі дәуірден бізге келіп жеткен жазба мұраларымыздың, кейінгі классик ақын-жазушылардың мәтінін ғылыми басылымға әзірлеуде аса құнды еңбектерімен қазақ ғылымының көкжиегін кеңейтіп, болашақ зерттеулерге арқау бола білді. Абай мұрасына қатысты текстологиялық жұмыстардың жүргізілуін Мұхтар Әуезовке дейінгі және одан кейінгі кезеңдер деп шартты түрде бөлетін болсақ, онда Х. Сүйіншалиевтің «Абай. Қара сөздер» (Алматы, 1956); Қ. Мұқаметханов «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» (Алматы, 1956); М. Мырзахметов «М. Әуезов және Абайтану» (Алматы, 1982) еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Жалпы Абай туындыларына текстологиялық зерттеу жасау мәтінгер ғалымдар тарапынан – өте күрделі және ұзақ уақытты қажет ететін аса жауапты шығармашылық жұмыс екендігі дау тудырмайды.

Осы туралы М. Әуезов: «Қай халықтың болса да дүниежүзілік мәдениетке берген озат нәрсесінің бәріне үлкен ықыласпен қарайтын біздің советтік әдебиеттану ғылымымыздың социалистік мәні Абайдың ақындық мұрасын жан-жақты зерттеу, оның творчествосын, өзін Қазақстан мен Совет одағында ғана емес, сонымен бірге шетелдерге де кең насихаттау фактісінен айқын көрінеді,- деген ой айтады [2].

«Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай оғлының өлеңі» деп аталған кітап 1909 жылы қазақ халқының мәдени өмірінде айрықша маңызды тарихи оқиға еді. Ақын шығармаларын бұған дейін біреуден біреу көшіріп алып, көбінесе ел арасына, оның өзінде де бір аймақта ғана ауызша таралып келді. Енді бүкіл ұлттың рухани азығына айналды. Осы тұңғыш жинаққа ақынның суреті мен Кәкітай жазған бірінші өмірбаян берілді. Кітапқа Мүрсейіт Бікейұлы көшірген 93 таңдамалы өлеңдер, 42 аудармасы және «Масғұт», «Ескендір» поэмалары енді.

Абай өлеңдерін Кәкітай тұңғыш жинақта өзінше «Халық туралы», «Өлең туралы», «Өзі туралы», «Ғашықтық туралы», «Ой туралы», «Насихат туралы», «Замандас туралы», «Сұлу ұрғашы туралы», «Аңшылық туралы» деп топтастырды.

Сондықтан күні бүгінге дейін қазақ мәтінгерлері ақын өлеңдерінде жаңсақ жазылған жеке сөздердің төркінін анықтау үшін Мүрсейіт қолжазбаларымен қатар осы алғашқы басылымға жүгініп келеді.

Осы алғашқы басылымға Абайдың өз замандастарын сынап жазған «Күлембайға», «Қыздарға», «Абралыға», «Дүтбайға», «Көкбайға» сынды өлеңдері кірмей қалуының себебін М. Әуезов: «Сол Абай сынаған адамдардың өзі немесе бала-бауырлары «баспаға шығарушы адамдарға өкпелейді, араздық ұстанады» деп жасқанып қалған» деп түсіндіреді. Әрі М. Әуезов түгелдей болмаса да таңдалып топталған аталған туынды Абайды туған халқының кемеңгер перзенті, данышпан ақыны ретінде жұртқа кеңінен танытпа алды деген ой айтады [2]. Алаш зиялылары Абайды тануды, артында қалдырған бар мұрасын жинауды, жариялауды һәм жан-жақты зерттеуді Қазан төңкерісінен соң, ұлтымыз үшін мемлекеттік маңызы бар іс есебінде жүйелі жолға қойылғаны бәрімізге белгілі.

1909 жылы Кәкітай Ысқақов Абайдың таңдамалы шығармаларын тұңғыш рет басып шығарады. Бұл кітапқа ақын өлеңдерінің үштен екісі ғана енді және онда ғылыми түсініктер берілмеді. Кәкітай жазған шағын алғысөзде Абайдың өмірбаяны жәйлі қысқа мәлімет және оның творчествосы мен көзқарасы туралы тым жалпылама ғана пікір болды. Бұдан кейін ақын шығармаларының Ташкент пен Қазандағы екі баспасы Кәкітай баспасын қайталады. Қазанға дейін Абайды зерттеудің нәтижесі осындай болды.

Ал қазір ше?

Нәтижелер

Абай жайында жазылған еңбектердің библиографиялық көрсеткішінің өзінде-ақ қалың кітап боларлық жұмыстардың аттары аталады; мұнда стиль мен тілдің проблемаларын Абай творчествосының идеялық мазмұны, оның өмірбаяны туралы проблемаларды, көптеген басқа мәселелерді қозғайтын ғылыми еңбектер де, мақалалар да бар», - деген сүбелі пікір айтады [2].

Осы орайда «Ақын қолжазбасы сақталмай, көшірмелердегі ала-құлалық мол болғандықтың салдарынан күні бүгінге дейін оның бір сөзін әр саққа жүгіртіп, әркім әр түрлі оқып келеді. Көпшілік өлеңдерінің нұсқасы үзіп-жұлуға көнбестей болып қалыптасса да, бір көшірмеде не бір басылымда Абайдың бір сөзінің басқаша жазылғанын көрсек, қолма-қол құлағынан сүйреп әкеп, әлгі қалыптасқан текске кіргізіп жіберуге әлі де әуестік бар»[3], - дейді Төкен Әбдірахманов.

Мұхтар Әуезов «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты монографиясында осы жайында: «Қазаннан, әскери қызметтен қашып келіп, Абайға туысқан-дос болып кеткентатар молдалары: Ғабитхан, Кішкене молла (Мұхамметкәрім), Махмұт (Кішкене молланың баласы) және қазақтан шыққан: Мүрсейіт, Самарбай, Ыбырай, Хасен, Дайырбай сыйақты бала оқытушылар Абайдың өлеңдерін көп көшіріп, таратып отырды. Ғабитхан, Кішкен молла сыйақты жасы үлкендері Абай өлеңдерін ертеректен жинастырып, көшіріп жүрсе, кейінгі Мүрсейіт бастаған көпшілік Абай шығармаларының жинақтарын сол жаңағы 1896 жылдан бері қарай көшіретін болады» – деп жазады. Сондай-ақ, Абай мұраларын көшіріп, таратушылар арасында «Мүрсейіт еңбегін айрықша атап өту керек. Қазір Абайдың басылып жүрген таңдамалы өлеңдер жинағының барлығында да біздің асыл нұсқа есебінде сүйенетініміз – сол Мүрсейіттің көшірмелері» [4], – дейді.

Абайдың өз қолымен жазылған нұсқалар сақталмағандықтан «асыл нұсқадан тікелей көшіру көшіру» жайында жорамал түрінде ғана айтуға болады.

Мысалы, М. Әуезов Абайдың 1922 жылғы Ташкенттегі басылымында кеткен текстологиялық ағаттықтарды қынжыла отырып көрсетеді: мұнда редактор өлекшін сөзін ұлы-кіші деп, жалауды желкен, қанжарды қылжан деп қылжақ жасайды дейді. Әрине, ұлы-кіші деген мен өлекшін сөздері бір-бірінен мүлде алшақ, ауылы алыс дүниелер, сол сияқты жалау мен желкеннің қайсысын пайдалану автордың стильдік талғамын танытады [5].

Қазақ ғылыми ортасында ұлт әдебиеті тарихында текстологиялық жұмыстар Абай шығармаларын жарыққа шығарып, халыққа тарату кезеңінен бастау алады деген нақты пікір қалыптасып отыр. Солай десек те, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғ. Әнестің қазақ текстологиясының тарихын Шоқан Уәлиханов еңбектерінен бастау туралы пікірі барлығын да жоққа шығаруға болмайды [6, 11-б.]. Абай Құнанбаевтың және оның тәлімін көрген ақын шәкірттерінің артарында қалдырған мол мұрасын жан-жақты терең зерттеуді қолға алған М. Әуезов бірыңғай ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізумен бірге ақын шығармаларының текстологиялық жағына да ден қоя іздене алды. Қазақ текстологиясы бір ғана Абай шығармашылығымен шектеліп қалмай, қанатын кеңге жая отырып, халық ауыз әдебиеті үлгілеріне, Ә. Тәңірбергеновтің «Біржан-Сара» айтысына, ұлт классиктері Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, М. Сералин, С. Торайғыров шығармаларын, өзге де өткеннен жеткен жазба деректерімізге текстологиялық зерттеу жұмыстары дендеп қолға алынып, нақты бір шығарманың жазылған жері мен уақытын анықтау, авторын табу немесе телу, қате оқылған сөздерді қайта түзету тәрізді аса зор жұмыстар іске асырылды. Қазақ текстологиясының алтын ғасыры өткен ғасырдың 1950-60-шы жылдарына сай келеді. Осы онжылдықта тек Абай шығармаларының текстологиясына ғана 60-тан астам мақала жазылды. Олардың ішінде З. Ахметов, И. Дюсенбаев, «Некоторые вопросы текстологического изучения произведений Абая» [7], Б. Кенжебаев «Абай шығармаларының соңғы басылуы туралы» [8], Қ. Өмірәлиев «Тағы да Абай текстологиясы жайында» [9]; М. Сәрсекеев «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» [10] сынды өзектілігін жоймаған құнды мақалалар бар. Қазақ ғалымдарының мәгін сырын ұғыну саласында атқарған аса зор еңбектерінің нәтижесінде 1963 жылы ҚССР М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жанынан «Текстология мен қолжазба» бөлімі ашылып, қазақ текстологиясы жаңа белеске көтерілді.

Елімізде жарық көретін мерзімді баспасөз беттерінде еліміз тәуелсіздік алғанға дейін 1950-90 жылдар аралығында халық ауыз әдебиеті үлгілеріне, ақын-жыраулардың халық арасынан жазылып алынған, кейде жарияланып үлгерген түрлеріне, ертегілер мен лиро-эпостық жырлардың бірнеше нұсқаларына әсіресе Абай шығармаларына жасалған текстологиялық жұмыстарға қатысты қызу пікірталас кеңінен орын алып отырды. Әсіресе, Абайтанушы Т. Әбдірахманов 1979 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 21 желтоқсандағы санында жарық көрген «Мәңгі жас мұра» атты мақаласында: «Абай мұрасы – уақыт озған сайын көне тартпайтын мәңгі жас мұра, оны зерттеу, тану ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Әр ұрпақ Абайды өзінің тұрғыласы санап, ол туралы өз сөзін айтпақ. Абайтанудың көп саласының ішінде күн тәртібінде бірінші болып тұрған – ақын шығармаларының текстіне айырықша жауапкершілікпен қарау болса керек», - деген болатын.

Қорытынды

Абай шығармаларына жасалған текстологиялық жұмыстарға қатысты өзекті мәселенің бүгінгі күнге дейін күн тәртібінен еш түспейтін ойда ұстайтын болсақ, онда ақын туындыларының текстологиясы жөнінде

жаңашыл пікірімен танылып жүрген профессор Тұрсын Жұртбай ақын шығармаларының текстологиясына қатысты мақаласын «Егемен Қазақстан» газетінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі «Абайдан асырып кім айтқан?» және аталған газеттің 2006 жылғы 22 ақпандағы «Абайды дұрыс оқып жүрміз бе?» деген мақалаларында сөз етті.

Біз де бұл орайда Мұхтар Әуезовтың: «Жалпы алғанда көптеген шығармалардағы Абай текстінің дәлдігі қолда бар ауызша, жазбаша нұсқалардың бәрін тұтас алып, текстологиялық талдаулар жасау жолымен анықталмақ» – деген ғылымдық қағидасын бар мүмкіндігімізше берік ұстауға тырыстық. Абайдың шығармалар жинағына енгізілген туындыларын хабар барысында ретімен пайдаланып жазылуы, айтылуы, әр жылдарда түзетіліп, дұрыс оқылуы мен түсінік, мәніне ден қойдық [11].

Абай және оның ақын шәкірттерінің әдеби мұраларының мәтіндеріне қатысты М. Әуезов бірінші болып әдеби шығарманың ғылымға белгілі қолда бар барлық нұсқаларымен салыстыра отырып, баспаға әзірлейтін мәтінді қалыптастыруды жолға қоя білді. Қазір еліміздегі түрлі баспадан кеңестік және егемендік дәуірінде Абай және оның ақын шәкірттерінің әдеби мұраларының жарық көруінің екі жолы бар екенін аңғарамыз. Атап айтар болсақ, мәтіннің қалың оқырман қауымға және ғылыми зерттеу жұмысына арналуы.

Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Абай мұрасын ғылыми зерттеу жұмысында филология, әдебиеттану, тарих, мәдениеттану және басқа да қоғамдық пәндер бойынша терең білікті зерттеулер жүргізудің кезеңі туды. Белгілі ғалым Ө. Күмісбаев: «Қазақ әдебиеттану ғылымында текстология – әлі бұғанасы қатпаған жас ғылым...», - деп сөз еткен болатын [12, 93-б.]. Міне, осы жас ғылымның Абай туындыларына қатысты зерделенуін алғаш қолға алғандардың бірі Мұхтар Әуезов болды.

М. Әуезов 1933 жылы латын қарпімен басылған Абай өлеңдері жинағына енген мәтіндердегі көне тіл элементтерін жаңаша беру тарихқа қиянат жасау деп есептеп, тап осындай ерекшеліктерді түсіндірме /комментарий/ арқылы берілуін қолдап, ақын мұраларының орынсыз бұрмалануына тосқауыл қоя білді. Бұл туралы Т. Әбдірахманов: «Сірә, 1933 жылғы толық жинақты түзеген М. Әуезовтің қолында белгілі көшірмелерден басқа бір көшірме болуы да ықтимал» деген ой айтады [3].

Абайдың және оның ақын шәкірттерінің қолжазба және жарық көрген мәтін басылымдарының арасында орын алатын бұндай айырмашылықтар дер кезінде қолға алынбаса, кейін келе осы қолжазбалар жарық көрген шақта оқырман ұғымында қайшылық тудыратынын М. Әуезов арыдан ойлай білді. Осы орайда орыс ғалымдары бұның барлығы сыни мәтіннің тұрақтануына көп кедергі келтіретінін орынды сөз етеді. Ресей әдебиеттанушысы әм библиографы Соломон Абрамович Рейсер тап осыған қатысты: «Біріншісі – авторлық емес, жалпы жұртшылыққа кеңінен тараған, екіншісі – авторлық тек тарихи әдеби зерттеулер арқылы анықталған және көпшілік оқырман қауымға таныс емес. Бұндайда ол бірінші нұсқа тұрақты мәтін ретінде қалыптасуы мүмкін» [13, 85-б.], - деген тұщымды ойын алға тартты. Біз жоғарыда келтіріп отырған С.Рейсер пікірінің өте орынды екені дау тудырмайды. Сол себепті, мәтін басылымдарының қай түрі болмасын бір-бірінен айырмашылықтары болуы мүмкін. Осы мәселені тікелей айтпасада Мұхтар Әуезов Абайдың ақын-шәкірттеріне қатысты уәжді ойды алға тартты.

«Бұл мәселеде біз Абай ақынның төңкеріс алдында не төңкерістен бергі қазақ ақындарына еткен әсерін айтпаймыз. Ол айрықша, ұзақ талдауды керек етеді. Бергілер және дәл айналасы деген тақырыпқа сыя да қоймайды. Сондықтан біз Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен бірнеше ақын туралы ғана қысқаша айтып өтеміз.

Мұндай ақын төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия - Абайдың өз балалары. Мұның екеуі де 1904 жылы, Абай өлген жылы өлген. Қалған екеуі - Көкпай, Шәкерім. Осы төрт ақын - Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері. Абайдан аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан басқа, оның өлеңі мен қара сөздерін әрі оқушы, әрі таратушы, бағалаушы-тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған.

Абайды зерттеуге осы төрт ақын атын қыстыратын бір себеп: бұлардың шығармалары арқылы Абай өзі істемесе де бой ұрған бірталай тың еңбек туады. Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді, қалай түзеудің жолын айтады. Дәлін айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері де, Абай алды оларға жазушылық мектебі сияқты болады», - деп болашақ мәтін сырын қарастыруға жол сілтеді [14].

Қорыта айтқанда, қазақ филологиясында текстологияның теориялық негізі жазылмады десек те, практикалық текстология кеңінен қолданыс тауып отыр. Бұның барлығын Абай туындыларын зерттеген ғылыми еңбектердің басым көпшілігі аса жауапкершілікпен жасалған текстологиялық салыстырулардың жемісі деуімізге болады.

Абай туындыларының текстологиясы бірнеше ғылымның тоғысқан тұсы болғандықтан, осы салада өзін таныта білген әрбір зерттеушінің ізденушілік, тапқырлық талантының нағыз ашылар көзі. Өйткені, Абайтанушы мәтінгер тек мәтіннің жарыққа шыққанға дейінгі тарихын зерттеп қана қоймайды, әрбір қолжазбалар арасындағы өзгерістердің себебін дәлелдеу барысында сол шығарманың жазылған кезін, тарихын, әдеби ағымдарын, этностық тілін, саяси-мәдени жағдайларын, тіпті көшірмешінің мақсатын да

байқап, ескере отыруға міндетті. Осыны кезінде Мұхтар Әуезов кейінгі абайтанушыларға аманаттап кеткен болатын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Убайдуллаева Г.Ж., Махамбетова З.Н. Қазақ текстологиясының ғылыми-теориялық негізі // Молодой ученый. – 2014. – №1.2. – С. 79-81. // URL <https://moluch.ru/archive/60/8925/> (дата обращения: 01.11.2018).
- 2 Әуезов М. Қазақ халқының ұлы ақыны <http://abai.lemi.kz/kz/post/view?id=106>
- 3 Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра // https://adebiportal.kz/kz/news/view/token_abdirahmanov_mangi_zhas_mura_
- 4 Әуезов М. «Абай (Ибраһим) Құнанбаев». – Алматы, 1989. – 230 б.
- 5 Сыздықова Р.: Абай тілінің зерттелуі. Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / Құраст.: филол.ғ.д., проф. Н. Ғабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 324-344-бб.
6. Әнес Ф. Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінің лингвотекстологиясы: филол. ғ.к. дисс. авторефераты. – Алматы, 2002. – 114 б.
- 7 Ахметов З., Дюсенбаев И. Некоторые вопросы текстологического изучения произведений Абая // Вестник АН КазССР. – 1953. – № 10.
- 8 Кенжебаев Б. Абай шығармаларының соңғы басылуы туралы // Социалистік Қазақстан. – 1955. – 29 мамыр
- 9 Өмірәлиев Қ. Тағы да Абай текстологиясы жайында // Қазақ әдебиеті. – 1957. – 8 наурыз.
- 10 Сәрсекеев М. Абай шығармаларының текстологиясы жайында // Әдебиет және өнер. – 1956. – № 10.
- 11 Мұхаметқалиқызы А. // <http://bilimainasy.kz/?p=20130>
- 12 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Жазушы, 1998.
- 13 Рейсер С.А. Палеография и текстология. – М., Просвещение, 1970. – С. 336.
- 14 Әуезов М. Абай ақындығының айналасы // <http://abai.lemi.kz/kz/post/view?id=681>

УДК 39.391.2

Картаева Т.¹, Нурдаулетова Б.²¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, Алматы қ.²Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті**МАҢҒЫСТАУДАҒЫ АҢШЫЛЫҚ («МАҢҒЫСТАУ» ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ
ЭКСПЕДИЦИЯСЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Аңдатпа. Аңшылық пен саятшылық кәсібі, аң-құс аулаудың тәсілдері мен құрал-саймандары, сан ғасырлар бойына қалыптасқан халық тәжірибесінен туындады. Аңшылықтың байырғы, әрі кең тараған түрі – *құс салу*, аңшылыққа берілгендікпен қатар, шыдамдылықты қажет ететін еңбек. Аушы құстарды баптап, аңға салып, саятшылық құру ертеден ерекше өнер саналған. Далалық аңшылар аңға жыртқыш құс салу, тазы жүріртумен де мал баға жүріп қоса қабат айналысқан. Мыңдаған жылдар бойына тазы ит салып, аңға шығуды дамытты. Тазы шапшаң, олжасын алуға құмар, қырағы ит болып саналады. Аңшылықтың ең байырғы әдісі – *қақпан құру*. Қарсақ, түлкі, қоян, тышқан сияқты ұсақ аңдарды ұстауға – *бала қақпан*, қасқыр, аю, қабан аулау үшін *қазақ қақпан* мен *тісті қақпан* құрылады. Ертеде қақпанды киік, ақбөкен, қарақұйрыққа да құрған. Қазақ аңшыларды аң аулаудың ұрып алу, тұзақ құру, тор құру, ор қазу, атып алу сияқты әдістерін жетік меңгерді.

Түйін сөздер. Аңшылық, құс салып саятшылық құру, қақпан құру, қасқыр культі, халықтық білім.

Картаева Т.¹, Нурдаулетова Б.²¹Профессор КазНУ им. аль-Фараби. Казахстан, г.Алматы,²Профессор Каспийского государственного университета технологии и инжиниринга**ОХОТА В МАНГЫСТАУ (ПО МАТЕРИАЛАМ ЭТНОГРАФИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИИ
«МАНГЫСТАУ»)**

Аннотация. Охота (в том числе и с ловчими птицами), методы охоты и охотничьи инструменты были сформированы многовековым народным опытом. Древний и самый распространенный вид охоты – охота с ловчими птицами, наряду с преданностью, она требует выносливости и терпения. Охоту с ловчими птицами всегда считали искусством. Степные охотники получали огромное удовольствие от охоты с ловчими птицами, собаками, а также они развивали охоту вместе со скотоводством. В течении нескольких столетий, люди развивали специальную охотничью породу собак – тазы. К ее особенностям относится выдающаяся способность преследовать добычу, наблюдательность и скорость. Самый старый метод охоты – ставить капканы. Для мелких животных, как лиса, заяц и т.д. – ставили *бала капкан* (мелкие капканы), а волкам, медведям, кабанам – *казак капкан* и *зубчатый капкан* (крупные капканы). В древности капканы также ставили сайгакам и газелям. Казахские охотники овладели различными способами охоты.

Ключевые слова. охота, охота с ловчими птицами, капкан, культ волка, народное знание.

Kartaeva T.E.¹, Nurdauletova B.²¹al-Farabi Kazakh National University, Almaty.²Professor of the Caspian State University of technology and engineering**HUNTING IN MANGYSTAU (BASED ON THE MATERIALS OF THE ETHNOGRAPHIC
EXPEDITION «MANGYSTAU»)**

Abstract. Hunting (including the hunting with birds of prey), hunting techniques and hunting tools have been shaped by centuries of popular experience. An ancient and most common form of hunting is hunting with birds of prey, along with devotion, it requires endurance and patience. Hunting with birds of prey has always been considered an art. Steppe hunters enjoyed tremendous pleasure from hunting with birds of prey and dogs, and they also developed hunting along with cattle breeding. For several centuries, people developed a special hunting breed of dogs – tazy. Its features include an outstanding ability to pursue prey, observation and speed. The oldest hunting method is trapping. For small animals like fox, hare, etc. – they put the *bala trap* (small traps), and the *Kazakh trap* and *toothed trap* (large traps) were used for wolves, bears, and wild boars. In antiquity, traps also was set for saigas and gazelles. Kazakh hunters have mastered various ways of hunting.

Keywords. hunting, hunting with birds of prey, trap, wolf cult, popular knowledge.

Кіріспе

Аңшылық адамдардың өте ежелден мал шаруашылығынан бұрын айналысқан кәсібі. Түз аңдарын аулаудың тәсілдері мен құрал-саймандары, ғасырлар бойы ел даланы еркін мекендеп, түз тағыларының тіршілік тәсілдері мен өмір сүру заңдылықтарын бақылаған халық тәжірибесінен туындады. Қазақтар аңшылықпен мал бағып жүріп, қатар айналысқан. Қазақ халқы ежелгі аңшылық кәсібін қыр-сырлары, әдістерін де ұрпақтан-ұрпаққа жалғап бүгінгі күнге жеткізген.

Әдістеме

Маңғыстау өңірі сияқты қалыптасу тарихы аса күрделі, тарих қойнауының бірнеше белестері мен сатысынан өткен өңірдің тарихи этнографиясы да аса күрделі болады. Маңғыстау өңірі қазақтары – осы жердегі атақазактардың тарихи танымдарын қабылдап, көптеген үрдіс-дәстүрлерін қазіргі заман ұрпақтарына сақтап жеткізген, ата дәстүрді жалғастырып отырған ұрпақ. Маңғыстаудың тарихи этнографиясының бір ғана қырын танытатын аңшылық дәстүрін таңдап алдық. Әрине, Маңғыстау аңшылығының қыр сыры бір ғана мақала көлемімен ашылмайды, дегенмен де тақырыптың теориялық негізіне алғашқы авторлар мен отандық этнографтардың ғылыми, ғылыми-танымдық зерттеулері негізге алынды. Теориялық деректерді қамтыған алғашқы авторлар деректері информаторлық мәліметтермен толықтырылды. Далалық этнографиялық экспедициясының нәтижелері басқа өңір этнографиялық материалдарымен салыстырылып отырылды.

Құс салу

Аңшылықтың байырғы, әрі кең тараған түрі – *құс салу*, аңшылыққа берілгендікпен қатар, шыдамдылықты қажет ететін еңбек. Сан алуан жыртқыш құстарды ұстап, асырап, баптап аң-құсқа салу «*саятшылық*» деп аталып, «*құсбегі-саятшылар*» көк тағысы мен жер тағысын сынаққа салудың білім тәжірибелерін ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып отырды.

Құс салудың саятшылар арасында ең көп тараған түрі қаршыға және балапан-сұңқар салу болды. Осы арқылы жабайы қаз, үйрек, дуадақ, қоян, т.б. аң-құстар ауланды. Қаршыға балапан сұңқарға қарағанда ірі, қанаты сұр, сарғыштау реңді, көзі сары-сұр, қаршығаның ұшу жылдамдығы аса жылдам емес тұйғын, қарақұс, құзғын, күшіген сияқты түрлері бар. Балапан-сұңқар қаршығаға қарағанда кішірек, қанаты ұзын, қара түсті, көзі қара тұнық, өткір, құйрығы ұзын, қозғалысы өте ширақ, өте жылдам ұшады. Сұңқардың Қазақстан территориясында ителгі, бөктергі, тұрымтай, жағалтай, лашын, ақтырмақ, бөктергі, күйкентай атты түрлері бар. Сұңқарлар жемдерін ұшып жүріп аулайды. Әдетте олар ұя жасамайды, мекиені 3-4 теңбіл жұмыртқасын сәуір, мамыр айларында қия жартасқа не басқа құстар ұясына салып 1 ай басады [9; 4].

Жыртқыш құстарды қолға ұстау үшін қазақтар тор құру әдісін қолданды. Бұталарға тордың шеттерін іліп қояды немесе басқа бір құсты, мысалы, кептерді аяғынан байлап қойып, аңшы бірнеше шақырым жерден өзіне шалаш құрып, жыртқыш құстың келуін күтіп жатады. Жемтікке алданған құс, торға оралып қолға түседі. Торды таудың биік жартасты құзды жеріне, күзде қыркүйек айынан бастап құрады. Қаршығаны қолға үйретіп алғаннан кейін, кейбір құсбегілер қаршығамен балапан-сұңқар аулауға шығады. Балапан-сұңқар мен қаршыға бір-біріне қас жау. Балапанның шапшаңдығына қарамастан қаршыға күштілігімен жеңеді [10].

Қазақтардың саятшылық өнерге деген құштарлығы мен аңшылық тәжірибесі аң-құс баптаудың түрлі әдіс тәсілдерін қалыптастырды. Аңшы құсты, мысалы, қаршығаның көзін аттың құйрық қылымен төменгі қабағын жоғары көтеріп, желкеге байлайды да, киіз үйде 5 күн ұстайды. Майдалап кесілген жас етпен қоректендіреді, содан кейін 2 түн көзін ашып шамның жарығында, күндіз жоғарыда айтылған әдіспен көзін жауып ұстайды. Немесе басына арнайы қатты теріден тігілген томаға кигізеді. Осылайша құс жарыққа үйрене бастағаннан кейін 2-3 күн өткен соң көзін ашып ұстайды. Екі-үш аптадай құсты ұзын бау арқылы ұшырады. Құсбегі қолындағы етті көріп, қайта ұшып қолға қонады, әбден бапталғаннан кейін баусыз еркін ұшырады. Қаршыға жемтігін төменнен жоғары қарай ұшып ұстайды. Қаршығаның ұшуы баяу болғандықтан құсбегі жемтікке жақын жерден ұшыруға тырысады, құс жемтігін алмай иесіне қайтіп келсе, құсбегі дауылпаз соғып үркітіп, жемтігін іздеуге қайта ұшырады. Дауылпаз қаршығаға бір жағынан жемтігін қайта іздеуге, ұшуға көмектесу үшін соғылады [9].

Сұңқарға жемтігін алу үшін ешқандай көмектің қажеті де жоқ. Аңшы үйрек, қаз, т.б. құстарды көргенде қолындағы құстың томағасын шешіп қоя береді. Сұңқар құстар тобын түгелімен қырғанша тыным таппайды. Қармағына түскен жемтіктерін жеу үшін жерге оралғанда аңшы аздап тамақтандырып, қайта томаға кигізіп қояды. Қазақтар сондай-ақ, аң аулауға сұңқардың лашын, сапсан сияқты түрлерін көп қолданған. Сұңқар тауығын 2-3 жасқа толғанда алады. 2 жасқа дейінгі сұңқарлар *ителгі* деп аталады. Ителгі қоян, кекілік, құр, шіл, үйрек, қырғауыл сияқты аң құстарды ала береді.


Құсбегілер арасында қырғи салу да көп кездесті. Қырғи бөдене сияқты майда құстарды қармаққа тез түсіретін, қимылы өте шапшаң, ширақ құс. Ірі құстарды (аққу, тырна сияқты) алуға қаршығаның ақ сұңқар деп аталатын түрі қолданылды. Сондай-ақ қазақтар сұңқардың бұқам-ана, шәулі деп аталатын түрлерін де аңшылыққа пайдаланды. Сұңқар салу үшін алдымен құстарды дабыл қағып, үркітіп ұшырып алады.

Байлар саятшылық құрғанда бүркіт алып шығуға тырысты. Торға түскен бүркітті қолға үйрету үшін әуелі

оның басына томаға кигізеді. Көзі ештеңені көрмей қалғасын құс тыпырлауды, қарсыласуды қояды. Сосын құстың аяғына бау тағып, аңшы қолына биялай киіп, құсты қолына қондырып алып, үйге әкеліп, бос керген арқанға, яғни ырғаққа қондырып, оны үздіксіз ырғап қойып, әбден шаршатады. Шаршағасын құсбегі оны өз қолынан тамақтандырып, өзіне үйретеді. Адам оны түлкіге түсуге, мықты бүркітті қасқырға түсуге баулиды. Аңшының көмекшісі түлкінің терісін ұзын жіпке байлап алып сүйреп шабады, қашып бара жатқан түлкі сияқты теріні көрсетіп, аңшы құстың томағасын алып ұшырады. Бүркіт өзінің аңшылық табиғаты бойынша қашып бара жатқан аң ғой деп теріге түседі. Сол кезде аңшының көмекшісі тоқтай қалып, аңшы да келіп, бүркітті мақтап, оған жем береді. Бүркіт өзінің жаңа кәсібін меңгергенше 1-2 ай өтіп қыс та түседі. Бүркіт үш рет аң алғаннан кейін, үш қолға қай келіп қонғаннан кейін үйретілген болып саналған (АЭМ).

Бүркітті аңға аштай алып шығады. Ізді кесіп, аң көзге шалынған мезетте бүркіттің томағасын алады да, өзі аңның соңынан қуа береді. Аш, ашулы бүркіт ұзаққа жібермей аңға түседі. Аңшы тезірек жетіп келіп, бүркіт алған аңды олжалайды да тағы із кеседі. Аңшы асықпаса, бүркіт алған аңның етіне тойып алып әрмен қарай аң аулағысы келмей ұшпай қалады. Бүркітті жемдеп аңға салу, бабын тауып пайдалану үлкен өнер. Бүркіт екіден артық жұмыртқаламайды, ұясын биік ағаш басына, тау шыңдарына, жеке құздың етегіне салады. Бұл балапандарының сомдалып, шынығып өсуіне қажет жағдай.

Қыран құстарды қазақтар қатты қастерлеген, атақты құстарға көп мал беріп, беделін сатып алатын. П.И.Рычков жазбасын негізге алсақ XVIII ғасырдың орта кезінде бүркіт бағасы 5-10 рубль, кейде одан қымбат бағанланған, ал 1910 жылғы «Туркестанские ведомости» газетінің №247 санында жарияланған «Материалы по переселенческому делу» атты мақалада бүркіттің бағасы 200 рубль тұратындығы көрсетілсе, аңшылық тақырыбында мақала жазған авторлардың бірі В.Орлов құсбегілердің қаршығаны Қоқан ханына апарып 200 тілладан (1 тілла 3 рубль 80 тиынға тең болған) сатқандығын айтады [9], ал «Народы России» атты еңбек бойынша жақсы бүркіт 5-6 түйе, сұңқар 1-2 түйе, түйғын мен қаршыға одан арзан тұрған [2, с. 21]. Бүркіт, сұңқар сияқты аушы құстарды қолға қондырған - биялай, қолдан ұшып кетпес үшін, көзін жауып тұратын, басына кигізілетін - томаға Форт-Шевченко этнографиялық музейінде, Жаңаөзен тарихи-өлкетану музейінде экспозицияға қойылған.



Аушы құстар. Маңғыстау тарихи-өлкетану музейі. Табиғат экспозициясы.

Аңшылықтың кең тараған және байырғы түрі *ит қосу* болды. Ит қосу адам иттің иісшілдігін, жүйріктігін, күшін, аңшылығын пайдаланды. Қазақтың аңшылыққа қолданатын иті тазы болды. Тазының құмай, түйғын, қайын қаптал, ауған, орыс, түрікпен, т.б. түрлері бар. Тазының күшік кезінен таңдап алып, ұсақ аңдарға салып ауыздандырып, із кесуге үйретеді. Азулы тазылар қасқырға да түседі де аңшының өзі, не иті келгенше жібермей тұрады [14, 15 б.]. Тазы өте шапшаң, ұшқыр ит. Қазақы тазылар тау және дала тазысы болып бөлінеді. Биіктігі 80-85 см-дей. Ит қосу қазақтардың арасында көп кездесетін аңшылық әдісі еді [1, II, с.376]. А.П. Смирнов: «Қазақтар итті аңшылықтың қай түріне болса да бірге алып жүрген, құс аулауға шыққан қазақ алдымен құстарды үркіту үшін итті, содан кейін, томағасын шешіп, аушы құсты жіберген», – деген [12, с.15-16]. Тазы итті көбіне қойшы, жылқышы, сибіршылар мал табынын сақтау, қорғау мақсатында да ұстаған. Тазы ұстауға қазақтар ерекше мән береді.

Құлан аулау

Маңғыстауда ертедегі аңшылық көзі құлан болған. Маңғыстауда жергілікті қазақтар «аң атасы – құлан» деп қабылдайды [13]. Этнограф-ғалым А.Тоқтабай құлан аулаудың бір әдісін былай баяндайды: «Құландарды ұстау үшін жер жағдайы келмесе, оларды қоршауға алады. Құландар су ішу үшін өздері үнемі жүріп әдеттенген

соқпақтарды пайдаланады. Мұны білетін аңшылар «құлан жолы» аталатын жолдардың шетіндегі шалғын шөптер арасына, әрқайсысы 100 қадамдай ара қашақтықты сақтап жасырынады. Бірнеше адам тау басында қалып, құландар суға жақындап келген кезде белгі береді. Өзен ортасына ең соңғы құлан жеткен кезде оларды көздеп ата бастайды. Тоғай мен қалың шөп арасында қоршаудың басқа тәсілі қолданылады. Құландар үнемі су ішетін суаттар мен өзен бойларына аңшылар келіп, айнала ор қазып сонда түнеп шығады. Құландар бірнеше рет тоқтап, байқап, суға жақындай түседі. Сәл ғана соққан желдің өзінен де секем алып кері қашуға оқталып тұрады. Осы сәтті аңшылар «таңдану» деп атайды. Құландардың қорқа-қорқа суға жақындаған сәтінде аңшылар оларға жазық жердегідей-ақ, тап беріп аулай бастайды». Зерттеуші жазып алған келесі әдіс-тәсіл мынандай: «Ол үшін аңшы құландар арасына құлан тектес сары жирен түсті аттарын жібереді, өзі бірнеше қадам жерде жантайып жатады. Атты өзінің енесі деп қабылдаған құлан оған жақындап барады. Алайда ат күдікті көрінген соң оған аңтарыла қарап, тоқтаған сәтте аңшылардың нысанасына ілінеді». Автор бұл құлан аулаудағы бұл әдістің Шығыс Сібірде кең тарағанын айтады [13].

Жергілікті аңшылар ертеде қазақтар құланды шоқпармен де ұрып алып, етін қысқы азыққа қақпап ыстап алған, – дейді (АЭМ). Қазіргі кезде құлан тБарсакелмес аралында қорғалады.



Құланның бас сүйегі. Жаңаөзен қ. Үстірт қорығы музейі.

Қақпан құру

Аңшылық кәсібінің дәстүрлі құралдарының бірі – қақпан. Оның қолданыс аясын толық ашу үшін ғылыми айналымдағы танылған теориялық деректермен қатар, музей қоры материалдары, далалық этнографиялық экспедиция материалдарымен біріктіріп қарастырудың мәні зор. Соның ішінде тұз тағыларына қақпан құру әдісінің қыр-сырын Маңғыстау өңірі аңшыларының жақсы меңгерумен қатар, бүгінгі күні де кең қолданып отыр. Қақпанды тек аңшы ғана емес, қақпанмен аң алуға қызығушылығы ер адамдар айналысады.

Маңғыстау аңшылары өңірінде қасқыр, түлкі, қарсақ сияқты аңдарды болса мылтықпен атып алғанымен аңшылықтың кең тараған түрі аушы құстарды салу мен қақпан құру болды.


Көшпелі қазақтың малына қауіп қатер тек «қалың қардан» ғана келген жоқ, қасқыр сияқты жыртқыш аңда мал үшін аса қауіпті болды.



Қызыл қасқыр тұлқыбы. Үстірт табиғи қорығы музейі.

Қақпан құру аңшылықтың ең байырғы әдісінің бірі. Қазақ аңшылары оның бала қақпан, қазақ қақпан,

тісті қақпан сияқты түрлерін пайдаланған. *Бала қақпан* - қарсақ, түлкі, суыр, т.б. ұсақ аңдарды ұстауға, ал қазақ қақпан мен тісті қақпан қасқыр, аю, сілеусін, қабылан, қабан аулау үшін құрылады. *Қазақ қақпан* мен *тісті қақпан* екеуін қасқыр сияқты азулы аңдарды аулауға пайдаланды. Ұстайтын аңына қарай *қасқыр қақпан*, *түлкі қақпан*, *тышиқан қақпан* деп те аталады. Қақпанды *киік*, *ақбөкен*, *қарақұйрыққа* да құрған. Қақпанның «*төсек киізі*» немесе «*түңлігі*» киізден жасалады, оны астыңғы шеңберін жауып тұратындай етіп дөңгелектеп кесіп дайындайды. Аң түңлікті аяғымен басқан кезде қақпанның серіппесі қозғалысқа еніп аң аяғын қысып қалады. Қақпанның астыңғы темір шеңберін «*қақпанның қорасы*» дейді.



Жаңаөзендік аңшы Ақшабаев Алдаберген қақпан кілтінің құрылымымен таныстыруда

Қақпан *кілті* немесе *тиегі* сынбайтын, шірімейтін мықты ағаш дінінен жасалады. Ол үшін дүзгеннің немесе жыңғылдың томары қолданылады (Кесте 1)

латынша	орысша	қазақша
Calligonum aphyllum Gurcke	Жузгун безлистный	Дүзген\дүзгүн\жүзг ен\жүзгүн
Tamarix elongata L d b.	Тамарикс удлиненный, гребенщик	жыңғыл
Tamarix gracillis Willd.	Тамарикс изящный	жыңғыл
Tamarix hispida Willd.	Тамарикс щетинисто волосистый	жыңғыл
Tamarix ramosissima L d b.	Тамарикс многоветистый	жыңғыл

Кесте 1. Қақпан кілтін жасау үшін қолданылатын өсімдік

Бүгінгі күнге келіп жеткен мәліметтерге сүйенсек жыртқыш аңдарға темірі ауыр, тістері өткір келген тісті қақпандар құрған. Қазақ жерінің басқа өңірінде мұндай тісті қақпандарды қабан аулауға, жапырған ізі, жапасына қарай үлкен-кішілігін анықтап барып аю аулауға да құрған [7, 533 б.].

Қақпанды темір ұстасына тапсырыспен соқтырған, ақысына қой берген. Бір адам 5-15 қақпанға дейін соқтыртқан. Ал, Жаңаөзендік аңшы Ақшабаев Алдаберген (1941 ж.т., руы адай-шоңай) қақпанды әке, атасынан алған ұсталық қасиетімен өзі соғады. Өз әкесі де, атасына темір балқытып, көрік ұстаған ұста болған. Қазіргі таңда аңшы Алдабергенде ірі және ұсақ аңдар аулауға арналған жалпы саны 40 қақпан бар.

Аңшы қақпанды аңның інінің алдына немесе жүретін жолына құрды. Қақпан құруға үлкен шеберлік керек, себебі иісшіл аң темір иісін сезсе, жоламайды. Қақпанды құрғанда, бетін жауып, үстіне, маңына жемтік тастайды. Қасқырдың, түлкінің қақпандары әртүрлі болады. Қақпанмен аң аулайтын аңшы күнде немесе күнара қақпандарын аралап тексеріп жүреді. Аңшы қақпанға түскен аңды атып, құс салып, таяқпен ұрып алатын болған.



Қасқыр қақпандар



Қақпандар жіктемесі: сол жақта ұсақ аңдарға арналған; оң жақта қасқыр қақпандар. Песі жаңаөзендік аңшы Ақшабаев Алдаберген.

Маңғыстау өңірінде кең тараған қақпан түрі – *қасқыр қақпан*. Қазақ аңшылары «*қасқыр аулаудың 90 айласы бар*» деп айтады. Себебі, қасқырдың ұрғашысы оңайлықпен алдырмайды, ал арланы аңшыға жиі алдырады. Қасқырды алу үшін аңшы қасқыр ізін кеседі, қақпанды қасқыр жүретін жолға құрады. Арлан қасқырлар бұтаның түбіне сарып, сол жерде тырнағымен айқастап кетеді, аңшы қақпанын сол жерге құруға ұмтылады. Қасқырға құратын қақпанның басына «*тармақ*», «*тоқпақ*» немесе «*соққы*» деп аталатын, қақпанды қасқыр сүйреткенде із қалдыратын ауыр темір байланған шынжыр немесе шылбыр тағылады. Қақпан шынжырының 2 метрге дейін жететіні бар.



Жаңаөзендік аңшы Ақшабаев Алдаберген қақпандардың қызметімен, түрлерімен таныстыруда

Қасқыр қақпанды құру үшін жерді тереңдеп қазып шынжырын қалқы астына тастайды, үстіне қақпанды құрып, оның үстіне жылқы тезегін үгетіп жабады, себебі жылқының тезегінен жылқы қартасының исі шығады. Аңшы ізін жасырып, сыпырып кетеді, 2-3 күн өткесін барып қарайды. Қасқыр жылқының исін сезіп келіп қақпанға түседі. Қақпанға түскен қасқыр шынжырлы, соққылы қақпанды сүйретіп кетеді. Аңшы соққының ізімен жүріп отырады. Қақпанды сүйреп шаршаған қасқырды басына шоқпармен ұрып немесе атып алады. Қасқыр, түлкіні алған жерінде далада бауыздап, терісін сыпырып алады. Терілерді етінің қалғанынан тазартып алып, тұз сеуіп орап, бір апта қояды, сосын ащы айран жағып тағы бір күн қояды. Одан соң таспен ысып, жұмсартады, сосын пайдалана береді (АЭМ). Қақпан құрып, аң алуды кәсіп қылған аңшыны «қақпаншы» деп те атайды.

Жергілікті аңшылар қолданып отырған қақпандар, атасынан баласына мирас болып қалып, әлі де аң аулауға құрып отыр (АЭМ). Жергілікті ұсталар арасында қазіргі таңда қақпан соғумен айналысып отырғаны жоқ, қолданыстағы қақпандар байырғы тұрмыстың көзі. Қақпан соғудың өзіндік техникасы өткеннің еншісінде қалған десек те болады.

Қасқырдан алынған аңшылық олжа және халықтық білім

Ел арасында тараған бір әңгімеге құлақ бұрсақ, кете-шөмекей руынан шыққан Төребай биге төрелік сұрап саятшы мен қақпаншы келген екен. Бір аңшы қақпаншы шал іннің аузына қақпан құрып түлкі аулайды екен. Қансонар күні бір аңшы жігіт бүркітімен, тазы итімен аңға шығады. Саятшының тазысы түлкіні қуғанда түлкі ініне қарай қашып барып ін аузындағы қақпанға түседі. Сол кезде тазы да келіп жетеді. Қақпаншы: «сенің бүркітің мен тазың бар, даладағы аңның бәрі сенікі, мен қақпан құрып аң алып жүрмін, сондықтан түлкі менікі болсын», - дейді. Екі аңшы түлкіні бөлісе алмай биге келеді. Сонда би: «Түлкінің ұрғашысы ін қориды, ұрғашы болса шал сенікі болсын, түлкінің еркегі дүз қориды, еркек түлкі болса жігіт сенікі болсын дейді». Түлкі ұрғашы екен, саятшы жігіт бидің әділ төрелігіне басын иіп, қақпаншыдан кешірім сұраған екен. Қазақтар арасында тараған «Мерген мергендігімен атып алады, қақпаншы құрып қойып, ертесіне жатып алады», - деген сөз қақпаншының қақпан қарау мерзімін көрсетеді.

Қақпанды саятшылар да құрған. Қақпан құрғанда белгілі бір ырымдар ұстанған: «қақпаным далаға шаппай, ұйықтап тыныш жатпай, серіппең қатты болсын, аңның аяғынан ала жапқайсың», - деп айтып

құрған. «Қанды қақпан қанмен дос», - деп, аң түскіш қақпанды ешкімге бермеген. Қақпанды қырсық шалды деп ойласа, оны дұға оқып барып құрған. Олжа кетпесін деп, қақпанның біріне қасқырдың табанын сирағымен қысып қалдырған.



Олжа кетпесін деп қақпанда қалдырылған қасқыр табаны



Қасқыр табанын босағаға ілу

Тісін қағып алып, оны бала-шаға мойнына, бесікке тұмар етіп тағады. Емдік қасиеті үшін өті, кеңірдегі мен қамшысын (еркектік мүшесін) кесіп алады да, өкпесі ауырған адамды арқасынан қағады. Қасқырдың қамшысын иемденген адам «мен де қамшы бар» деп, «қасиеті және олжа кетіп қалады» деп ешкімге айтпайды. Ал ұрғашы қасқыр қақпанға түскен жағдайда оның да жыныс мүшесін (сарпай) кесіп алып, суға салып жібітіп жүнінен тазалайды. Оны бала көтермей жүрген әйел немесе қатарынан қыз туған әйел үшін күйеуі қолданған. Қатынаста сарпай қолданылатынын әйеліне ескертіп, алдын ала оның қалауын оятқан. Қасқыр сарпайын емденгенін наныммен байланысты ешкім жария етпеген. Бұл өте сирек кездесетін және құпиясын айта бермейтін байырғы емдік ритуал.

Бала көтерген әйелдің жеріктігін басу үшін, егер екіқабат әйел қаласа қасқырдың жүрегін қуырып берген. Қасқыр жүрегін іштегі бала шымыр, жүректі болады деп ырымдап жеген. Қасқырдың сүйегі мен етін қосып далада асып, сіңір майы шыққанда шөлмекке кұйып алып, буын ауруына жаққан. Қасқыр етінің иісі жаман болғандықтан, аңшы ыдысын бөлек ұстаған. Мүмкіндігінше қасқыр өнімдерін өңдеу тұз далада атқарылған. Ауылға алған қасқырды алып келсе, қорадағы қойдың еті қарайып, іріп кетеді деген.

Жаңа туылған баланы қырқынан шығарғанда шомылдыратын суға «өскенде бай болсын» – деп ырымдап, тиындар, күміс жүзік, сақиналар, азулы, өткір болсын деп қасқырдың тісін, тұяғын салып жуындырған. Қасқырдың өткірлігі, күмістің қасиеті су арқылы дарыған.

Қасқырдың кеңірдегін кептіріп сақтап қойып тамағы ауырған адамға суды кеңірдекке құйып алып ішкізеді. Қасқыр кеңірдегінен су ішкен адам тез жазылады. Суық тиіп ауырған адамға ем болады деп қасқырдың өтіп мақтаға құйып сақтап қойған. Өт сіңген мақтаның шетінен өте аз мөлшерде үзіп алып, кесе түбіне суға ерітіп, алақанға, табанға жаққан (АЭМ).



Тамақ ауруларын емдеу үшін су ішетін қасқырдың кеңірдегі.



Баланы шомылдырғанда салатын және тұмар етіп тағатын қасқырдың тісі



Баланы шомылдырғанда салатын қасқырдың асығы.

Теріскен тек көзге ғана емес, тілге де шығады. Яғни бұл тілдің ойылуы. Тілге теріскен шығуға байланысты мынандай магиялық ырымдар жасалады. «Тіліме теріскен шықты, қасқырдың көтіне», – деп ауру мен оны емдеуші адам б адал, б арамды айтады. Содан ауру: «Бұл тілім қайтсем жазылады?» – деп сұрайды, ал емдеуші: «Былай-былай қарағанша, қарғаның боғын жалағанша», – дегенде науқас «тіфә-тіфә» – деп, түкіріп тастаса,

сауығып кетеді, – делінеді.

Қасқырдың атын «малға келеді» деп тікелей айтпай «ұлыма» деген. Күйеуінің туыстарының атында Қасқырбай, Бөрібай есімді болса, «қасқыр», «бөрі» сөздерінде айту әдепсіздік болып саналады. Ел арасында қазақ әйелінің судың жағасында қойға шапқан қасқырды көріп, *су, қамыс, қой, қасқыр, пышақ, қайрақ* сөздері күйеуінің туыстарының аттарында болып, айтуға болмайтындықтан, оларды «*Ата, ата, сарқыраманың арғы жағында, сылдыраманың бергі жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр. Жаныманы байламаға байлап алып келіп көріңіз*», – деп жеткізгендігі жайында әңгіме таралған.

Малға қасқыр шаппасын, ит құс, ұры-қары тимесін, «*малды болып бара жатыр*» деп көзден қорғану үшін деп мал қораға қызыл шүберек, кәрі жілік ілінген.

Түлкі аулау

Түлкі аулау үшін қақпанды түлкі жүретін жерлерге құрады. Олар бұтаның арасында жүреді. Түлкі қақпанды жерді шұқыр етіп қазып ішіне тастап, бетін құммен жауып қояды. Содан соң жемтік тастайды. Қақпанға түскен түлкі соққыны сүйреп қашады, аңшы соның ізімен жүріп отырып түлкіні басынан ұрып алады. Түлкі аулаудың тағы бір әдісі күзенді қақпанмен алып, терісін сыдырып алып тастап, жалаңаш денесін таяққа байлап, қатырады. Қатыру үшін төбесінен су құяды, су әйнек мұз болып қатады. Түлкі соны жеймін деп келіп қақпанға түседі. Түлкі қақпанды мәлінге де құрады (АЭМ).

Киік аулау

Киік, ақбөкен, қарақұйрықты да атып алған. Аңшылары аңның суатқа келіп құлауын күткен. Аң байқап қалмас үшін басына ақ киімешек киіп алады. Ақбөкендерде тобымен жүреді, 10-5 ақбөкен демалып жатқанда еркегі түрегеліп, бір орнында тұрмай айналып тұрады. Түрегеліп тұрған ақбөкенді көлденең тұрғанда өкпенің тұсынан атқан, әйтпесе ала алмаған. Киікті қуып жүріп атуға болмайды. Себебі киік қашқанда іші қызып кетеді. Оны сойған кезде адамның қолы күйіп қалады, еті де қарайып кетеді. Арқар тау тағысы болғандықтан тек атып алған (АЭМ).

Басқа әдістер

Қарсақ, суыр, түлкі сияқты аңдардың інін тауып, аузын мықтап бекітіп, інің ішіне *түтін* жіберіп, аңды *тұншықтырып алу* әдісі де болған.

А.П.Смирнов қазақтар арасында ең кең тараған аңшылық құс салу мен қасқырға түсу екендігін және қасқыр аулау мерзімі қыс екендігін айта отырып, қасқырды *ұрып алудың* ерекше әдісін көрсеткен. Жыртқыш аңды ұрып алуға арнайы өрілген өрімі ұзын қамшының басына тас байлайды, қардың ізіне түсе отырып, атты қазақ қасқырға жеткенде дәлдеп ұруға тырысады. Елгі, тәжірибелі аңшы бір-екі рет ұрып қалып та қасқырды өлтіре алады [12, с.15]. Жыртқыш аңды әрине алдымен бүркіт сияқты жыртқыш құсты салғаннан кейін, ұрып алған. П.И.Рычков бүркіттің соңынан атпен қуып жетіп, қасқырды, қарсақты қамшымен ұрып немесе найзамен түйреп алатынын жазған [11, с.202-, 205].

Орды көбінесе күздің қара суығында қасқырдың қарны шұрылдап, қатерден қорықпай аула-қораға түсер шағында қыстаудан аулақтау жерден, азулы аңға тоғайлы жерлерден терең етіп қазып, оның үстін әлсіз ғып жабады да, дәл ортасына лақ сияқты жеңіл малды байлап қояды. Ораға түскен жыртқышты ұрып не болмаса атып алады.

Мылтықпен ату әдісін аңшылар түлкі, қасқыр, арқар сияқты ірі, жыртқыш аңдарды аулау үшін, әрі таудан аң аулауға қолданды. Ертеде мылтық аңшы қазақтардың барлығында бірдей бола бермеді

Қоян аулау үшін қақпаннан бөлек тұзақ та құрған. Аңшы тұзаққа түскен аң-құс оралып тұншығып арам өлмес үшін қарап аңдып жүреді, әрі аңшы уақытында келіп алмаса қоянның даусына жыртқыш аңдар келіп оны жеп кетеді. Қазіргі кезеңде қоянға құрылатын тұзақты жасау үшін жұмсақ сымның бір басын тұйықтап, екінші басын тұйықтаған жерден өткізіп жасайды. Тұзақты қоянның жолына бұталар түбіне құрады.

Қорытынды

Сонымен, қазақтар аңшылықпен мал бағып жүріп, қатар айналысқан. Аңшылық қазақтарда өз алдына жеке кәсіп болмағанымен – бұл кәсіп қазақтың қалыптасқан ұлттық салтының, дәстүрінің сақшылығының көрінісі. Т. Жаңбыршыұлы Маңғыстау өңірінде келесідей адамдардың аңшылықты кәсіп еткендерін жазған: Бәли Өсербай; Есекмерген Есенғұлұлы; Кедей Тастығараев; Өтеулі Бекежанұлы; Матай Бекежанұлы; Бәжбен Есениязұлы; Мұқан Тастығараұлы; Сұлтангелді Жайылұлы; Тауасар Сұлтангелдіұлы; Айназар Тасқымбайұлы; Қосан Құтышұлы; Есет Шошанұлы; Бабық нұр Оңдағанұлы; Қаңғабай Шоңғарұлы; Байшағыр Ақкөйлек; Жұмай Айтөлесұлы; Нұрғали Көбегенұлы; Алдасай Жеменейұлы; Жаңай Қалдыбекұлы; Айдарбай Аманқосұлы; Қалышбақ Айдарбайұлы; Құлақан Ақтауұлы; Сәтімман Тінейұлы [17].

Аңшылық дәстүрдегі ғажаб қасиет аңшының табысын бөгде адамның қанжығасына байлауы. Бұл даладағы аңның көптігінің белгісі емес, қазақтың қолы ашықтығының, жомарттығының бір көрінісі. 1895 жылы «Дала уалаятының газетасында» жарияланған «Қазақтардың аң аулауы» атты мақала – аңшылық пен саятшылықтың қыр-сырын аша түсетін маңызды деректің бірі. Мақаладағы «Қазақтар аң аулағанды айрықша қызық көріп, аң аулаған мезгілінде әрбір жігіт өзінің батырлығын көрсетеді. Бұл себептен бұрынғы заманда

қазақтар аңды күн көру үшін ауламаушы еді. Мұның мәнісі осы уақыттардың әдет рәсімінен байқалады. Көбінесе аңға шыққанда аңшының қасында қаншама кісілер болады», – деген мәлімет аңшылық ер адамдар айналысқан кәсіп және ал көбіне жеке адамнан көрі коллективті айналысқан кәсіп екендігін көрсетеді [8].

Қорыта келгенде, ежелден келе жатқан саятшылық, аңшылық кәсібі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан өміршең ата кәсіптің, ежелгі өнердің бірі деуге болады. Аңшылық кәсібінің өнімдері қазақтардың тіршілік қамы жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде тұрмыс қажеттілігін өтеп отырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

АЭМ – авторлардың эксмедиялық материалдарынан.

1 Азиатская Россия. Издание переселенческого управления главного управления землеустройства и земледелия. СПб.: В типографии товарищества А.Ф.Марса, 1914. Т.1. Люди и порядки за Уралом. 576 с. + ил.; Т.2. Земля и хозяйство. 638 с. + 11 ил.; Т.3. Приложение СЛШ с.

2 Г-ий. Заметки охотника. Туркестанские ведомости. 1888. №38. 27 сентября. С.149-151. №39. 4 октября. С.153-154.

3 Народы России. Киргизы. Исторический очерк и народный характер. Издание «Досуг и дело». СПб: Типография товарищества «Общественная польза», 1879. –58 с.

4 Маңғыстау: ауылшаруашылық энциклопедиясы. Құрастырған: Ф.Әнес, т.б. Алматы, Арыс баспасы. 2015. 700 б.

5 Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). Сборник документов и материалов. Алма-Ата: Издательство Наука, 1964. 572 с.

6 Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Пер с нем. Е.Петри. СПб.: Издание А.Ф.Девриева, 1910. 188 с.

7 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 3 том. Алматы: «Әлем даму интеграция», 2018, 856 б.

8 Қазақтардың аң аулауы. ДУГ. 1895. №2-3 // Дала уалаятының газеті. Алматы. Ғылым, 1994. 384-389-б.

9 Орехов И. Охота с ловчими птицами у киргиз. Туркестанские ведомости. 1910. №66. 22 марта. С.2., №67. 23 марта. С.2-3. №68. 24 марта. С. 2-3.

10 Орлов В. Сары бие. Туркестанские ведомости. 1906. №137. С.888.

11 Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. 2-ое изд. Оренбург: Типография В.Бреслина, 1887. 405 с.

12 Смирнов А.П. Быт и нравы киргизов. 2-ое издание. Издание учрежденной по Высочайшему повелению Постоянной комиссии народных чтений. СПб.: Типография Ф.Акиенфиева и И.Леонтьева, 1897. 27 с.

13 Токтабай А. Құлан аулау. Қазақ тарихы. №4. 2008. Б.37-45.

14 Токтабай А. Қазақ тазысы. Алматы: Атамұра. 2013. 160 б.

15 Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата, Наука, 1980. 256 с.

16 Үстірт мемлекеттік қорығы \ <http://www.ustirt.kz/> (Қаралған күні: 4.09.2018)

17 Жаңбыршыұлы Т. Мен айтайын – бабаннан. Алматы: «Үш қиян», 2001. 308 б.

УДК 902 «63» (574.13)

С.Р. КУАНДЫК

Института археологии им. А.Х.Маргулана, Казахстан

ИЗУЧЕНИЕ КАМЕННЫХ КОЛЛЕКЦИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО НАУЧНО-КОЛЛЕКЦИОННОГО КАМЕННОГО ФОНДА И РЕГИОНАЛЬНОЙ ГЕОЛОГИЧЕСКОЙ ВЫСТАВКИ

Аннотация. Данная статья посвящена изучению каменных коллекций Западно-Казахстанского научно-коллекционного каменного фонда и региональной геологической выставки. В фондах хранятся материалы геологов, собранных на территории Актюбинской области с 70-х годов прошлого века по 1991 год. Целью изучения данных коллекций является с одной стороны получение всех имеющихся сведений о каменном веке региона, с другой стороны сбор информации о разделенных коллекциях (Каменный брод), хранящихся как в исследуемых учреждениях, так и в фонде Актюбинского областного историко-краеведческого музея. В результате проведенных работ, были получены сведения о палеолите, неолите и эпохи бронзы Западного Казахстана.

Ключевые слова. Археология, выставка, фонды, каменный век, геология, палеолит, неолит, каменные артефакты

S.R.KUANDYK

Institute of Archeology named after A.Kh.Margulan, Kazakhstan

STUDYING OF STONE COLLECTIONS OF THE WESTERN-KAZAKHSTAN SCIENTIFIC-COLLECTION STONE FUND AND THE REGIONAL GEOLOGICAL EXHIBITION

Abstract. This article is devoted to the study of stone collections of the West Kazakhstan Scientific-Collection Stone Fund and the regional geological exhibition. The funds contain materials of geologists collected on the territory of the Aktobe region from the 70s of the last century to 1991. The purpose of studying these collections is, on the one hand, to obtain all the available information about the Stone Age of the region, on the other hand, to collect information about divided collections (Kamenny Brod) stored both in the institutions studied and in the Aktobe Regional Museum of Local History. As a result of the work, information was obtained on the Paleolithic, Neolithic and Bronze Age of Western Kazakhstan.

Keywords. archeology, exhibition, funds, stone age, geology, paleolithic, neolithic, stone artifacts

Введение

В 2018 году в рамках реализации грантового проекта «Каменный век Северо-Восточного Прикаспия», начали изучаться фонды каменных коллекций собранных геологами Западного Казахстана. Одним из богатых фондов являются фонды Геологической выставки ГУ МД «ЗапКазНедра» Комитета геологии и недропользования Министерства по инвестициям и развитию РК. В разные годы в регионе работали такие геологи, как Р.А. Сегедин, В.В. Родионов, А.М. Олешко, В.Ф. Коробков, С.Г. Грещнер, Т.А. Кривцова и другие. Им были открыты большое количество археологических и этнографических памятников (могильники, горные выработки, поселения, петроглифы и т.д.). Большинство собранного ими материала, были сданы в фонды Актюбинского областного историко-краеведческого музея, а часть археологического материала вместе с геологическими коллекциями были сданы в фонды Западно-Казахстанского научно-коллекционного каменного фонда (НККФ) и Региональной геологической выставки.

Материалы и методы

В качестве источников послужили археологические коллекции, собранные геологами В.В. Родионовым, Р.А. Сегединым, Г.А. Костик, М.М. Бакулиной, Т.Я. Кривцовой, П.А. Зайцевым, А.С. Черкашиной, А.М. Олешко и др. в разные годы на территории Актюбинской области, а также отчеты о геологических работах в регионе.

Теоретическую основу работы составляет историко-культурный подход, археологические материалы рассматриваются как результат плодотворной деятельности человека. Методическая система изучения археологических материалов базируется на конкретных приемах и способах, применяемых в практике археологических работ в соответствии с технико-типологическим и сравнительно-историческим методами.

Обсуждения

Начиная с начала XX века благодаря усилиям краеведов, любителей истории, специалистов в области археологии в районных, областных музеях Казахстана накопилось большое количество каменных артефактов, которые в силу различных объективных причин не были введены в научный оборот.

Превалирующее количество каменных артефактов было получено в результате геологических работ, и попутно в ходе проведения археологических рекогносцировочных работ поздних периодов, поэтому многие из найденных артефактов так и остались лежать «мертвым грузом» в коллекциях региональных центров.

НККФ и Региональная геологическая выставка были созданы в соответствии с приказом Министерства геологии СССР в 1969 году. Организатором и первым руководителем был один из известных геологов в Западном Казахстане К.А. Коблов (Бачин, Бачина, 2003). Начиная с 70-х гг. фонды начались пополняться археологическими коллекциями.

В 2018 году было изучено около десятка коллекций, представленных более 250 археологическими находками, собранными начиная с 70-х годов прошлого века геологическими экспедициями.

Результаты

Хранящиеся в фондах коллекции можно подразделить по нескольким группам. Наиболее раннюю и представительную коллекцию составляют материалы геологов В.В. Родионова и Е.В. Родионовой со стоянки «Каменный брод», полученных в 1983 году. Памятник расположен на левом берегу р. Ирғиз, в 11 км к юго-востоку от пос. Айтеке Би (Комсомольское) и состоит из двух пунктов сбора. Основной материал был собран в 1979 и 1983 годах (Гуцалов, 1984:11-12). Материалом для подавляющего количества орудий и отщепов служили кремнистые алевролиты и песчаники (кварциты) грязного зеленовато-желтого, «табачного» цвета. Выходы их на дневную поверхность в ближайшем окружении отсутствуют (Табл. 1).

№	Сырье	Количество	%
1	Кварцит, алевропесчаник	2185	67,08
2	Кремень	1032	31,68
3	Опало-халцедон	20	0,62
4	Халцедон	15	0,47
5	Опал	3	0,09
6	Яшма	1	0,03
7	Окремненный аргелит	1	0,03
	Итого	3257	100

Таблица 1. Сырьевой материал стоянки «Каменный брод» за 1979 год (Фонды Актюбинского областного историко-краеведческого музея)

В районе пункта сбора 2 было собрано небольшое количество ножевидных пластин (микролитов), но здесь основные сборы были представлены орудиями на отщепах без следов дополнительной обработки (Табл. 2). Микролитический инвентарь изготовлен из типичного кремнистого материала – светлых кремней и опало халцедона, резко отличных от кварцитовидных орудий на отщепах. По-видимому, такое сочетание орудий и материала говорит о разновозрастности предметов стоянки (Мамиров, 2003:117).

КАТЕГОРИИ	ШТ	КАТЕГОРИИ	ШТ
Всего находок	3297	Орудия на отщепах:	321
Нуклеусы	3	Скребки:	189
Орудия на пластинах:	197	концевые	29
Пластины с ретушью	20	боковые	23
Вкладыши, геометрические микролиты:	152	комбинированные	31
трапециевидной формы	67	Скребловидные орудия	14
прямоугольной формы	47	Заготовки и обломки скребков	23

треугольной, сегментовидной и др.	38	Ножевидные орудия, отщепы с ретушью	44
Ножевидные орудия	4	Проколки, остроконечники	7
Скребки, скобели	15	Скобели	5
Резцы	2	Резцы	2
Сверло	1	Двусторонне обработанные наконечники	37
Наконечники стрел	3	Обломки, отщепы, чешуйки	2736
		Керамика	40

Таблица 2. Каменный инвентарь стоянки «Каменный брод» за 1979 год (Фонды Актюбинского областного историко-краеведческого музея)

Так и материал, находящийся в фондах геологической выставки (105 экз.), показывает сочетание изделий из окремненного алевролита, песчаника (рубящие формы, отщепы палеолитического облика) и яшмовидной и кремнистой пород (пластины, наконечники стрел и дротиков, скребки, проколки неолитического облика). Таким образом, материалы стоянки «Каменный брод» с фондов геологической выставки позволили рассмотреть всю коллекцию памятника, которая находилась в разрозненном состоянии.

Вторая группа артефактов представлена материалами собранными геологами Р.А. Сегединым, Г.А. Костик, М.М. Бакулиной в Мугалжарах в 1980 году. Среди артефактов выделяются скребок и ножевидные пластины найденные на реке Кияктысай, нуклеусы, пластины, скребки, отщепы с ретушью и др. в Мугалжарах. Каменный инвентарь типичен для неолитических стоянок Мугалжар, таких как Каинды, Шидер и др. (Сегедин, 1978-1981).

Следующая группа артефактов происходит из северной окраины песчаного массива правого берега реки Темир в 7 км южнее пос. Кенкияк благодаря сборам В.В. Родионова, П.А. Зайцева в 1981 году. Среди артефактов (43 экз.), представительна серия скребков различных модификаций, фрагменты ножевидных пластин со вторичной обработкой, фрагменты наконечников стрел, режущие орудия. Техника первичного расщепления представлена нуклеусами и отходами скальвания. Керамика малоинформативная. Материал относится к неолит-энеолитическому времени. Памятник имеет схожие черты с дюнными стоянками Шубарши и Сорколь, обнаруженными в приустьевой части реки Темир, где также представлены скребки, ножевидные пластины, наконечники стрел и др. (Петров, Родионов, 1977).

Еще одна группа находок представлена материалами, собранными геологами Т.Я. Кривцовой, П.А. Зайцевым, А.С. Черкашиной в 1987 году возле родника в междуречье рек Танаберген и Женишке, в 5 км севернее от пос. Прогресс. Находки малочислены, представлены обломками вкладышей из кремнистого сырья, скребком, фрагментами керамики и др.

Геологом А.М. Олешко в 1987 году у родника и побережья р. Танаберген возле пос. Прогресс (Маржанбулак) Алгинского района был собран небольшой материал, включающий нуклеусы, фрагменты ножевидных пластин, скребки, фрагменты керамики. Материал, разновременный, относится к заключительным этапам каменного века и эпохе бронзы.

Научно-коллекционный каменный фонд представлен каменными артефактами собранными геологом Т.Я. Кривцовой в 1990 году на Орь-Илекской возвышенности. Коллекция состоит из каменного рубила и скребков из кремнистого алевролита и песчаника, предварительно относящихся к неолиту.

Бронзовый век представлен двумя коллекциями. Первая – сборы геологов В.Ф. Коробкова и В.А. Бабенко в 1988 году на стоянке Черкасской возле одноименного поселка. В коллекции орнаментированные фрагменты керамических сосудов и пест. Вторая, сборы геолога С.Г. Грешнера в 1991 году с рудопроявлений Куркудук, Чуулдак, Шохыр, Мысказган, Актогау в Мугалжарах. Коллекция представлена мотыгами, молотами, кайлами, использовавшимися первыми металлургами региона.

Заключение

Таков краткий обзор изучения коллекций научно-коллекционного каменного фонда, перспективность дальнейшего исследования несомненна. Стоит отметить крупнейший вклад ученых-геологов в изучении истории края. Собранный ими во время геологических работ материал значительно пополнил источниковую базу. Что в свою очередь, позволит не только переосмыслить всю имеющуюся информацию, но и проследить последовательность развития и взаимодействия древних культур, что позволит определить их роль в культуригенезе других регионов

ЛИТЕРАТУРА

Бачин А.П., Бачина Е.Н. Западно-Казахстанский Научно-Коллекционный каменный фонд и региональная геологическая выставка ТУ «ЗапКазНедра» в г. Актобе // Уральский геологический журнал, 2003. №4 (34). С. 199-204.

Гуцалов С.Ю., Родионов В.В. Отчет об археологической разведке в Актюбинской области 1983 года. Актюбинск, 1984. Рукопись. Фонды АОИКМ. № 2000.

Мамиров Т.Б. Каменный инвентарь стоянки «Каменный брод» // Культура Сибири и сопредельных территорий в прошлом и настоящем: Материалы Всероссийской (с международным участием) 43-й археолого-этнографической конференции молодых ученых. Томск: Изд-во Том. ун-та, 2003. С. 116-117

Петров Н.П., Родионов В.В. Отчет об археологической разведке в Актюбинской области летом 1976 года. Актюбинск, 1977. Рукопись. Фонды АОИКМ. КП – 9381.

Сегедин Р.А. «Археологические находки, сделанные в 1978-1981 гг. в Актюбинской области» Бассейн реки Орь. Рукопись. Фонды АОИКМ. КП – 9374.

UDC 94(574)16/19

А.И. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СУБЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДАҒЫ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Мақалада жаңа заман дәуірінде қазақ халқының құрамына кірген субэтникалық топтар XIX ғ. соңы – XX ғасырдың басындағы статистикалық материалдар негізінде талданады. Қазақ тарихын жан-жақты зерттеу, соның ішінде тарихи кезеңдерге сәйкес қазақтың құрамына енген субэтникалық топтарды анықтау қазақстандық тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі. Қазақ өлкесі халқының құрамындағы өзгерістерді анықтауда негізгі дерек болып табылатын 1897 ж. санақтың материалдары мен басқа да статистикалық мәліметтерді талдаған зерттеулерде қазақтар тұтастандырылып, «қырғыз» атауымен берілді. Ал, қазақтың құрамына кірген субэтникалық топтардың пайда болуы мен олардың сандық құрамы мен тарихын арнайы зерттелмеді. Сондықтан, мақалада Қазақстандағы субэтникалық топтарды статистикалық материалдар негізінде зерттеу көзделді. Дерек ретінде 1870 ж. ревизия, 1897 ж. Жалпы ресейлік 1 халық санағы, Ф.А. Щербин экспедициясының негізінде дайындалған «МКЗ – қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары» статистикалық жинақтары, Румянцев, Кузнецов, Скриплев және т.б. экспедициялардың материалдары негізінде дайындалған жинақтар, статистикалық деректері мол «Облыстық шолуларда» (Обзоры областей) кездесетін мәліметтер пайдаланылды.

Түйін сөздер. Қазақстан, Ресей империясы, Қазақтар, Субэтникалық топтар, Халық санағы, Статистика, Шалақазақтар, Ноғайлар, Қырғыздар, Сарттар, Щербин экспедициясы, МКЗ.

А.И. КУДАЙБЕРГЕНОВА

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

ИССЛЕДОВАНИЕ СУБЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ СТАТИСТИЧЕСКИХ МАТЕРИАЛОВ

Аннотация. В статье представлен анализ статистических материалов субэтнических групп, которые вошли в состав казахского народа в конце XIX – начале XX века. Всестороннее изучение истории казахов, в том числе субэтнических групп вошедших в состав казахов, в соответствии с историческими периодами является одним из актуальных проблем казахстанской исторической науки. Основным источником для определения изменения численности населения казахского края были отобраны материалы переписи населения 1897 года и других статистических документов, в которых казахов называли «киргизами». Однако субэтнические группы и их количественный состав, включенный в состав казахов специально не изучались. Поэтому в этой статье представлены статистические материалы по изучению субэтнических групп в Казахстане. Как источник были использованы материалы ревизии 1870 года, и I Всеобщей переписи населения российской империи 1897 года, анализированы сборники материалов экспедиции Ф.А. Щербина «МКЗ – Материалы по киргизскому землепользованию, собранные экспедицией по исследованию степных областей», также были использованы данные собранные из материалов экспедиций Румянцева, Кузнецова, Скриплева и т.д., статистические данные «Региональные обзоры» (Обзоры областей).

Ключевые слова. Казахстан, Российская империя, казахи, субэтнические группы, перепись населения, статистика, Шалаказахи, Ногаи, Киргизы, Сарты, экспедиция Щербина, МКЗ.

A. KUDAIBERGENOVA

Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology

RESEARCH OF SUB-ETHNIC GROUPS OF KAZAKHSTAN ON THE BASE OF STATISTICAL MATERIALS

Abstract. The article presents an analysis of statistical materials of sub-ethnic groups, which had entered into composition of Kazakh people in the late XIX - early XX century. A comprehensive research of the history of Kazakhs, including sub-ethnic groups, which had entered into composition of Kazakhs, in accordance with historical period is one of the relevant problem of Kazakhstan's historical science. The main source for determining the change the population in the Kazakh region was the material of the population 1897 y. and other statistical documents, in

which Kazakhs were called «Kyrgyz». However, subethnic groups and their quantitative composition included in the composition of the Kazakhs were not specifically explored. Therefore, this article presents statistical materials and research of sub-ethnic groups in Kazakhstan. As a source, materials from the revision of 1870 were used, and 1 general Russian population census – 1897 y., prepared collections of materials of the F.A. Shcherbin expedition «MKZ - material of Kyrgyz (Kazakh) land use», also used data collected from materials of the expeditions of Rummyantsev, Kuznetsov, Skriplev, etc., statistical data «Regional review» (Reviews of regions).

Keywords. Kazakhstan, Russian empire, Kazakhs, sub-ethnic groups, population census, statistics, Shalakah, Nogai, Kirghiz, Sarts, Expedition of Shcherbin, MKZ.

Кіріспе

Қазақ тарихын жан-жақты зерттеу, соның ішінде тарихи кезеңдерге сәйкес қазақтың құрамына енген субэтникалық топтарды анықтау қазақстандық тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі. Қазақ өлкесі халқының құрамындағы өзгерістерді анықтауда негізгі дерек болып табылатын 1897 ж. санақтың материалдары мен басқа да статистикалық мәліметтерді талдаған зерттеулерде қазақтар тұтастандырылып, «қырғыз» атауымен берілді. Ал, қазақтың құрамына кірген субэтникалық топтардың пайда болуы мен олардың сандық құрамы мен тарихы арнайы зерттелмеді. Сондықтан, мақалада Қазақстандағы субэтникалық топтарды статистикалық материалдар негізінде зерттеу көзделді.

Материалдар мен әдістер

Дерек ретінде 1870 ж. ревизия, 1897 ж. Жалпы ресейлік 1 халық санағы, Ф.А. Щербин экспедициясының негізінде дайындалған «МКЗ – қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары» статистикалық жинақтары, Румянцев, Кузнецов, Скрыплев және т.б. экспедициялардың материалдары негізінде дайындалған жинақтар, статистикалық деректері мол «Облыстық шолуларда» (Обзоры областей) кездесетін мәліметтер пайдаланылды. Сондай-ақ, Терентьевтің Түркістан өлкесіне қатысты статистикалық материалдарын талдаған, 1870 жылғы ревизия материалдарының негізінде жазылған еңбегіндегі мәліметтер қолданылды.

Әдістері

Ұлт және этносты зерттеудің жүйелі-функционалды әдіс, тарихи жүйелілік, тарихи-салыстыру, хронологиялық және бақылау әдісі; контент-анализ, салыстырмалы-тарихи, локальды-тарихи, жазба деректерді зерттеу, статистикалық деректерді талдау және т.б. секілді тарихи, тарихи-демографиялық және т.б. бағыттағы зерттеу әдістері қолданылды.

Талқылау

Қазақ халқының құрамын оның этникалық негізін құрайтын Үш жүз, төрелер, қожалардан басқа жаңа заман дәуірінде жаңа субэтникалық топтар кірді. Олардың қатарына сарт, ноғай, шалақазақ, қырғыз, қарақалпақ, құрамалар және т.б. жатады. XIX ғасырдың зерттеушілерінің еңбектерінде, сондай-ақ статистикалық жинақтарда берілетін түсініктемелерде ол субэтностардың пайда болу тарихы жайлы айтып кеткенімен, саны мен орналасқан аймақтары жайлы нақты мәліметтер берілмейді және тарихы терең зерттелмеді. Ноғай, шалақазақ, сарттар туралы жекелеген еңбектер жарияланғанымен, оларда субэтностардың статистикалық материалдар негізіндегі тарихы арнайы зерттеу нысанына айналмады деуге болады. Сонымен бірге, XIX ғ. соңындағы субэтностардың қатарына «төлеңгіттерді» енгізіп зерттеушілер де бар. Әрине моңғол-татар шапқыншылығынан кейінгі тарихта ол субэтнос ретінде қалыптасқанымен, біз қарастырып отырған XIX ғасырға дейін төлеңгіттер қазақтың құрамына сіңіп кеткен деп тұжырымдалғандықтан, өз мақаламызда оларды субэтникалық топ ретінде қарастырмаймыз.

Нәтижесі

Мақалада субэтникалық топтар ретінде «шалақазақтар», «ноғайлар», «қырғыздар», «сарттар», «құрамалар», «қарақалпақтар» туралы статистикалық мәліметтер зерттеу нысанына айналды.

Қазақ халқының құрамына енген субэтникалық топтар статистикалық материалдарда да өз көрінісін тапты. Осы мәліметтерден субэтникалық топтардың саны, өсіп-өнуі жайлы бірқатар мәліметтер алуға болады. 1870 ж. ревизия, 1897 ж. Жалпы ресейлік 1 халық санағы, Ф.А. Щербин экспедициясының негізінде дайындалған «МКЗ – қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары» статистикалық жинақтары, Румянцев, Кузнецов, Скрыплев және т.б. экспедициялардың материалдары негізінде дайындалған жинақтар, статистикалық деректері мол «Облыстық шолуларда» (Обзоры областей) кездесетін мәліметтер негізгі дерек көзі болып табылды. Сондай-ақ, Ф.А. Терентьевтің Түркістан өлкесінің статистикалық материалдарын талдаған еңбегі де 1870 жылғы ревизия материалдарының негізінде жазылғандықтан, деректік мәнге ие болды деуге болады.

Осылардың ішінде ерекше Ф.А. Щербин экспедициясының материалдары бағалы мағлұмат береді. Себебі әрбір облыстағы «қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдары» қазақ этносының

жерді пайдалану ерекшеліктерін географиялық жағдайына, кәсіптеріне, тарихи-географиялық орналасуының әсеріне, шаруашылық жүргізу мен этникалық белгілерін сақтау мүмкіндігімен байланысты уездер, ауылдар бойынша қамтып, қарастырған.

Қазақтардың жерді пайдалануы туралы мәліметтерді жинау жұмысы 1896 ж. Омбы уезін, Ақмола облысының Көкшетау уезіндегі қазақтардың шаруашылығын зерттеумен басталғаны белгілі. Айта кету керек, Ф.А. Щербин басқарған экспедицияның бағдарламасы негізінде кейінгі В. Кузнецов, П.П. Румянцев, В. Скрышлев, П. Хворостанскийлер басқарған экспедициялар да жұмыс істеді.

Айта кету керек, Қазақстан жеріндегі субэтникалық топтарды барлық статистикалық мәліметтерден толығымен көреміз деу дұрыс емес. Мысалы, 1870 жылғы ревизия туралы мәліметтері бар Терентьевтің «Статистические материалы по Туркестанскому краю» деген еңбегінде «сарттар», «құрамалар» бүкіл Орталық Азия аймағы бойынша жинақталып берілгендіктен, ішіндегі қай бөлігі қазақтардың құрамында болды деген сұраққа жауап бере алмайды [М.А. Терентьев, 1874]. Еңбекте Сырдария облысының Құрама уезінің ру-тайпаларының әлеуметтік-сословиелік құрамын көрсеткенде, құрама субэтностына жалпылама түсініктеме беріп кетеді: «Сарты появились из слияния двух народностей: узбеков и таджиков. Кураминцы похожи и на сарта и на киргиза... [Терентьев М.А., 1874:72,73]. Олардың облыс бойынша жалпы санына тоқталады. Алайда, олардың қанша бөлігі болашақ қазақ немесе өзбек, тәжіктердің құрамын кірді деген сұраққа жауап бермейді.

Соған қарамастан, XIX ғасырдың статистикалық материалдар қазақтардың рулық құрылымы, орналасқан аймақтары және т.б. туралы мәліметтер береді.

Мысалы, Ф.А. Щербин экспедициясының материалдары жинақталған «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдарында...» облыстар, уездер, болыстар, ауылдар бойынша ауыл ақсақалдары мен ру атауларын көрсете отырып, олардың мекендеген жайылымдары, қыстаған жер атаулары, иеліктеріндегі мал-мүліктер туралы мәліметтермен бірге ондағы халық саны, жыныстық құрамы, еңбек жасындағылар туралы мәліметтер, әрбір үйде есептелінген жылқы, ірі қара, ұсақ мал саны, шаруашылықтары т.б. туралы статистикалық мәліметтерді талдай отырып, жаңа заман дәуірінде қазақтың құрамына кірген субэтникалық топтардың орналасқан аймағы, түтін саны мен қыстаулары бойынша рулардың атаулары, адамдардың саны туралы мәліметтер алынды.

Соның ішінде, Қазақстандағы субэтникалық топтарға жататын *шалақазақтар*, *қалмақтар* (мысалы, жалайыр ішіндегі), *ноғайлар*, башқұрттардан шыққан *естектер* (тарақты, Айтқұл, Атан руының құрамында кездескен) қырғыздар (*қырғыз-елішке*, *қырғыз*, *қырғыз-жібек*, *қырғыз-Өтерше* тармақтары), *қарақалпақтар*, *сарттар*, *құрамалардың ауылдар бойынша саны*, *жыныстық құрамы*, *шаруашылықтары туралы нақты мәліметтерді* «Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдарынан» табамыз. Бұл жинақта көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы халықтың тарихына, географиясына, экономикасына, шаруашылығы мен тұрмысына, сондай-ақ рулық құрамына қатысты бағалы мәліметтер бар.

Мысалы, қырғыз субэтникалық тобының бір бөлігі Ақмола уезінің Ақмола, Атасу, Есіл, Шерубай-Нұра болыстарын мекендеді. Нұра болысында олардың қыстаулары Қарасу-Жалтық, Қарасу-адыр және Нұра өзендерінің маңында орналасты. Тоғайбай, Қожамқұл, Байменке, Байжымол әкімшілік ауылдарының ақсақалдары қырғыз руы бұл ауылдарды XIX ғасырдың соңына қарай 260 жылдан бері мекендеп келе жатқанынан хабардар етеді.

Сондай-ақ, Ақмола облысының Көкшетау уезі, Көкшетау болысы Жарпе-Қызыл ағаш, Күйген қыстау, Ақтөбе Бабақ, Отаршының Қызыл ағашы шатқалы мен тоғайларының маңын қыстаған қазақтың құрамында *қырғыз* руынан шыққан Тлеу Кочумбай, Бабақ Құдай-сучур, Жұмағұл Аманхол, Мұса Глеуқабыл ақсақалдардың ауылдары 100 жылдан аса мекендеп келе жатқандығы айтылады. 16 үйде 44 ер адам, 26 әйел, барлығы 70 адамның 40-ы еңбек жасындағылар деп тіркелген [МКЗ, Т. X, 1909: 296-297].

Қырғыз руының тармақтары Қазақстанның барлық өңірлерінде кездескенімен, негізінен Жетісу мен Қазақстан оңтүстік өңірінде жиі кездеседі. Ал солтүстікте, қазіргі Ақмола облысының аумағында өмір сүретін бөлігі сонау Абылай хан кезінде келгендер.

Жазба деректері қырғыздардың алғашқы толқыны бұл өлкеге XVIII ғасырдың орта тұсында келгенінен хабардар етсе, екінші толқынының XIX ғасырдың 40-50 жылдары Кенесары ханның тұсында және оның өлімінен кейін келгенін көрсетеді. Кенесары ханды қырғыз манаптары өлтірген соң, қазақтардың кек алуынан қорыққан қырғыз манаптары қазақ сұлтандарына құн төлеген. Құн ретінде әррүрлі сыйлықтармен бірге, қырғыздардың манаптарының отбасыларынан шыққан 100 жігітті құл ретінде берген. Олар Ақмола және Көкшетау уездерінің болыстары мен ауылдарында жергілікті халықтың арасында шашырап, бірте-бірте жергілікті қазақтардың құрамына сіңіп кетті (Қалыш А.).

Сондай-ақ, қазақтардың құрамына кірген қырғыз-елішке тармағының Көкшетау облысының Қотыркөл болысын 5-7 ұрпақтан бері мекендеген бөлігі өздерін қырғыз-елішке деп көрсетсе, қырғыз-елішкелердің осы аумақты 120 жылдай мекендеп келе жатқан бөлігі өздерін Орта жүз тарақтыларының,

Айтқұл, Атан руларының тармақтарымыз деп көрсеткен [МКЗ, Т. I, 1898: 357]. Осы Қотыркөл болысында Ақтөбе, Қайрақты, Тасаткөл, Қарақоға, Батпақкөл, Қоңырағаш шатқалдары мен көлдерінің маңайында қырғыз-елішкелерден әр ауылда 7-9-дан үйде, барлығы 186 ер, 142 әйел, барлығы 328 адамның 263 жылқысы, 121 тай және т.б. малдары болғандығы көрсетіледі. Сондай-ақ, Қотыркөл болысында басқа да қырғыз субэтностарының ауылдары бар. Олар 6 ұрпақтан бері қыстап келе жатқан Қырғыз руының ішіндегі Жібек, Өтерче тармақтары: 90 үй, 226 ер, 223 әйел өздерін қазақтың қырғыз руына екендігін көрсеткен [МКЗ, Т. I, 1898: 368].

Ф.А. Щербин экспедициясының 1900 ж. зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Семей облысы, Өскемен уезінде тұратын қазақтардың шаруашылықтары туралы мәліметтерде «... қарасүйек қазақтардан бөлек, уезде ақсүйек-сұлтандар мен бірнеше «шалақазақтар» (қазақтардың татарлар мен сарттармен араласуының нәтижесінен пайда болған) ауылдары да бар. Соның ішінде, *шалақазақтардың* ертеден мекені болып табылатын Мешіт ауылы қытай билігі кезінде-ақ қалыптасқан. Бұл жерде саудамен айналысқан сарттар мекендеген. Аласапыран кезінде олар көшіп кеткен соң, XIX ғасырдың 30 жылдарынан бастап бұл жерлерді негізінен шалақазақтар өздерінің қонысы етті. Кейініректе уезде шалақазақтар қоныстанған Бөкен және Бектемір ауылдары пайда болады» деп айтылады [МКЗ, Т. IX, 1905: 19].

Ғылыми әдебиетте шалақазақтарды (патша дәуірі тұсындағы орыс тіліндегі («чалаказак», «чалаказак», «челаказак» деп берілетін) 1856-1860 жж. Ш. Уәлиханов (Ч.Ч. Валиханов), П.П. Семёнов-Тянь-Шаньский және Н.А. Абрамовтың еңбектерінде «жартылай қазақ» немесе «таза қазақ емес» деген ұғымда сипаттайды. Олар қазақ қыздарының орталықазиялық өлкеден келгендермен (хиуалықтар, бұқарлықтар, қоқандықтар, ташкенттіктер) аралас некесінен туылғандар. Өлкетанушы Н.Я. Коншин XIX–XX ғғ. белесінде татарлық «шалақазақтар» мен ташкенттік «шалақазақтардың» арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Оның айтуынша, ташкенттік шалақазақтар тілі мен бет-бейнесі арқылы де қазақтар арасына толығымен сіңісіп кетті. Ал татарлық шалақазақтар өздерінің татарлық бейнесін сақтап қалды [Исин А.И., 2018: 119].

Семей облысы, Өскемен уезінің Ақмирово поселкасында 1805 жылдан бері (100 жылдан аса) мекен еткен қазақтардан бұрын Орталық Азиядан келген: бұхарлықтар, сарттар және қазақтар қыстаған [МКЗ, Т. IX, 1905: 20] деп берілген мағлұматтар «сарттар» деп аталатын субэтникалық топтың саны мен орналасқан аймағы туралы мәліметтер береді. Сарттар Қазақстанның шығыс, оңтүстік облыстарын ғана емес, солтүстігін де мекендеді. Ақмола облысының Көкшетау уезі, Көкшетау болсында Бес қарағай мен Қарағайлы ағаш деп аталатын жерлерде Нұрым мен Мамиле ақсақалдар ауылында 8 үй болатын 35 адам сарттың 20-сы еңбек жасындағылар, 130 жылдан бері мекендейді»-деп қазақтың қатарына қосылған сарттар туралы мәліметті Щербин экспедициясы көрсетеді. Сарттардың 79 жылқысы, 23 тайы, 38 ірі қарасы, 16 бұзауы, 220 қой мен 91 ешкісі бар деп көрсетілген [МКЗ, Т. I, 1898: 302].

Қазақтың қоңырат пен телеу руларының тармақтары болып табылатын *ноғай* субэтностынан Семей облысының Семей уезінде 1900 жылы 3 ұрпақ өмір сүріп келе жатқандығы анықталды. Барлығы 20 үй, 105 адам Салтыбек, Тойымбай, Тұма, Саржал қыстауларын мекендеген [МКЗ, Т. X, 1909: 290].

Қазақтардың құрамына кірген қарақалпақ руы Кокшетау облысының Шығыс болысын, Шығыстағы Есмұрза, Жапан жазығы, Көлденең қызыл, Сарментай қыстауларында қарақалпақ руынан 31 үй (87 ер, 84 әйел, барлығы 171 адам болатын Алпыс, Айтқожа, Бақберген, Алдаберген ақсақалдар ауылдары, сол кездегі есеп бойынша, 30-60 жыл аралығында мекендеп келді [МКЗ, Т. I, 1898: 332].

Жалпы алғанда, Щербин экспедициясында жинақталған статистикалық мәліметтерде ғана бұл субэтностардың қазақтардың құрамында болғандығы толыққанды көрсетіледі деп айтуға болады.

П.П. Румянцев басқарған экспедиция Жетісу өңірін зерттеді. Әдістемесі Щербин экспедициясының зерттеу, жинау әдістеріне негізделді [Материалы ..., 1913.]. Жетісу облысының орыс және басқа да түземдік халқын зерттеу мәселесімен айналысқан П.П. Румянцевтің экспедициясы материалдарының ішінде 4-томы Верный уезін зерттеу мәліметтерін Бұл деректе қазақтардың ішіне енген субэтникалық топтар көрінбейді. Қазақтар бұл деректе «қырғыздар» атауымен берілген. [Материалы ..., 1913.]

1 кестеде Ф.А. Щербин экспедициясының мәліметтері ішінен Семей облысы, Семей уезінде өмір сүрген бірнеше субэтникалық топтар көрсетіледі. Бұл кесте қазақ ұлтының құрамына кіріп, сіңіп кеткен субэтникалық топтардың бір бөлігі ғана. Алайда мұнда Ф.А. Щербин экспедициясының материалдарынан қазақтың құрамына кірген субэтностар туралы мәліметтердің қалай көрінетіндігі жайлы мәлімет алуға болады.

№	Атаулар			Ме кендеу немесе қыстау мерзімі	II аруашы лықтар саны	Халқы		
	ру бойынша атаулары	ақсақалы қыстау	ауылдар орналасқан шатқал, тоғай және т.б. жер			сол жерде орналасқан ру	р	йел

		атаулары	атаулары	(жыл немесе ұрпақ)					
	Оспан Тоқжігіт	Найман жол	Қы рғызәлі	60	4	9	7	6	
	Тоқшылық Бисат	Шүкір	Қы рғызәлі	40	7	5	4	9	
	Үзбай, Сатай	Найман жол	Қы рғызәлі	60					
	Есембай Мырзеке	Қызылш ілік	ор ыс	5	1	9	1	0	
	Салмен Байгілеу	Бидайық	Ша ғатай	3	2			0	
	Әмірбай Татыбай			7	3		0	7	
	Жүніс Қалбас	Қызылтұ мсық	Ор ыс қаржау	40-60	2				
	№IX ауыл	Салауба қтас Кұлсаймақ	Қы рғыз	20-60		6	4		
	Чамчекбай Телкозы, Манабай, Бексултан, Жыртық, Кален	Итгүмсы қ, Қаражан, Қаман, Кеңқоныс, Дөненжан	Қы рғыз	3 ұрпақ	2	0	6	6	
0	Шакыр Алжан	Байтен	Ша лақазақ	25	1				
1	Токсанбай Ноғай	Тума	Ноғ ай	37	5	3	5	8	
2	Сарыбай Кеңгір	Саржан	Ноғ ай	3					
3	Мамырбай Тышқамбай	Сартөбе к	Ноғ ай	3					
4	Чопал Қодар	Қарашы	Ноғ ай	34					
5	Мақат Ережеп, Ағыс, Имамбай Талқабай, Ажыбай, Сазыбек, Джйехан Саурхан, Боже Тохта	Сұңқар Қамбар Қарашоқ Назаршо қы	Сар ттар	45	27-5	9	89	77	66

Кесте 1 - Семей облысы, Семей уезінде өмір сүрген бірнеше субэтникалық топтар [МКЗ, Т. X, 1909: 18-294].

Ал, 1897 жылғы санақ материалдары бойынша қазақтардың қатарына енген субэтникалық топтарды дәл анықтау мүмкін емес. Себебі, санақта қазақтар «қырғыздар» деген этникалық топ ретінде тұтастанып, ана тілі бойынша түркі-татар тіл тобына кіретін қырғыз-қайсақ тіл тармақшасы қатарында беріледі. Ал, Қазақстан жеріндегі «құрамалар» мен «сарттар» субэтностары санақта жеке этникалық топ ретінде тіркелген. Тек территориялық орналасуы жағынан ғана оларды толығымен қазақтардың қатарына кірді деп айта алмаймыз. Себебі «сарттар» мен «құрамалардың» бір тобы қазақтардың, бір тобы өзбектердің құрамына кірді. Ал, 1897 ж. санақ оларды бөліп көрсетпейді. Сондықтан, 1897 ж. санақта Қазақстан аумағында кездескен сарттар мен құрамаларды толығымен қазақтардың қатарында есептеуге болмайды.

1897 ж. санақта этникалық белгісі ана тіліне байланысты анықталатын болғандықтан, осы санақтағы тіл топтары туралы бір мәліметті келтірейік.

Кесте 2. Негізгі тілдері бойынша Закаспий облысындағы халықтар саны [Первая всеобщая перепись ..., 1904: 7]

Тілдер	Барлық халық саны
Великорусс	27942
Малорусс	5151
Белорусс	180
Поляк	3812
Литвандар	935
Неміс	1026
Армян	4256
Парсы	8015
Еврей	860
Мордова	776
Татар	3510
Туркмен	248651
Сарт	778
Өзбек	470
Тараншы	425

Бұл кестеден сарттар туралы мәліметтің басқа да этникалық топтармен бір қатарда берілгендігін көреміз. «Сарт» ХХ ғ. басындағы материалдарда да жеке субэтникалық топ ретінде көрсетіледі. Тек, 1926 ж. санақтан бастап, «сарт» жекелей субэтнос ретінде санақ материалдарында тіркелмейтін болды.

Айта кету керек, *құрамалардың* бір бөлігі қазақтардың құрамына кіргенімен (мысалы қазақтардың құрамында ассимиляцияланған «құрамалар» үйсін, дулат, жалайыр, найман руларының тармақтарына айналды), негізгі бөлігі өзбектердің, тәжіктердің қатарына да енді. *Құрамалардың* қатарында кербушы, шахрухия, бұқа, керейіт, мұраталы, байсу, қарақытай, қалайбар халықтары бар басым бөлігі 1920 жылдан бастап толығымен өзбектер деп жазылатын болды.

Түрікмен-адай субэтносы қазақстанның батысында мекендеді. Мысалы, қосай руының құрамына кірген *түрікмен-адай* субэтносы [Букейханов, 2007: 110] Адай уезінің Түрікпен-Адай болысы мен бесінші, Алтыншы, жетінші Қосай болыстарында кездесті. Бесінші, алтыншы қосай руының қазақтары Қарабұғаз бұғазының батысы мен солтүстігін мекендеді [Букейханов, 2007: 96].

Қорытынды

Бұл тақырыпты зерттеу жалғасын табады. Бір мақала мәселені толығымен ашты дей алмаймыз. Бірақ айта кететін жайт, ХХ ғасырдың 20-жылдары КСРО Ғылым академиясының арнайы комиссиясының талдауларының арқасында Одақ бойынша кездесетін субэтникалық топтарды белгілі бір этностардың құрамында болуы ғылыми негізделіп, статистикалық мәліметтерді жинақтау, халық санақтарын жүргізу үшін этностарды нақтылау және жүйелеу жұмыстары жүргізілді. Ол бойынша негізгі этностардың атауы мен құрамы талқыланып, нақтыланып, белгілі бір этностардың құрамындағы субэтникалық топтар статистикалық материалдарда бөлек көрсетілмейтін болып шешілді. Бұл жүйелеу сол кезден бері барлық статистикалық мәліметтерде, халық санақтарын жүргізу барысында этникалық топтарды анықтау үшін қолданылып келеді [Список ..., 1927]

ӘДЕБИЕТТЕР

- Букейханов А.Н. Казахи: историко-этнографические труды. 2-е изд. Доп. – Астана: Алтын кітап, 2007, - 303 с.
- Исин А.И. Шала-казахи в составе казахского этноса // Рухани жаңғыру» және түркі әлемі тарихының мәселелері: тарих ғылымдарының кандидаты Дәулетханов Әлімғазының 75 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, 2018. – 235 б.
- Материалы по киргизскому землепользованию, собранные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область, Кокчетавский уезд. Т. I-й. – Воронеж, 1898.
- Материалы по киргизскому землепользованию, собранные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область, Устькаменогорский уезд. Т. IX-й. – С.-Петербург, 1905.
- Материалы по киргизскому землепользованию, собранные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область, Семипалатинский уезд. Т. X-й. – С.-Петербург, 1909 г.
- Материалы по обследованию туземного и русского старожилского хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Т.IV. Верненский уезд Киргизское хозяйство. С.-Петербург., 1913.]
- Первая всеобщая перепись населения Российской империи, 1897 г. Издание центрального статистического комитета министерства внутренних дел. Под редакцией Н.А. Тройницкаго. LXXXII. Закаспийская область. 1904. [Текст] / - СПб. : Типография кн. В. И. Мещерского, 1904. - 170 с. Т. 82 : Закаспийская область).

Список народностей Союза советских социалистических республик /под ред. И.И.Зарубина. Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1927.

Терентьев М.А. Статистические очерки Средне-Азиатской России. – Санкт-петербург: Типография императорской Академии наук, 1874.

УДК 930.2: 94(574): 316.3

З. Майданали

КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ КОЧЕВЫХ ОБЩЕСТВ В
СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ**

Аннотация. В статье представлены научные подходы и концептуальные заключения по проблемам политической организации кочевых обществ и их взаимодействия с оседло-земледельческими народами, определение динамики и преемственности этнополитических и этнокультурных процессов посредством исторически сложившихся методологических принципов и теоретических построений. При этом особое значение имеет актуализация и экстраполяция предшествующего исторического опыта, что позволяет отметить адекватное место кочевой цивилизации во всемирно-исторических процессах как части мировой истории.

Ключевые слова. научные парадигмы, структура, организация, власть, кочевое общество, цивилизация.

Z. Maidanali

al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan

**PROBLEMS OF SOCIO-POLITICAL ORGANIZATION
OF NOMADIC SOCIETIES IN MODERN HISTORIOGRAPHY**

Abstract. The article presents scientific approaches and conceptual conclusions on the problems of the political organization of nomadic societies and their interaction with the settled agricultural peoples, the definition of the dynamics and continuity of ethno-political and ethno-cultural processes through historically developed methodological principles and theoretical constructions. At the same time, the actualization and extrapolation of the previous historical experience is of particular importance, which makes it possible to note the adequate place of nomadic civilization in the world-historical processes as part of world history.

Keywords. scientific paradigms, structure, organization, power, nomadic society, civilization

**ЗАМАНАУИ ТАРИХНАМАДАҒЫ КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДАРДЫҢ САЯСИ-ӘЛЕМЕТТІК
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аңдатпа. Мақалада көшпелі қоғамдардың саяси ұйымдастырылуы және олардың отырықшы-егінші халықтармен өзара іс-әрекеттерінің проблемалары бойынша ғылыми келістер мен концептуалды тұжырымдар, этносаяси және этномәдени үрдістердің динамикасы мен жалғастағы тарихи қалыптасқан методологиялық ұстанымдар мен теориялық негіздер арқылы анықталып, ұсынылған. Сонымен бірге көшпелі өркениеттің әлемдік тарихи үдерістердің бір бөлігі ретіндегі жүріп өткен тарихи тәжірибесін өзектендіруге және экстраполяциялауға ерекше мән-мағына берілген.

Түйін сөздер. ғылыми парадигмалар, құрылым, ұйымдастыру, билік, көшпелі қоғам, өркениет

Кіріспе

Историческое знание формируется в определенной общественной среде, определенном типе культуре, которое характеризуется социально-экономическим, политическим, идеологическим состоянием общества. Историческая наука столкнулась с проблемой решения вопроса о том, могут ли самые развитые кочевые объединения зафиксировать политические институты государственного типа, охватывавшие значительные массы кочевого населения. На современном этапе развития исторической науки, специалисты заинтересованы в разработке критериев, которые позволили бы определенно высказаться в пользу того или иного мнения. Современное движение исторического знания требует дальнейшего осмысления природы кочевого общества, понимания сути происходивших процессов, которые были непосредственно связаны с трансформацией внутренних механизмов кочевого общества.

Социологические теории определяют государство как особую форму организации общества, обладающую определенными средствами и методами применения власти внутри общества, устанавливающую определенный порядок взаимоотношений между членами общества на определенной территории, которая вовлекает в свою деятельность все население на установленной

территории. Концептуальные положения, отрицающие кочевую государственность, мы находим у основоположников немецкой классической философии И. Канта и Ф. Гегеля [1]. И. Кант усматривал истоки государственности у кочевников в конфликте между кочевниками (номадами) и землевладельцами (оседлыми группами). Ф. Гегель относил номадов ко второй доисторической стадии развития кочевничества, полагал, что кочевники не дозрели до стадии образования государственности. Появление государства как политического института возможно, по мнению Ф. Гегеля, только при наличии городов, как центров публичной власти, организованной системы права и других сопутствующих элементов. По причинам патриархальной организации, отсутствия государства и свободы личности Ф. Гегель отводит им роль разрушителей цивилизации.

Одной из ведущих проблем современных исторических исследований стали попытки реконструкции основных этапов политогенеза у древних и средневековых кочевников Евразии. Описание систем антропологической стратификации конкретных кочевых обществ и выявление их характера стало основной линией теоретических разработок. В контексте решения этой проблематики были поставлены вопросы и определены основные подходы в решении дальнейших типологических построений теории кочевого государства.

Российский исследователь, кочевниковед Н.Н. Крадин определяет четыре основные точки зрения на характер социального строя номадов [2]:

1) предклассовое общество у кочевников (С.И.Вайнштейн, Л.С. Васильев, К.П. Калиновская, В.А. Шнирельман и др.)

2) раннее государство у номадов (Е.П. Бунтян, С.Г. Кляшторный, Е.И. Кычанов, А.И. Мартынов, М.С. Мейер, А.И. Першиц)

3) феодализм у кочевников: а) ортодоксальный вариант теории «кочевого феодализма» (И.Я. Златкин, М.Х. Маннай-Оол, Л.П. Потапов); б) «саунная» версия кочевого феодализма (А.В. Даньшин, К.И. Петров, Ф.Я. Полянский); в) власть над номадами как основа феодализма (Н.Ц. Мункуев, А.В. Попов, В.С. Таскин, Г.А. Федоров-Давыдов); г) становление феодализма в ходе седентаризации «от кочевий к городам» (С.А. Плетнева). Кроме этого известны высказывания о феодальной сущности номадизма без указаний на характер его внутренней природы (А.А. Арзыматов, Л.Л. Викторова, Д.Е. Еремеев и др.

4) особый номадный (Г.Е. Марков, Н.Э. Масанов) или экзополитарный (Н.Н. Крадин), способ производства у кочевников.

Рассматривая различные подходы и тенденции в изучении природы кочевой государственности, исследователь приходит к выводу, что большинство исторических исследований исходят из самобытной природы номадизма и положения, что кочевые общества имеют менее специализированную и структурно дифференцированную социально-экономическую организацию.

Особое внимание современной науки привлекает проблема развития кочевых государственных традиций и институтов. Эволюция исторических взглядов в рамках формационного и цивилизационного подходов очень схожа и прошла путь от мнения о статичном характере общества кочевников, до создания теорий об особом его развитии и исключительном влиянии соседних оседлых народов на появление государства у кочевников. В российской историографии в конце XX – начале XXI вв. ставился вопрос о «степной культуре» как альтернативе развития цивилизации, что, безусловно, было обращением к цивилизационному подходу. Появляется ряд теорий, которые по-разному объясняют основные законы возникновения, дальнейшего изменения, а иногда и гибели сложных человеческих систем.

Современный исследователь С.А.Васютин [3] обращает внимание на проблему крупных кочевых **политий**, которые начинали процесс распада. В результате совпадения таких условий, как многостороннее военно-политическое давление (чаще всего объединялись интересы Китая и конкурирующих кочевых элит), наличие внутренних противоречий в правящем клане или среди разных племенных групп, ухудшение экологических условий и военные поражения. Учитывая цикличность политических процессов в Центральной Азии, распад одной кочевой империи, как правило, становился началом истории другой. Однако деструктивные процессы могли привести и к полной ликвидации организационных структур империи и формированию сегментированного этнополитического пространства.

Обосновывая свою теорию «циклов власти» американский антрополог Т. Дж. Барфилд [3] также определяет, что кочевые государства Внутренней Азии представляли собой «имперские конфедерации», автократические и государствоподобные во внешней и военной политике, но придерживавшиеся принципов совещательности и федерализма во внутренних делах. Стабильность этой государственной структуры поддерживалась за счет извлечения финансовых ресурсов за

пределами степи. Племенная организация никогда не исчезала на местном уровне, но ее роль в периоды централизации была ограничена внутренними делами. Когда эта система приходила в упадок и племенные вожди на местах становились независимыми, степь возвращалась к анархии.

Д.М. Бондаренко, Л.Е. Гринин, А.В. Коротаев [4] обозначили ряд проблем в изучении социальноэволюционных процессов в обществах среднего уровня сложности:

- 1) взаимоотношения и взаимосвязь политических аспектов политогенеза с другими аспектами;
- 2) причины низкого уровня развития и фрагментарного характера административных институтов в ранних государствах;
- 3) причины сравнительной легкости перехода от одной схемы сложности к другой;
- 4) выявление моделей социально-политической эволюции в связи с историко-культурными и географическими условиями ее протекания в тех или иных обществах.

Эволюционный путь, на который указывают авторы, в рамках которого ретроспективно угадываются черты государства, является одним из возможных "направлений" политогенеза. Понятие "аналог раннего государства" подчеркивает как типологическое и функциональное сходство данных форм с ранним государством, так и их структурные различия.

Таким образом, сложносоставной характер управленческих институтов кочевников делает перспективными применение системных принципов анализа властных структур в кочевых империях. Учитывая динамичность политических процессов в кочевых образованиях, соотношение подсистем было неустойчивым и подвижным и кардинальные изменения в соотношении подсистем вели к трансформации всей системы в целом.

Номадолог А.М. Хазанов [5] считает, что возникновение кочевой государственности никогда не было спонтанным процессом. Внешние факторы в нем превалировали над внутренними. Политическая власть в кочевых государствах в значительной мере оставалась диффузной и в основном связанной с военными и организационно-регулятивными функциями. Внутри самих кочевых обществ потребности политической интеграции были недостаточно сильны для того, чтобы приводить к необратимым структурным изменениям.

В исторических исследованиях современных авторов ярко проявилось стремление использовать методологические принципы мир-системного анализа, противопоставляющих два целостных исторических явления – оседлые мир-империи и кочевые периферии. Н.Н. Крадин [6] в статье "Кочевники мир-империи и социальная эволюция" выделяет три модели кочевых империй: 1) типичные империи – кочевники и земледельцы сосуществуют на расстоянии; 2) даннические империи – земледельцы зависят от кочевников; 3) завоевательные империи – номады завоевывают земледельческое общество и переселяются на его территорию. По мнению ученого, монголы впоследствии создали первую мир-систему, объединив крупные региональные центры (Европа, исламский мир, Индия, Китай, Золотая Орда) в единую цепь.

Если Н.Н. Крадин для решения вопроса о том, соответствуют ли кочевые империи и средневековое общество уровню государства и цивилизации, предлагает цивилизационный подход, то С.Г. Кляшторный [7] применяет метод линейной эволюции кочевых обществ, согласно которому власть развивалась от родоплеменных и военно-демократических институтов до раннего государства – надплеменной политической организации.

Различные исследовательские практики путем исторических аналогий на примере Хуннской державы, Аварского, Тюркских и Уйгурского каганатов, показывают как "прогрессивные" (направленные на устойчивое воспроизводство властных функций "центра" империи или их расширение) тенденции могли сменяться "регрессивными" (рост автономии отдельных сегментов империи). Иногда эти противоречивые тенденции реализовывались одновременно или же переплетались в сложный комплекс управленческих механизмов. Усиление процесса специализации власти в кочевых системах, таким образом, оказывалась тем глубже, чем более развитыми и структурированными оказывалось общество. Разнообразие подходов и мнений привело к раскрытию генезиса социально-политических изменений в кочевой среде. Дальнейшее развитие исторической мысли позволит нам определить новые направления, открыть исследовательские горизонты и ее альтернативные пути в изучении процесса усложнения, дифференциации и развития социально-политических структур кочевых образований. Анализируя современную историографию по проблемам социально-политической организации кочевых обществ, мы определяем необходимость специальных научных изысканий в отношении государственных институтов, проблем власти и властвования в кочевых образованиях.

По уровню развития исторической мысли можно говорить об определенной динамике в изучении вопросов формирования и функционирования социально-политической системы кочевых обществ. Все эти процессы нашли свое отражения в организационной структуре и системе управления кочевых обществ. На сегодняшний день существует большая необходимость в дальнейших изысканиях и разработке концептуальных проблем социально-политической трансформации кочевых обществ, определении природы и сущности формирования политических институтов, изменения социальной структуры кочевников.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 История философии. А., 1998.
- 2 Крадин Н.Н. Кочевники в мировом историческом процессе. А., 2009, С.20-21.
- 3 Васютин С.А. Лики власти (к вопросу о природе власти в кочевых империях)// Монгольская империя и кочевой мир. Кн. 2: Сб. ст. Улан-Удэ, 2005. С. 58.
- 4 Барфилд Т.Дж. Опасная граница: кочевые империи и Китай (221 г. до н.э. – 1757 г. н.э.) Спб., 2009. 38—44.
- 5 Бондаренко Д.М., Гринин Л.Е., Коротяев А.В. Альтернативы социальной эволюции// Раннее государство, его альтернативы и аналоги: Сборник статей. Волгоград, 2006.
- 6 Хазанов А.М. Кочевники евразийских степей в исторической ретроспективе// Раннее государство, его альтернативы и аналоги. 2006, С.479.
- 7 Крадин Н.Н. Кочевники, мир-империи и социальная эволюция// Раннее государство, его альтернативы и аналоги. Волгоград, 2006., С.491.
- 8 Кляшторный С.Г. Основные этапы политогенеза у древних кочевников Центральной Азии// Монгольская империя и кочевой мир. Кн. 2: Сб. ст. Улан-Удэ, 2005.

BR05236868

А. МАУЛЕТ

ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы», Астана, Қазақстан

САРЫАРҚА ДАЛАСЫНЫҢ БАТЫС АЙМАҒЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРАЛАР

Аңдатпа. Мақалада Сарыарқа даласының батыс аймағындағы фольклорлық мұралардың қазіргі сақталу деңгейі және осы құндылықтарымызды ұстанып отырған тікелей мұрагерлердің жағдайын ескере отырып, оларда сақталған ұлттық рухани құндылықтардың байырғы элементтерін жазып алу, сақтау, насихаттау жұмыстарын жүргізу көзделген.

Қазақтың рухани музыкалық мұрасы өзінің өміршеңдік қасиетімен, тарихи маңызын сақтап және ауызекі түрде қалыптасып, әлемдік адамзат прогресіне өзіндік үлесін қосуда. Халқымыздың тұрмыс-салтына, адет-ғұрпына байланысты туған, Жоктау, Сыңсу, Жар-жар, Аужар, Ән, Күй, Жыр, Терме, Жарапазан сияқты мұраларымыз ауызекі түрде таралып, ұлт мәдениетінің тарихын ұзартты. Елімізде осындай құндылықтар сақталған өңірдің бірі - Қарағанды облысы.

Түйін сөздер. күйші, күйшілік өнер, рухани мұралар, Сарыарқа, Қарағанды облысы.

А. Маулет

НИИ «Халық қазынасы» Национального музея РК, Астана, Казахстан

ФОЛЬКЛОРНОЕ НАСЛЕДИЕ ЗАПАДНОЙ САРЫАРКИ

Аннотация. В статье рассматривается нынешнее состояние сохранности и изученности фольклорного наследия западных регионов Сарыарки, и принимая во внимание носителей этих культурных ценностей, целью статьи является сохранение и популяризация элементов национальных духовных ценностей путем записи и фиксирования.

Духовное музыкальное наследие казахского народа, сформировавшись спонтанно и сохранив свою историческую значимость, способствует мировому прогрессу человечества. Такие части культурного наследия, как Жоктау, Сыңсу, Жар-жар, Аужар, Ән, Күй, Жыр, Терме, Жарапазан, возникшие в связи с традициями и обычаями нашего народа, получили широкое распространение в устной форме и продолжили историю национальной культуры. Одним из регионов страны, где сохранились эти ценности, является Карагандинская область.

Ключевые слова. күйші, искусство кюя, духовное наследие, Сарыарқа, Карагандинская область.

A. Maulet

"Halyk Kazynasy" Research Institute of the National Museum of the RK, Astana, Kazakhstan

FOLKLORE HERITAGE OF THE WESTERN SARYARKA

Abstract. The article considers the current state of preservation and study of the folklore heritage of the western regions of Saryarka, and taking into account the carriers of these cultural values. The aim of the article is to preserve and popularize the elements of national spiritual values by recording.

Having formed spontaneously, the spiritual musical heritage of the Kazakh people have preserved its historical significance, and contributes to the world progress of mankind. The parts of the cultural heritage like Zhoktau, Synsu, Zhar-zhar, Auzhar, Yan, Kuy, Zhyr, Terme, Zharapazan, which arose in connection with the traditions and customs of our people, were widely spoken and continued the history of national culture. One of the regions of the country where these values are preserved is the Karaganda region.

Keywords. Kuishi, art of kuy, spiritual heritage, Saryarka, Karaganda region.

Кіріспе

Сарыарқа даласының Қарағанды облысында Итаяқ [1], Тоқа, Тәттімбеттерден [2] бастау алған тамыры терең Арқа күйшілік мектебі, Әбікен Қасенов, Әбді, Қыздарбек, Ісембектер [1, 790-791 бб] арқылы Дәулетбек Сәдуақасов, Пазыл Тұтқабеков [3], Қайыролла Сәдуақасовтарға жалғасса, XIX ғасырдағы қазақтың классикалық ән өнерінің негізін қалап, сал-серілік дәстүрдің алтын дінгегін осы апайтөс далаға

мызғымастай етіп орнатқан Ақан сері, Біржан салдар салған әншілік өнердің бүгінгі күнгі сарқыты да осы қасиетті Арқа өңірі оның ішінде Қарағанды облысында сақталған.

Қазақ халқының бейзаттық мәдени (материалдық емес) мұралары көшпенді тұрмыста ауыздан-ауызға таралып, сан ғасырлық тарихын жоғалтпай бүгінгі ұрпаққа жетті. Ұлы даланың мәдениетінде өткір тілдің, әсерлі үннің сарқылмас бұлағы бар. Қазақ даласының әр түкпірінде рухани мұраларымыздың төл ерекшелігін бұзбай ұстанып, сақтап отырған тікелей мұрагерлері бар. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрінде ерекше орын алған бүгінде жоғалуға шақ қалған, орындаушылық өнердің сирек нұсқалары жарапазан, сыңсу, жоқтау, көне ән-күйлер, өлең-жырлармен тарихи дастандарды ұстанушы көзі тірі өнерпаздардан жазып алу үшін, ағымдағы жылдың 16-25 мамыр аралығында ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Мәулет Ардаби (Аға ғылыми қызметкер Д. Ескекбаев) Қарағанды облысында іссапарда болып, рухани мұралардың әр үлгісінен қыруар материал жазылып алынды. Мұндағы мақсат – Қазақстанның елді мекендерінде оның ішінде Қарағанды облысының батысындағы фольклорлық мұраларды жинау.

Дереккөзі мен әдістері

Аталған рухани мұралардың қазіргі нақтылы жағдайын және сақталу деңгейін анықтау мақсатында ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ғылыми зерттеу институты жинау, жүйелеу, зерттеу жұмысын бастады. Экспедицияның негізгі бағыты Қарағанды облысы Ұлытау ауданының (Аманкелді ауылы, Шеңбер ауылы, Қаракенгір ауылы), Шет ауданы, Жаңарқа ауданының Ескене ауылы және осы ауылға қарасты Талдыбұлақ кенті болды. Қазіргі таңда жоғалу қаупі төніп тұрған Рухани мұралардың (ән-күй, күй аңыздар мен сол өңірде бұрын өткен күйші-композиторлар) бірнеше түрінен қыруар материалдар ұлттық өнердің әр түрінен қазіргі көзі тірі тікелей өкілдерінің аузынан (видео, аудио форматта) жазылып алынды. Осы материалдар негізінде алдағы уақытта ақпарат құралдарында жарияланым болады және 2 ғылыми мақала дайындау көзделуде.

Қарағанды облысының Ұлытау ауданының Аманкелді ауылында тұратын Құрманәлі Әбілғазыұлынан жарапазанның ескі нұсқасын және «Қайыптың термесін», «Елім Құлжадай» атты халық әнін сондай-ақ 9 жасар жиен немересі Әлтайыр Дәуреннен жарапазанның және бір ескі нұсқасын (аудио-видео, фото) форматта жазып алдық. Сонымен қатар Аманкелді ауылымен жапсарлас жатқан Кененбай көлінде тұратын Ажыбаев Рахым Пәуеденұлынан қазіргі таңда ұрпақ санасынан өшкіндеп бара жатқан бата беру дәстүріне қатысты батаның «Жастарға берілетін бата», «Бүлдіршіндерге берілетін бата», «Жастарға қысқа бата», «Қарияларға берілетін бата», «Үй иісіне риза көңілмен берілетін бата», «Жастардың тойына бата» сияқты 6 түрін және ауарайын болжауға қатысты қазақтың дәстүрлі астрономиялық білімі туралы құнды деректерді (аудио-видео, фото) форматта жазып алдық. Ұлытау ауданында тұратын қарт шежіреші Шымберген Тақаннан да салт-дәстүрімізге қатысты батаның «Үлкендердің дастарқанға батасы», «Өсиет бата», «Келген қонаққа бата», «Жастарға бата» сияқты 4 ескі түрін жазып алдық. Сондай-ақ Ұлытау ауданының Қаракенгір ауылында тұратын Әжібенова Гүлжаухар Тақашқызы мен Мұқанова Айтолқын Амандыққызынан сол өңірде кісі өлімі болғанда ертеден айтылып келе жатқан жоқтаудың 3 түрін жазып алдық. Қазақтың салт-дәстүрінде, әсіресе дастарқан мәдениетінде бата берудің мәні жоғары. (1-сурет)

Сондықтан да қазақта бата берудің мол үлгісі қалыптасқан. Қазақтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде, әрбір салт-жоралардан бастап, әдеттегі дастарқан басында батасыз еш рәсім өтелмейді. Мысалы, Дастарқанға, сойылатын малға, торқалы тойға, топырақты өлімге, т.б. жақсылықтың бастауы тек батамен басталады. Батаны көбінде елге халыққа сөзі өтімді жасы үлкен ақсақалдар жағы береді, оны «Жақсылықтың тілек батасы» деп атайды. Батаның қазақ қоғамындағы ролі, маңызы туралы зерттелген еңбектерде де айтылған[4]. Ұлытау өңірінен жазылып алынған батаның түрлері алуантүрлі болып, жас сәбиден бастап ақсақалдарға дейін берілетін батаның түрлері бар. Барлығында да тек жақсы тілеу, ізгі ниет айтылады. Әр өңірде берілетін батаның мазмұндары негізінен бір. Жақсылық тілеу, ізгілікке шақыру. Бірақ әр өңірдегі салт-жоралардың өтуіне байланысты жергілікті ерекшелікке тән батаның тақырыбы жағынан айырмашылық болуы мүмкін. Мысалы, Шығыс өңірінде нақтырақ айтқанда қытай, моңғолия жерінде отырған қандастарда батаның түрінің мол болуы және тақырыптық жағынан дазда өзгешелік бар[4, 87-88 бб]. (2-сурет)

Талдамалар

Ұлытау ауданы қаракенгір ауылынан жазылып алынған «Қара дауыс», «Әйелдің ерін жоқтауы», «Енені жоқтау» сияқты жоқтаудың түрлерінде, музыкалық әуен «Секунда» (бір тондық дыбыс қатары) және «Терциялық» (бір жарым не екі тондық дыбыс қатары) дыбыс қатарымен қайғылы жүріп отырады және қайталанып отырады. Жоқтаудың бұл әуендік ерекшелігі қызғыз халқының кісі өліміндегі жоқтаудың әуендік ерекшелігіне жақындығы басым. Музыкалық ырғақтық өлшем жағынан да үнемі өзгеріп отырады. Қазақтың мұң-шер әндері туралы мынадай зерттеуде айталады: жоқтау әндерінің үлгілерін салыстыра қарағанда, дыбыс диапазоны жағынан тар көлемдегі (трихорд, тетрахорд, пентахорд, гексахорд) аралығында және ауыспалы өлшемдер (5/4, 7/8, 3/8, 2/4, 5/8, 6/8) арқылы өрістеумен қатар, көпшілігі дәстүрлі саздарда

секундалық, терциялық интонациялардан, дауыс ырғақтарынан құрылатыны анықталды[5]. Ұлытау ауданы Қаракеңгір ауылынан жазып алған жоқтауымыздағы сарынды сол елдің арасында «Қара дауыс» деп атайды екен. Яғни кісі өлімі болғанда солқайтқан адамның ет жақын туыстарының әйел адамдары жиналып бір дауыста бір уақытта (Ансамбль тәрізді) топтық дауыс шығарып айтады. Бұл «Қара дауыс» деп аталады. Топтық дауыс тоқтағанда қайтқан кісінің ең жақын адамы (жұбайы) жалғыз дауыста жоқтауды жалғастырады. Амангелді ауылынан жазылып алынған Жарапазанның екі үлгісінде кішкене айырмашылық бар. Яғни Құрманәлі Әблғазының айтқан жарапазанында бастапқыда тақпақтатып басталып одан кейін негізгі ой ән сарынында айтылады. Одан кейін ән қайырмасы сияқты қайырма айтылады және қайырма жарапазаның әрбір шумағының соңынан қайталанып отырады. Ең соңында жарапазаның батасын тақпақтатып айтады. Бұл кісі орындаған жарапазаның әуені Жетісудағы ескі халықтық әндердің әуеніне өте жақын. Соған қарағанда жарапазаның бұл үлгісі Шығыс және Жетісу өңірінің нұсқасы болса керек. Ал жиен немересі Құрманәлі ақсақалдың жиен немересі Әлтайырдың айтқан жарапазанында бастан аяқ батасына дейін бір сарында тақпақтатып айтылады.

Нәтижелер. Шертпе күй өнері дамыған мектептердің бірі Қарағандының Шет өңірі. Шет ауданында тұратын белгілі жазушы, өлкетанушы, Арқа күйшілік мектебінің оның ішінде Шет ауданы өңірінде өткен Қыздарбек, Әбди, Ісембек, Мақаш, Бегімсал, Орал Исатаевтардың[3, 16-18 бб] шығармашылығы жайында және әйгілі Шортанбай жырау[6] туралы қыруар зерттеулер жасаған Кәмел Жүністегінен 2 сағатқа жуық (аудио-видео, фото) материалдар жазылып алынды. Яғни Арқаның күй мектебінің басында тұрған Итаяқ күйшінің қайда жатқаны туралы және Шет өңірінің күйшілерінің мұраларын жеткізген күйші Бегімсал, Орал Исатаевтармен көзбе-көз жүздесіп оларды жазып алғаны туралы тың деректер жазылып алынды. Сондай-ақ Кәмел Жүністегінің үйінде сақтаулы тұрған, Қыздарбек, Әбдилердің домбырлары (аудио-видео, фото) тарихымен жазылып алынды және жеке қорында сақталған көне музыкалық үн таспаларды бірлесіп игеруге мүмкіндік алдық. **(3-сурет)**

Кәмел Жүністегі Арқа күй өнерінің соңғы орындаушыларының бірі Бегімсал күйшіні 50-жылдардың ішінде алғаш көргенін, сол бір отырыста Бегімсал күйшінің 100 дін үстінде күй тартқанын айтты. Бірақ амал не жазып алатын ешқандай мүмкіндіктің болмағанын айтып налыды. Кейін мөлшермен 10 жылдай уақыттан кейін Бегімсал күйшіні қайта іздеп барған Кәмел Жүністегі Бегімсалдан шамамен 10 тарта күйді дыбыс алғышқа жазып алғанын, оның қазір өзінің еке қорында сақтаулы тұрғанын айтты. Сонымен қатар арқа күйлерінің даңғайыр орындаушысының бірі - Орал Исатаевтың өз қолынан жазып алған күйлері де жеке қорында сақтаулы екенін айтты. Арқа күй мектебінің арыдағы тұлғаларының бірі қыпшақ Итаяқ (XIX) [1, 768 б], күйшіні де көп зерттегенін, Итаяқтың нақтылы арқа өңірінің қай жеріне жерлегені туралы 10 жылдан астам уақыт ел ішіндегі адамдардан және жазба тарихи материалдардан іздеп таба алмай, ақыры бірде Жарық станциясына қонақта отырғанда Ескермес деген ақсақал арқылы Жарық станциясының Қызылтау савқозының арғы жағында Бетпақ даладан (Ағыбай бейгінен ары қарай 70 шақырым жерде) тапқанын айтты. Сондай-ақ Кәмел Жүністегінің айтуынша қазіргі таңда күйшінің жатқан жерін тек Ағыбай батырдың шырақшысы Хамит біледі. **(4-сурет)**

Кәмел Жүністегі Арқа күй мектебі оның ішінде Шет өңірінің Итаяқ, Тәттімбет, Қыздарбектерге дейінгі және одан кейінгі күйші-композиторларының өмірі мен шығармашылығын жүйелі зерттеп жүрген бірден-бір тұлға.

Жаңарқа ауданында ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, композитор Қорабай Есеновтың орындауында 4 ән және еш жерде жарық көрмеген 2 күй жазылып алынды. Сондай-ақ Жаңарқа ауданының Ескене ауылында өткен күйші Фазыл Тұтқабековтың көзі тірісінде ұстаған домбыраларын фото естелікке алумен қатар, күйші Мейрам Ұлмағамбетовтың орындауында 4 күй жазылып алынды. Арқа күйшілік мектебінің арыдағы өкілдерінің бірі, Сайдалы Сарытоқаның жатқан жеріне арнайы барып (сол өңірдегі ел мен жердің тарихына қанық Сайын Омардың бастауында), күйшінің мазары фото естелікке алынды. (Видео, аудио, фото форматта). **(5-сурет)**

Қорытынды

16.05.2018-25.05.2018 аралығында Қарағанды облысында сақталған рухани мұралардың қалдықтарын ел арасынан жинау барысында 5 күй, 4 ән және Қарағанды облысының Шет өңірінде Итаяқ күйшіден бастап Қыздарбек, Әбди, Ісенбек, Мақаш, Бегімсал [1, 809 б] сияқты сол елден күй өнерінің тарихи тұлғалары туралы тың деректер жазылып алынып (видео, аудио, фото форматта), ҚР Ұлттық музейді «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының «Рухани мұра» қорында сақталды. Халықтың арасында рухани мұралардың сарқытын ұстап отырған адамдар бар болғанымен көбісінің көзі кеткен. Көп мұраларымыз сол кісілермен бірге кеткен. Біздің жазып алғанымыз рухани өнердің қазіргі көзі тірі өкілдері. Бұл адамдардың алдының жасы 80-нен асса, арты 50-ден асқан. Бірақ осы кісілердің өнерін ары қарай жалғап отырған тікелей шәкірттері жоқтың қасы. Алдағы жылдарда Мәдениет және Спорт министрлігімен «Халық

қазынасы» ғылыми зерттеу институты бірлесіп, Қазақстанның әр өңірінде сақталған рухани мұралардың нақтылы санын, сақталу деңгейін және оларды қорғау жұмыстарын жасай бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақселеу С. Қазақтың күй өнері. Монография. – Астана: Күлтегін, 2002. – 768 б.
2. Жұбанов. А. Ғасырлар пернесі. Монография. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 203-232-бб.
3. Жүзбай Ж. Шертпе күйдің төрт мектебі. Зерттеулер және күйлер жинағы. – 16-18-бб.
4. Асылдұлы О. Қазақтың ғұрып-әдет мәдениеті. – Шыңжаң: Әсемөнер-фотосурет баспасы, 2009. – 87 б.
5. Қазақ музыкасы. Көне музыкалық фольклор. Антология Бестомдық. I-том. – Алматы: Қазақпарат, 2005. – 12 б.
6. Артықбаев Ж.О., Жакин М.С. Шет өңірінің тарихы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. 254-255-бб.

ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазынасы», Астана, Қазақстан
САРЫАРҚА ДАЛАСЫНЫҢ ШЫҒЫС АЙМАҒЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРАЛАР

Аңдатпа. Сарыарқа даласы Қарағанды қаласы мен оның шығыс өңіріндегі фольклорлық мұралардың байырғы дәстүрлі ауызекі таралу ескі нұсқасының қазіргі кездегі жалғасын табуы, оны ұстанып отырған көнекөз адамдардың рухани құндылықтарды қаншалықты деңгейде сақтап отырғаны зерделене келіп, осы құндылықтарымызды қазірден бастап жазып алу, сақтау, оны келешек ұрпаққа насихаттау жолдарын қарастыру. Сол арқылы болашақ жас ұрпақтың рухани құндылықтарды бойына сіңіріп өсуіне жол сілтеу.

Түйін сөздер. Қарағанды облысы, күйші, күйшілік өнер, рухани мұралар, рухани құндылықтар, дәстүр, Сарыарқа даласы.

А. Маулет

НИИ «Халық қазынасы» Национального музея РК, Астана, Казахстан

ФОЛЬКЛОРНЫЕ НАСЛЕДИЯ ВОСТОЧНОЙ САРЫАРКИ

Аннотация. Фольклорные наследия восточных районов Карагандинской области дошли до нас в традиционной устной форме и продолжили свое существование. После изучения того, насколько хорошо сохранились эти духовные ценности у первоисточников, следующая наша задача состоит в том, чтобы с этого же момента начать проводить работы по фиксации и сохранению духовного наследия, а также популяризировать среди подрастающего поколения. Тем самым, это дает возможность развивать у молодого поколения любовь и уважение к духовным ценностям.

Ключевые слова. Карагандинская область, күйші, искусство кюя, духовное наследие, духовные ценности, традиция, степи Сарыарки.

A. Maulet

Research Institute "Halyk Kazynasy" of the National Museum of the Republic of Kazakhstan

FOLKLORE HERITAGE OF EASTERN SARYARKA

Abstract. Folklore heritage of the eastern districts of the Karaganda region continue to exist in some rural areas. In article we have studied how well these spiritual values have been preserved from the original sources. Our next task is to record and preserve the spiritual heritage for next generation, and also popularize this heritage among them. Thus, it gives an opportunity to develop the younger generation's love and respect for spiritual values.

Keywords. Karaganda region, kuishi, art of kui, spiritual heritage, spiritual values, tradition, steppes of Saryarka.

Кіріспе

Қазақ даласының оның ішінде Сарыарқа өңірінің шығысында ұлттық салт-дәстүрімізде ерекше орын алған орындаушылық өнердің сирек нұсқаларын ұстанушы көзі тірі өнерпаздардан жазып алу үшін, ағымдағы жылдың 14 тамызбен 05 қыркүйек аралығында ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Маулет Ардаби (*BR05236868, Сарыарқаның мәдени мұрасын зерттеу, сақтау және дәріптеу атты жоба аясында*) Қарағанды қаласындағы және Сарыарқаның шығыс өңіріндегі (Қарқаралы ауданы) фольклорлық мұраларды жинау экспедициясында болып, көптеген құнды дүниелер жазылып алынды. Мұндағы мақсат – Сарыарқаның елді-мекендерінде жоғалу қаупі төніп тұрған фольклорлық мұралардың тізімін жасау, сақтау және жас ұрпаққа насихаттау. Экспедицияның негізгі бағыты Қарағанды қаласы және Қарқаралы ауданы төңірегі болды.

Дереккөзі мен әдістері

Қазақтың рухани музыкалық мұрасы өзінің өміршеңдік қасиетімен, тарихи маңызын сақтап және ауызекі түрде қалыптасып, әлемдік адамзат прогресіне өзіндік үлесін қосуда. Халқымыздың тұрмыс-салтына, адет-ғұрпына байланысты туған, Жоқтау, Сыңсу, Жар-жар, Ауजार, Ән, Күй, Жыр, Терме, Жарапазан сияқты мұраларымыз ауызекі түрде таралып, ұлт мәдениетінің тарихын ұзартты. Шертпе күй өнері дамыған мектептердің бірі Сарыарқа даласы нақтырақ айтсақ Қарағанды өңірі. Қазіргі кезде Қарағанды қаласында тұратын белгілі күйші Қайыролла Сәдуақасов Қарағанды өңіріндегі күйшілік ошақтардың бірі Шет өңірінің арыдағы күйшілері Қыздарбек, Әбди, Ісембек, Мақаш, Бегімсал, Орал Исатаев және ұстаз әкесі Дәулетбек Сәдуақасовтың мұраларын ұстанып отырған бірден-бір мұрагер. Әрі Қайыролла әкесінің күйшілігі туралы еңбекті де жарыққа шығарды [1]. Қайыролла Сәдуақасовтың орындауында 7 күй тарихымен және өз қолында

сақтап отырған арқа өңірінің ескі қалақ домбыралары туралы құнды мәліметтер (аудио-видео, фото) форматта жазылып алынды. Арқа күйшілік өнерінің класигі Тәттімбеттен кейінгі Қыздарбек бастаған күйшілік-орындаушылық мектептің орындау ерекшелігі оң қолдағы қағыстан айқын көрінеді. Мысалы Қыздарбектің, Әбдидің және тағы басқа Арқадан бізге жеткен Итаяқ сияқты күйшілердің күйлерін Дәулетбек Сәдуақасов немесе ол кісінің мүрегегі Қайыролла күйші орындағанда оң қолда дыбысты тұтып алу әдісі жиі кездеседі. Қыздарбектің «Өткінші қосбасары», Әбдидің «Зар қосбасары», «Сылқым қыз» [2] күйлерінде тұтып алу әдісі арқылы адамның өксуін, асқан аянышты өкінішін білдіреді. Бұл күйлердің бұлай шығуының да өзіндік себебі бар. Қыздарбектің маңайында жүріп өнерін алып қалған Әдби, Ақмолда, Мақаштар одан кейінгі Әбікен Қасенов, Рысқұлбек, Бегімсал, Әбдіғали, Илиястардың [2, 165-б.]. қай-қайсысы да сол зұлмат жылдардағы ел басына төнген қасіреттің куәсі болғандықтан шығармаларында сол кезең тағдырын суреттейді. Ел аузында әлі күнге дейін аңыз болып айтылатын Арқада Ақтоғай өңірінде өткен күйшілердің бірі Сармантайдың Ахметжаны еді. Бұл күйшіде сол аласапыран заманда аяусыз жапа шеккен тұлғалардың қатарында болғаны, кейін сүйегінің қайда қалғаны туралы еш дерек жоқ болатын. Осы жолғы экспедицияда Қарқаралы өңірінің шерлі тарихы туралы еңбекте [3]. күйшінің 1931 жылы мойнына тас байланып Қарқаралының Үлкенкөліне тоғытылғаны айтылған. Ахметжанның ғаламат күйшілігі туралы ғалым Ақселеу Сейдімбек Қазақтың күй өнері атты еңбегінде де жазған [4]. Жоғарыдағы айтылған күйлерді орындауда байырғы дыбыстық немесе қоңыр үндік ерекшелігін сақтау үшін, кезкелген домбырамен тартуға болмайтынын аңғарамыз. Мысалы, күйші Қайыролла әкесінен үйреніп алып қалған күйлерді ескі сарынын сақтап тарту үшін, Арқадағы қалақ формада жасалған ескі домбыралардың үлгісін көп зерттегенін және сол көне формадағы домбыралардың негізінде арнайы қалақ домбыралар жасап, тарту арқылы Арқа күйінің көнеден қалған саз-сарынын ұстанып отырғанын айтады (1-сурет)



Сурет 1 - Күйші Қайыролла Сәдуақасовтың қолында сақталған 1950 жылдары жасалған ескі домбыра

Сондай ақ қазіргі таңда Қарағанды қаласында тұратын, Қарағандының Шет өңірі мен Ақтоғай өңірінің күйлерін ескі орындалу нұсқасында сақтап келген күйші Қасымов Қалкеннен Тәттімбет, Әдби, Аққыз, Әбікен қатарлы халық күйшілерінің күйлерінен және өз күйінен жиыны 12 күй аңызымен (аудио-

видео, фото) жазылып алынды. Күйші Қалкен бұл күйлерді Арқаның күйлерін жеткізуші дәулескер күйшілердің бірі Орал Исатаевтан [2, 196-6]. үйреніпті. Қалкеннің орындауындағы Арқа күйлерінде Тәттімбет мектебі мен Қыздарбек күйшіден орындау ерекшелік өте жақсы сақталған. Яғни Оң қолдың шерттіп тартатын әдісінен бастап сол қолдағы шертпе күйшілікте жиі қолданылатын үшінші саусақтың екі перненің бойын үзбей жылжытып алуы, төртінші саусақпен үшінші саусақтың миңгесіп пернені басу сияқты арқа күйлеріндегі ескіше тарту үлгісін қазіргі таңда Қалкен күйші баз қалпында сақтап тартып жүрген күйшілердің бірі .

Қарағанды облысының Қарақаралы ауданында тұратын күйші Мырзабек Аманғалидан Тәттімбеттің күйі «Сылқылдақ», «Сарыжайлау», Аққыздың күйі «Қосбасар» [5], Сатанның күйі «Қосбасар» қатарлы 4 күй, Қарқаралының Қарағайлы ауылында тұратын күйші Мұсабеков Оразқаннан ел есінен ұмыт болған шалыс бұрауда тартылатын Асанқайғының [2, 57-6] «Бозінген» атты күйін жазып (аудио-видео, фото) форматта алдық. Қазақтың күй өнерінде домбыра бұрауының бірнеше түрі қалыптасқаны белгілі. Күй өнерін қазіргі кәсіби деңгейде үйретудің жолы қалыптасқанға дейін, далалық күйшілердің арасында домбыра бұрауының түрлері кең дамығаны туралы бізге жеткен зерттеулерде кездеседі. Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері» атты еңбегінде домбыра бұрауының түрлері туралы былай дейді: бір ғана домбыраны алуан түрлі құлақ күйге келтіру арқылы күй тартуың орныққан дәстүрінің бар екені жалпы қазақтың музыкалық мәдениетіне жарқын айғақ бола алады. Қазақтың дәстүрлі күйшілік-домбырашылығында күй тарту үшін домбыраны оң бұрау, теріс бұрау, шалыс бұрау, қалыс бұрау, қосақ бұрау, кейде тел бұрау деп бұрауларға келтіріп тартқан. Шалыс, қалыс және қосақ бұрау күйлері негізінен ойнақы болып, өмір құбылыстарына еліктеуді көрсетеді. Бұл бұраудағы күйлер негізінен Арқа өңірінде кездеседі [4, 109-6.]. Біздің жазып алған шалыс бұраудағы «Бозінген» күйіміз де басталып тартылғанда баппен басталып аздан соң желдіртіп ойнақыланып тартылады .

Қарқаралы ауданы Ақжол ауылында тұратын Қынабаева Ырымбикеш апамыздан ел аузында көнеден айтылып келген «Жаным сүйген қара көз» атты халық әнімен және бір ескі сарында айтылатын қара өлең жазып алдық. Қарқаралы ауданы Егінді бұлақ ауылының тұрғыны Бәтима Бахриденқызынан «Атаны жоқтау», «Қамқақызының Қазыбек биді жоқтауынан үзінді» атты екі жоқтау өлең және Қарқаралы ауданы Бірінші май ауылының тұрғыны Несіпбаева Зейнептен Қарқаралы өңірне тән сыңсудің ескі әуені жазылып (аудио-видео, фото) форматта алынды. Сонымен қатар Қарқаралы ауданында тұратын ҚР журналистер одағының мүшесі, халық өнерін жинаушы Оспанов Саяттан Қарқаралы өңірінен жинаған бата берудің 21 бейне жазбасын (видео жазба) жеке қорынан жазып алдық. Ел арасында кеңінен тараған, әсіресе қазақтың бұрынғы қыз ұзату, сүндет той т.б. жиындарында және күнделікті тұрмысында жиі орындалатын лирикалық ән - ол қазақтың қара өлеңі. Бұл әндерді халық өзі шығарып өзі орындайды. Бұндай әндердің дені негізінен ең жақын сүйікті жандарға, туған жер, туған елге, қазақтың дарқан табиғатына арналып орындалады. Мысалы біз жазып алған Ырымбикеш Қынабаева айтқан қара өлеңнің әуені жеңіл, ойнақы болса, мәтінінде :

Өлеңді айт дегенде тіл айтады,

Тіліме қандай адам мін айтады.

Ел жаңа жерім жаңа халқым жомарт,

Өлеңді біздер айтпай кім айтады . – деп туған елді, халықты мақтау-мадақтаусипатында жырлайды. Фольклор жанрларына жататын осындай әндер туралы музыкатанушы ғалым П. Шегебаев пен С. Елеманова «Қазақ музыка әдебиеті» атты еңбегінде халық арасында кең таралған қара өлеңдерге 5 түрлі сипаттама береді: біріншіден, бұндай әндердің авторы белгісіз, сондықтан бұларды авторлық көзқарас пайда болғанға дейінгі көне заман туындылары деуге болады. Екіншіден, фольклорлық әндер мен күйлер құрылымы мен мазмұны жағынан қарапайым болып келетіндіктен, оларды орындау арнайы не кәсіби дабындықты қажет етпейді, бұндай әндер мен күйлерді әркім өз әлінше орындайды. Үшіншіден, бұндай әндер тыңдаушы аудиторияны қажет етпейді, шағын жиын-тойларда орындалады. Орындаушылар осы әндер арқылы өздерінің ішкі-сезімін, көңіл-күйін шертеді. Төртіншіден, фольклорлық жанрлар халықтың күнделікті өмірінде қолданылатын өнер болғандықтан, оны орындаушылар табыс таппайды, жалақы алмайды. Бесіншіден, фольклорлық әндер аспаппен сүйемелдеуді қажет етпейді, ал оның кейбіреулерінде аспаппен сүйемелдеу тіпті ерсі көрінеді [5].

Нәтижелер

Қарқаралы жерінен жазылып алынған бұл қара өлеңнің сарыны ескі екені әуендік ерекшелігінен байқалып тұр. Жалпы «Сарын» атауының тек арыдан келе жатқан сөз екені туралы зерттеулер де жазылған. Байырғы сарынның халық жадында сақталуының негізінде бүгінгі біздің кәсіби өнердің қалыптасуына зор ықпал болғаны айтылады. Яғни, жалпы тұжырымдама да сарын – ұлттық мәдениетіміздің ежелші дәуірінде пайда болып, одан ары өмір талабына сәйкестене келе, ғасырлар бойы сараланып, өзінше дамып, бірнеше

тарихи кезеңдерді қамтиды. Фольклордың алғашқы бұл түрі тұрмыс-салттық, эпикалық жанрлардың сонымен қатар, басқада халық музыкасының негіздерін қалап, лирикалық әндердің, айтыстың, аспапты музыканың өзектерін құрап, халық композиторларының, әнші-күйші, сал-серілердің шығармашылығына елеулі ықпалын тигізді [6]. Қарқаралыдан жазып алынған (Бәтима Бахриденқызының орындауындағы) «Атаны жоқтау» ғұрыптық әнінде қайтыс болған үйдің келіні қайын атасын жоқтайды. Атасының тіршілігіндегі кісілік қасиеттері, бала-шағасына қалдырған ізгілік жолдары, дәулеті, ел-жұртының алдынағы абырой-беделін үйдегі әйелдер жағы жоқтау айту арқылы білдірсе, екінші жағынан ол кісінің өлімінің орны толмас қайғы екенін ел-ағайынға жеткізеді. Бұл әнде әуен бірден көтеріңкі басталмай сабырлы қайғылы, ауыр басталып бара-бара зарлы, қайғылы әуенге ұласады. Сондай-ақ Несіпбаева Зейнептің айтып ерген қыз ұзату салтындағы «Сыңсу» өлеңінде әуен Қарқаралы жеріндегі ескі әуен. Жалпы осы Сыңсу – туралы басқа түрк халықтарында да бар екені айтылады. Мысалы, көршілес қырғыздарда «Жар-жар», Өзбектерде «иор-иор», қарақалпақтарда «Хау-жар», татарлар мен эзербайжандарда «Яр-яр» деп айтылады [6, 12-б.]. Еліміздің шығыс өңірінде әсіресе қытайдағы және моңғолиядағы қандасарымыздың арасындағы салттарда Сыңсуды «Көріс айту» [7]. деп те атайды. Көрісс айтуда дәл сыңсудағы сияқты ұзатылып бара жтқан қыз туған ел-жұртымен көріс айтып қоштасады. Сондай-ақ ол жақтағы ағайындардағы салт бойынша ұзатылар алдындағы қыз айтатын ақыл-кеңес жыры деген бар. Бұл әнді «Ау шадияр» деп атайды. Қыз әнді аттанар сәтте не болмаса той үстінде артында қалған жігіттерге аманат, кеңес ретінде айтады [7, 94-б.]. Қыз ұзату салтындағы бұндай салттар Қазақстан жерінде ертеректе болғанда болуы мүмкін. Бірақ қазіргі таңда бұндай ғұрыптық әндердің біразы ел есінен әсіресе жастар жағынан түбегелі ұмыт болды десекте болады .

Қорытынды

14.08.2018-05.09.2018 аралығында Қарағанды облысында сақталған рухани мұралардың қалдықтарын ел арасынан жинау барысында Қарағанды қаласындағы өнерпаздардан 19 күй, Қарағанды облысының Ұлытау өңіріндегі рухани мұраны ұстанушы өнерпаздардан бата беру дәстүрінен 11, 2 халық әнін және жарапазанның 2 ескі түрі, 3 жоқтау (ғұрыптық ән) жазылып алынды. Қарқаралы ауданындағы рухани мұраны ұстанушылардан 5 күй, 2 ескі халық әнін және 3 ғұрыптық ән жазылып (Аудио, видео, фото форматта) алынды. Заманында бұл мұралардың негізгі ошақтары болған Сарыарқа төрінде бүгінде өкінішке орай осы құндылықтарды шынайы қалпын сақтап ұстанып отырған адамдар жоқтың қасы деуге болады. Біз жинаған бұл мұралардың өзін ұмыт болған жерінен қата-қайта талап етіп, сұранып зорға жазғанымызды айтқымыз келеді. Көшпенді өмір салттан отырықшылыққа ойысқан немесе кеңестік жүйенің қазақы салт-дәстүрді барынша құртуға тырысқан саясатының кесірінен біздің аса бай фольклорлық мұраларымыз жойылып кетпесе де, бастапқы қалпынан айырылғанын аңғарамыз. Келешек кемел ел болуымыз үшін бұндай ұлттық құндылықтарымыздың бізге ауадай қажет екенін ендігі жас ұрпаққа ұғындыру жұмыстарын әрбір қазақ азаматы борышым деп білуі шарт. Бұл мұралар ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының «Рухани мұра» қорында сақталды. Біздің жазып алғанымыз Қарағанды облысындағы рухани өнердің қазіргі көзі тірі өкілдері. Алдағы жылдарда аталмыш жоба аясында Сарыарқаның мәдени мұрасын зерттеу жұмыстары өз жалғасын таппақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дәулетбекұлы.К. Күй-ғұмыр. – Қарағанды: Гласир баспасы, 2014. -166 б.
2. Әбуғазы. М. Қазақтың домбыра өнері. – Алматы: Нұрсәт баспасы, 2016. -166 бб.
3. Әрінұлы А. Ата қоныс Арқадағы, шежірелі Қарқаралы. – Алматы: Дәуір, 2003. – 7 б.
4. Ақселеу С. Қазақтың күй өнері. Монография. – Астана: Күлтегін, 2002. – 792-794 бб.
5. Шегебаев П., Елеманова С. Қазақ музыка әдебиеті. –Астана: ҚазҰӨУ, 2011. – 8 б.
6. Қазақ музыкасы. Көне музыкалық фольклор. Антология Бестомдық. I-том. – Алматы: Қазақпарат, 2005. – 10 б.
7. Асылұлы О. Қазақтың ғұрып-әдет мәдениеті. – Шыңжаң: Әсемөнер-фотосурет баспасы, 2009. – 93 б.

УДК 902

И.В. Мерц

Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова

ДРЕВНЕЙШИЙ КОЛЕСНЫЙ ТРАНСПОРТ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА (к постановке проблемы)

Аннотация. Работа посвящена проблеме изучения колесного транспорта раннего бронзового века Восточного Казахстана. Источниковую базу исследования составили материалы могильника Копа и ряд наскальных изображений региона. Анализ этих памятников, а также привлечение аналогий с прилегающих территорий Западной Монголии, Синьцзяна, Минусинской котловины позволили установить, что в III тыс. до н.э. на этих территориях были распространены транспортные средства в целом схожие с теми, что существовали у населения ямных и катакомбных культур Восточной Европы: четырехколесные повозки и двуколки. Данные обстоятельства подтверждают наличие широких культурно-исторических связей у населения Евразийского степного пояса в раннем бронзовом веке.

Ключевые слова. Восточный Казахстан, ранний бронзовый век, колесный транспорт, миграции.

И.В. Мерц

С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢ ЕСКІ ДОҢҒАЛАҚТЫ КӨЛІК
(мәселе туралы өтінішке)**

Аннотация. Жұмыс Шығыс Қазақстанның ерте қола дәуірінің доңғалақты көлігін зерттеу мәселесіне арналған. Зерттеудің дереккөз базасы аймақтың Копа жерлеу алаңы мен көптеген тас суреттерінің материалдарынан құрайды. Осы ескерткіштерді талдау, сондай-ақ Батыс Моңғолияның, Шыңжандың және Минусинск бассейнінің іргелес аумақтарынан ұқсастығын тартып, б.з.д. 3 мыңжылдықта бұл аумақтарда Шығыс Еуропаның шұңқыр мен катакомб мәдениеттерінің халық арасында төрт доңғалақты мен екі доңғалақты арбалар сияқты көлік құралдар бар болғанын және кең таралғанын белгіленуге мүмкіндік берді. Бұл жағдайлар ерте қола дәуірінде еуразиялық далалық белдеудің тұрғындары арасында кең мәдени-тарихи байланыстардың болуын растайды.

Түйін сөздер. Шығыс Қазақстан, ерте қола дәуірі, доңғалақты көлік, қоныс аудару.

I.V. Merts

S. Toraighyrov Pavlodar State University

**THE OLDEST WHEEL TRANSPORT OF EAST KAZAKHSTAN
(to the statement of the problem)**

Abstract. This work is dedicated to the problem of studying the Early Bronze Age wheel transport of East Kazakhstan. The source database of the study comprises of materials from the Copa burial and a number of rock art pieces in the region. Analysis of these sites, as well as drawing analogies from adjacent territories of Western Mongolia, Xinjiang and Minusinsk Basin, revealed that in the 3rd mil. BC vehicles generally similar to those that existed among the population of the Yamnaya and Catacomb Cultures of Eastern Europe – four- and two-wheeled carts – were distributed in these territories. These factors support the idea of the existence of broad cultural and historical contacts between the Eurasian steppe zone populations in the Early Bronze Age.

Keywords. East Kazakhstan, Early Bronze Age, wheel transport, migrations.

Введение

Ранний бронзовый век Восточного Казахстана представлен различными культурными образованиями (афанасьевская, елунинская культуры, комплексы алкабекского, одиново-крохоловского, чемарского и др. типов). На основании радиоуглеродного метода его продолжительность определяется в пределах XXIX-XIX/XVIII вв. до н.э. (Мерц, Святоко, 2016: С. 137; Мерц, 2017: С. 16). На этот период приходится становление металлургии меди и бронзы, формирование животноводческого хозяйства, основанного на разведении лошади, КРС и МРС (Гайдученко, 2014: С. 212). Высокий уровень горнорудного дела и металлургии

предполагает использование животных не только как источник пищи, но и в качестве тяглового скота. Однако археологических подтверждений наличия транспортных средств у населения региона в этот период пока мало. Целью работы является обобщение имеющейся информации о транспортных средствах раннего бронзового века Восточного Казахстана. Среди основных задач стоит анализ источников, определение облика и времени существования транспортных средств.

Источники

Источниковую базу исследования составляют остатки конструкций повозок, остеологические материалы и наскальные изображения. Источники отличаются различной степенью информативности.

Остатки конструкций повозок в регионе зафиксированы только в курганах могильника Копа. В кургане 1 могила представляла собой грунтовую яму подпрямоугольной формы размером 4,1x2,3 м и глубиной 1,7 м. По мнению автора раскопок А.А. Ковалева, она имела окружающие ее заплечики шириной 0,5 и глубиной 0,3 м. С западной и восточной сторон в могиле имелись симметричные выступы размером 0,8x0,5 м, высотой до 0,7 м. На дне, по центру ямы, находился выступ размером 2x1,2 м и высотой 0,3 м, прерывающийся в западной части. В результате этого вдоль стен образовывались желоба шириной и глубиной около 0,3 м (рис. 1.-1) (Ковалев и др., 2014: С. 76. Рис. 95, 96).

В кургане 2 могильная яма была устроена в виде эллипса размером 5,5x3,7 м и глубиной 2,7 м. По ее периметру расположены заплечики шириной 0,5 и глубиной 0,6 м, на которых находились камни в два слоя. С востока заплечики переходили в пологий пандус. На дне ямы был устроен выступ шириной 0,9 м и высотой 0,4 м. С восточной и западной сторон он переходил в три ступеньки, ведущие наружу. Образованные по краям выступа желоба имеют длину 3,5 м и заходят в торцевые стенки могилы, в четырех местах в продольном разрезе они имеют форму дуг. В стенках могилы, на уровне 0,8-0,9 м от дна, посередине каждой дугообразной стороны желобов были сделаны два симметричных углубления (до 0,4 м) треугольной формы. В восточной части ямы обнаружены фрагменты доски 13x2 см, уложенной вдоль выступа. На ее продолжении, на краю второй ступеньки, находились еще фрагменты дерева, под которыми перпендикулярно лежала деревянная планка шириной 2 см, перекрытая красным тленом. В заполнении могилы были встречены многочисленные остатки древесного тлена, а в центре и в восточной части выступа - кости человека (рис. 1.-2) (Ковалев и др., 2014: С. 87. Рис. 121, 122).

*Остеологические материалы*². К ним относятся кости крупного рогатого скота из кургана ямного типа Шолпан IV, принадлежавшие, вероятно, взрослой корове или волу, (?) которые, судя по утолщенным фалангам, возможно, использовались в качестве тягла. А также кости жеребца или мерина 18 лет, из жертвенника елунинского кургана 1 могильника Шидерты 10, использовавшегося с применением удил.

Петроглифы рассматриваемого времени, изображающие двух и четырехколесные «экипажи», известны на местонахождениях Курчум, Акбаур, Мойнак, Доланалы (рис. 2.-1-4). Распряженная четырехколесная повозка из Курчума показана в плане с четырьмя дисковидными колесами и двухстержневым дышлом, заканчивающимся поперечным брусом – ярмом с занозами (рис. 2.-1) (Самашев, 1992: С. 92, 149, 150. Рис. 102; Новоженев, 2012: С. 100, 122).

Изображения распряженных двуколок с прямоугольной или округлой платформой, сплошными колесами и обозначенными ступицами и с поперечным ярмом с рогатками встречаются чаще. Они известны в петроглифах Акбаура, Мойнака, Доланалы (рис. 2.-2-4) (Самашев, 1992: С. 147, 150. Рис. 6, 91; Новоженев, 2012: С. 105; Самашев и др., 2011: Рис. 067).

Анализ

Устройство могильных ям, зафиксированное в курганах могильника Копа, однозначно интерпретируются исследователями как остатки повозок (Гей, 2000: С. 58; Пустовалов, 2000: С. 312; Ковалев, 2015: С. 297; Перцева, 2018: С. 10). Наиболее близким памятником, где обнаружена подобная форма могильных ям, являются погребения раннего бронзового века могильника Саэньсаи в Синцзяне³ (рис. 1.-3) (Ковалев, 2015: С. 294-297, 298]. Более далекие аналогии наблюдаются среди новотировских (курган 9 погребение 25 Малаи I), ямных (курган 1 погребение 25 могильник Раздольное), восточноманычских (погребение 8 курган 2 Шахаевский II) памятников Восточной Европы⁴ (рис. 1.-4-5) (Гей, 2000: С. 56. Рис. 17.-1; Пустовалов, 2000: С. 312. Рис. 13-4; Фёдорова-Давыдова, 1983: С. 40-42).

На имеющемся уровне сохранности материала, делать какие-либо реконструкции копинских экипажей сложно. Однако можно провести определенные параллели и приблизительно определить параметры и облик этих конструкций. Так, высота центральных выступов, на которых располагались остатки конструкций повозок в могилах, не превышала 0,4 м, следовательно, диаметр колес составлял 0,8-1 м. Не

² Определения выполнены к. г.-м. н. Л.Л. Гайдученко.

³ Удален от могильника Копа к ЮЮВ на 560 км.

⁴ Удалены от могильника Копа на запад более чем на 3000 км.

противоречит этому положению и размер выемок для колес, достигающих 1,6х0,3 м. Так в новотиторовском погребения 25 в кургане 9 могильника Малаи I, ямы-выемки превышали размер колес на одну треть (рис. 1.-4-5) (Гей, 2000: С. 58).

Анализ устройства могильной ямы кургана 2 позволяет предположить, что размеры платформ повозок с учетом расстояния от стенок могил и между желобами для колес был не более 2,8х1,2 м. Для сооружения использовались доски шириной 15 и толщиной 3 см. По-видимому, размеры повозки из кургана 1 были несколько меньше (размер кузова \approx 2,5х1 м).

Открытым остается вопрос устройства конструкции копинских экипажей: рамы, кузова, колес. Недавние находки имитаций транспортных средств в курганах Западной Монголии и Синьцзяна позволяют провести определенные параллели. Так в афанасьевском кургане Хуурай говь и в чемурчекской ограде Хул уул 1 в Западной Монголии были изучены остатки деревянных рам длиной 2х1,3 и 1,1х0,9 м. В Хуурай говь рама состояла из досок шириной 15 см и толщиной до 5 см, в середине была усилена крестовиной, а по краям – поперечными ребрами жесткости. В Хул уул 1 крестовина состояла из досок шириной 6-7 см, под которыми находился берестяной (?) короб, окрашенный красной краской (Ковалев, Эрдэнэбаатар, 2014: С. 167, 187). Аналогичное устройство оснований повозок характерно для новотировской культуры (Гей, 2000: С. 187) и более поздних катакомбных культур, где также были распространены основания, составленные только из поперечных брусков (Гей, 2000: С. 187; Шишлина и др., 2013: С. 123). По-видимому, для копинских транспортных средств был характерен похожий вариант устройства основания.

Не совсем ясно, какой была конструкция кузова. На основании параллелей с находкой из Хул уула 1, возможно допустить, что зафиксированный в кургане Копа 2 красный тлен, является остатками подобного кузова, который мог иметь невысокие бортики.

Конструкция колес могла быть как цельнодеревянной, так и составной, исследователями отмечается, что данные типы сосуществовали (Есин, 2012: С. 11). Для ямных и новотировских транспортных средств были характерны цельнодеревянные колеса (Пустовалов, 2000: С. 316). Для катакомбных – составные, трехчастные колеса, с различными вариантами крепления сегментов (штифтовое, планочное, привязное) и устройства ступиц (Пустовалов, 2000: С. 316; Шишлина и др., 2013: С. 121, 124). Ближайшей подобной находкой является уложенное на перекрытии могилы трехчастное колесо из могильника Вупу в Синьцзяне (Новоженков, 2012: С. 273. Рис. 161.-2).

Наскальные изображения повозок Восточного Казахстана, Западной Монголии и Среднего Енисея в целом подтверждают правомерность приведенных параллелей. Повозки из Курчума имеют сплошные колеса со ступицами, плоский кузов (рис. 2.-1). В таком же стиле показана телега и отдельные колеса на плите из ритуального чемурчекского комплекса Харчулуут (рис. 1.-8, 9) и на окуневских петроглифах Тепсея (рис. 2.-1) (Ковалев, Мунхбаяр, 2015: Рис. 34, 49; Есин, 2012: С. 11). Также на окуневских изображениях встречаются экипажи как с цельными, так и составными колесами, что говорит о их сосуществовании (рис. 2.-6-10) (Есин, 2012: С. 11).

Единственным источником, по которому возможно установить способ упряжи использовавшихся для тягла животных, являются наскальные изображения. Курчумская телега изображена с двухстержневым дышлом, заканчивающимся поперечным брусом – ярмом с занозами, а харчуулутская имеет дышло с Т-образным окончанием (рис. 2.-1). По мнению А.В. Новоженова и З.С. Самашева, здесь показан архаический дышловый способ управления бычьей упряжки без подшеек, а сама повозка является грузовой (Самашев, 1992: С. 92, 149, 150. Рис. 102; Новоженков, 2012: С. 100, 122). Подобные изображения встречаются на петроглифах Тарбагатай, Алтая, Сары-Арки, Внутреннего Тянь-Шаня, Армении и окуневской культуры Южной Сибири (Новоженков, 2012: С. 100; Шишлина и др., 2013: С. 19).

В подобные грузовые повозки запрягали крупнорогатый скот, и, судя по сохранившимся остеологическим материалам, для этого могли использоваться волы. Это подтверждают окуневские изображения, где показаны запряженные быки с изогнутыми S-видными рогами. Необходимо отметить, что рисунки подобных животных имеются и в Восточном Казахстане, и на чемурчекских статуях Синьцзяна (рис. 2-14) (Самашев, 1992: С. 141; Ковалев, 2007: С. 29, 35).

Резюмируя приведенные данные, можно сказать, что конструктивно копинские «экипажи», по-видимому, были наиболее близки к катакомбным. Как пример может быть приведена реконструкция восточномычинской повозки из кургана Улан IV в Придонье (рис. 1.-7) (Шишлина и др., 2013: Рис. 2). Исследователями отмечается, что конструкции четырехколесных повозок на протяжении III тыс. до н.э. не претерпевали особых изменений и характеризовались едиными параметрами (Гей, 2000: С. 187).

Кроме четырехколесных повозок у населения раннего бронзового века Восточного Казахстана, по-видимому, существовали еще и двуколки, что подтверждается изображениями на петроглифах Акбаура, Мойнака, Доланалы (рис. 2.-2-4) (Самашев, 1992: С. 147, 150. Рис. 6, 91; Самашев и др., 2011: Рис. 067). В целом стиль изображения и устройство колес и ярма аналогично курчумской телеге. Схожие транспортные

средства как запряженные быками, так и распряженные изображены на окуневских памятниках – Аскиз, Разлив X и Черновая VIII (Есин, 2012: С. 19, 29. Рис. 7.-1, 8). Находки подобных конструкций в Азиатских степях пока не известны, но имеются в катакомбных комплексах Восточной Европы (Тягунова могила, курган 11, могила 27 и др.) (Пустовалов, 2000: С. 308). По-видимому, двуколки являлись более легкими конструкциями по сравнению с телегами, и туда могли запрягать лошадей. Таковую возможность позволяют предположить остатки мерина, использовавшегося с применением удил, обнаруженные в жертвеннике кургана 1 могильника Шидерты 10.

Позднее, по-видимому, в начале II тыс. до н.э. под влиянием культур колесничего горизонта в регионе появляются двуколки со спицованными колесами. Это положение подтверждают изображения запряженных колесниц из Покровка и Мойнака (рис. 2.-11-13), выполненные, в так называемой, сейминско-турбинской изобразительной традиции (Пяткин, Миклашевич, 1990: С. 149; Новоженев, 2012: С. 109, 316. Рис. 6; Новоженев, 2002).

Выводы

Таким образом, рассмотренные материалы подтверждают существование колесного транспорта у населения раннего бронзового века региона. Наличие среди наскальных изображений этого времени двухколесных повозок позволяют сделать вывод, что у населения Восточного Казахстана были распространены как четырехколесные, так и двухколесные повозки. Остатки конструкций экипажей, зафиксированные в археологических памятниках Центральной Азии, проявляют сходство с восточноевропейскими транспортными средствами, что указывает на западные истоки этого явления здесь (Ковалев, 2018: С. 31, 32).

Появление транспортных средств в Казахстане, по-видимому, относится к ямному времени (конец IV – начало III тыс. до н.э.). Косвенно это положение подтверждают остеологические остатки КРС из кургана Шолпан IV и имитации повозок в афанасьевских погребениях Западной Монголии, генезис которых связан с миграциями носителей ямной культурной традиции. В связи с чем нельзя отрицать существование такого же транспорта и у казахстанских «афанасьевцев», занимавших Рудный Алтай и Тарбагатай. В последующее катакомбное и посткатакомбное время (вторая половина III тыс. до н.э.) в Восточном Казахстане существовали носители елуинской, алкабеской и др. культурных традиций, близких к елуинскому, окуневскому и чемурчскому населению Лесостепного Алтая⁵, Среднего Енисея, Западной Монголии и Синьцзяна. Видимо, в этой культурной среде получают распространение двух и четырехколесные повозки с цельнодеревянными и составными колесами, восходящие к восточноевропейским образцам. На рубеже III-II – в начале II тыс. до н.э. в Восточном Казахстане, судя по наскальным изображениям, выполненным в сейминско-турбинской изобразительной традиции, появляются колесницы со спицованными колесами. Распространение этого транспорта, видимо, связано с влияниями носителей колесничих культур. Дальнейшие полевые исследования памятников раннего бронзового века региона позволяют уточнить все эти вопросы.

⁵ Пока в Лесостепном Алтае имеются лишь косвенные свидетельства использования населения в раннем бронзовом веке транспортных средств (Грушин, 2011: С. 217).




Рис. 1. Остатки повозок, параллели. 1 – Копа, курган 1; 2 – Копа, курган 2 (по: Ковалев и др. 2014); 3 – Малаи I, курган 9 погребение 25; 4 – Раздольное, курган 1 погребение 25 (по: Пустовалов, 2000); 5 – Сазньсаи курган 45 (по: Ковалев, 2015); 6 – Курчум (по: Самашев, 1992); 7 – Улан IV (по: Шишлина, 2013); 8-9 – Хар чуллуут 1 плиты ХЧ-С5 и ХЧ-136 (по: Ковалев, Мунхбаяр, 2015).




Рис. 2. Петроглифы с изображением повозок: 1-4 - досейминская изобразительная традиция: 1 – Курчум, 2 – Акбаур, 3 – Мойнак (по: Самашев, 1992); 5-9 - окуневская изобразительная традиция: 5 – Тепсей, 6 – Усть-Бюрь, 7 – Знаменка, 8 – Разлив X, 9 – Черновая VIII, 10 – Аскиз (по: Есин, 2012); 11-14 - сейминско-турбинская изобразительная традиция: 11 – Покровка, 12 – Мойнак, 13 – Жалгыс-Тепе; 14 – Изображение быка Курчум (по: Самашев, 1992; Самашев и др., 2011).

ЛИТЕРАТУРА

- Мерц И.В., Святоко С.В. Радиоуглеродная хронология памятников раннего бронзового века Северо-Восточного и Восточного Казахстана. Первый опыт // Теория и практика археологических исследований. – №1 (13). – 2016. – С. 126-150.
- Мерц И.В. Культура населения Восточного Казахстана в эпоху ранней бронзы. Автореф. дисс. канд. ист. наук. 07.00.06. Барнаул, 2017. 26 с.
- Гайдученко Л.Л. Время появления и особенности древнейшего степного животноводства в Казахстане // Диалог культур Евразии в археологии Казахстана : сб. науч. ст., посвященный 90-летию со дня рождения выдающегося археолога К.А. Акишева. – Астана, 2014. – С. 211-214.
- Ковалев А.А., Самашев З.С., Сунгатай С. Исследования археологических памятников раннего периода бронзового века в Восточном Казахстане (1998-2000 годы) // Древнейшие европейцы в сердце Азии: чемурчкский культурный феномен. Часть I. Результаты исследований в Восточном Казахстане, на севере и юге Монгольского Алтая. – СПб., 2014. – С. 293-307. С. 9-151.
- Самашев З.С. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья / З.С. Самашев. – Алмата, Гылым, 1992. – 288 с.
- Новоженков В.А. Чудо коммуникаций и древнейший колесный транспорт Евразии / В.А. Новоженков. – Алматы, 2012. – 500 с.
- Самашев З., Чжан Со Хо, Боковенко Н., Мургабаев С. «Наскальное искусство Казахстана» / З. Самашев, Со Хо Чжан, Н. Боковенко, С. Мургабаев. – Сеул, 2011. – 462 с.
- Гей А.Н. Новотиторская культура / А.Н. Гей. – М.: Старый Сад, 2000. – 224 с.
- Пустовалов С.Ж. Курган «Тягунова могила» и проблемы колесного транспорта ямно-катакомбной эпохи в Восточной Европе // STRATUM plus. – 2000. – № 2. – С. 296-321.
- Ковалев А.А. Сазньсаи – новая культура бронзового века восточноевропейского происхождения на Тянь-Шане // Древнейшие европейцы в сердце Азии: чемурчкский культурный феномен. Часть II. Результаты исследований в центральной части Монгольского Алтая и в истоках Кобдо; памятники Синьцзяна и окраинных земель. – СПб., 2015. – С. 293-307.

Перцева М.А. Ямы с фигурными выемками – особый вид погребений среднего бронзового века // Древние некрополи — погребально-поминальная обрядность, погребальная архитектура и планировка некрополей. Труды ИИМК РАН, т. 47. – СПб, 2018. – С. 10-24.

Фёдорова-Давыдова Э.А. Раскопки курганной группы Шахаевская II на р. Маныче // Древности Дона. Мат. Раб. Донской экспедиции. – М., 1983. – С. 35-127.

Ковалев А.А., Эрдэнэбаатар Д. Исследования ритуальных оград чемурчекского облика и связанных с ними памятников в Баян-Ульги аймаке Монголии в 2004 году // Древнейшие европейцы в сердце Азии: чемурчекский культурный феномен. Часть I. Результаты исследований в Восточном Казахстане, на севере и юге Монгольского Алтая. – СПб., 2014. – С. 163-230.

Шишлина Н., Ковалев Д., Ибрагимова Э. Повозки катакомбной культуры евразийских степей // БРОНЗОВЫЙ ВЕК ЕВРОПА БЕЗ ГРАНИЦ Четвертое – первое тысячелетия до н. э. Каталог выставки. – СПб, Чистый лист, 2013. – С. 119-126.

Есин Ю.Н. Древнейшие изображения повозок Минусинской котловины // Научное обозрение Саяно Алтая. – № 1(3). – 2012. – С. 14-47.

Ковалев А.А., Мунхбаяр Ч. Чемурчекский ритуальный комплекс Хар Чулуут I в истоках реки Ховд (Кобдо) (предварительное сообщение) // Древнейшие европейцы в сердце Азии: чемурчекский культурный феномен. Часть II. Результаты исследований в центральной части Монгольского Алтая и в истоках Кобдо; памятники Синьцзяна и окраинных земель. – СПб., 2015. – С. 155-214.

Ковалев А.А. Чемурчекский культурный феномен (статья 1999 года) // **А.В.:** Сб. науч. тр. в честь 60-летия А.В. Виноградова. – СПб, 2007. – С. 25-76.

Пяткин Б.Н., Миклашевич Е.А. Сейминско-турбинская изобразительная традиция: пластика и петроглифы // Проблемы изучения наскальных изображений СССР. – М.: Наука, 1990. – С. 146-153.

Новоженков В.А. Петроглифы Сары Арки / В.А. Новоженков. – Алматы: 2002. – 125 с.

Ковалев А.А. Могильные ямы, моделированные по форме повозки, в Синьцзяне и Восточном Казахстане: их датировка и происхождение // Древние некрополи — погребально-поминальная обрядность, погребальная архитектура и планировка некрополей. Труды ИИМК РАН, т. 47. – СПб, 2018. – С. 25-33.

Грушин С.П. К вопросу об использовании транспортных средств населением Алтая в эпоху ранней бронзы // Труды III (XIX) Всероссийского археологического съезда. Т. I. – СПб-М-Великий Новгород, 2011. – С. 216-218.

ӘОЖ 902.904

А. ОҢҒАРУҒЫ

ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ҒЗИ, Қазақстан, Астана

**ҮСТІРТ ПЕН МАҢҒЫСТАУ ТАС МҮСІНДЕРІНДЕГІ САРМАТ БАТЫРЛАРЫНЫҢ
БЕЙНЕЛЕРІ**

Аңдатпа. Еуразияның далалық белдеуінде орналасқан Маңғыстау мен Үстіртте тас ғибадатханалардың көптеп шоғырлануы ғылыми түрде әлі толық түсініксіз жайт. Мүмкін, бұл аумақтың алыстығы мен қиындығы оның «жабық» рухани орталыққа айналуына әсер етсе керек.

Тас мүсіндер – Бәйте түріндегі ғибадатханалардың өзгеше және ең көрнекті белгісі, сондай-ақ Үстірт пен Маңғыстаудағы ежелгі тұрғындардың өнерін, идеологиясын және этнографиялық шынайылығын зерттеуде маңызды дереккөзі болып табылады.

Тас мүсіндер, негізінен, түрлі қару-жарақпен қаруланған ер жауынгерлердің бейнесін көрсетеді. Әр мүсінде жауынгерлік, жеке қасиет, тіпті кейіпкерлердің жасы да анық көрінеді. Әдетте тас мүсіндер кең иықты, толық қаруланған батырдың мүсінін елестетеді, сол қолы шынтағынан бүгіліп, қарынына қойылған, ал оң қолы төмен түсіріліп, жамбасына басылған. Осы кесте Үстірттің барлық дерлік мүсіндерінде бейнеленген, бұл оларды жасаушылардың салыстырмалы этномәдени біркелкілігін көрсетеді. Тас мүсіндерде әшекейлердің түрлері, белдіктердің үлгілері, қаруды қолдану әдістері ғана емес, сондай-ақ, көз қиығы бадам дәні тәрізді, жұқа тік немес салбыр мұртты, қыр мұрынды сол кездегі адамдардың сыртқы келбеті де анық бейнеленген.

Тас мүсіндерде бейнеленген заттар жиынтығына жасалған қысқаша талдаудың нәтижесі белдік, қылыш пен садақты қынап сияқты әскери жабдықтардың мүсін бейнесіндегі міндетті атрибуттар ретіндегі аса маңызды рөлін көрсетеді. Әлбетте, мүсінші нақты және ежелгі иконографиялық қағидаларға сүйене отырып, шынайы және сол заманға сай заттарды бейнелеген сияқты. Мұндай жергілікті ерекше қағидалардың қатарына жақсы қаруланған, бірақ шайқасқа қатыспаған кейіпкерді бейнелеу жатқызылуы мүмкін: ол ұрыс кейпінде емес, сыйыну күйінде тұруы ықтимал.

Түйін сөздер. Үстірт, Маңғыстау, сарматтар, ғибадатханалар, киелі нысандар, дүниетаным, тас мүсіндер, бейнелер, қару-жарақтар.

Оңғарулы Ақан

НИИ «Халық қазынасы» Национального музея РК, Астана, Казахстан

**САРМАТСКИЕ АНТРОПОМОРФНЫЕ ИЗВАЯНИЯ
УСТЮРТА И МАНГЫСТАУ**

Аннотация. Концентрация каменных храмовых святилищ на территории Мангыстау и Устюрта в масштабах пояса степей Евразии – факт уникальный и пока научно не объяснимый. Возможно, труднодоступность этой территории обусловила ее значимость как некоего «закрытого» духовного центра.

Каменная скульптура – отличительный и наиболее выразительный признак святилищ байтинского типа, также важный источник для изучения искусства, идеологии и этнографических реалий древнего населения Устюрта и Мангыстау.

Каменные изваяния воспроизводят, в основном, образ мужчин – воинов, вооруженных различными видами оружия. На каждом изваянии достаточно определенно выражены воинственность, индивидуальность и даже возраст персонажей. Обычно изваяние воспроизводит фигуру широкоплечего вооруженного мужчины, левая рука которого согнута в локте и прижата к животу, а правая опущена и прижата к бедру. Данная схема воплощена практически на всех изваяниях Устюрта, что говорит об относительном этнокультурном единстве их создателей. На изваяниях точно показаны не только типы украшений, узоры поясов и способы ношения оружия, но и внешний облик людей того времени: миндалевидные глаза, тонкие прямые либо свисающие усы, прямой нос.

Ключевые слова. Устюрт, Мангыстау, сарматы, святилища, сакральные объекты, мировоззрение, каменные изваяния, образы, вооружения.

Onggaruly A.

Research institute of the National heritage, National museum of the republic of Kazakhstan, Kazakhstan

THE SARMATIAN ANTHROPOMORPHIC EQUATIONS OF USTYURT AND MANGYSTAU

Abstract. The concentration of stone temple sanctuaries on the territory of Mankystau and Ustyurt on the scale of the belt of the Eurasian steppes is a unique fact and yet not scientifically explainable. Perhaps the inaccessibility of this territory has conditioned its importance as a kind of "closed" spiritual center.

The stone sculpture is the distinctive and most expressive sign of the Bayte type sanctuaries, as well as an important source for studying the art, ideology and ethnographic realities of the ancient population of Ustyurt and Mankystau.

The stone sculptures reproduce, basically, the image of men - soldiers, armed with various weapons. On each statue, the militancy, the individuality and even the age of the characters are quite definitely expressed. Usually the statue reproduces the figure of a broad-shouldered armed man whose left arm is bent at the elbow and pressed to the stomach, and the right one is lowered and pressed to the hip. This scheme is embodied in almost all the statues of Ustyurt, which speaks of the relative ethno-cultural unity of their creators. The statues accurately show not only types of ornaments, patterns of belts and ways of carrying weapons, but also the appearance of people of that time: almond-shaped eyes, thin straight or drooping mustaches, straight nose. The results of a brief analysis of the set of objects depicted on the statues emphasize the special role of combat equipment - a belt, a sword and a mountain and a bow - as indispensable attributes of the image embodied in sculptures. The peculiarity of the images of these objects is the undoubted ethnographic accuracy of their typological features, as well as the topography (placement on a human figure). Obviously, the sculptor reproduced real and contemporary objects, following a certain and, perhaps, ancient iconographic canon. Among the local features of such a canon is perhaps the image of a well-armed but not a fighting character: with one exception, the character's hands do not hold arms; he is presented more in prayer than in a fighting posture.

Key words. Ustyurt, Mangystau, sarmatian, sanctuary, sacral objects, world outlook, stone statues, images, weapons.

Кіріспе

Ж.с.д. I мыңжылдықтың соңында Еуразия даласының ұлы белдеуінің айтарлықтай бөлігіндегі көптеген тайпалар жаңа, икемді шаруашылық жүйесіне өте бастайды, бұл ғылымда «көшпелі мал шаруашылығы» деген түсінікпен анықталады. Мұның ең маңызды себептерінің бірі – құрлықтың көп бөлігіне әсер еткен климаттың жаһандық өзгеруі болып табылады. Даланың ежелгі тұрғындары шаруашылықтың мінсіз үйлестірілген және жеткілікті тиімді жүйесін құра отырып, өзгерген жағдайға жақсы бейімделе алды (Онгарулы, Ольховский, Астафьев, Дарменов, 2017).

Арал-Каспий өңірінде ерте темір дәуіріне жататын 30 шақты ескерткіш зерттелінді. Бұлар бірегей, әрі өзіндік ерекшеліктері бар жерлеу-ғұрыптық кешендер, ғибадатханалар (Самашев, Кушербаев, Аманшаев, Астафьев, 2007).

Еуразияның далалық белдеуінде орналасқан Маңғыстау мен Үстіртте тас ғибадатханалардың көптеп шоғырлануы ғылыми түрде әлі түсіндірілмеген жайт. Мүмкін, бұл аумақтың алыстығы мен қиындығы оның «жабық» рухани орталыққа айналуына әсер етсе керек.

Үстірт пен Маңғыстаудың ежелгі ғибадатханалары төңірегі жақсы көрінетін биік қыраттарда орналасқан, ал құрамына бірден беске дейін оба немесе оба тәрізді топырақты үйінділер, бірнеше ондаған (35-ке дейін) антроморфты тас мүсіндер, дөңгелек және тікбұрышты құрбандық шалу орындары, сондай-ақ тастан жасалған шағын құрылысты ондаған еске алу орындары кірді.

Дереккөзі мен әдістері

Үстірт пен Маңғыстауда ғибадатханалардың екі түрі кездеседі: бәйтелік және дықылтастық (Самашев, Оңғар, Оралбай, Қиясбек, 2011). Бәйте типті ғибадатханаларды зерттеу барысы ғибадатхананың негізгі және планиграфиялық орталық элементі ғұрыптық құрылым болып табылатындығын анықтауға мүмкіндік берді. Діни құрылыстың негізгі дөңгелек пішіні де, қоршаулары да бәйте типті екендігі кездейсоқтық емес. Дөңгелек – ежелден әртүрлі діни-мифологиялық тұжырымдамаларда шаршы – жердің, төменгі әлемнің нышанына қарағанда, жоғарының, көк аспан мен күннің нышаны ретінде қабылданды. Екі нышанның бір құрылымда немесе ғұрыптық бұйымда шоғырланып үйлесуі, бәлкім, универсумның бірігу идеясының іске асуы деп қарастыру қажет болар.

Бәйте типті ғибадатханалар ең алдымен батыр-рубасылардың, ерлік көрсеткен ата-бабаларға табынуға байланысты ғұрыптық рәсімдерді өткізуге арналып салынған болса керек. Мұнымен қатар жалпытайпалық батыр-демиург культі (ең алдымен жарықтың бастауы, «жоғарғы» әлемнің нышаны ретінде Күнмен байланысты болуы ықтимал) жеке рулар мен отбасылардың ата-бабалар культімен, сондай-ақ қайтыс болған көшбасшылармен немесе этноәлеуметтік топтардың көшбасшыларымен байланысты болса керек. Мұны мүсіндердің көптігі және олардың біркелкілігімен түсіндіруге болады. Тас мүсіндердің екі-төрт

ескерткіштен тұратын шағын топтарды құра орналасуы, ғибадатханаларды тұрғызған тайпаның немесе рулық қауымдастықтың отбасылық-рулық құрылымын көрсетуі бек мүмкін: әрбір шағын топ тайпаның құрамына кіретін нақты бір отбасының (немесе үлкен отбасы) ерлік көрсеткен ата-бабаларының бейнелерінен тұрды. Осылайша, жалпы тайпалық ғибадатханалар аясында әрбір рудың (немесе үлкен отбасының?) өз ата-бабаларына арналған «аумағы» болды, сонымен қатар олар жалпы тайпалық арғы аталарымен де байланысын жоғалтпады. Бәлкім, үлкен құрбандық үстелдерінде ортақ күн батыры-ортақ баба құрметіне арнап құрбандық шалып, ал отбасылық және рулық ата-балаларына шағын қозғалмалы тостаған тәрізді құрбандықтар пайдаланған болуы мүмкін.

Тас мүсіндер – Бәйте типті ғибадатханалардың өзгеше және ең көрнекті белгісі, сондай-ақ Үстірт пен Маңғыстау өңіріндегі көне тұрғындардың өнерін, идеологиясын және этнографиялық шынайылығын зерттеуде маңызды дереккөзі болып табылады.

Талдамалар

Ж.с.д. VII–VI ғғ. аралығында тас мүсіндерді тек Солтүстік Кавказ, Қаратеңіз скифтері (Ольховский, Евдокимов, 1994) мен Сарыарқаның сақтары ғана жасады. Қару-жарағы мен әшекейлері бар, тұрып тұрған скиф жауынгерлері шынайы көрінеді. Алайда Үстірт пен Маңғыстау ғибадатханаларының салыну кезінде сақтар мен скифтердің монументальды мүсіндері құлдырай бастады.

Бәйте типті ескерткіштерді ерекшелейтін сипаты элемент – көптеп кездесетін антропоморфты мүсін болып табылады. Бәйте типті тас мүсіндердің барлығы ғибадатханадан біраз қашықтыққа орнатылған. Бүтін нысандар некен-саяқ кездеседі, барлығы дерлік бүлінген күйінде табылды. В.С. Ольховскийдің пікірінше, өз қызметін атқарып тұрған уақытта Бәйте 1 ғибадатханасында 32–35-тен кем емес, Бәйте 3-те 45–46-тен кем емес, Терең ғибадатханасында 8–9, Қарамөңке ғибадатханасында – 20–23 тас мүсіндер болды. Аталған ескерткіштердің биіктігі орташа алғанда 1,4–1,9 м, алайда олардың ең үлкендері 3,4–3,8 м-ге дейін жетеді (Ольховский, 2005, 142-б.).

Ескерткіш формасының «біркейкілігі» оның мазмұнының көп мәнділігін түсінуге еш кедергі келтірмейді; тас мүсіндер біріншінің екіншідегі инкарнациясы секілді, керемет бейненің және нақты (тірі немесе қайтыс болған) бір адамның біртұтас бірлігі ретінде толық қабылдана алды. Ұсынылған түсіндірме антропоморфтық тас мүсіндердің иконографиялық және сондай-ақ планиграфиялық ерекшеліктерін жоғары деңгейде түсіндіруге мүмкіндік береді. Мәселен, мүсіндердің бет жағы солтүстікке (ауытқулармен), көптеген мифологиялық жүйелерде суық, қараңғылық немесе өлген елге бағытталып орналасуы жағына бағдарланғаны кездейсоқтық емес. Бұл дерек Бәйте типті кешендердің ғұрыптық мақсатын, яғни олардың о дүние, мәдени кейіпкер және оның «тірі» құбылыстары туралы ұсыныстары бар кешенмен байланысын, екі әлемді байланыстыратындығын растайды.

Нәтижелер

Тас мүсіндер, негізінен, түрлі қару-жарақпен қаруланған батырлардың бейнесін көрсетеді. Ер адам басына дулыға киген, қылыш, қанжар және садақпен қаруланған жауынгер бейнесінде. Барлық белгілі жағдайларда бұл толығымен көрсетілетін тұрған мүсін (тобыққа дейін); бірде-бір бейнені белге дейін (жартымүсін) үлгілеу жағдайлары байқалмайды. Анда-санда, бірқатар белгілері бойынша әйелдердің, ал кейбіреулері дінбасылардың бейнесін көрсететін антропоморфты тас мүсіндер табылған. Олардың қатарында қарусыз және басқа иконографиялық мәнермен салынғандары да бар.

Әр мүсінде жауынгерлігі, даралығы, тіпті кейіпкерлердің жасы да анық көрінеді. Мүмкін олар қайтыс болған мәртебелі жақындарын бейнеледі және әрбір мүсін жауынгер-баба рухының қонақтаған орны ретінде саналды.

Әдетте тас мүсіндер кең иықты, қарулы ер жауынгердің мүсінін елестетеді, сол қолы шынтағынан бүгіліп, ішіне қойылған, ал оң қолы төмен түсіріліп, жамбасына басылған. Осы кесте Үстірттің барлық дерлік мүсіндерінде бейнеленген, бұл оларды жасаушылардың этномәдени біртұтастығы туралы айтады. Тас мүсіндерде әшекейлердің түрлері, белдіктердің үлгілері, қаруды қолдану әдістері ғана емес, сондай-ақ, көз қиығы бадам дәні тәрізді, жұқа тік немесе салбыр мұртты, қыр мұрынды сол кездегі адамдардың сыртқы келбеті де анық бейнеленген. Кейбір жағдайларда бейнеленген мүсіндерден моңғолоидтық кейіпкердің бейнесі сияқты әсер пайда болады.

Жауынгер костюмінің ең маңызды элементі – жалпақ, кейде кесте немесе жапсырмамен өрнектелген, металл қапсырмасы бар былғары белдік. Тас мүсіндердегі суреттерге қарағанда, белдік жауынгерлік және портупейалық екі түрден тұрды. Әскери белдіктер қорғаныс ретінде қызмет етті, олар теріден және киізден жасалды. Белдік жалпақ, жиі безендірілген, металл ілмек қапсырма ретінде қызмет атқарған. Дегенмен, әскери белдіктер жиі портупей ретінде де пайдаланылды: оларға екі тері белбеулердің (немесе ілмектердің) көмегімен ағаш қынабы бар екіжүзді қысқа темір қылышты (ұзындығы 50–80 см) іліп, сол жағынан садақ пен жебелерден тұратын қорамсақты бекіткен.

Қорамсақта бірден екі садақ пен көптеген жебелер (100-ден 120 данаға дейін) сыятын болған. Көлемі шағын және күрделі құрылысты садақ тамаша ату қашықтығына ие болды: одан ұшқан қола немесе темірден жасалған жебе 500 м-ге дейін ұшты. Мүсіндердегі суреттерге қарағанда, ұзындығы 40 см-ге дейінгі қанжарды «парсыша» – оң жамбастың сыртына екі белбеумен байлап таққан. Жүзінің төменгі бөлігіндегі айрықша өрнектер қанжардың сырғып кетуіне жол бермеді, және ол дәлме-дәл мағынада жауынгердің әрдайым «қол астында» болды (осындай түрдегі қанжарды парсы, сармат, сақ және массагеттер пайдаланды, бірақ скифтер емес) (Ольховский, 1997, 71–72-бб.) Қылыш пен қанжарлар тік балдақ және антенна тәріздес немесе орақ сияқты ұштықпен бейнеленген (Астафьев, 2011, 394-б.). Қылыштар мен қанжарлар қоян қолтық ұрыстың қаруы ретінде қолданылды. Ұзақ қашықтықта болған шайқас үшін садақ пайдаланылды. Жауынгердің басы мен желкесін жеңіл және төзімді былғары-киізден жарты шар пішінде жасалған дулыға жауып тұрды.

Морфологиялық тұрғыдан алғанда, табылған мүсіндер адам денесінің пропорцияларын анық бұзбастан, әктастан жасалған жалпақ, тегіс мүсіндер болып табылады. Тас мүсіндер сызықша және оймалау тәсілімен үлгіленіп, айналмалы қабылдауға есептелген: ескерткіштердің бет-жүзі ғана емес, сондай-ақ бүйір және артқы беттері де жақсы орындалған. Мүсіндерді жасаған кезде дайындамасы ретінде тас карьерден тауып, мүсіндерді өңдеу орнына әкелген тікбұрышты пішіндегі әктас блоктары қолданылды. Тас мүсіндердің биіктігі барлық жағдайларда адам денесінің өлшеміне сәйкес – 150–180 см.

Антропоморфтық келбеттердің жиынтығы мен иконографиясы. Тегіс, тас мүсіндердің басым көпшілігі үшін – бір иконографиялық түрдің абсолютті басымдығы тән; бұл толығымен дерлік егжей-тегжейлі нақтыланған, тұрып тұрған (аяғын қоса алғанда) ер адамның мүсіні.

Мүсіншінің кейіпкердің қол бұлшық еттерін және кеудесін көрсетуге ұмтылысы жазық мүсіндердің үздік үлгілерінен байқалады; кеуде бұлшық еттері кейде гипертрофирленгендей көрінеді, бұл мүсіншінің бейнеленген жауынгердің физикалық күштерін айқындауға деген ниетін білдіреді. Сирек антропоморфтық элементтердің бірі – көбіне мүсіннің артқы жағындағы тік шұңқырмен көрсетілген омыртқаның бағанасы болып табылады. Қолда бар материалдар бойынша, мүсінде жауырын мүлдем бейнеленбеген.

Жазық мүсіндерге тән аяқтарды салудың екі нұсқасы анықталады – стильді және шынайы. Бірінші жағдайда аяқтар тек «таңбаланған», ескерткіштің алдыңғы және артқы беттерінде тік сызықты саңылаусыз ойықтармен (кейде саңылау арқылы) бөлінген, бетінде аз ғана түзетулер бар. Екінші жағдайда жамбас пен аяқтары горельефпен (саңылаусыз жыралар арқылы бөлінеді) немесе мүсіндік (саңылау тесікпен бөлінген) үлгіленген, тізе, балтыр және жамбас бұлшықеттері, кейде бөксе де бейнеленген. Аяқтың табаны ешқашан пластикалық түрде бейнеленген емес, мүсіннің қозғалыссыздығын ескере отырып, ескерткіштің негізіне және бір мезгілде жерге (негізі толығымен топырақпен жабылған) «өседі»: ескерткіш «өсіп» қана қоймай, «жерден өсті» деген мағынада олар мүсінге белгілі бір монументалды мән береді.

Қолдар өте шынайы бейнеленген: анатомиялық тұрғыда шынтақтар, қолдар, саусақтар дұрыс жасалған; тырнақтар еш жерде көрсетілмеген. Алақан мен саусақтардың шынайы бейнеленуі мүсіншінің шеберлігіне байланысты болды: жалпыланған немесе өте шынайы нұсқалары да кездесті.

Антропоморфтық тас мүсіндерде бейнеленген заттардың жиынтығы. Жоғарыда келтірілген талдау Бәйте түріндегі ғұрыптық кешендердегі барлық мүсіндерде дерлік аздаған өзгерістермен қолданылатын қағидаға айналған иконографиялық бейнені көрсетті. Бұл – оң қолын төмен түсірген, сол қолы шынтағынан бүгіліп, ішіне қойылған ер адамның мүсіні. Иконографияның ерекшеліктері мүсіншілердің тек ер адамдардың мүсіндерін көрсеткендігін айғақтайды. Бұл мүсіндерде ұсынылған атрибуттар жиынтығынан да айқын көрінеді; яғни бәрінен бұрын қару-жарақтары (қылыш, қанжар, қорамсақты садақ, дулыға, айбалта). Белбеу, мойын алқасы және білезіктер бейнеленген басқа да атрибуттар – бейнеленген кейіпкерлердің жоғары әлеуметтік дәрежесінің айқын белгілері. Көптеген қару-жарақ заттарының жиынтығы мен әртүрлілігі дәл сол кейіпкерлердің әскери қызметін айқындайды.

Қылыш – бедерлі немесе оймаланып жасалған, тас мүсіндерде жиі кездесетін қару-жарақтардың бірі. Мүсіндердің сынықтығына қарамастан, қылыштардың суреттері толығымен немесе ішінара сақталған, бұл қылыштың берілген бейненің маңызды және міндетті атрибуты ретінде қолданылғандығын растайды.

Қылыш әрқашан ескерткіштің алдыңғы жағында, ішінің айналасында қынаппен бейнеленеді. Егер мүсінде белдіктің бейнесі болса, онда қылыш, әдетте, белдіктен тігінен төмен қарай түсетін портупейалық белбеулердің көмегімен «ілінген». Сонымен қатар, белбеудің біреуі саптың маңайындағы қынаптың аузына, ал екіншісі қынаптың ернеуіне шамамен ұзындығының ортасында, бірақ аузына жақындатылып бекітіледі. Белдіктердің ұзындығына байланысты қылыш көлденең түрде немесе белдіктен әртүрлі биіктікте көлбеу ілінген. Қылыштың тұтқасы әрқашан мүсіннің оң жақ алақанында орналасқан.

Қылыштардың тік қырлы балдақтары бар, соңғы жақтары қынаптың аузынан шығады. Олардың саптары кең емес, тік, бір жағдайда есілген (органикалық жіппен өрілуі мүмкін).

Қанжарлар – қылыш секілді тас мүсіндерде жиі кездесетін қару-жарақтың бірі. Олар бір

қалыпта – оң жамбастың сыртқы бетінде, тізеден жоғары, жүзі төмен қаратылып көрсетілген. Қанжарлардың бұл қалпы этнографиялық тұрғыдан жамбасқа белдікпен байлап тағу әдісін дәл көрсетеді.

Типологиялық тұрғыдан, қанжарлар дәл сол мүсінтастарда бейнеленген қылыштардан ешқандай айырмашылығы жоқ, тек олардың ұзындығы жағынан қысқа. Олар сондай-ақ, жүздің аңғарына ұқсас, орталық қабырға-нервюрасымен қынапта көрсетілген. Дегенмен, қанжар қынабының соңы, қылыштың қынабына қарағанда әдетте бутерольмен пішінді кеңейтумен жабдықталған. Бутероль – тек қанжар жамбас немесе тізеге байланған кезде ғана қажет болатын қынап құрылысының маңызды элементі. Бұл жағдай қанжарды бекітетін белдіктің біреуі бутерольдегі арнайы саңылаулардан өтеді немесе бутерольдің үстінен қынапты жабады; осылайша бутерольдың кеңейген қанаттары жүзді қынаптан жамбас арқылы жоғары шығарған кезде қынаптың қозғалысына кедергі жасау үшін қойылады. Екінші бау қынапты балдақтан төмен қамтиды, ол жүзді қынапқа салған кезде төмен жылжуға мүмкіндік бермейді. Аталған құрылыс қарапайым, бірақ ыңғайлы, себебі жаяу әскер немесе атты әскерлерде болсын қанжардың сабы (белдегі қылыштың да) нық бекітілген және басқа қаруды қолдануға еш кедергі келтірмейді.

Барлық жағдайларда қанжарлардың балдақтары тік, қырлы; кейбір кезде сабында өрме бар. Ең көп тарағандар – қылыштың ұштықтарына ұқсас ұштықтар болды; ол қисық-қырлы және антенна тәрізді. Айта кету керек, көрсетілген ұштықтардың басқа түрлері қанжарларда жоқ. Осылайша, қылыштардың ең танымал орақ тәрізді ұштықтары қанжарларда мүлдем болмағандығы түсіндіріледі; қанжарларда қылыштарда аз қолданылатын, көбінесе антенна тәрізді (және қисық-қырлы) ұштықтар пайдаланылды. Сонымен бірге қылыш пен қанжарда да қолданылатын ұштықтардың бірдей нұсқалары жүзді қарулардың шығу тегінің ортақтығына дәлел болады.

Қынап – садақ пен жебелерге арналған құрамдастырылған қаптама – әскери құрал-жабдықтардың міндетті элементі болып саналады. Өкінішке орай, барлық суреттер белгілі бір дәрежеде бүлінген. Қынаптар әрқашан белдің айналасында мүсіннің сол жағында бейнеленген; әлбетте, нақты қынаптар белдікке бекітілді, бірақ бекіту әдісі, қосымша португяя белбеуін қолданғандығы туралы деректер ескерткіштерден табылмады.

Ең жақсы сақталған суреттерге қарап, барлық қынаптар құрылымдық түрде бір-бірінен оқшауланған екі негізгі бөліктен садақ және жебелерге арналған оқжатардан тұрады. Садаққа арналған корпус ұзартылған тегіс қорап болды, оның төменгі бөлігі тікбұрышты, ал жоғарғы бөлігі – күрделі трапеция тәрізді пішінде. Артқы (арқа) қақпағындағы, белдеуге іргелес, анық, тіреу құрылғылары болған, ал алдыңғы қақпақ тиісті түрде безендірілген. Қынаптың беткі қақпағына төменгі жағында жебелерге арналған оқжатар бекітілді, оның тұрпаты қынаптың төменгі бөлігінің тұрпатын қайталайды. Оқжатар – жоғарғы шетінің орнына ауызы бар тіктөртбұрышты қорап, оның көмегімен жебе ұштары төмен қаратып толтырылған; көлемі, суреттерге қарағанда, өте үлкен және бірнеше ондаған жебелерді орналастыруға мүмкіндік берді. Осылайша, барлық жағдайларда қынаптың оқжатары ашық көрсетілген; оның аузын қандай да бір қақпақпен жапқан бейнелер жоқ. Оқжатардың сыртқы бетін жиі үш немесе төрт тік сызықпен оймаланған, олар шамамен тең аймақты құрайтын төрт немесе бес жолаққа бөледі; мүмкін, бұл оқжатар кескінінің нақты қиғаштарын бейнелейді.

Ені мен биіктігі қатынасында қынаптың кемінде екі нұсқасы бар: кең және тар.

Дулыға – бұл антропоморфтық мүсіндерде ұсынылған сауыт-сайманның бірден-бір түрі. Олардың бәрі бірдей: тегіс, басына іргелес, құлақты және желкені жабады. Болмысында дулығаға ұқсас, былғарыдан және киізден жасалған болуы ықтимал.

Морфологиялық түріне қарамастан мүсіндердің басым көпшілігінде бедерлі немесе оймалау әдісімен жасалған белдік (белбеу) болды. Олардың бәрі жеткілікті кең, болмысында былғары, оған ілінген қылыш пен қынапты ұстап тұра алады. Қылышты ұстап тұратын португяялық белдіктерге бекіту тәсілі мүсіндерде толық көрсетілмеген; баулар белдіктің төменгі жиегінен тігінен төмен қарай жылжытылады. Көптеген белбеу тұтастай көрсетіледі, олардың беті тегіс, қапсырмасы үлгіленбеген. Дегенмен, бірдей бір-бірімен жиі қиылысатын көлбеу сызықтармен оймаланып безендірілген белдіктер көрсетілген. Сол белдіктердің ортаңғы бөлігінде жасанды-тік күйінде ілмек-қапсырма (болмысында металдан жасалғандығы сөзсіз) бейнеленген. Бұл ілмек, қылыштың немесе ториттің салпыншақ жүйесімен мүлдем байланысты емес. Айта кететін жайт, типологиялық ұқсас қапсырма-ілмектер XIX–XX ғасырдың басындағы қазақ (негізінен салтанатты) белдіктерінде қолданылады. Белдіктердің металл гарнитурасындағы қапсырманың мұндай түрлері шығыс аймақтардағы кейінгі сармат уақытынан болжанады.

Білезіктер мүсіндерде сирек кездесетін атрибуттарға жатқызылады, бірақ бұл жартылай ескерткіш бекітілген уақытқа оң қолдың көптеген жағдайларда жоғалып кетуіне байланысты. Жалғыз, үш-бес бұрылыс білезіктер тек оң жақта көрсетіледі. Болмысында бұл білезіктер, қымбат металдардан жасалып, иесінің жоғары әлеуметтік мәртебесіне баса назар аударған.

Мойын алқасы сирек бейнеленетін заттарға жатады.

Қорытынды

Тас мүсіндерде бейнеленген заттар жиынтығына жасалған қысқаша талдаудың нәтижесі белдік, қылыш пен садақты қынап сияқты әскери жабдықтардың мүсін бейнесіндегі міндетті атрибуттар ретіндегі аса маңызды рөлін көрсетеді. Аталған заттардың бейнелерінің ерекшелігі даусыз олардың типологиялық сипаттамаларының этнографиялық дәлдігі, сондай-ақ топофикасы (адам мүсінінде орналасқан) болып табылады. Әлбетте, мүсінші нақты және ежелгі иконографиялық қағидаларға сүйене отырып, шынайы және заманға сай заттарды бейнелеген сияқты. Мұндай жергілікті ерекше қағидалардың қатарына, жақсы қаруланған бірақ шайқаспаған кейіпкерді бейнелеу жатқызылуы мүмкін: ол ұрыс кейпінде емес, табыну күйінде тұруы ықтимал.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Астафьев А.Е. Опыт историко-художественной реконструкции в археологии ранних сармат // Маргулановские чтения – 2011. Материалы Международной археологической конференции. – Астана, 2011. – 394–399-бб.
- Ольховский В.С. Древние святилища Устюрта: контакт или конфликт культур // Наука в России. – Москва, 1997. – № 6. – 67–75-бб.
- Ольховский В.С. Монументальная скульптура населения западной части евразийских степей эпохи раннего железа. – Москва: Наука, 2005. – 299 б.
- Ольховский В.С., Евдокимов Г.Л. Скифские изваяния VII–III вв. до н. э. – Москва, 1994. – 188 б.
- Онгарулы А., Ольховский В., Астафьев А., Дарменов Р. Древние святилища Устюрта и Восточного Приаралья. – Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2017. – 320 б.
- Самашев З., Кушербаев К., Аманшаев Е., Астафьев А. Сокровища Устюрта и Манкыстау. – Алматы: ТОО «Археология», 2007. – 400 б.
- Самашев З., Оңгар А., Оралбай Е., Киясбек Г. Храм-святилище Кызылуиык. – Астана: Издательская группа ТОО «Археология», 2011. – 200 б.

UDC 929.624.8+398.347

Самашев С.К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАҢБАЛАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Таңбалар ежелден билік пен жеке меншіктің нышаны саналады. Таңбалардың маңызының ең артқан тұсы – құрамына көптеген ру-тайпалар мен этносаяси бірлестіктер енген ортағасырлық мемлекеттердің өмір сүрген уақыты. Олар таңбаларды әкімшілік-басқару, сыртқы саясат және басқа да мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру кезінде кеңінен қолданды. Ортағасырлық көшпелі халықтардың ең алдымен бәріне ортақ негізгі таңбалары және соны түрлендіру арқылы жасаған отбасылық және жеке таңбалар болды. Таңбалар қоғам мүшелерінің мәртебесі мен әлеуметтік жағдайын таныту үшін қойылды. Қазақтардың (және барша түркі түркі тілдес ұлттардың) этногенезін қалыптастырған бұл халықтардан бізге кең байтақ жер, аса бай тілмен қатар бойына ел тарихы үшін аса құнды ақпарат жасырған таңбалар мен белгілердің үлкен бір жүйесі мұраға қалды.

Қазіргі археологиялық және этнографиялық далалық зерттеулер нәтижесі көрсетіп отырғандай таңба белгілер Қазақстанның барлық өңірлерінен, жартастардан, культтік-мемориалдық нысандардан, қыш ыдыстардан, теңгелерден, қару-жарақтар мен тұрмыстық бұйымдардан және т.б. табылуда. Бүгінгі таңда қазақ даласында орта ғасырларда өмір сүрген халықтардан қалған таңба белгілер бойынша көптеген құнды деректер жинақталып қалды. Олардың біразын зерттеушілер жеке-жеке ғылыми айналымға енгізіп те үлгерді. Дегенмен, олардың басын қосып, сұрыптап, жіктеп және деректану тұрғысынан талдау жасап, қордаланып қалған әдіснамалық мәселелерді шешуге қабілетті еңбек әлі де болса жарық көре қойған жоқ.

Түйін сөздер. Таңба, белгі, орта ғасырлар, қазақ даласы, түркі халықтары, тайпалар, көшпелілер.

Samashev S.K.

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

SOME ISSUES RELATED TO THE STUDIES OF THE KAZAKH STEPPES' MEDIEVAL TAMGA SIGNS

Abstract. From the ancient times tamgas and signs have been indispensable attributes of property and power. Symbols and signs, or in other words, “tamgas” got their highest significance in medieval states, which included numerous tribal structures and ethno-political associations. Tamgas were used in carrying out administrative, managerial, foreign policy and other state functions. It is known that the nomadic ethnic groups of the Middle Ages had independent tamgas, both tribal and derived from them, as well as family and personal, which showed their status in society, the right to property, etc. Subsequently, these tribes were involved in the ethnogenesis of the Kazakh people (and all Turkic-speaking peoples), thus our people inherited a big system of symbols and signs that contain great amount of information that requires a clue along with a vast territory and rich language.

Due to modern field studies, medieval tamgas were found on the surface of some cult-memorial objects, on rocks, on coins, weapons, everyday objects, etc. Today much data has been accumulated on the tamgas of the medieval peoples of Kazakhstan. This, in turn, necessitates their comprehensive study in a single research work.

Keywords. symbol, sign, middle ages, Kazakh Steppes, Turkic peoples, tribes, nomads.

Самашев С.К.

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ, КАСАЮЩИЕСЯ ИССЛЕДОВАНИЙ ПО СРЕДНЕВЕКОВЫМ ЗНАКАМ-ТАМГАМ КАЗАХСКИХ СТЕПЕЙ

Аннотация. С древних времен тамги и знаки были неотъемлемыми атрибутами собственности и власти. Символы и знаки, или, другими словами, «тамги» получили наибольшее значение в средневековых государствах, которые включали многочисленные племенные структуры и этнополитические объединения. Тамги использовались при выполнении административных, управленческих, внешнеполитических и других государственных функций. Известно, что кочевые этнические группы Средневековья имели независимые тамги, как племенные, так и производные от них, а также семейные и личные, которые демонстрировали их

статус в обществе, право на собственность и т. д. Впоследствии эти племена были вовлечены в этногенез казахского народа (и всех тюркоязычных народов), таким образом, наш народ унаследовал большую систему символов и знаков, содержащую большое количество информации, требующей пояснения, а также обширную территорию и богатый язык.

Благодаря современным полевым исследованиям средневековые тамги были обнаружены на поверхности некоторых культово-мемориальных предметов, на скалах, на монетах, оружии, предметах быта и т. д. Сегодня накоплено много данных о тамгах средневековых народов Казахстана. Это, в свою очередь, требует их всестороннего изучения в рамках одной исследовательской работы.

Ключевые слова. символ, знак, средневековье, казахские степи, тюркские народы, племена, кочевники.

Кіріспе

Қазақ даласындағы таңба-белгілердің зерттеушілер назарына ілінгеніне екі жүз елу жылдай уақыт өтті. Түрлі себептермен ара-арасында үзілістер болғанымен, қазіргі уақытта бұл тақырыпты қамтиын ғылыми әдебиеттердің саны жағынан еш кемдік жоқ. Тіпті тарихи деректің осы түріне деген қызығушылықтың күрт артуы XX ғ. екінші жартысынан бастап Еуразия даласын ежелгі және орта ғасырларда мекен еткен халықтардың таңбаны қолдануы мәселесінің түрлі аспектілерін терең зерттейтін авторлар мен авторлық ұжымдардың қатарын көбейтті десе де болады.

Ғалымдар елімізден және шекаралас жатқан аймақтардан табылған таңба белгілерді жинақтау, талдау, «таңба» ұғымын түсіндіру және белгілі бір таңба түрлерінің таралу ареалын анықтау бойынша үлкен жұмыстар атқарды. Таңбалардың шығу тегі, ішкі мәні және параллельдігі мәселелерін зерттеу де белгілі бір деңгейге жетті. Бірақ зерттеушілер әртүрлі себептермен (саяси, тілдік және т.б.) бір-бірінен алшақ жұмыс істегендіктен пікір қайшылықтары көбейді және ортақ әдіснама жасалмады. Бұл зерттеулер санын ғана емес, сонымен қатар оларға қойылатын сынды да арттыра түсті. Ендігі жерде осы уақытқа дейін жария етілген еңбектердің басын қосып аралық қорытынды жасап, алдағы уақытқа жаңа зерттеу межесін белгілейтін уақыт келді.

Деректер және әдістер

Дерек ретінде анықталып және ғылыми айналымға енгізіліп қойған таңбалармен қатар далалық Еуразияның таңбалары мен белгілерін зерттеумен шұғылданып жүрген отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері қолданылды.

Таңбалар ортағасырлық қазақ даласын мекен еткен халықтар өмірінде орын алған тарихи құбылыс болғандықтан біз оларды зерттеуде тарихилық, функционалды және жүйелілік қағидаттарына сүйендік және талдаудың статистикалық және ретроспективалық әдістерін қолдандық.

Талқылаулар

Зерттеушілер ортағасырлық қазақ даласының таңба-белгілері келтірілген алғашқы деректердің қатарына Рашид ад-Диннің, Қашғаридің және Әбілғазының еңбектерін жатқызады. Дегенмен, қазіргі зерттеушілер қолданып жүрген еңбектердің дені біршама кешірек, яғни XVIII ғ. аяғынан бастап жарық көргендер. Бұлардың алдыңғы қатарында Н. Аристов, Н. Гродеков, А. Левшин, Л. Баллюзек, В. Радлов, М. Вяткин, С. Абрамзон, С. Фукс, В. Курылев және т.б. көптеген авторлардың зерттеулері тұрады. Қазақ даласы таңбаларын зерттеу тарихнамасында Ш. Құдайбердіұлы, М. Тынышпаев, С. Аманжолов, В. Востров, М. Мұқанов, Х. Арғынбаев еңбектерінің орны бір төбе.

Қазақ даласында таңбалардың қолданылу тарихын зерттеудің тереңдей түскені күні кеше – Қазақстан өз тәуелсіздігін алғанан бергі уақыт. Қазіргі уақытта бұл тақырыпты қамтитын ғылыми және ғылымтанымдық еңбектердің саны жүзден асып кетті. Олардың арасында осы тақырыптың негізгі мәселерін анықтау және шешу жағынан алғанда құндысы – В. Ольховский, С. Яценко, З. Самашев, Н. Базылхан, А. Рогожинский, А. Досымбаева, Ж. Артықбаев, С. Ярыгин және Ө. Шнанов еңбектері.

Нәтижелер

Ортағасырлық қазақ даласының таңбалары – бүкіл Еуразиялық дала белдеуінде кездесетін таңба-белгілердің ажырамас бөлігі. Ғалымдардың пікірінше таңбалардың кем дегенде 70 мың жылдық тарихы бар (Perrin, Pim, Yatsenko, 2010, 9 б.), ал қазақ жерінде олар неолиттен бастап кездеседі (Самашев, Базылхан..., 2010, 14 б.). Кейбір ғалымдар таңбалардың зерттеушілер назарына іліге бастауын XVII ғ. жатқызады, ал археологтар мен этнологтар оларды кәсіби зерттеуді 1881 ж. Тбилсиде өткен Ресей археологтарының V-ші конгресінен соң бастады деп санайды (Perrin, Pim, Yatsenko, 2010, 19 б.). Таңбаның әлемнің басқа да елдерінде ғылыми тұрғыдан зерттеле бастағаны да осы уақытпен тұспа-тұс келеді.

Егер жаһандық тұрғыдан қарайтын болсақ, басқа салалармен салыстырғанда таңбаларды зерттеу ісі әлі күнге кереметтей ілгері басып кете қойған жоқ. Бұл мәселенің зерттеудің жеке бір саласы ретінде өзіне лайықты бағасын алмауы ғалымдар арасында кәсіби байланыстың жоқтығымен түсіндіріледі. Әлем

ғалымдарының зерттеу пәніне деген көзқарасының әлі де болса шектеулі болуы және өзара ақпарат алмасу деңгейінің әлсіздігі таңбаларды зерттеу мәселесін жетілдірумен айналысып жүрген зерттеушілер үшін үлкен кедергі (Perrin, Pim, Yatsenko, 2010, 18 б.). Яғни бұл сала әртүрлі елдердің ғалымдары арасында ортақ зерттеу алаңының болмауы және ғылыми ақпараттың қажетті көлемінің уақтылы түсіп отырмауы себепті ақсап қалды.

Қазақстандық ғылыми орта үшін мұның басты себебі – кеңестік кезеңде осы тақырыппен шұғылдануға шектеу қойылуы болды (Рогожинский, 2016, 225 б.). Зерттеушілер таңбаларды жеке-дара қарастыра алмай, ежелгі жазбаларды (Аманжолов, 1959) және этникалық тарихты (Востров, Муқанов, 1968) зерттеу аясында тиіп-қашып тоқталуға мәжбүр болды. Ортағасырлық Қазақстан көшпелілерінің таңбаларын зерттеу қарқыны тек соңғы он-он бес жылда ғана артты (Рогожинский, 2013, 226 б.). Алайда Еуразия даласын мекен еткен ортағасырлық халықтардың таңбалары мен белгілері, олардың шығу тегі мен даму барысы, трансформациялануы турасында толыққанды біртұтас ғылыми зерттеу әлі де жасалған жоқ (Самашев, Базылхан..., 2010, 7 б.).

Бізге белгілі рулық таңбалардың тамыры тереңде, тіпті сонау қола дәуірінен бастау алады деп саналғанымен (Вайнберг, Новгородова, 1976, 66 б.) «қазақ таңбалары» аталатын таңба белгілер бастауын орта ғасырлардан, яғни көне түркілерден алады (Ольховский, 2001, 100 б.) деген мәнмәтінде қарастыра болсақ, қазақ даласы ортағасырлық халықтарының таңбалар жүйесін зерттеу ерекше маңызға ие екені сөзсіз. Қазақстан территориясы түркі халықтарының алғашқы мемлекеттері пайда болып өмір сүрген аумақ болғандықтан бұл мәселенің шешімін табу үшін тек қазақ жері мен халқына тән таңбаларды ғана емес, басқа да түркі тілдес елдердің таңбаларын қоса зерттеп, салыстырмалы талдау жасалуы тиіс.

М. Тынышпаев қазақтың үйсін, қаңлы, жалайыр, арғын, керей, найман, қоңырат, қыпшақ, алшын тәрізді негізгі руларының қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түркімен, башқұрт, татар, ноғай халықтарының құрамында, сондай-ақ Қырым, Қашғар, Ауғанстан, Кавказ, Иран және Монғолия жерлерінде кездесетінін жазып қалдырған (Тынышпаев, 1925, 27-28 бб.). О. Ақчокраклы, Р. Кузеев, Р. Керейтов, О. Каратаев еңбектері де (Ақчокраклы, 1927; Кузеев, 1974; Керейтов, 1999; Каратаев, 2003) бұны растай түседі. Түрік ғалымы Е. Юртсевер өзінің «Таңба» атты еңбегінде бүкіл түркі халқын Шығыс, Орта, Батыс түркілер деп үлкен үш топқа және әр топты өз ішінде, яғни, Шығыс түркілерді үш, Орта түркілерді он төрт, ал Батыс түркілерді сегіз топшаға бөліп кеңінен қарастырып, таңбаларды осылардың барлығына ортақ құбылыс ретінде келтіреді (Yurtsever, 1993, 14-18 бб.).

Одан кейінгі мәселе «таңба» сөзінің шығу тегін анықтау. Бұл жағынан келгенде ғалымдар көбіне В. Ольховскийге (Ольховский, 2001, 100 б.) жүгінгенді жөн көргенімен, О. Перриннің пікірін де (Perrin, 2010, p. 26) ескерусіз қалдыруға болмайды.

Сонымен қатар, ортағасырлық қазақ даласы халықтарын зерттеу барынша нәтижелі болуы үшін қарастырып отырған аумақ пен уақыт кеңістігіне сәйкес келетін «таңба» ұғымын нақтылап алу да маңызды. Заманауи зерттеулер нәтижесі көрсетіп отырғандай «таңба» аясы өте кең ұғым және оған әр зерттеушінің өзінше алып-қосары бар. Бірақ бұл жерде бір анығы таңба ең алдымен рулық меншіктің белгісі (Samashev, 2010, p. 331). Осы орайда біз Н. Аристовтың «А.Н. Харузиннің осы мәселеде айтқан пікірімен қосыламыз, таңба сөзінің мағынасы жеке және отбасылық меншік пайда бола қоймаған рулық кезеңге нұсқайды» деген ойының жаны бар деп санаймыз. Себебі «әмеңгерлік» дәстүрі күні кешеге дейін сақталып келген қазақ халқы үшін жекеменшік немесе жанұялық меншік деген салыстырмалы ұғымдар. Отағасы кез келген уақытта шайқаста немесе барымтада мерт болуы мүмкін жағдайда, оның мал мүлкі руластарының ішіндегі ең жақын туысының қолына өтетін болғанын ескерсек (Қазақтың этнографиялық категориялар..., 2011, 326-327 бб.), мал шаруашылығымен айналысатын, жауынгер, көшпелі қоғамда барлық мал-мүлік рудың меншігі болған деп нақты айтуға негіз бар.

Нақтылануы тиіс келесі мәселе – ортағасырлық қазақ даласы халықтарындағы таңбалардың негізгі функциялары. Атап айтқанда, В. Ольховский келтірген таңбаның сегіз функциясының (Ольховский, 2001, 107-108 бб.) біз қарастырып отырған уақыт пен ортаға сәйкес келуі, яғни бұл тізімнің толықтырылуы немесе керісінше азайтылуы.

Таңбалардың түркі халықтарымен ұқсастығы, яки параллельдігі мәселесінен бөлек, айырмашылықтарын, нақты қазақ даласына тән ерекшеліктерін анықтап алудың да маңызы зор. Бұл мәселеге О. Каратаев (Каратаев, 2003, 71 б.) пен Рогожинский де (Рогожинский, 2016, 224 б.) өз еңбектерінде тоқталып өткен. Ендігі жерде солардың пікірін дамытып, деректермен дәйектеп нақты айырмашылықтар мен ерекшеліктер анықталуы тиіс.

Таңбалар туралы осы уақытқа дейінгі жазба деректерді топтастырып, тиісінше кезең-кезеңдерге бөліп, тарихнамалық шолу жасау арқылы да көптеген теориялық мәселелерді шешіп алуға болатыны даусыз. Әсіресе ғалымдардың еңбектерінде келтірілген деректерге сапалы түрде салыстырмалы талдау жасалатын

болса, солардың нәтижесінде ортағасырлық қазақ даласында өмір сүрген ру-тайпалардан бастау алатын түркі халықтарына ортақ таңбалар кестесін әзірлеп шығуға болады.

Бұл жерде ерекше тоқтала кететін бір мәселе, А.Е. Рогожинский өз еңбегінде алдыңғы буын авторларының еңбектеріне сын көзбен қарау керек, олар келтірген деректердің сәйкеспейтін тұстары бар деп келтіреді (Рогожинский, 2016, 223-226 бб.). Автордың көтеріп отырған мәселесін тереңірек қарастырып, бұл жерде негізгі қателіктер мен «техникалық қателіктерді» айырып алу қажет. «Техникалық қателіктер» деп отырғанымыз негізінен малды таңбалау кезінде орын алатын жағдайлардың жиынтығы. Олардың қатарына таңбаланатын малдың тұрқының үлкен-кішілігіне, таңба тыртығының әбден жазылғаннан кейінгі бейнесіне, сондай-ақ таңбалаушының қолындағы қызған темірдің олқы немесе теріс түсуіне байланысты өзгерген таңба-белгілерді жатқызуға болады. Оның үстіне этнографиялық кезеңде сатып алынған немесе ауыстырылған малдың иесі бұрынғы таңбаның үстіне өз таңбасын басатын сәттер де байқалғандықтан бұл тәжірибенің ежелден келе жатуы мүмкін екендігін де ескеру қажет.

Біздің бұл келтіргеніміз қарастырып отырған мәселенің кейбір тұстары ғана. Бұдан бөлек ортағасырлық таңба-белгілердің типологиясы мен жіктелуі (рулық, этникалық, тайпалық), семантикасы, этноәлеуметтік-мәдени маңызы (оғыз, қыпшақ, найман және басқа да ірі рулық-тайпалық одақтардың таңбалары) тәрізді келтірілгендерден анағұрлым күрделірек сұрақтары да жетерлік.

Қорытынды

Ортағасырлардағы қазақ даласы халықтарының белгі жүйесіндегі таңбалар соңғы кездегі зерттеу еңбектерінде жиі қамтылып жүрген тақырып. Қазіргі уақытта бұл тақырыпқа деген қызығушылық Қазақстан аумағынан асып алыс-жақын шет елдердегі зерттеушілердің назарын аудартып отыр. Бұл өте құптарлық жағдай, себебі біріншіден, тың көзқарастар пайда болады, екіншіден салыстырмалы түрде зерттеулерге қажетті деректер саны артады, мәселені толық қамтып ұқсастықтар мен айырмашылықтарды барынша дәл келтіруге мүмкіндіктер туады.

Осы тұрғыдан алғанда қазақстандық зерттеушілер алдында тұрған міндеттер жаңарып, олардың қатарына соңғы жылдардағы археологиялық және этнологиялық зерттеулер нәтижесін қосып деректер базасын жаңғырту, бұрынғы зерттеулерді жалғастыра отырып жаңа теориялық-әдіснамалық негіздемелерін жасау және т.б. кіреді.

ӘДЕБИЕТ

- Акчокраклы О. Татарские тамги в Крыму (Мат-лы науч.-этногр. экспедиции по изучению татар. культуры в Крыму, 1925) // Изв. Крымского педагогического института. 1927. Кн. 1. С. 32-47
- Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата: Изд-во Алма-Атин. пед.ин-та, 1959. 450 с
- Вайнберг Б.И., Новгородова Э.А. Заметки о знаках и тамгах Монголии // История и культура народов Средней Азии (древность и средние века). – М.: «Наука», – С.1976. 66-74, 176-179
- Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX в.). Алма-Ата: Наука, 1968. 256 с
- Каратаев О.К. Кыргыздардын этномаданий байланыштарынын тарыхынан. -Бишкек, 2003. – 167 б
- Керейтов Р.Х. Этническая история ногайцев : (К пробл. этногенет. связей ногайцев). – Ставрополь: Карачаево-Черкес. ин-т гуманитар. исслед., – 1999. – 174 с.
- Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа: Этнический состав, история расселения. – М.: Наука, 1974. – 572 с. – 2400 экз. (в пер.)
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011, – 738 б
- Ольховский В.С. Тамга (к функции знака) // Историко-археологический альманах. – Армавир, 2001. – № 7. – С. 100-109.
- Рогожинский А.Е. Проблемы изучения удостоверительных знаков средневековых кочевников Казахстана // Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук. Алматы. – 3 (289). –2013. – С. 226-240.
- Рогожинский А.Е. Казахские тамги: новые исследования и открытия // Казахи Евразии: история и культура: сб. научн. Трудов. – Омск: Изд-во Ом. гос. ун-та им. Ф.М. Достоевского; Павлодар: Изд-во Павлод. гос. пед. ин-та, 2016. – С. 223-235
- Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. Көне түркі таңбалары. – Алматы, 2010. – 168 б.
- Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казацкого народа. Ташкент: Восточное отделение киргизского государственного издательства. Туркестанский отдел русского географического общества, 1925. – 77 с
- Oliver T. Perrin, Joam Evans Pim and Sergey A. Yatsenko. Mark Studies. An Interdisciplinary Approach // Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey / edited by Joam Evans Pim; Sergey A. Yatsenko and Oliver T. Perrin. – London; Dover:Dunkling Books. 2010, pp. 9-25
- Oliver T. Perrin. Tamgas and Space: Territorial Mark and Mnemotechnic // Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey / edited by Joam Evans Pim; Sergey A. Yatsenko and Oliver T. Perrin. – London; Dover: Dunkling Books. 2010, pp. 25-61
- Samat K. Samashev. Kazakh Tamgas. Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey / edited by Joam Evans Pim; Sergey A. Yatsenko and Oliver T. Perrin. – London; Dover:Dunkling Books. 2010, pp. 331-340
- Yurtsever E. Tamga. Istanbul, 1993. – 156 s

UDC 902/904

Сиражева Б.А.

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Қазақстан

БЕРЕЛДЕН ТАБЫЛҒАН СҮЙЕК БҰЙЫМДАР

Аңдатпа. Мақалада Берел обасының №36 қорғанынан табылған мүйіз бұйымдар кешеніне трасологиялық сараптама жүргізу нәтижелері келтірілген. Бұл кешен Берел қорымында 2002-2004 жж. жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде табылған. Марал мүйізінен жасалған 66 дана ат-әбзелдерінің осы әшекейлері Қазақ даласы ерте көшпелілерінің сүйек ұқсату өнерінің бірегей үлгілері деп танылады.

Аталмыш №36 қорған ашылған 2002–2004 жж. бері бұл бұйымдар бірнеше археолог ғалымдардың назарына іліккенімен, өз зерттеулерін тұжырымдап жария еткен тек З. Самашев пен А.П. Бородовский ғана болды.

Табылған бұйымдар жинағы аз зерттелген заттар қатарына жататындықтан осы ақтаңдақтың орнын толтыру мақсатында бірқатар зертханалық зерттеулер жасалды.

Бұйымдардың бойындағы өңдеу және тұтыну іздерін анықтау мақсатында Материалдық мәдениет тарихы институтының (РФ, Санкт-Петербург қ.) тәжірибелік-трасологиялық зертханасында Е.Ю. Гирияның жетекшілік етуімен және «Кайнозой геохронологиясы» ұжымдық қолдану орталығында (РФ, Новосибирск қ.) А.П. Бородовскийдің жетекшілік етуімен бірқатар зертханалық жұмыстар жүргізілді.

Автор аталған ғалымдарға өз алғысын білдіре отырып, осы мақалада сол зерттеулердің жинақталған қорытындысымен таныстырады.

Түйін сөздер. сүйек, мүйіз, сүйек ұқсату ісі, ерте темір дәуірі, қорған, трасология, Берел

Б.А. СИРАЖЕВА

Института археологии им. АХ. Маргулана

КОСТЯНЫЕ ПРЕДМЕТЫ ИЗ БЕРЕЛИ

Аннотация. В статье отражены результаты трасологических исследований комплекта роговых изделий из кургана 36 могильника Берел. Настоящий комплект, обнаруженный в результате археологических изысканий проведенных на некрополе Берел в 2002–2004 годы, является упряжью верхового коня, состоит из 66 предметов, изготовленных из рога марала, и представляет собой выдающееся произведение косторезного искусства ранних кочевников Великого пояса степей.

Со времени исследования кургана 36 в 2002–2004 гг. данные предметы стали объектом исследования нескольких ученых-археологов, но результаты своих исследований опубликовали только З. Самашев и А.П. Бородовский.

В целом коллекция относится к категории малоизученных предметов и для восполнения этих пробелов проведен ряд лабораторных исследований.

В целях изучения материальных следов изделия, были исследованы в ноябре 2015 г. в экспериментально-трасологической лаборатории Института истории материальной культуры (Санкт-Петербург, РФ) под руководством Е.Ю. Гирия. Дополнительные исследования были проведены в 2016 году, в Центре коллективного пользования «Геохронология кайнозоя» (Новосибирск, РФ), под руководством А.П. Бородовского. Автор выражает благодарность коллегам за оказанную помощь в изучении данного комплекса.

Ключевые слова. кость, рог, косторезное дело, ранний железный век, курган, трасология, Берел

B. Sirazheva

Institute of Archaeology named after A.Kh. Margulan, Kazakhstan

BONELLES OBJECTS FROM BEREL

Abstract. The article presents the results of tracolological researches of a set of objects made of horns from the barrow 36 of the burial mound Berel. The set discovered as a result of archaeological research carried out on the necropolis Berel in 2002-2004, is the horse harness. It consists of 66 items made of red deer horns, and is an outstanding work of bone carving art of the early nomads of the Great Steppe Belt.

These objects have become the object of research of several archaeologists since the study of the barrow 36 in 2002-2004, but the research results were published only by Z. Samashev and A.P. Borodovsky.

In general, the collection can be referred to poorly studied subjects and a number of laboratory studies have been carried out to eliminate these gaps.

In order to study the material traces of the objects, they were examined 2015 in the experimental-trasological laboratory of the Institute of the History of Material Culture (St. Petersburg, Russia) under the guidance of E.Yu. Gir'. Additional studies were carried out in 2016, at the Center for Collective Use " Cainozoe geochronology" in November (Novosibirsk, Russia), under the supervision of A.P. Borodovsky. The author expresses gratitude to colleagues for their help in studying this complex.

Key words. bone, horn, bone carving, early iron age, barrow, Trace Analysis, Berel

Кіріспе

Қазақстан археологиясында ерте көшпелілер тұтынған сүйек бұйымдар өте аз зерттелген. Оларды егжей-тегжейлі жіктеу мәселесі әлі күнге қолға алынған емес. Сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдар басқа заттармен салыстырғанда көп жағдайда зерттеушілер назарынан тыс қалатын дүниелер. Олардың пікірінше сүйек заттардың хронологиялық және мәдени таралу аймағы кең болғандықтан ескерткіштің уақыты мен мәдени тегін анықтауға жарамсыз болып келеді. Дегенмен соңғы уақыттағы жаратылыстану-ғылыми әдістерді қолдану арқылы зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдардың көмегімен ежелгі тұрғындардың шаруашылығы, экономикасы, тұрмысы және мәдени өмірі жайлы құнды деректер алуға болады. Осы мақалада Қазақстан ерте көшпелілерінің сүйек ұқсату өнерінің кейбір аспектілерін сарапқа салу талпыныстары жасалды.

Нәтижелер

Берел қорымының 36 қорғанынан 2002 ж. марал мүйізінен аң стилінде ойып жасалған, ат-әбзелдерін безендіруге арналған 66 дана көркемөнер туындысы табылды. Бұл бұйымдар кешені әсемдігі мен бірегейлігі жағынан қола дәуірінің Кент қонысынан табылған жинақтан кем түспейді (Усачук, Варфоломеев, 2013: 223; Варфоломеев, Ломан, Евдокимов, 2017: 217). З.С. Самашев пен А.П. Бородовский 2004 ж. мүйізден жасалған осы әшекейлерді сипаттап мақала жариялап, ғылыми айналымға енгізді. Олар бұл кешенге: «Мүйізді скиф-сақ аң стилінде асқан шеберлікпен ойып жасаған көркемөнер бұйымдары Алтай ғана емес бүкіл Еуразия ерте көшпелілерінің жерлеу ескерткіштерінен мұндай көлемде тұңғыш рет кездесіп отыр. Әдетте Обь өзенінің жоғары алабында орналасқан б.д.д. I м.ж. екінші жартысына жататын обалардан ат-әбзелін құрайтын жекелеген сүйек бұйымдар немесе мүйізден жасалған жүген әшекейлерінің бірнешеуі ғана табылатын», – деп баға берді (Самашев, Бородовский, 2004: 83).

Сол уақыттан бері осы заттар бірнеше ғылыми мақалаға (Базарбаева, Джумабекова, 2014: 235; Бесетаев, 2014: 4; Шульга, 2015: 59) арқау болғанымен, нақты трасологиялық тұрғыдан зерттеулер жүргізген тек З. Самашев пен А.П. Бородовский ғана болды (Бородовский, 2007: 104-107; Бородовский, Телегин 2007: 52; Самашев, 2011, 36-37; Бородовский, 2013: 25).

Дегенмен бұл мәселе З.С. Самашевтың назарынан тыс қалып көрген емес. Оның біз қарастырып отырған заттар кешеніне 2009 ж. украиналық ғалым А.Н. Усачукпен, 2011 ж. австриялық ғалым В. Лобиссермен (Wolfgang Lobisser) бірлескен трасологиялық зерттеулер жүргізгені осыны байқатады. Бірақ бұл зерттеулердің қорытындысы әлі күнге ресми түрде ғылыми айналымға енгізілген жоқ.

Мүйізден жасалған әшекейлерді зерттеудегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 2015 ж. олардың 53 данасын (жақсы сақталған, тасымалдауға келетін, бүтін әрі ақпарат беру мүмкіндігі мол дегендерін іріктеп алып) РФ Санкт-Петербург қаласындағы Материалдық мәдениет тарихы институтының Эксперименталдық-трасологиялық зертханасына апарып Е.Ю. Гиряның басшылық етуімен трасологиялық зерттеуден өткіздік. Артынша осы бағыттағы зерттеулерді А.П. Бородовскийдің басшылық етуімен, 2016 ж. РФ Новосибирск қаласында орналасқан РФА СБ Археология және этнография, Геология және минерология, Ядролық физика институттарының Ұжымдық қолдану орталығы базасында жалғастырдық.

Алдымен, 2015 ж. зерттеулерге тоқталатын болсақ, олар бұйымдардың бетіндегі материалдық іздердің макрофототүсірілімін жасау, МБС-9 стереоскопты микроскобының көмегімен бақылау және анықталған іздерді ацетаттық пленкаға түсіру әдістері арқылы жүзеге асырылды. Мүйізден жасалған әшекейлердің макротүсірілімі Helicon Focus компьютерлік бағдарламасымен өңделді.

Атап айтар болсақ, мына заттар зерттелінді: негізгі пішіні төртбұрышқа келетін, мүйіз тірескен қос бұғыгрифон протомасы бейнесіндегі салпыншақтар (20 дана); мәнерлеп оймышталған тікбұрышты салпыншақтар (15 дана); арка пішіндес оймышты салпыншақтар (4 дана); құйысқанның жапсырмалары (2 дана); пішіні S-тәріздес, ұштарында бұғыгрифон протомасы бейнеленген костесікті сулықтар (2 дана); үзбелер (2 дана); жұқа, шығыңқы-иілңкі тікбұрыш планкалар түріндегі жапсырмалар (2 дана); маңдай жапсырмасы (1 дана); тамшы пішіндес жіңішке пластина түріндегі тұмсық жапсырмасы (1 дана); төс

жапсырмасы (1 дана); ер қасының доға пішіндес әшекейі (1 дана); ромб пішіндес үзбе (1 дана); тартпа тоғасы (1 дана).

Бұл жерде айта кететін нәрсе, бұйымдардың органикалық заттан жасалғанын, жер астында ұзақ уақыт бойы сақталғанын және жаңғырту барысында да химиялық ықпал етуге ұшырағандығын ескере отырып олардың шикізат күйіндегі өңделу іздерін (қайнату, жібіту және т.б.) анықтауға талпынбадық.

Зерттеулер нәтижесі бойынша бұйымдардың барлығына дерлік ортақ мынадай белгілерді анықтадық:

- бұйымдарды жасауда жүзі өткір және өте үшкір металл құралдар ғана пайдаланылған;
- барлығы да қолдан оймышталып жасалған;
- бұйым бетіндегі тесіктер мүйізді шытынатып алмау мақсатында көбіне қарама-қарсы бұрғылау арқылы жасалған;
- бұйымдарда белгілі бір сызба немесе үлгі арқылы жасалғанын білдіретін белгілер жоқ немесе сақталмаған;
- бұйымдар матаға немесе қайысқа бекітілген;
- бұйымдар біраз уақыт қолданыста болған.

Алдымен, бұйымдардың қандай құралдардың көмегімен жасалғанын анықтауға талпындық. Бұйымдардың макрофототүсірілімін Helicon Focus компьютерлік бағдарламасы арқылы өңдеу арқылы әр заттың жеке-жеке қолдан мұқият оймышталып жасалғаны анықталды. Мысалы айылбастар мен жапсырмалардың қай-қайсысының болмасын бірнеше есе үлкейтілген суретін алып қарайтын болсақ, басында түп-түзу, жұп-жұмыр етіп жасалғандай көрінетін оймыштардың шын мәнінде керткітері көп екенін көреміз (1 сурет). Бұл керткітер пышақпен немесе сол сияқты жүзі өткір кез келген металл құралмен біртіндеп жону барысында түсетін керткітер болып табылады. Жай көзбен бұл керткітерді байқау мүмкін емес болғандықтан, құрал металдан жасалған деп кесімді түрде айтуға болады. Себебі тастан, сүйектен немесе басқа да материалдардан жасалған құралдардың жүзі мұндай жұқа, әрі өткір болуы мүмкін емес нәрсе.

Әзірге құралдың үш түрі болғаны туралы болжам жасауға болады. Біріншісі, пышаққа ұқсас құрал (ұшы қаламұш тәріздене келген болуы ықтимал); екіншісі, басы жартылай дөңгелене келген өткір құрал (осы заттармен бірге табылған ұшы сақина тәрізді пышақ болуы мүмкін); бұрғы.

Бірінші құралмен көлемі жағынан үлкенірек негізгі элементтер оймышталып жасалған болуы тиіс. Мүйіз бетіндегі бейнелер біртіндеп тілік жасау арқылы түсірілгендіктен, бұйым бетіндегі тереңірек түзу сызаттар (2 сурет) алдын-ала жасалған белгілер емес, осы құралдың олқы түскендігінен қалған іздер деген болжам жасадық.

Салпыншақ айылбастардың бетіндегі «қабыршақтар екінші құралдың көмегімен жасалған деуге негіз бар. Себебі, бұйым бетіндегі «қабыршақтардың» үлкейтілген бейнелерінен керткітерді байқамадық, жартылай дөңгелене келген өрнектің шет-шеті түп-түзу (3 сурет). Бұндай өрнекті ұш жағы сақина тәріздене біткен өткір металл құралдың көмегімен үңгіп алу арқылы жасауға болады.

Ал бұйымдардағы тесіктер металл бұрғының көмегімен жасалған (4 сурет). Бірақ кейбір бұйымдарда тесіктер төтесінен жасалмаған, бұйымды бүлдіріп алмау мақсатында бір-біріне қарама-қарсы бағытта тесілген. Бұйым бетіндегі жалпақ тесіктер бұрғымен тесіліп алынып, артынша бір бағытта (бұйымның төменгі жағына қарай) пышақпен жона отырып кеңейтілген (5 сурет). Жалпақ тесіктердің қызметі жөніндегі болжамымыз екі түрлі: біріншісі, бұл тесіктер бұйымдар салпылдап тұрмас үшін қайыс, киіз немесе мата астарға бекіту үшін жасалған; екіншісі, бұл тесіктерден сәндік үшін қайысты немесе шашақты шығарып түйіп қою үшін жасалған. Бірінші болжамымызды нақтылай түсу үшін астарға бекітілген қайыстан қалған үйкеліс іздерін қарастырып көргенімізбен ондай белгіні байқай алмадық (үйкеліс іздері болмаған немесе реставрациялау барысында жойылып кеткен), сондықтан бұл болжамымыз әлсіздеу болып отыр. Екінші болжамымыз шындыққа жанасуы мүмкін, себебі, бұл тесіктерден қайыс баулар немесе шашақтар шығарылып қойған болса, үйкеліс іздерінің болмауы немесе болса да әлсіз болғандықтан сақталмауы заңдылық. Қалай болған күнде де бір нәрсе анық, шебер бастапқыда бұндай үлкен тесіктерді жасауды жоспарламаған. Бұйымдарда алдымен кішкене тесіктер жасаған, артынша дайын бұйымның тесіктерін әлдебір себептермен тағы да кеңейткен.

Бұйымдарды жасауда негізінен кесу, жону және тесу әдістері қолданылған.

Бұйымдар қолдан жеке-жеке жонылып жасалғандықтан жасаушы шебер бірнешеу болуы мүмкін деген болжам жасадық. Себебі, бұйымдар жасалған мүйіз материалдың сапасы біркелкі. Мұндай мұқият, әрі нәзік оймыштау біраз уақыт алатын жұмыс. Ал мүйіз материал уақыт өткен сайын кебу тарту, жарылу сияқты органикалық заттарға тән бүлінушілікке ұшырайтыны белгілі. Оның үстіне бұл бұйымдар тек жерлеу ғұрпына арнап жасалған деген болжамға сүйенсек, бұл да жұмысты шапшаңдату үшін бірнеше адам жабылып жасауға себеп болады. Сондай-ақ кейбір бұйымдар симметриялығымен және мұқият жасалуымен ерекшеленеді және бұл бұйымды басқаларға қарағанда тәжірибесі молдау шебер жасаған болуы мүмкін-ау

деген ойға жетелейді. Ал былайынша, белгілі бір шебердің қолтаңбасын анықтау және бір жақты шешім шығару деген мүлдем мүмкін емес нәрсе.

Бұйымдар мата, киіз немесе былғары астарға бекітілген деп болжауға негіз бар. Себебі бұйымдардың барлығының дерлік артқы жағы жап-жаңа (ешқандай үйкеліс немесе басқа да іздер байқалмайды).

Тағы бір назар аударарлық нәрсе, бұйымдардың барлығының төменгі жақтарынан тозу іздері байқалады. Кейбір бұйымдардың тозу іздері тіптен анық. Бұйымдардың белгілі бір мөлшерде тозғандығына қарап бұл әшекейлердің бастапқыда салтанатты іс-шараларда қолдануға арнап жасалған болуы ықтимал деп шештік. Оның үстіне, бұйымдар қабірге түскенге дейінгі қолданыс кезінде алтын фольгалар жапсырылмаған, тек қызыл түспен боялған күйінде (6 сурет) немесе қалайы жабындысымен қолданылған болуы мүмкін. Қалайы жабындысы минус 13°C температурасында қалайы кристалдары атомының тығыздығы азайып, сұрғылт түсті Sn модификациясындағы жартылай өткізгішке айналатынының ескерсек, мүйіздің құрылысындағы табиғи тесіктерде кездесетін көкшілдеу немес сұрғылт кристалдарды бұйымның қолданыстағы кезінде сіңіріп алған қалайысы деп санауға негіз бар. Бірақ бұйымдар қалайы жабындысымен қабірге түсірілгенге дейін де кейін де минус 33°C температурасына ұрынбаған. Олай болған күнде қалайының орнында ұнтағы ғана қалатын еді (Мутылина, 2016: 63).

Ал бұйымдардың бетіндегі алтын фольга жапсырмалары тіптен жаңа болғандықтан, оларды бергінде (қабірге түсірілер кезде) жапсырған деп санаймыз. Алтын фольгада тозу іздерінің болмауы, ал фольга астындағы бұйымда керісінше бұл іздердің болуы бұйымдардың аз кем қолданыста болған болуы мүмкін деген болжам жасауға мүмкіндік береді. Дегенмен, фольгалардың реставрациялық жұмыстар барысында мұқият өңделуі есебінен жаңарып кету мүмкіндігін де жоққа шығармаймыз. Екінші жағынан алып қарағанда, үлбіреген жұқа фольгамен жабылған әшкейлермен безендірілген ат-әбзелдерін салтанатты іс-шараға болсын қолдану, яғни атты ерттеп мініп аз уақыт болса да жүру ақылға қонымсыз нәрсе.

Біз қарастырып отырған мүйіз бұйымдардың да нәзіктігі олардың үнемі қолданыста болу мүмкіндігін жоққа шығарады.

Тағы бір тоқтала кететін жайт, төс айылдың мүйіз тоғасы (7 сурет) біздіңше бұл кешенге сырттан келіп қосылған дүние және оның біраз уақыт бойы қолданыста болғаны МБС-9 стереоскопты микроскобының көмегімен бақылау арқылы және ацетаттық пленкаға іздерді көшіріп алу арқылы анықталып отыр. Оның үстіне бұйым жасалған шикізаттың тығыздығы да, біз қарастырып отырған кешеннен қарар көзге де ерекшеленеді. Бұндай тоғалардың күнделікті қолданыста болғаны осы дәуірге тән басқа ескерткіштерден осыған ұқсас жәдігерліктердің табылуымен дәйектелініп отыр.

Заттардағы бояу іздері барлығында дерлік жақсы сақталғандықтан бұйымдарды бояу басынан жоспарлы түрде атқарылған деуге негіз бар.

Ал 2016 ж. жүргізілген зерттеулер барысында дәстүрлі (органолептикалық) және жаратылыстану ғылыми әдістерінің (энергодисперсиялық сараптаманы) көмегімен бұйымдардың жасалу материалын және оларды безендіру (алтынмен аптау, сырлау) кезінде қолданылған материалдарды анықтадық.

Нәтижесінде:

- бұйымдардың сом мүйізден ойылып жасалғаны, нақтырақ айтар болсақ, мүйіз шикізатының әртүрлі бөліктерінен (бұтақтары мен ұзын өскіндерінен) алынған жалаңқабат мүйіз пластинаның әр түрінен оймышталып әзірленгені анықталды;

- кейбір бұйымдарда сақталған алтын жабындылардың (фольгалардың) құрамында таза алтынның басымдығы, яғни 83 % алтын, 13 % күмістен тұратындығы белгілі болды. Соған қарағанда олардың негізгі шикізаты Алтайдың саф алтыны болса керек деген болжамға келдік;

- бұйымдардың бояуына сараптама жасау кезінде аздаған ерекшеліктер байқалды. Біріншіден, бұйымдардың бір данасы құрамында кадмий басым заманауи боюмен боялғаны анықталды (Бородовский, 2016: 84). Кейін белгілі болғандай, ол реставратор Қ. Алтынбековтың бұйымдарды жаңғырту кезінде жүргізген тәжірибесінің іздері болып шықты. Екіншіден, басқа бұйымдардағы ежелгі бояу заттың органикалық қабатына әбден сіңіп, бірігіп кеткендіктен, оларды ажыратып алып энергодисперсиялық әдіспен құрамын анықтаймыз деген мақстамызға жете алмадық. Бірақ қол жеткізген нәтижеміз ежелгі бояудың құрамы химиялық емес органикалық заттардан тұрады деп нақты болжам жасауға жеткілікті болды.

Ал енді осы мүйізден бұйым жасауға қолданылған құралдар мәселесіне тоқталар болсақ, жоғарыда аталған әшекейлердің бетіндегі технологиялық іздерге қарап ежелгі сүйекшілер қолданған құрал-жабдықтар туралы нақты бір дерек алу мүлдем мүмкін емес нәрсе. Шеберлер өз ісіне қарапайым, ықшам, көшіп-қонуға

оңтайлы, яғни жеңіл, көшпелі өмірге бейімделген құралдарды пайдаланған деуге негіз бар. XX ғ. басына дейін жартылай көшпелі өмір салтын ұстанып келген қазақтардың қолданбалы өнері туралы жазып қалдырған Е. Масановтың (Масанов, 1963: 105), Ә. Марғұланның (Марғұлан, 1986: 188-205), Х. Арғынбаевтың (Арғынбаев, 1987: 83-87), С. Қасимановтың (Қасиманов, 1995: 100-108) еңбектерінде қазақ шеберлерінің құрал-жабдықтары қарапайым болғаны, негізінен кесу, тесу, жону құралдарынан ғана тұрғаны

келтіріледі. Тағы бір назар аударарлық жайт, аталған ғалымдар сүйек пен мүйізден бұйым жасау ісін қазақ қолөнерінің зергерлік, ағаш ұқсату сияқты басқа салаларынан ерекше бөліп-жарып қарастырмайды. Керісінше, шеберлердің әмбебап болғаны туралы айтып өтеді. Бұны этнограф-шебер Д. Шокпарұлы да растайды (Шокпарұлы, 1994: 3; Шокпарұлы, 2005: 83). Н. Оразбаеваның 1959 ж. жарық көрген мақаласында (Оразбаева, 1959: 158). Қазақстанда жүргізілген этнографиялық экспедициялардың ешқайсысы сүйек өңдеуге арналған құралдарды анықтай алмады деп пікір қалдыруының басты себебі қолданбалы өнердің кейбір салаларының бір-бірімен тығыз ұштасып жатуымен байланысты болса керек. Бұл жағдайда қазақ даласындағы шаруашылық өмір соңғы үш мың жылда аса өзгеріске ұшырамағанын ескеріп және этнографиялық материалдарды дерек ретінде қолдана отырып, яғни этноархеология әдісімен (Кожевникова, 2013: 150; Кениг, 2010: 34) ежелгі дәуір шеберлерінің іс-әрекетін жаңғыртып көруге болады. Бірақ бұндай әрекетті тиісті ғылыми ортаның құптау-құптамауы неғайбыл болғандықтан біз бұл мәселеде аса тереңдей қойған жоқпыз.

Сондықтан, Берел қорымының №36 қорғанынан табылған мүйізден жасалған бұйымдарды әзірлеуге нақты бір құрал түрі қолданылды деп кесіп айтпаймыз, бірақ жоғарыда келтірілген зертханалық зерттеу нәтижелеріне қарай олар түрлі өлшемдегі металл аспаптар, яғни – пышақтар, қашаулар және бұрғылар болуы мүмкін деп болжаймыз.

Қорытынды

Мақалада қарастырылған мүйізден жасалған ат-әбзелдерінің әшекейлеріне жүргізілген зертханалық трасологиялық зерттеулер Ұлы дала белдеуін ерте темір дәуірінде мекен еткен халықтарда сүйек ұқсату ісінің көркемдік жағынан ғана емес технологиялық қырынан алғанда да жоғары деңгейде болғандығын нақтылай түсуге мүмкіндік берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987. 281 б
- Базарбаева Г.А., Джумабекова Г.С. Убранства коня в культуре кочевников // Материалы международной научно-практической конференции «Ш Аргынбаевские чтения», посвященной 90-летию выдающегося ученого-этнографа, доктора исторических наук, профессора Халел Аргынбаева 25 декабря 2014 г. Алматы: «Қазақ университеті», 2014. С. 230-237
- Бесетаев Б.Б. История изучения конского снаряжения кочевников Восточного Казахстана скифо-сакского времени // Вестник НГУ. Серия: История, филология. 2014. Том 13, выпуск 7: Археология и этнография. С. 17-28
- Бородовский А.П. Древний резной рог Южной Сибири (эпоха палеометалла). Новосибирск: Изд-во Института археологии и этнографии СО РАН, 2007. 176 с.+ цв. вкл. 8 с.
- Бородовский А.П., Телегин А.Н. Роговые украшения седла скифского времени с Приобьского плато // Археология, этнография и антропология Евразии, 2007. № 2 (30). С. 52-62
- Бородовский А.П. Проблемы реконструкции специализации производств по обработке органических материалов на Юге Западной Сибири в эпоху палеометалла // Вестник Томского государственного университета. История. 2013. № 3 (23). С. 24-27
- Бородовский А.П. Рекогносцировочные исследования состава красителей на резных роговых предметах из некрополей эпохи раннего железа Южной Сибири // Теория и практика археологических исследований. Барнаул: Издательство Алтайского государственного университета, 2016. С. 81-87
- Варфоломеев В., Ломан В., Евдокимов В. Кент – қазақ даласының орталығындағы қола дәуірінің қаласы. Астана: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының баспа тобы, 2017. 338 б. Қазақша, орысша, ағылшынша
- Кениг А.В. Этноархеология как метод археологических реконструкции (на примере тазовских селькупов). Екатеринбург–Ханты-Мансийск: издательство АМБ, 2010. 128 с.
- Кожевникова Д.В. Комплексное использование данных археологии и этнографии для анализа древнейших музыкальных инструментов // Вестник НГУ. Серия: История, филология. 2013. Том 12, выпуск 3: Археология и этнография. С. 150-156
- Қасиманов С. Қазақ халқының қол өнері. Алматы: Қазақстан, 1995. 240 б
- Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Алма-Ата: Өнер, 1986. Т. 1. 256 с.
- Масанов Э. А. Заметки о резьбе по кости и камню у казахов (вторая половина XIX - начало XX века) // Труды института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова АН КазССР. Алма-Ата, 1963. Т. 18. С. 103-121
- Мутылина И.Н. Материаловедение. Цветные металлы и сплавы на их основе. Учебно-методический комплекс. М.: Проспект, 2016. 160 с.
- Оразбаева Н.А. Искусство резьбы по кости у казахов // Труды института истории, археологии и этнографии АН Каз ССР, 1959. Т.6. С. 144-158
- Самашев З.С., Бородовский А.П. Роговые украшения конской узды и упряжи из Берельского некрополя. // Археология, этнография и антропология Евразии – 2004. № 3 (19). С. 82-87
- Самашев З. Берел. Алматы: Издательский дом «Таймас». 2011. 236 с.
- Усачук А.Н., Варфоломеев В.В. Костяные и роговые изделия поселения Кент (предварительный результат трасологического и функционально-типологического анализа) // Бегазы-дандыбаевская культура Степной Евразии. Алматы, 2013. С. 218-227
- Шокпарұлы Д. Сүйектерге жан бітсе // Ана тілі. 3 ақпан 1994. №5, 2-4 бб
- Шокпарұлы Д. Қазақтың қолөнері: альбом. Алматы: «Өнер», 2005. 176 б.: суретті.
- Шульга П.И. Снаряжение верховой лошади в Горном Алтае и Верхнем Приобье: в 2 ч. Новосибирск: РИЦ НГУ, 2015. Ч. II (VI–III вв. до н.э.). 322 с.

УДК 902/903 «632» (574)

Е.А. СМАГУЛОВ

Институт археологии им. А.Х. Маргулана, Казахстан, Алматы

**НОВЫЕ ДАННЫЕ К УСТАНОВЛЕНИЮ ВРЕМЕНИ УГАСАНИЯ ЖИЗНИ ШАВГАРА
(ГОРОДИЩЕ ШОЙТОБЕ, ТУРКЕСТАНСКИЙ ОАЗИС)**

Аннотация. В статье публикуются новые данные по хронологии верхнего строительного горизонта городища Шойтобе (Туркестанский оазис). Продолженные на городище стратиграфические и топографические исследования окончательно убеждают в том, что город прекратил свое существование в первой четверти XIV в. Это городище по всем основным параметрам единственное в регионе, которое может быть памятником исторического города Шавгар, средневековой столицы округа. Об этом свидетельствуют как новые обширные комплексы глазурованной керамики, так и нумизматическая коллекция, полученная в ходе раскопок на шахристане.

Ключевые слова: культурный, строительный, шахристан, горизонт, керамический, фалс, слой, городище, комплекс

Е.А. СМАГУЛОВ

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Қазақстан

**ШАУҒАР ҚАЛАСЫНЫҢ (ШОЙТӨБЕ ҚАЛАШЫҒЫ, ТҮРКІСТАН ОАЗИСІ) ӨМІР СҮРГЕН
УАҚЫТЫНЫҢ ТОҚТАҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.**

Аңдатпа. Мақалада Шойтөбе қалашығының (Түркістан оазисі) жоғарғы құрылыс қабаттарының мерзімделуі жөнінде жаңа деректерді жарияланады. Ескерткіште жүргізілген стратиграфиялық және топографиялық зерттеулер нәтижесінде, қала XIV ғ. бірінші жартысында өмір сүруін тоқтатқандығын дәлелдейді. Бұл ескерткіш негізгі параметрлері бойынша, аймақтың ортағасыр астанасы, тарихи Шауғар қаласының орны болуы мүмкін. Бұған, шыңытырлы қыш бұйымдардың жаңа кешендері, сондай-ақ шахристандағы қазба жұмыстары барысында алынған нумизматикалық коллекциялары куә.

Түйін сөздер. қалашық, мәдени қабат, құрылыс қабат, қыш ыдыстар кешені, шахристан, фалс.

E.A. SMAGULOV

A.Kh. Margulan Archaeology Institute, Kazakhstan

**NEW INFORMATION TO DETERMINE THE TIME OF DECLINE OF SHAWGAR'S LIFE (CITY
SCHUYTOBE, TURKESTAN OASIS).**

Abstract. The article is about new data on the chronology of the upper building horizon of the settlement of Shoytobe. Continued on hillfort, stratigraphic and topographic studies finally convince that the city ceased to exist in the first quarter of the XIV century. This hillfort by all the main parameters the only in the region, which can be a monument to the historic city of Shavgar, the medieval capital of the county. This can be seen, both the new extensive complexes of glazed ceramics and the numismatic collection obtained during the excavations at Shakhristan.

Введение. Одним из крупнейших археологических памятников, который будет включен в зону застройки нового областного центра Туркестанской области - города Туркестан является городище Шойтобе (координаты: $43^{\circ}14'33.272''$; $68^{\circ}17'45.568''$). Городище расположено в 6 км к ЮВ от мавзолея Ходжа Ахмета Ясави. Со времен работ ЮКАЭ (под руководством А.Н. Бернштама) в 50-х годах прошлого века, здесь вполне аргументированно локализуется исторический город Шавгар, отождествляемый со столицей округа/вилаята, центром общественно-политической жизни в этом регионе. В связи с разработкой нового генплана города Туркестан у Шойтобе есть перспектива со временем стать его оригинальной достопримечательностью или же быть стертым с лица земли строительной техникой. В связи с этим Туркестанской археологической экспедицией Института археологии им. А. Маргулана МОН РК начаты стационарные археологические исследования этого памятника.

История изучения

По сведениям средневековых арабо-персидских письменных источников столицей округа, расположенного между Отраром и Саураном, называется город Шавгар. При его локализации обычно приводят сведения географа X века Аль-Истахри, который писал: «...от Кадара (главный город округа Фараб – С.Е.А.) до Шавагара день пути. От Шавагара до Сабрана (Саурана - С.Е.А.) легкий дневной переход» [1, с.94].

И если, В.В. Бартольд, был очень осторожен в своих локализациях, то М.Е. Массон, усомнился в его предположениях. М.Е. Массон локализовал на территории к югу от мавзолея поселение Ясы, «упоминаемое в исторической литературе с эпохи монгольского завоевания» [2, с.40; 3, с.32] и, тем самым, не оставил места для локализации вблизи мавзолея еще одного крупного города. Так что, для исторического Шавгара надо было искать другое место локализации.

Первые сплошные археологические обследования Туркестанского района, проведенные Южно-Казахстанской археологической экспедицией (ЮКАЭ), позволили более конкретно локализовать Шавгар письменных источников. В пяти километрах к юго-востоку от городища Туркестан было обнаружено городище Шойтобе. Ряд топографических признаков и отсутствие на поверхности памятника массовых находок, датируемых временем, когда упоминания о Шавгаре исчезают со страниц письменных источников (XIII - XIV вв.), дали основание отождествить городище Шойтобе с остатками исторического города Шавгар. А.Н. Бернштам вполне обоснованно и конкретно помещал Шавгар на городище Шойтобе. Он писал по этому поводу: «Чуй-тобе [Шойтобе – С.Е.А.] имеет большее право претендовать на родство с Шавгаром-Ясы и по характеру подъемного материала, и по плану сравнительно с городищем, где стоит мавзолей [т.е. с городищем Ески Туркестан – С.Е.А.]. Последнее следует рассматривать в связи с монголо-тимуридским Туркестаном» [3, с.81]. Эту локализацию поддержали Агеева Е.И., Пацевич Г.И. [1, с.94-95] и первоначально Байпаков К.М. [4, с.293-294].

Как и следовало ожидать, исторические судьбы и историография этих исторических городов – Ясы, Шавгар, Туркестан оказались так переплетены, что надежная локализация одного из них влекла локализацию и остальных [5]. Естественно, что основные аргументы в разрешении этой проблемы были получены в результате систематических археологических исследований.

Исследование памятника

В результате проведенные в начале 80-х годов стратиграфических исследований на холме Культобе, вскрыты культурные наслоения, датируемые от середины 1 тыс.н.э. до начала XIV в. Тем самым, было установлено, что город Ясы-Туркестан имел самостоятельную историческую судьбу и его древнему и раннему этапу соответствует археологический комплекс слоев под холмом Культобе на юго-восточной окраине городища Ески Туркестан, т.е. позднесредневекового Туркестана [6; 7, с.268-273]. Здесь археологическими исследованиями последних лет открыто здание замка и часть крепостной стены древней цитадели, получен комплекс древнейших находок, среди них и кушанские монеты, и тем самым нижняя граница стратиграфической шкалы Культобе «отодвинута» в I - II вв н.э. (или же II-I вв. до н.э.?). Верхнюю хронологическую границу Древней цитадели можно связать с находками кушанских монет середины II в.н.э. [8; 9].

Естественно, что теперь не остается сомнений в локализации города Шавгар на городище Шойтобе, поскольку в районе нет другого археологического памятника, подходящего на роль «столичного» города. Имеющиеся археологические материалы и наблюдения не противоречат этому предположению.

В настоящее время городище Шойтобе представляет собой двухъярусный бугор неправильной овальной формы, вытянутый длинной осью с запада на восток, размерами 360x275 м. Нижняя площадка охватывает основной холм/цитадель городища с востока, севера и запада. Более плотная застройка наблюдается на восточной части, здесь ее высота -3,0м, -3,5 м, площадь 170x150 м., где более мощные культурные отложения. С севера и запада вокруг цитадели пониженная территория, заливаемая ныне вешними тальми и дождевыми водами. Далее расположены участки с массивами застройки и по всему внешнему периметру просматриваются развалы крепостных стен с регулярно расположенными небольшими холмиками, вероятно, руинами крепостных башен (по традиции будем называть эту часть городища «шахристаном»). С наружной стороны крепостной стены устроен крепостной ров. Следы его хорошо фиксируются в топографии памятника. Примерно в середине южной стороны возвышенности шахристана поднимается мощный бугор цитадели городища. Он также несколько вытянут по оси с запада на восток и имеет площадь в основании 180x90 м, высотой до 12 м. Верхняя площадка плоская, диаметром около 60 м.

Обследование окрестностей Шойтобе и анализ крупномасштабных аэрофотоснимков местности показал, что городище расположено между широкими саями руслами древних рек. С северной и северо-восточной стороны к стенам шахристана примыкают возвышенные участки неправильной формы со следами застройки. Они прослеживаются на расстояние 200-400 м к северо-востоку от стен шахристана. Эта территория, по всей видимости, не имела самостоятельной системы укреплений. В 600 м и 1500 м к востоку

от центра цитадели Шойтобе эти возвышенности более выражены. На них можно поднять редкие здесь фрагменты керамики. Значительно больше подъемной керамики на местности в 500 м к северо-востоку от городища. Здесь на участке четырехугольной формы размерами 400 x 380 м. наблюдается скопление разновысоких и разноплановых по конфигурации холмов явно искусственного происхождения. Высота их от 1,0 до 3,0 м. На этой территории есть пониженные участки, явно, некогда свободные от плотной застройки.

Первоначально, около 20-ти лет назад, мы характеризовали этот участок как «городище Шойтобе II», полагая, что только здесь локализируются слои XIII - XIV вв. Теперь же, после проведенных дополнительных наземных обследований, использования дрона для аэро-фото фиксации, анализа доступной космосъемки мы убеждаемся, что площадь застройки вокруг всего шахристана Шойтобе была в несколько раз обширней и охватывала основное городище практически со всех сторон, занимая площадь примерно в один километр квадратный (!).

Нами была предложена рабочая гипотеза, что после разгрома города (Хорезмшахом?) и последовавшего монгольского завоевания региона жизнь в городе возобновилась лишь местами на шахристане, а выселившиеся жители основали новое поселение рядом с развалинами старого города. Это поселение просуществовало недолго в рамках XIII - начала XIV вв., а потом, в условиях обострившейся политической обстановки, жители переселились в быстро росший в это время (XIV - XV вв.) город Ясы (Туркестан). Как известно, некоторое достаточно краткое время после монгольского завоевания города Средней Азии не имели крепостных стен. Что мы и видим на данном поселении. По требованию монгольских правителей в покоренных странах разрушались крепостные стены городов, так как это облегчало управление «взвезданными народами».

Проверить эту гипотезу можно только с помощью нового цикла археологических исследований. Для этого нами на восточной окраине шахристана разбит раскоп №4. Общая площадь его 400 кв.м. Он расположен так, что охватывает склон холма до основания и участок 15x15 м внутренней застройки. При снятии первого штыка были зафиксированы следы оснований двух тандыров. Еще два тандыра и слабо выраженные глинобитные и сырцовые стены 6-7 помещений зафиксированы при снятии второго штыка. Сохранность стен и внутренних конструкций в помещениях, ограниченность площади раскопа (только два помещения попали в раскоп полностью), не позволяют полностью и в деталях представить планировку застройки на этом «пристенном» участке городища по уровню ВСГ. Однако совершенно ясно, что здесь мы имеем застройку вполне ординарными жилыми комплексами (жилищами) из 2-3 помещений, вплотную пристроенных к крепостной стене. Основным помещением в них было центральное жилое с обширной суфой, занимавшей большую часть помещения и с тандыром в ней. Внутри, у входа в помещение устраивалась площадка, зачастую вымощенная целыми или обломками жженных квадратных кирпичей. Под вымосткой, в центре площадки, делался ташнау – небольшой колодец с устьем перекрытым кирпичом для слива грязной воды. Тандыр (диаметр по основанию 0,60 - 0,75 м) устраивался так, что один его бок был у края суфы и в нем делалось или круглое отверстие-поддувало, или же небольшая топка в виде отверстия на уровне пола. Топились они «по черному»; дымоходы в суфах отсутствуют. Стенки тандыров были высотой до 0,5-0,6 м и изнутри они «украшены» врезанными гребенкой линиями. Вход в это жилое помещение вел через небольшую прихожую, которая использовалась для хранения дров и всяких хозяйственного инвентаря. Здесь же устраивались ямы-хранилища, закрома. Другая кладовка обычно за задней стеной жилой комнаты.

Керамический комплекс

При расчистке помещений была получена небольшая коллекция изделий из бронзы, кости, керамики. Самой массовой категорией находок были фрагменты разнообразных бытовых керамических сосудов. Вся полученная из ВСГ Шойтобе керамика относится по составу основы черепка к классу лессово-глиняной или красноглиняной. Кашинные черепки нами не встречены в достаточном количестве, чтобы говорить о заметном присутствии в керамическом комплексе этого класса посуды. Хотя свидетельств местного производства красноглиняной глазурованной посуды уже получено предостаточно.

По форме, глазурованные сосуды - это блюда, различного типа чаши и тарелки, кувшины, светильники. Сосуды покрывались прозрачной свинцовой поливой. Окраска свинцовых полив, как известно, достигалась примесью главным образом окислов меди и железа, добавляемых в разных пропорциях и сочетаниях с другими веществами. По цвету глазури выделяются колористические отделы, а по технике исполнения декора/орнаментации характеризуются различные декоративные группы (или семейства). Тот или иной цвет красок и глазури достигался, использованием в разных пропорциях особых минеральных красителей.

Традиционно в Средней Азии производство глазурованной посуды и в послемонгольское время оставалось в сфере ближневосточной гончарной традиции, хотя в это время все сильнее стало проявляться влияние китайских ремесленных центров. Это относится как к технологической стороне, так и к

художественному оформлению сосудов. Интересно, что в это время в обиходе одной семьи могли быть сосуды, изготовленные в разных художественно-технологических традициях, в которых глазурь и орнамент решен в различных цветовых гаммах.

В практически синхронных комплексах на сосудах открытых форм (блюда, чаши) можно различать две разные орнаментальные композиции – «зонная» и «концентрическая». В первом случае рисунок орнамента располагается в секторальных зонах, как бы расходящихся из центра дна. Концентрическая композиция предполагает небольшую круглую орнаментальную розетку в центре и 2-3 концентрических орнаментальных пояса/ленты вокруг неё. Такое разнообразие в художественно-декоративном облике массовой глазурованной керамики, естественно, говорит о многочисленности гончарных мастерских и разнообразии гончарных традиций, в которых они работали.

Наиболее многочисленна и выразительна группа керамики с гравировкой по белому ангобу и подглазурной росписью коричневым и зеленым цветом. Прозрачная глазурь при этом может быть различных желтоватых или зеленоватых оттенков. Для этой группы сосудов наиболее характерна, если не исключительна, концентрическая композиция орнамента внутренней поверхности. Наиболее показательно большое археологически целое блюдо (32 см в диаметре). Оно на дисковидном поддоне и снаружи белый ангоб покрывает одну треть борта. На внутренней поверхности в центре небольшая круглая розетка с четырех-лучевой фигурой вокруг которой «чешуйчатое» заполнение. Ее окружает почти гладкая лента. Лишь посередине её обозначена «перевитая веревочка». Эту ленту окаймляет узкая гладкая полоска, которая отделяет от нее основную широкую орнаментальную ленту, плотно заполненную растительными завитками. Они в «ритме ислими» образуют подобие чередующихся медальонов с заштрихованным листом в центре. Внешняя орнаментальная лента также отделена узкой гладкой полоской и заполнена ритмично чередующимися овальными фигурами на заштрихованном фоне.

Другим привнесенным элементом саманидской эпохи в среднеазиатское орнаментальное наследие считается присутствие «птичьих сюжетов» в декоре глазурованной керамики. Аналогии такому изображению птицы в оформлении среднеазиатских средневековых глазурованных сосудов нам не известны. Считать этот сюжет «привнесенным» в X - XII вв. в репертуар керамистов-художников, значит не учитывать глубину местных художественных традиций. Нам известны местные изображения птиц на керамике доисламского периода. И если их не всегда можно воспринимать как элементы декора, то они, во всяком случае, свидетельствуют об особой семантической насыщенности этого образа в идеологии местного населения. Отсюда один шаг до того, чтобы образ птицы, в разных вариациях, появился в IX - X вв. на местной глазурованной керамике.

Другой массовой группой керамики являются изделия, чаще это небольшие блюда, желтойпрозрачнойполивойигравировкойподней. Техника нанесения орнамента подобна вышеописанной на керамике с зеленой поливой. Характерна зонная компоновка – центральная розетка, широкая средняя полоса и более узкая по краю. Центральная розетка чаще все та же крестообразная фигура из листовидных элементов, средняя полоса пуста, а крайняя лента заполнена поперечными косыми штрихами. Глазурь расцвечена зелеными, коричневыми пятнами. Здесь нет буйства растительных элементов, завитков, листьев, цветков... Все достаточно строго и сухо... Художественный эффект достигался за счет мерцания и переливов желтого цвета в зеленый и светло-коричневый.

Многочисленна красноглиняная керамика с зеленой свинцовой поливой, в которой различается несколько подвидов по типу глазури и способу нанесения орнамента. Керамика с зеленой поливой с подглазурной росписью ангобом. Рисунок на этой посуде наносился ангобом, толщина слоя которого образует невысокий рельеф под тонким слоем поливы. Там, где прозрачная зеленая полива ложится на красное тесто, она приобретает коричневый цвет; там, где полива приходится на светлый ангоб, она дает зеленый, порой почти травянистый оттенок.

Своеобразны сосуды, а это опять же, сосуды открытых форм с красновато-коричневым фоном и росписью белыми, зеленым ангобными красками. За счет толщины накладываемого слоя линий рисунок получался слегка выпуклым, что придавало узору особую глубину.

Раскопы, начатые на жилых массивах расположенных за древними крепостными стенами, дали керамику совершенно аналогичную комплексу ВСГ шахристана. По особенностям декоративного оформления глазурованную керамику, собранную на холмах окружающих шахристан Шойтобе, можно отнести к XIII - XIV вв. Именно этим временем датируется на средней Сырдарье керамика с аналогичными морфологическими и декоративными признаками [16, с.378-386; 11].

Нумизматическая коллекция

Другой категорией массового материала, полученного при исследовании Шойтобе является нумизматическая коллекция. Она распадается на две части – монеты, полученные при расчистке слоя в раскопе №4 (12 экз.), и подъемный материал, собранный как на шахристане городища, так и на окружающих

шахристан холмах (18 экз.). Условия нахождения монет как из раскопа, так и с дневной поверхности городища позволяют отнести их к верхнему строительному горизонту, самому последнему этапу интенсивной жизни города на этом месте

Из 30 экземпляров, переданных П.Н. Петрову удалось атрибутировать 27 шт., т.е. ~75%. Самой ранней находкой является саманидский (?) фалс, точная атрибуция которого невозможна. Шесть медных посеребренных дирхамов Отрара времени правления Мунгк хана и чуть позднее (до 662/1264 г.) маркируют определенный период монгольского владычества. Среди монет с медной основой обнаружился один серебряный дирхам – фракция, битый на монетном дворе Отрар в 670/1268 г. Следующими по времени чеканки монетами оказались медные фалсы Отрара, битые в 684-690/1285-1291 гг. Длительность их нахождения в обращении не известна, однако, судя по совместным находкам этих фалсов с более поздними монетами, они обращались и в начале XIV в. Младшей по времени выпуска находкой оказались медные посеребренные дирхамы Отрара 707/1307-1308 г. с наследной тамгой Дувы. Значительные изменения в постановке знаков собственности на монетах произошли примерно в 707-708/1307-1309 годах, т.е. лишь после смерти хана Дувы (706/1306-07 г.). С этого года практически все монетные дворы выпускают монету теперь уже только с наследной тамгой Дувы, тамга же Кайду практически полностью исчезает с монет.

В верхнем строительном горизонте (ВСГ) Шойтобе следует отметить практически исключительное присутствие монет Чагатаидского ханства с небольшой примесью медных посеребренных дирхамов Отрара середины XIII века – продукции монетного двора Великой Монгольской империи. А это означает, что и присутствие целых отрарских дирхамов Мунгк хана (табл. 1, № 1 и 3) в верхнем строительном горизонте может быть связано не только с их тезаврацией в процессе обращения. Такие монеты чеканились в очень значительных количествах, их тезаврация была обусловлена нападением Алгу на Отрарский оазис вначале 660-х гг.х., поэтому находки отдельных монет и кладов населением спустя 10-30 лет после трагических событий начала 660-х гг.х. могли быть обычным явлением. В то же время, нельзя исключать возможность утраты этих монет в ходе их обращения, т.е. в середине XIII века, что вполне вероятно, учитывая географическую близость Отрара. В целом, присутствие в нашей коллекции исключительно чагатаидских монет говорит о принадлежности земель Туркестанского оазиса к Чагатаидскому улусу.

Заключение

Таким образом, верхний строительный горизонт городища Шойтобе насыщен монетами середины XIII- первого десятилетия XIV вв., что однозначно указывает на существование этого населенного пункта в период монгольского владычества. Представляется естественным доминирование среди находок продукции отрарского монетного двора (17 монет Отрара из 30 найденных, т.е. ~57 %), тем не менее, этот факт следует отметить особо. Отсутствие монет других регионов более поздних периодов (после 707 г.х.) означает, что примерно в период с 707 по 710/ с 1306-07 по 1309-10 гг. данный населенный пункт перестал существовать. Был ли он отстроен на новой территории с сохранением прежнего названия, как это не редко практиковалось монголами, нам пока неизвестно. Скорее всего, в результате военно-политических перипетий первых десятилетий XIV в. жители покинули остатки города Шавгар (городище Шойтобе) и переселились большей частью в бурно развивающийся в это время на новом месте г.Ясы/Туркестан. Слои пожара на городище Отрар и, вероятно, синхронный ему, пожар на древней цитадели города Йассы (городище Культобе) ранее отмечался нами как разрушительное следствие агрессивных действий потомков Дувы в первом десятилетии XIV в. [22, с. 168]. В ряду уничтоженных населенных пунктов, судя по полученным нами новым данным, стоит и населенный пункт, находившийся на месте археологического памятника Шойтобе – старая столица вилайята, город Шавгар.

ЛИТЕРАТУРА

- Агеева Е.И., Пацевич В.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Института Истории, Археологии и Этнографии АН Каз.ССР, т.5. - Алма-Ата, 1958. - С. 33-215.
- Массон М.Е. О постройке мавзолея Ходжа Ахмеда в г. Туркестане // Известия Среднеазиатского географического общества. - 1929. Т. XIX. - 46 с.
- Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана // Известия АН КазССР. Сер. археол. - 1950. - Вып. 2. - № 67. - С. 59-99.
- Байпаков К.М. Городище Чуйтобе // Свод памятников истории и культуры. ЮКО. - Алматы: Каз. Энциклопедия. - 1994. - С. 293-294.
- Смагулов Е.А. Городище Шой-тобе // Города Туркестана. - Алматы: изд-во, 1999. - С. 71-82.
- Смагулов Е. Сколько лет Туркестану? // Памятники истории и культуры Казахстана. - Алма-Ата, 1988. - Вып. 3. - С. 93-97.
- Смагулов Е.А. Городище Куль-тобе // Свод памятников истории и культуры Казахстана. ЮКО. - Алматы: Каз. Энциклопедия. - 1994. - С. 268-271.
- Смагулов Е.А. Из истории кангюйской архитектуры: здания крестообразной планировки // Гуннский форум. Проблемы происхождения и идентификации культуры евразийских гуннов: сб. науч. тр. / гл. ред.: С.Г. Боталов, отв. ред.: Н.Н. Крадин, И.Э. Любчанский. - Челябинск: Издат. центр ЮурГУ, 2013. - С. 495-520.

- Смагулов Е.А., Ержигитова А.А. Архитектурно-археологический комплекс цитадели древнего Ясы (Туркестан) // Археология Узбекистана. - 2013. - № 1 (6). - С. 60-75.
- Брусенко Л.Г. Глазурованная керамика Чача IX-XII вв. - Ташкент: Фан. - 1986. - 122 с.
- Смагулов Е.А. Находки импортных вещей в послемонгольском Отраре // ИМКУ. - Вып. 28. - Самарканд, 1997.

ӘОЖ 930.001.83

Ж.Т. ТАҢАТАРОВА

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ШИГАБУТДИН МАРЖАНИ ЕҢБЕКЕТРІНДЕ

Аңдатпа. Шигабутдин Маржани (1818 – 1889) – татар халқының көрнекті тарихшысы. Ол патшалық Ресейдің отарлық саясаты қарқынды жүргізілген тұста өмір сүріп, өз соңында мол ғылыми мұра қалдырды. Бұл мұра сол тұста түркі тілдес халықтардың ұлттық қозғалысына серпін берді.

Ш. Маржани Ұлы дала тарихына қатысты көптеген деректерді ғылыми айналымға тартқан. Осыған орай мақалада Ш. Маржани еңбектерінде Ұлы дала тарихы мәселелерінің көрініс табуы қарастырылған

Түйін сөздер. Ұлы дала. Өркениет. Тарих. Дерек. Методология.

Ж.Т. ТАНАТАРОВА

Атырауского государственного университета им Х. Досмұхамедова

ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ В ТРУДАХ ШИГАБУТДИНА МАРЖАНИ

Аннотация. Выдающийся татарский историк Шигабутдин Маржани (1818 – 1889 гг.) жил и творил в период колониальной политики Российской империи, давший мощный толчок дальнейшему развитию национального движения тюркских народов.

Исторические взгляды ученого проникнуты глубоким патриотизмом, труды его пронизаны идеей возрождения и пробуждения тюркских народов.

Ш. Маржани удалось привлечь к исследованию большой комплекс самых разнообразных источников по истории Великой степи. В данной статье рассматриваются проблемы истории Великой степи в трудах Ш. Маржани.

Ключевые слова. Великая степь, цивилизация, история, источник, методология.

Zh. T. TANATAROVA

Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University

THE ISSUES OF THE GREAT STEPPE HISTORY IN THE WRITINGS OF SHIGABUTDIN MARJANI

Abstract. An outstanding Tatar historian Shigabutdin Marjani (1818 – 1889) lived and worked during the period of colonial policy of the Russian Empire, which gave a powerful impetus to the further development of the Turkic people's national movement.

Historical views of the scholar are imbued with deep patriotism, his works are permeated with the idea of revival and awakening of the Turkic peoples.

Sh. Marjani managed involve in his study a large complex of various sources on the history of the great steppe. This article discusses the history of the Great steppe in the writings of Sh. Marjani.

Keywords. Great steppe, civilization, history, source, methodology.

Kіріспе

Елбасымыз, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласының мазмұны тарих мәселесін қозғаған іргелі туынды екенін аңғартады. Бұл мақалада «Қазақстан тарихы жеке жұрнақтармен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан түсінікті болуы тиіс» деген пікір білдіре отырып, Қазақстанда тарихи сананы қалыптастырудың маңыздылығы негізделгені ерекше назар аудартады [Н. Назарбаев, 2018].

Аталмыш мақалада ұлт тарихын жазудың басты принципі ретінде шынайылықтың, яғни объективтіліктің басшылыққа алынуы тиістігі және халықымыздың тарихын жазуда евроцентристік көзқарастан арылудың жолдары айшықталған. Объективтілік принципін басшылыққа алу бір халықты екінші халықтан жоғары қоюға немесе белгілі бір халықты кемсітуге жол бермейтіндігі мәлім. Тарихтың шынайылық тұрғысынан жазылуы керектігіне Н.Ә. Назарбаев ерекше мән беретіндігін былайша білдіреді: «Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең

бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз» [Н. Назарбаев, 2018].

Елбасымыз мақаласындағы тұжырымдар тарихшылар алдына үлкен міндеттер жүктейді. Жаһандық тарихтағы өз рөлімізді ашып көрсетуде Ұлы дала тарихына қатысты еңбек жазған ғалымдардың мұраларына да назар аударғанымыз абзал.

Тарихтың мәні мен міндеті мәселелерін зерттеген неміс халқының көрнекті философы, экзистенциализмнің бірегей өкілі Карл Ясперс адамзат тарихының басым бөлігі жадымызда сақталмағанын, оны тек зерттеушілердің ізденістері ғана белгілі дәрежеде қалпына келтіре алатындығын атап көрсеткенді [К. Ясперс, 1991: 282]. Дегенмен, тарихты түрліше ұғынуға немесе әрқилы түсіндіруге болатыны белгілі. Бұл мәселеге өткен дәуірлерде қоғамдық үдерісті зерттеушілер көңіл бөлді, сөйтіп, тарихи танымның ерекшелігін арнайы түрде қарастырумен айналысатын тарих философиясы пәнінің қалыптасып, дамуына серпін берді [Ю. Семенов, 2003:3]. Мұндай зерттеушілердің қатарында ағартушы-ғалым, діни қайраткер, өз соңында мол ғылыми мұра қалдырған тарихшы Шигабутдин (Шихаб ад-Дин) Маржани (1818-1889) есімін де ерекше атауға болады.

Талқылау нәтижесі

Ш. Маржанидің өмірі мен мұралары жайлы еңбектер қатары көп болғанымен олардың ішінде аталмыш ғалымның Ұлы дала тарихына қатысты пікірлері арнайы қарастырылмаған. Тек А. Машановтың еңбегінде ғана Ш. Маржанидің мұраларындағы Ұлы тарихы мәселелеріне сипаттама берілген. А. Машанов (Машани) өзінің «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде былайша Ш. Маржаниға былайша жоғары баға берген: «Маржани татар халқының, сонымен байланысты бұлғар халқының, қала берді барлық Орта Азия мен Қазақстан халқының тарихына негіз қалаған адам» [А. Машанов, 1994; 83].

Нәтижесі

Ш. Маржанидің мұраларындағы Ұлы дала тарихы мәселелерін қарастыру арқылы біз тарихымыздың «ақтаңдақ» беттерін және бұрмаланып түсіндірілген тұстарын аңғарып, оны қалпына келтіруге мүмкіндік аламыз. Сондықтан зерттеу объектісі етіліп алынған бұл тақырыпты ғылыми өзекті мәселе деп санауға болады.

Негізгі бөлім

Патшалық Ресейдің империядағы түркі-мұсылман халықтары қоныстанған өңірлерде отарлық саясатын қарқынды түрде жүргізіп, жергілікті халықтардың ұлттық санасын тұмшалау, оларды орыстандыру, шоқындыру бағытындағы іс-шараларын жүзеге асырып жатқан кезде ғұмыр кешкен Ш. Маржани Бұхара қаласынағы «Мір араб» медресесінде білім алған еді [М. Юсупов, 2003: 42]. Ол Бұқарада оқып жүрген кезінде араб, парсы тілдерін терең меңгеріп, Хусаин ибн Мұхаммед әл-Карғали және Низамутдин әл-Илхам секілді оқымыстылардың ықпалымен ортағасырлық араб, парсы тілдерінде жазылған тарихи шығармаларды оқуға ден қойған болатын. Бұқарадан оралғаннан кейін Қазандағы мешітте имам әрі сондағы татар мұғалімдерін даярлайтын оқу орнында оқытушы болып қызмет ете жүріп, Қазан университеті жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамының мүшесі ретінде оның жұмысына қызу атсалысып, дінтану, философия саласына, сондай-ақ тарихқа қатысты еңбектер жазуды қолға алып, мұсылмандық Шығыстың белгілі ғылыми мектептерінің дәстүрін жалғастырып, 30 томнан астам еңбекті дүниеге әкелді. Олардың қатарында сол тұстағы Ресей империясының қол астында болған түркі-мұсылман халықтарының тарихына тікелей қатысы бар араб тіліндегі «Вафият әл-аслаф вә тахият әл-ахлаф» (Өткен бабалар өмірінен және олардың ұрпақтарға сәлемі) және татар тіліндегі «Мөстәфадел-әхбар фи әхвали Казан вә Бұлғар» (Қазан және Бұлғар туралы пайдаланылған хабарар) атты еңбектерін зиялы қауым өкілдері зор қошеметпен қарсы алды [С. Алишев, 1990: 34]. Ш. Маржанидің еңбектерін жоғары бағалаушылардың қатарында қазақ зиялылары да болды. Мәселен, 1915 жылы, яғни Ш. Маржанидің 100 жылдық мерейтойының аталып өтуі әзірленіп жатқан шақта қазақтың белгілі қайраткері М. Сералин «Айқап» журналында «Маржани» деген атпен мақала жариялап, онда: «Бұл кісі мұсылман дүниесінің басы айналып жатқанда дүниеге шығып, ол заманда жұрттың мұрнына ісі де кірмеген тарих ғылымына көп зейін жұмсаған, әр нәрсеге сақ көзімен назар салған, араб жұртына барып тұрмай, Русие мен Бұхарада жүрген кісі болса да араб тілін ең жүйрік шешендерінен кем білмеген бір жан еді! Жазған кітаптарының арасында «Назарат әл-хак», «Вафият әл-аслаф», «Мөстафадел-әхбар» кітаптары ең машһұрлары еді» [М. Сералин, 2002: 62], – деген еді.

Отарлық билік орындары бодандыққа түскен халықтардың бойында тәуелсіздікте болған кезі туралы жадтың түлеуіне, олардың өзін-өзі билеуінен айырылғанына өкінішпен қарауына жол бермеуді қатаң бақылауға алған тұста түркістандық зиялы қауым өкілдері арасында Түркістан тарихын жазудың қажеттігі жөнінде мәселе көтеріле бастаған еді. Оған сол кезде Ш. Маржанидің тек татар халқының ғана емес, Орталық Азия халықтарының да өткен дәуірлердегі тарихына қатысты еңбектерінің жарық көруі өз әсерін тигізбей қоймаған-ды. Ш.Маржани өз еңбектерінде тарихи оқиғаларды баяндаумен ғана шектеліп қалмай, тарихтың

қоғамда алатын орны мен рөліне және оны зерттеу әдістеріне қатысты тың пікірлер білдірген еді. Бұл өз кезегінде түркі-мұсылман халықтары арасында өткен тарихқа деген құштарлықты, оны зерттеуге деген талпынысты арттыра түскен болатын.

Мұсылмандық Шығыстың ортағасырлық тарихшылары мен ойшылдарының шығармаларымен терең танысқан Ш. Маржани өзінің еңбектерін жазу барысында оларда тарихтың мәніне байланысты айтылатын ой-пікірлерге ерекше зер салып, мұндай пікірлерді өз тұжырымдарына тірек етіп алды. Оған ортағасырлық араб тарихшысы әрі энциклопедисті Таки ад-Дин әл-Маркизидің тарих ғылымына байланысты айтқан пікірі өз ықпалын тигізбей қалмаған-ды. Ол бұл жайлы былай деп жазған еді: «Тарих ғылымы – ең керемет ғылымның бірі. Оны ойлы, саналы адамдар тәрбиелілік маңызы зор, ізгілікті ғылым деп санайды. ... Заманының лайықты адамдары деп есептелгендердің тарихқа үнілуі, ұлы ойшылдардың тарихқа бас иіп, оған таңдануы бекер емес» [Д. Урсу, 1990: 32].

Ш. Маржани тарихты барлық ғылыми білімнің анасы, аса маңызды құдіретті ғылым деп бағалап, өз замандастарын оған құрметпен қарауға шақырды. Ол тарихтың міндеті өскелең жас ұрпақты адамгершілікке баулу, оларды адамдар арасында болатын жаман қасиеттерден сақтандыру екенін негіздеуге күш салып, жастарды тарихқа өмір мектебі ретінде қарауға үндеп, тарихты қараңғылықтан алып шығатын шыраққа теңеді. Тарихтың тәрбиелілік функциясына баса мән берген Ш. Маржани адамгершілік қасиеттерді арттыру, жетілдіру негізінде қоғамдық прогреске кең жол ашуда өткен дәуірлердегі жағымды құбылыстар мен оқиғалардан ғана емес, жағымсыз жайттардан ла тағылым алу керектігін кеңінен насихаттады [М. Юсупов, 1981: 112]. Ш. Маржанидің тарихқа деген мұндай көзқарасы бүгінгі таңда тарихтың теориялық-методологиялық мәселелерін зерттеп жүрген ресейлік ғалым Н.И. Басовскаяның «тарих бірінші кезекте, мәңгілік адамгершілік құндылықтарға жету жолындағы жетістіктер мен адасушылықтарды аңғартуы тиіс» [Н. Басовская, 2002: 9] деген пікірімен үйлесімділік табады.

Ғылыми білімді діни білімге қайшы келмейді, діни наным мен ғылым бейбітқатар өмір сүре алады, ғылыми білімді насихаттау арқылы қоғамның дамуына негіз жасалады, ал дін өз кезегінде қоғамның адамгершілік тұрғыда жетілуін қамтамасыз етеді деген пікірде болған Ш. Маржани: «Ғылым хәм ағартушылықпен шұғылдану, ақыл, біліммен жетілу – салауаттылықтың көрінісі ... Зерек адамдар мен ақыл иелерінің айтуынша, ақиқаты ашық ғылым – ол ең қадірлі сипаттың бірі, ең мақтаулы жетістік. Ғылым үйрену – рақаттың хәм бақыттың ең жоғары дәрежесі. Пәк Ислам шарияты ғылым үйренуді хәм ағартушылықты жетілдіруге үгіттеп, қызықтырады» [Ш. Мәжани, 1989: 415], – деп жазған еді.

Халықты ағарту, білімді әрі жоғары адамгершілік қасиеттегі тұлғаларды тәрбиелеу және өткен дәуірлердегі рухани мұраларды игеру дамудың қайнар көзі деп санаған Ш. Маржани тарихтың қоғамдағы рөлін жоғары бағалады. Ол тарих ғылымын бірегей теориялық әдіс негізінде жасалған білім жүйесі ретінде қарастырып, тарихшының міндеті әрбір оқиға мен құбылыстың себеп-салдарын зерттеу арқылы шынайылықты түсіндіру деп санайды. Соған орай өз шығармаларында тарихи оқиғаларды тізбектеп баяндаумен ғана шектелмей, олардың арасындағы өзара байланысты түсіндіруге баса мән берді. Осылайша, Ш. Маржани тарихилық принципке сай тарих сананы жаңғыртуға және өткен дәуірлердегі оқиғалар мен құбылыстар жайлы түсінігіміздің шынайы болуына қызмет етуі тиістігін, белгілі бір проблеманы зерттеуде өткен дәуір мен өз заманының айырмашылығын көре білу керектігін, объектіні қоршаған ортасынан бөліп алмай онымен контексте қарастыру қажеттігін қолдады.

«Тарих сырттай қарағанда, мемлекеттер туралы немесе белгілі бір кәсіппен шұғылданушылар жайында, былайша айтқанда, өткен кезенді баяндайтын мәліметтер жиынтығы іспеттес. Дегенмен, онда өткеннен тәлім алатын үлгі-өнеге жетерлік», – дей отырып, Ш. Маржани тарихтың мәніне үңілу «даналы тұжырым» жасауға алып келеді деп деп есептеді [Ш. Мәжани, 1989: 88 б]. Оның мұндағы «даналы тұжырым» дегені қоғамның алдағы кездегі даму жолын тарих аңғарта алады дегенге саятын. Бұл белгілі дәрежеде неміс ғалымы И.Г. Дройзеннің «тарих өткен дәуірлер туралы тура түсінік қалыптастырумен бірге қоғамның ары қарай қандай жолмен жүру керектігіне бағыт бере алады, тарихи зерттеудегі қателік әйтеуір бір қоғамның дамуына кері әсерін тигізбей қоймайды» [Е. Кириленко, 1992: 82], деген мазмұндағы пікіріне сәйкес келетін.

Ш. Маржани өз заманында тарихтың қоғамдағы орны мен рөліне және міндеті туралы жаңа идея ұсына білді. Ол тарихты отарлық езгінің тауқыметін тартқан халықтарды бірнеше ғасырлар бойғы ұйқыдан оятудың, елді өркендетудің және халықтың өзін-өзі тануының құралы деп есептеді. Осындай міндетті жүзеге асыратын тарихи еңбекті жазуды өзінің және әріптестерінің парызы деп білді. Мұндай еңбек өткен дәуірлердің мысалдары негізінде ұлттық сана-сезімнің көтерілуіне және адамдарды тәрбиелеуге, отансүйгіштік қасиеттердің артуына қызмет етеді деп санды.

Тарихи зерттеулердің басты методологиялық принципі Ш. Маржани үшін оқиғалар мен құбылыстар жайынан мағлұмат беретін фактілерді объективті түрде талдау болып табылады. Ол тарихшының діни немесе саяси көзқарасына орай тарихи шындықты бұрмаламауы тиістігін, бұрмаланған тарихтан алар тағылымның

болмайтындығын ескертіп, тарихшыға үлкен талап қойды. Тарихшының өскелең жас ұрпақтың алдында жауапкершілікте екенін, тарихшы атына кір келтірмей халық алдындағы парызын есте сақтауы керектігін ескертеді. Тарихты зерттеу барысында субъективті пікірлерді басшылыққа алып, жіберілген ескі қателіктер мен жаңсақ тұжырымдарды бүркемелеуге болмайтындығын негіздей отырып, мұны зерттеу барысындағы басты ұстаным ретінде ұсынады және тарихи ақиқаттың негізгі өлшемі – адамның ақыл-парасаты деген тұжырымға келеді.

Ш. Маржани тарихи процесті халықтардың рухани дамуының көрінісі ретінде түсініп, түрлі халықтардың рөліне баға беруде олардың жалпыадамзаттық мәдениетке қосқан үлесін өлшем етіп алады. Қоғамның үдемелі дамуын Ш. Маржани біріші кезекте рухани мәдениеттің, ғылымның, өнердің және діннің дамуымен байланыстырады. Ол мәдениетті қоғамның рухани және саяси дамуының нәтижесі, ақыл-ойдың даму деңгейі деп бағалайды [Ш.Марджани, 1999: 9]. Ш. Маржани үшін әлеуметтік прогрестің қозғаушы күші білім болып табылады. Оның пікірінше, қалалардың өсуі, өндіріс күштерінің дамуы білімнің таралуына тікелей тәуелді.

Ш. Маржанидің қоғамға байланысты көзқарасы ортағасырлық араб ғалымы Ибн Халдунның көзқарасымен үйлесімділікте. Ол да Ибн Халдун секілді қоғам мен мемлекет адамдардың арасында ынтымақтастық сезім орнаған кезде қалыптасады деп санайды. Сонымен қатар адамдардың өмір сүруіне қажетті материалдық игілік адамдардың өзара ынтымақтыстығы мен бір-біріне көмек көрсету сезімі болған жағдайда жеткілікті болады деп есептейді. Ол мемлекетті таптардан тыс құрылым, мемлекет ортақ мақсатқа сай ұжымдар мен адамдарды біріктіріп, қоғамдық үйлесімділікті қамтамасыз етеді деген пікірде болды.

Тарихтағы тұлғалардың рөлі мәселесіне Ш. Маржани еңбектерінде едәуір көңіл бөлінген. Ш. Маржани тұлғалардың іс-әрекетін дәріптеу тарих ғылымының міндеті болып табылмайды деп атап көрсетеді. Ол тұлғалардың өз соңында қандай мұра, қандай шығарма, ғылыми еңбек қалдырғанын, сондай-ақ адамдарға қаншалықты жақсылық пен қайырымдылық жасағанын немесе зұлымдық істегенін айқындап, олардың әрекеттеріне баға беріп, халыққа жеткізу тарих ғылымының алдында тұрған басты міндеттердің бірі деп есептейді [Очерки, 2003: 29].

Ортағасырлық араб ғалымдарының, соның ішінде Ибн Халдун дүниетанымының Ш. Маржаниға елеулі дәрежеде ықпалы болғанын қазіргі кездегі зерттеушілер теріске шығармайды. Бірақ Ш. Маржани Ибн Халдун секілді билеушілердің қызметін, халыққа жасаған қызметін, қайырымдылығын барынша дәріптемеді. Сондықтан да ол Ибн Халдунның еңбегіндегі тұлғалар жайлы мәліметтерді ортағасырлық өзге зерттеушілердің шығармаларындағы мағлұматтармен салыстыра талдады.

Деректерге сын көзбен қарау, жазба мәліметтермен қатар заттай дәлелдерді ғылыми айналымға тарту, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды баяндайтын жазба мәтіндер мен ауыз әдебиеті үлгілерін филологиялық тұрғыда және деректанулық негізде талдау Ш. Маржаниді Ибн Халдуннан ерекшелей түсетін. Ш. Маржани Шығыс халықтарының рухани мәдениетінің мол мұрасына дерек көзі ретінде қарап, олардағы мағлұматтардың шынайылық деңгейін айқындауға баса мән берді.

Барлық халықтар ғылымды игеруде бірдей қабілеттілікке ие, қабілеттілік халықтардың бойына табиғаттан берілген деген тұжырым жасаған Ш. Маржани бұл жөніндегі еуроцентристік көзқарастағылардың ұстанымына бірден қарсы шықты. Сол тарихи кезеңде еуропалық ағартушылар арасында көшпелі немесе дала өркениеті өкілдерін отырықшы өмір салт пен мәдениеттің жауы, «жабайылар» ретінде көрсету, еуропалықтардың Шығыстағы үстемдігін негіздеуде еуроцентристік идеяларды методологиялық тірек ретінде пайдалану орын алған-ды. Мұндай еуроцентристік тұжырымдаманы бірқатар орыс зерттеушілері пайдаланып, патшалық Ресейдің Орталық Азиядағы экспансиялық саясатын «орыстардың өркениеттік миссиясы» ретінде, ондағы отарлық билік орындарын жергілікті халықты еуропалық өркениетпен «байланыстырушы көпір» қызметін атқаратындығын дәлелдеуге тырысып, ұлыдержавалық мүддені жоғары қойған еді. Мәселен, сол тұста С.М. Соловьев «төңіректегі халықтар – варварлар, олар орыс княздарының жаулау объектісі болатындығын тарихтың өзі белгілеп берген», «орыстар шығысты отарлау барысында едәуір қарсылық көрмей, күдіретті әрі мықты мемлекет құрды» деген «отарлау» теориясының авторы ретінде танылған болатын [Ш. Сили, 2002: 151]. Ш. Маржани еуроцентристік көзқарас шынайылықты көрсетпейді, керісінше, бір халықты екінші халыққа өктем билік жүргізуін, яғни еуропалықтардың үстемдігін ақтауға бағытталған ұстаным деп бағалады. Осыған орай ол өз еңбектерінде Орталық Азия мен Еділ-Жайық өңірлерінде және басқа да мұсылмандық Шығыс аймақтарта озық өркениет ошақтары мен әлемге танымал ғұламалардың болғанын ашып көрсетуге ден қойды.

Ш. Маржани өз еңбектерін жазу барысында халықтар, мемлекеттер, қалалар, қайраткерлер, философиялық мектептер, діни және саяси ілімдер жайлы түрлі мәліметтер жинастырды. Өзінің мұндай әрекетін әріптестеріне үлгі ретінде ұсынып, тарихшылардың назарынан қоғам өмірінің бірде-бір қыры тыс қалмауы керектігін, зерттеу жұмысының кешенді түрде жүргізілуі қажеттігін жақтады. Ол қоғамдық өмірді толықтай қамтыған энциклопедиялық сипаттағы тарихи еңбекті жазуды қолдағанымен оны жүзеге асыру

ерен еңбекті талап ететіндігін түсініп, былай деп жазған еді: «Жекелеген ғалымдар үшін ғана емес, тіпті өркениетті елдерге де толықтай, бәрін қамтитын тарихи еңбек жазу оңайға түспейді. ... Өз ғалымдарына қолдау көрсеткен елде ғана тарихпен, ғылыммен, қолөнермен және философиямен шұғылдану кенжелеп қалмайды».

Ш. Маржанидің еңбегінде әйгілі ғұлама әл-Фарабидің Ұлы даланың өкілі екені ғана негізделіп қоймайды. Сонымен бірге оның еңбектерінде қазақ хандарына да қатысты көптеген мәліметтер кездестіруге болады. Ресей тарихында өзіндік із қалдырған ҚұтлығмұхаммедТевкелевтің шыққан тегі туралы нақтылы мәлімет беретін зерттеушілердің бірегейі ретінде Ш.Маржани есімін ерекше атау қажет. Ол ұсынған шежірелік мәлімет Орынбор мұсылман діни басқармасында 1865-1885 жылдары мүфти болған Сәлімгерей Тевкелевтен (Қ.Тевкелевтің шөбересі) алынғандығымен ерекшеленеді. Ш.Маржанидің өзі де кезінде осы діни басқармада қызмет етіп, С.Тевкелевпен тығыз қарым-қатынаста болған. Аталмыш ғалым өзінің «Мөстәфәдел-әхбар фи әхвали Казан вә Болгар» атты еңбегіндегі Орынбор қаласының салыну тарихына арналған тарауында бұл қаланың негізін қалауға Қ.Тевкелевтің тікелей қатысы барлығын айтып, оның Шыңғыс хан әулетінен екенін атап көрсетіп, Құтлығмұхаммедтің өзіне дейінгі тегін мынандай ретпен береді: Орыс хан (Ырыс хан) – Құйыршық – Барақ – Жәнібек – Жәдік – Шығай – Ондан – Оразмұхаммед – Дәулетмұхаммед – Мамаш – Тәукел (Тәукел) [Ш. Мәржани, 1989: 261].

Ш.Маржанидің көрсетуінше, Қ.Тевкелев қазақтың Оразмұхаммед сұлтанының тікелей ұрпағы, яғни оның шөпшегі болып табылады. Бұл мәліметтің шындыққа жанасатындығын И.А. Гилязов та өзінің Тевкелевтер әулетінен XVII ғасыр мен XIX ғасырдың басында шыққан помещиктер туралы еңбегінде қуаттайды. Алайда, И.А.Гилязов Тевкелевтер әулетін Оразмұхаммедтен өрбитіндігін мойындағанымен бұл әулет өкілдерін татар помещиктері ретінде сипаттайды. Бұл бәлкім, Қ.Тевкелевтің Оразмұхаммед, Дәулетмұхаммед, Мамаш секілді аталары мен әкесі – Тәукелдің (Тәукел) және ағайын-туыстарының Керман хандығында ғұмыр кешкендігіне де байланысты шығар. Өйткені, Керман хандығы тұрғындары орыс деректерінде «қасымдық татарлар» («қасимовские татары», «қачим татарлары») деп аталған және бұл тұрғындар кейіннен осындай атпен субэтностық топ құраған. «Қасымдық татарлардың» жалпы саны небір аласапыранды бастан кешкеннен кейін, 1897 жылғы санақ бойынша 4,7 мың адамды құраған. Санақ өткен кезде «қасымдық татарлардың» басым көпшілігі мұсылман дінінің суннит тармағымын ұстанатындығын танытқан.

Жоғарыдағы шежіре бойынша, Құтлығмұхаммедтің тегі (фамилиясы) әкесінің аты негізінде Тевкелев етіліп алынғаны да аңғарылады. Бірақ та кейбір мәліметтерде Құтлығмұхаммедтің әкесінің аты Мамаш деп те берілетіндігін айта кеткен жөн. Шежіреге сәйкес, Мамаш Құтлығмұхаммедтің атасы болып келеді. Мұндай жәйтті Қ.Тевкелевтің шоқынуына, христиандықты қабылдауына орай жіберілген шатастырушылық па деп те қабылдауға болады. Бәлкім, бұл қазақтар арасындағыдай, ол өзін атасының баласымын деп санағаннан туындады ма, онысы беймәлім.

Осылайша, қазақтың әйгілі ханы Тәукелдің інісі – Ондан сұлтан мен оның ұлы – Оразмұхаммед Қ.Тевкелевтің арғы аталары болатындығы аңғарылады. Оразмұхаммедтің 13 жасында жетім қалып, Сібір хандығындағы билеушісі Сейдектің иелігінде жүрген кезінде 1588 жылы Тобыл воеводасы Д.Чулковтың айлалы әрекеті нәтижесінде тұтқынға түсіп, Мәскеуге аттандырылғаны, онда алдымен орыс патшасы Федор Ивановичтің, кейіннен Борис Годуновтың қызметіне тартылғаны, орыстардың 1590 жылғы шведтерге қарсы жорығына және басқа да соғыс қимылдарына қатысқаны, сондай-ақ 1600 жылы Б.Годуновтың «қамқорлығы» нәтижесінде Керман хандығының билеушісі болғаны аян. Сол кезде Мәскеу патшалары Сібірді және оған іргелес өңірлерді иелену мақсатында ондағы халықтардың ашық қарсылығын туғызбайтын тәсілді таңдап, жергілікті билеуші топтардың өкілдерін өзіне тарту, сөйтіп оларды өз мүдделеріне сай пайдалануға басымдық берген еді. Соған байланысты орыс патшалығында өз тарапына өткендерге шен-шекпендермен қатар иеліктер тарту ету және жұртта қалған отбасы мүшелерін алдырып беру, оларды қызметшілермен қамтамасыз ету шаралары жүзеге асырылды. Мұндай шаралар Оразмұхаммедке де байланысты іске асырылмай қалмады. Бұған Оразмұхаммедтің алдымен поместье алғанын, Мәскеуден кейіннен Керманда жалғыз емес, үлкен отбасымен және ел жұртынан келген жақын би-бектерімен бірге тұрғандығын мысал ретінде келтіруге болады.

Оразмұхаммедтің Керманға хан болғанға дейін оның тұтқынға түсуі Тәукел ханды толғандырмай қоймаған еді. Тәукел хан 1594 жылы Мәскеуге Құлмұхаммед елшілігін атандырып, орыс патшалығымен достық келісім жөніндегі ұсыныстар жасаумен қатар Оразмұхаммедті еліне қайтаруды сұрады. Бұл елшілікті орыс патшасы жылы қабылдағанмен, қазақ хандығы Көшім хандығына қарсы соғыс қимылдарын жүргізуі тиіс деп, Тәукел ханның Оразмұхаммед туралы өтінішіне оның орнына Үсейін ханзаданы аманат етіп жіберген жағдайда босатылады деген шарт қойды. Бұл елшілікке жауап ретінде, 1595 жылы Мәскеуден Тәукел ханға тілмәш В.Степанов бастаған елшілік жіберілді. Орыс патшасының қойған талаптары Тәукел хан тарапынан қабылданбады. Мұның артынша, Оразмұхаммедтің өзі де немере ағасы Тәукел ханға хат

жолдап, орыс патшасымен достық қарым-қатынаста болу жөніндегі өтінішін білдірген еді. Оның бұл өтініші де жүзеге аспай, оған тағдыр жазмышымен орыс жерінде қалуына тура келіп, 1600 – 1610 жылдары Керман хандығының билеушісі болды.

Орыс патшалығының тікелей араласуымен 1452-1681 жылы аралығында өмір сүрген Керман хандығында 14 хан билік жасады. Соның онбіріншісі Қ.Тевеклевтің арғы атасы – Оразмұхаммед еді. Ока өзені жағасында құрылған бұл хандық қандай хандық еді деген мәселеге орай Ш.Маржанидің бұл хандықты хандық деп санауға болмайды, өйткені ондағы билік шығыс дәстүріндегідей мирасқорлықпен берілмеді, оның билеушілерін Ресей патшасы өз ыңғайына сай тағайындады, ол билеушілер орыс патшасына толықтай бағынуға, оған әрқашан әскери көмек көрсетуге ант беріп, тәуелсіз болмады әрі Керман билеушісі атынан ешқандай теңге соғылмаған, ту да көтерілмеген деген пікірімен қосылуға болады [Маржани, 1989: 178].

Оразмұхаммед 1605 жылы Б.Годуновтың өлімінен кейін орын алған алауыздық кезінде Лжедмитрий II-ші жағына шықты. 1609 жылы В. Шуйскидің әскері Касимов қаласын алғаннан кейін поляк королі Сигизмундты қолдаған Оразмұхаммед 1510 жылы қараша айында Лжедмитрий II-нің бұйрығымен қастандықпен өлтірілді. Оның денесін әйгілі Едіге бидің ұрпағы П.Урусов Касимов қаласындғы қорымға жерлейді.

Оразмұхаммедтің өлімінен кейін Керман хандығына Көшім ханның немересі – Арсланғали, онан кейін оның ұлы – Сейіт-Борхан, онан соң Арсланғалидың әйелі әрі Сейіт-Борханның анасы – Фатима ханым билік етті. Патшалық Ресейде билікке келген Романовтар әулетінің тұсында Керман хандығы 1681 жылы, яғни Қ.Тевкелев 7 жасқа келген кезде жеке билік құрлымы ретінде өмір сүруін доғарды.

Романовтар билігі кезінде Оразмұхаммедтің ұрпақтары, яғни Қ.Тевкелевтің аталары қоныстанған Керман хандығында патша өкіметінің қолдауымен халықты шоқындыру саясаты жүзеге асырыла бастады. Хандықтың кейбір билеушілері шоқынып, орыс есімдерін алуға мәжбүр болды. Мәселен, Сейіт-Борхан хан шоқынып, Василий деген есімді иеленді. Шоқындыру саясатының екпін алуымен 1656 жылы Керман хандығының тұрғындары көтеріліске де шықты. Бірақ мұндай әрекеттен нәтиже бола қоймаған саяси ахуал жағдайында Қ.Тевкелев секілді жасөспірімдер шоқындыру, орыстандыру саясатының құрбанына айналып, болашақ Ресей империясына қызмет етушілер ретінде қалыптастырыла бастады.

Ш. Маржанидің көрсетуінше, Оразмұхаммед сұлтанның ұрпақтарынан шыққан танымал тұлғалардың бірі Сәлімгерей Тевкелев еді. Ол 1865 жылы Орынбор мұсылмандары діни басқармасының мүфтиі болып сайланды. Оның осындай лауазымға ие болуымен Тевкелевтер әулеті ендігі жерде шоқынған әулет емес, мұсылмандық әулет ретінде танылды. Оның үстіне сол тұста Еділ-Жайық өңірінде христиандықты қабылдаған түркі халықтарының өкілдері арасында миссионерлердің қарсылығына қарамастан мұсылмандыққа өту жаппай етек алып жатты. Осындай сәтте патша өкіметі шеткері аймақтарда тұрақтылықты сақтау мақсатында мұсылмандық элитамен ымыраға келу бағытына бет бұра бастаған еді [28, с.130]. Соған орай патша өкіметі мұсылмандық элита өкілдерін де өзіне тарту ниетінде оларды марапаттай бастады. Мәселен, С.Тевкелев I дәрежелі Анна және Станислав ордендерімен марапатталды.

Уфа қаласында орналасқан Орынбор мұсылмандары діни басқармасындағы қызметі барысында С.Тевкелев 1868 жылғы әкімшілік реформаға сәйкес Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары қазақтарының діни істері аталмыш мүфтиліктең қарауынан шығарылып, жергілікті билік орындары қарамағына берілуіне наразылық танытқандардың бірі болды. Сонымен қатар ол билік орындарының бұл облыстардағы қазақтардың діни істеріне байланысты шешім қабылданады деген уәдесіне сенім артты. Ол мұсылмандар арасындағы ахуалды жіті қадағалауға алып, 1866 жылы мұсылмандарға мұсылмандық парыздарын тиесілі орындау жөнінде үндеу таратты. Оның бұл үндеуіне сол кезде генерал-губернатор Н.А.Крыжановский де құлақ асып, оны барлық уез басшыларына қарамағындағы мұсылмандарға насихаттау жөнінде арнайы тапсырма берді. Бұл өз кезегінде Орынбор мұсылман діни басқармасының халық арасындағы беделінің өсуіне түрткі болды.

1867 жылы Орынбор өңірінде қуаңшылық орын алып, тұрғындар арасында аштық жайлай бастаған шақта С.Тевкелев Ресей мұсылмандарына үндеу жолдады. Ол үндеуде аштыққа ұрынған башқұрттар мен өзге де мұсылмандар пайдасына қаражат жинастыру қажеттігі айтылған-ды. Бұл үндеуге орай мұсылмандар арасынан аштардың пайдасына деп 2431 сом жиналды. Жиналған қаржы аштыққа ұшырағандар арасында имамдар арқылы таратылып берілді. С. Тевкелев мұсылман қариялары мен жетім балаларды қамқорлыққа алатын үйлер ұйымдастыру мәселесін де ойластырды. Оның өзі тікелей араласып, Уфа губерниясында мұсылман қариялары мен жетімдеріне арнайы үй ашуға жетекшілік жасап, жұртқа үлгі де көрсете білді. Бұл үйдің қаржылай ауыртпалықтарын көтеруге С.Тевкелевтің Сейітгерей, Бақтыгерей секілді бауырларымен бірге немере інілері де тартылды. С.Тевкелевтің бауырларының атсалысуымен мұсылман қариялар мен жетім балалар үйінің жарғысы әзірленіп, ол Императорлық адамсүйгіштік қоғамы арқылы бекітілді.

Ресей империясының астанасы – Петерборда тұратын мұсылмандарға арналған үлкен бір мешіт салу мәселесін көтерген де С.Тевкелев болды. Ол Шетдіндер департаментіне бұл мәселені өткір қоя білу

арқылы, билік орындары тарапынан оның салынуына рұқсат алды. Ол бұл мешітті Ресей империясындағы басты ислам храмына айналдырудың маңызды екенін императордың өзіне де жеткерді. 1883 жылдан бастап астандағы мешітті салу үшін империялық көлемде қаражат жинастыратын арнайы комиссия құрылды. Комиссия құрамына С. Тевкелевтің ұсынысымен А. Баязитов, М. Юнусов секілді т.б. беделді мұсылмандар енгізілді. С.Тевкелев аталмыш мешіттің салынғандығын көзімен көре алмай, 1885 жылы дүниеден өтті. Петербордағы мешіттің құрылысы 1913 жылы, Романовтар әулетінің 300-жылдық мерейтойы қарсаңында аяқталды. Мешіт ғимаратын салу ісіне өзге мұсылмандармен бірге қазақтар да, сондай-ақ, Бұхар әмірі – Сеид Абдул Ахад ханға дейін тартылды.

Ш. Маржани еңбектерінде Ұлы даланың жаңа заман дәуіріндегі тарихынан басқа ежелгі және ортағасырлық дәуірлердегі тарихына қатысты пікірлері ерекше назар аудартады. Сол тарихи кезеңдерде Ұлы даланың Батыс пен Шығысты жалғастырушы «алтын көпір» қызметін атқарғанын Ш. Маржани нақтылы деректермен негіздеген-ді. Бұған Ұлы даланың әл-Фараби, ибн-Сина секілді ғұламаларының әлемдік өркениетке қосқан үлесін мысал ретінде ұсынады.

Қорытынды

Ұлы дала тарихын зерттеуде Ш. Маржанидің еңбектері өзіндік игі ықпалын тигізері сөзсіз. Сондықтан да Ш. Маржанидің еңбектерін қазақ тіліне аударып, жинақ етіп шығаруды қолға алғанымыз абзал. Бұл іс-шараны жүзеге асыру барысында жарық көретін жинақтың ғылыми анықтамалық аппаратпен қамтамасыз етілгені жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Алишев С.Х. Татарская печать о Ш. Марджани и его времени // Марджани: Ученый, мыслитель, просветитель. – Казань: Тат. кн. изд-во, 1990, – 191 с.
- Басовская Н.И. Цель истории – история. – М.: РГГУ, 2002. – 536 с.
- Кириленко Е.И. Традиция историко-методологических исследований в немецком либеральном историзме // Методологические и историографические вопросы исторической науки. – Томск. Изд-во ТГУ, 1992. – 129 с.
- Марджани Ш. Вафиат ал-аслаф ва тахиат ал-ахлаф (подробное о предшественниках и приветствие потомкам). – Казань: «Иман», 1999. – 125 с.
- Мәржани Ш. Мөстәфадел-әхбар фи ахвали Казан вә Болгар (Казан һәм Болгар хәлләри турында файдаланылган хәбарләр). – Казан: Татар. кит. нәшр., 1989. – 415 б.
- Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
- Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. – 2018. – 21 қараша.
- Очерки Марджани о восточных народах. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2003. – 175 с.
- Семенов Ю.И. Философия истории. (Общая теория, основные проблемы, идеи и концепции от древности до наших дней). – М.: «Современные тетради», 2003. – 776 с.
- Сералин М. Мақалалары, публицистикалық шығармалары, поэмалары мен аудармалары. – Алматы: «Аударма», 2002. – 344 б.
- Сили Ш. Возникновение и источники теории «колонизации» С.М. Соловьева // Вопросы истории. – 2002. – №10. – С. 150 – 156.
- Урсу Д.П. Историография истории Африки. – М.: «Высшая школа», 1990. – 302 с.
- Юсупов М. Галимджан Баруди. – Казань: Тат. кн. изд-во, 2003. – 208 с.
- Юсупов М.Х. Шигабутдин Марджани как историк. – Казань: Тат. кн. изд-во, 1981. – 232 с.
- Ясперс К. Смысл и назначение истории: Пер. с нем. – М.: Политиздат, 1991. – 527 с.

FTAMP 03.20.

Тоқтабай А.У., Карамендина М.Ө.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы

**ӨЗБЕКСТАН ТОПЫРАҒЫНДАҒЫ КӨКТЕРЕК, ҚАРАҒАШТЫ, ЖЫЛАНДЫ АТАЛАРҒА
ҚАТЫСТЫ БІРЕР СӨЗ**

Аңдатпа. Бұл мақала Өзбекстан топырағында – қазақтардың киелі деп есептелетін жерінде жатқан Көктерек, Қарағашты, Жыланды аталар жайында. Бұнда Көктерек, Қарағаш әулиелердің қабірімен, ағаш культімен байланысты көне сенімдерден туындаған ырымдар мен ғұрыптар айтылған. Әруақ сыйлайтын қазақтардың ұғымында әулиенің рухы жануардың (жыланның) бейнесіне еніп, ауру-сырқауларға көмектесіп, жәрдем береді екен. Жылан туралы халықтың исламға дейінгі наным-сенімдері, халықтың тәжірибелері мен білімдері - материалданып ескерткішке айналуы Жыланды ата әулиеден анық байқалады, сондықтан жыланның тілін – ерекше қасиеттерін білген Жыланды атаға қатысты бақсылық, тұтынатын құралдардың да (бақан, темір заттар, найза) киелі мәнге ие болу себептері мақалада баяндалады.

Түйін сөздер. әулие, ағаш, терек, киелі, жылан, топырақ, қабір, бақсылық, ғұрып, темір құрал, рәміз.

Тоқтабай А.У., Карамендина М.О.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова. Казахстан. Алматы

**НЕСКОЛЬКО СЛОВ О СВЯТЫХ МЕСТАХ УЗБЕКИСТАНА - КОКТЕРЕК, КАРАГАЧ,
ЖЫЛАНДЫ**

Аннотация. В статье рассматриваются культовые места казахов Узбекистана: Коктерек ата, Карагашты аулие и Жыланды ата. На основе полевых материалов впервые вводится научный оборот обрядов, связанных со святыми деревьями: поклонение, очищение, дух деревьев. Змея не только предмет магии, колдовства, заклинания, но один из самых распространенных символов казахско-узбекской мифологии и искусства. Мировое дерево, животный мир, звери и птицы - пресмыкающиеся все эти элементы мироздания показывают экологический менталитет народа.

Ключевые слова. святое, дерево, тополь, сакральное, змея, почва, могила, шаманство, обряд, железное орудие, символ.

Toqtabai A.Ú., Karamendina M.O.

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty

**SOME WORDS ABOUT THE KAZAKH SAINTS OF UZBEKISTAN: KOKTEREK ATA,
KARAGASHTY AULIE AND ZHYLANDY ATA**

Abstract. The article considers the cult places of Kazakhs of Uzbekistan: Kokterek ata, Karagashty aulie and Zhylandy ata. Based on the field materials, the rituals associated with holy trees are introduced into scientific circulation for the first time: worship, cleansing, the spirit of trees. The snake is not only a subject of magic, witchcraft, spells, but one of the most common symbols of the Kazakh-Uzbek mythology and art. The world tree, the animal world, animals and birds, reptiles all these are elements of the universe, which show the ecological mentality of the folk.

Keywords. holy, tree, poplar, sacral, snake, soil, grave, shamanism, ceremony, iron weapon, symbol.

Кіріспе

Қазақтың исламға дейінгі мыңдаған жылдық мәдениетінің белгілері - қоршаған ортасы, жан-жануар, жәндікті т.б. аялап, қорғап, қастерлеуден қалған аруақты жерлер, әулиелі орындар. Жеке өсіп тұрған қайың, тал, терек, шынар, арша жиде т.б. ағаштарға табыну адамзат дүниеге келіп, тәй-тәй баса бастаған кезде пайда болған. Себебі күннің оттай ыстығында көлеңкесінде дем алды, қарлы боранда, жауын-шашында пана болды. Қазақ салтында албаты ағаштарды кеспейді, отынға қу бұтағын, қураған ағаштарды алған. XIX ғ. 70-80 ж бастап Ішкі Ресейден келген келімсектер қазақ даласындағы ормандарды отап, жаппай кесіп, ысырап қылған. Халықтың келімсектерге қарсы батырлары бастап көтерілгені жайында деректер бар. Халық рәсімінде албаты жыланды өлтірмейді, жол үстінде кетіп бара жатқан жыланды көрсе, үлкендер «Бұл бір қызын

ұзатуға бара жатқан жылан екен, немесе құдалыққа бара жатқан жылан», - деп жоритындар бар, жыланның атын атамай «түйме», «ұзын»-деп атайды. Әулие ағаштарға және жыланға табыну, халықтың көне наным-сенімдерінен хабардар етумен қатар, халықтың экологиялық мәдениетінің жоғары болғанын көрсетеді.

Тарихнама

Көктерек, Қарағашты, Жыландыата әулиелері басқа республиканың территориясында болғандықтан мүлдем зерттелмеген. Негізгі деректер 2018 ж Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының экспедициясы Өзбекстанға арнайы барып, зерттеу жұмыстарын жүргізгенде ел аузынан жинады. Көне наным-сенімдер туралы ауызша деректер Ш. Уәлиханов, Л.Я. Штернберг, Т.П. Снесарев, С.С. Сейфуллин, Б. Қанарбаева т.б. зерттеушілердің еңбектерімен салыстырыла зерттелді.

Методология

Алдымен киелі жерлер туралы аңыз-ертегілер, әфсаналар, ел аузындағы ауызша тарихы мұқият жазып алынды. Ескерткіштің өзі, маңындағы жерлер, қоршаған орта фотоға түсірілді. Ауызша тарихтың мәліметтері бұрын-соңды осыған ұқсас әулие-әнбиелер туралы жазба, деректермен, арнайы зерттеулермен шендестіріле зерттелді.

Негізгі бөлім

Ташкент қаласынан 60 км Сүрен ата деген тау аңғарындағы халық көп баратын киелі жердің бірі - Көктерек әулиенің қабірі. Арнайы іссапармен барған бағытымыз бойынша ат басын сол бір киелі жерге де тіреген едік.

Көктерек әулие қабірі - тал, терек, бұта-қараған көп өскен ит тұмсығы өтпейтін сайдың ішіндегі алаңқайға орналасыпты. Машиналарды тау етегінде қалдырып, тағы екі-үш машина тұр екен, соқпақ жолмен жүріп отырып әулиеге жеттік. Автокөлік жүретін жол салуға болады екен, бірақ халық арнайы жол салдырмапты. Алаңқайдың ортасында екі үлкен кәрі терек тұр, ақпарат берушілердің айтуынша, жасы 100 жылдан асады. Ата-бабаларымыздың көне нанымына сенетін болсақ, «қабірінің басынан ағаш өсіп шықса, ол адам қасиетті болып саналады екен» (Р. Мустафина, 1992). Алаңқайға қарай кіреберісте Ақмама деген елге қадірлі, қасиетті адамның қабірі, үстіне төртбұрышты күмбез орнатылыпты. Екі кәрі теректің айналасында мал соятын, ас әзірлейтін, зиярат етушілер дем алатын орындықтар, тапшандар, сәкілер орналасқан. Әулиенің шырақшысы Пернегүл Бабатаеваның атасы мен әкесі – Нәзір – Бабатай екеуі де шырақшы болған, енді баласы Иманәлі шырақшы болуға дайындалып жүр. Пернегүлдің айтуы бойынша әулие ағашты алуға болмайды, егер де біреу-міреу ағашты кесіп, сындырып алса, ол адамның жолы болмайды, бақытсыз болады. Соғыс жылдары колхоздың бастығы бірнеше жұмысшы әкеп, жұмысшылар ағашты кесуге бата алмай тұрғанда: - Ағашты кесіндер,- деп әмір беріпті. Жұмысшы балтасын терекке ұрғанда, ағаштан қан шығыпты,- дейді, кейін бастық айықпас дертке жолығыпты. Бұдан біз көнеден келе жатқан әулие ағаштарға табыну ғұрпын байқаймыз (Б. Қанарбаева, 2004). Осыдан ертедегі ата-бабаларымыздың ағаштың да адам тәрізді жаны бар, кескен кезде бойынан қан ағады деген сеніміне көз жеткіземіз.

Көктерек әулиеден әрірек жылғаны өрлеп тауға шығарда бұлақ бар, бұлақтың басында бұтақтары арса-арса, қиы-шойқы кәрі терек өсіп тұр, бұтақтарына ақ байлапты. Бұл жерге әркім не тілесе содан бір зат қалдырады екен. Ақша-тиындардан бастап, әртүрлі әшекейлер, бұраушы (отвертка) машинаның рулі т.с.с. заттар толып жатыр. Машинаның рулі, бұрағыш неге тұр десек, машина сатып алғандар бұл жерге келіп, «көлігіміз ұзаққа шыдасын, жүрісті болсын», -деп тастап кетеді екен. Біз өз тарапымыздан әулиеге ақ байлауға, болмаса тиын-тебен садақа қалдырумен қатар мәшиненің бөлшектерін қалдыруға жол бермеңдер,- деп түсіндерген болдық. Себебі оның түпкі негізі – адам ағаштан жаралған деген мифтік сенімнен шыққан, оның мәнісі алғашқы дәуір адамдарының ағашты паналап, жемісімен күн көруінен басталған (П. Ефименко, 1953). Ертеде адам өлгенмен де оның жаны (аруағы) өмір ағашымен бірігіп өмір сүріп жатыр деген ұғым болған, сондықтан әулие ағаштардың басына түнеген, мал сойып құрбандық шалған, бойларындағы кеселдерден құтылу үшін түрлі тілектер тілеген (Б. Қанарбаева, 2004). Ол кейін де жалғасып отырған, бірақ әуелгі сенім уақыт өте көнереді. С. Сейфуллиннің пікірінше: «Ислам діні тараған соң, ескі діннің наным екіінші түрге айналған»(С. Сейфуллин, 1964). Енді о дүниеде де осындай ағаштың саясында жатсын деген түсінікпен қайтыс болған адамдардың басына ағаш егетін болған. XVIII ғасырдың бірінші жартысында Әбілқайыр ханның қабірінің басына да ағаш еккен екен. Кейін ол адамдар басына барып түнейтін киелі орындарға, ауыл-аймаққа жас келін келіп түскенде сол төңіректегі әулие ағаштардың басына ертіп апарып, бұлаққа теңге тастатып, ағаштарға ақ шүберек байлататын дәстүр қалыптасады. Сөйтіп, ата-бабаң осы жерден су ішкен, толғатқанда сені демеп отырады деп келіннің күпті көңілін орнықтырған (Б. Қанарбаева, 2004).

Жоғары Шыршық ауданы Бесбала ауылында ежелгі әрі киелі бір әулие жерленген зират жер бар екен. Бұл зираттың пайда болу тарихына, ол туралы аңызға құлақ бұрып, назар аударатын болсақ, Еңке қаңлы жұрты енді жаңа қонысқа қонған кез екен. Жаңа ауыл атанып, елді осы шөбі шүйгін жерге ертіп келген, жаңа

туын тігіп, ел атанғанда, бес ержігіт бала елге басшылық етіп жұртты артынан ертіп алып келеді. Сөйтіп елдің, ауылдың аты «Бесбала» атанып кеткен деседі. Енді сол Бесбала ауылындағы Қарағаш әулиеге тоқталар болсақ, қазір ауылдағы мазардың ортасында бір төбешік дөңкейіп көрініп тұрады. Ауыл тұрғындарының айтуынша, бұл төбешікке бес бала жерленген деген сөзді естідік. Ежелде Бесбала елі жайласқан ауылдың жанынан жасы сексенге таяп қалған әулие – кеселдерді дауалайтын, сырқаты бар аурулардың дауасын табатын киелі Танта баба тұлпарына отырып, Меккеге аттанып бара жатып, ауыл жағасындағы үлкен қарағаштың түбіне шаршап барып, демалайын деп отырып сол жерде жан береді. Ауылдың тұрғындары Танта бабаны сол жердегі бес ағайынды жатқан жердің жанына жерлейді. Содан бері осы алты адам жатқан ел киелі әулие атанады. Ауылдағы көреген шалдардың айтуынша, «Ежелде ауылдың алып батырлары, көкпаршылары, көкпарға аттанар кезінде әулиеге барып сыйынып келеді екен, әулиенің киелілігі соншалық, көкпаршылар әулиеге бір шақырым қалғанда аттарынан түсіп, жаяу әулиеге кіріп келеді екен. Бұл әулиеге алыс-алыстардан адамдар зиярат етуге келеді, талай сырқаттанған ауру адамдар сырқатына дауа тауып, түзеліп кеткенін есітіп, тағы да бұл киелі жерге келетін адамдардың саны жылдан-жылға асып келуде. Қазіргі әулиенің көрінісі, төбешікте әулиелердің мейіті жанында екі қарағаш жайқалып өсіп тұр. Сыйынуға не зиратқа келген адамдар сол қарағаш ағашының бұтақтарына ниет етіп, қызыл, ақ шүберек орап, төбешіктің түбіне шам жағып, үш рет сыпырғымен сыпырып айналып шығады. Ақ ниетпен келген адамның әрине ниеті қабыл болады екен.

Табиғаты ерекше әсем, жер жанаты, сулы-нулы Бостандық ауданында және бұл ауданда ғана емес Шыршықтың бойында, жалпы Ташкент атырабында – ағаштың культі ерекше. Бұл елде терек үшке бөлінеді, деді Нұрбай Тұрсынбаев: 1. Мырза терек. 2. Бақа терек. 3. Көк терек. Елде мынадай қызық әңгіме бар: «Суға ағып бара жатқан ағаш ұстасы, жағада тұрған адамнан көмек сұрайды. – Сен кімсің? – десе, мен ағаш ұстасы – Пәленмін, – дейді. Жағада тұрған: Үйімнің төбесін жауып бер, – дейді. Суға ағып бара жатқан: Ағашың неден? – Ағашым бақа теректен. – Онда мен үйіңді жаба алмаймын, – деп суға ағып кете барыпты». Сөйтсе құрылысқа ең жақсысы мырза терек, «бақа теректен балтаң сынады», – деп бекер айтылмаса керек.

Көктерек, Қарағашты әулиелерге байланысты барлық әңгімелерді біз тәптіштеп жазып отырған себебіміз: әрбір әулиенің басына барғанда ауызша деректерді молынан алуға тырыстық. Өкінішке орай, кейбір әулиелі жерлердің киелі тарихы (сакральная история) жұтаң, мүлде жоқ, ертеде болғаны есте сақталмаған болып шықты.

Жалпы «әулие» талдар мен «әулие» ағаштарға табыну ғұрпының негізінде көне космогониялық сенімдер жатыр, себебі біз жердің жемісін жеп, ырыздығымызды айырамыз. Есесіне ол біздің тәнімізді қойнына жасырады, денемізді азық етеді. Көне түркі пайымдауынша: «Түбінде бәрімізді осы топырақ жер, қорек қылар. Тек жанымыз ғана Көк Тәңіріне ұшып кетпек», – деген қисынмен Жер атанған (Т. Жұртбаев, 1994).

Көне космогониялық сенім бойынша әлем ағашы Жер мен көкті байланыстыратын дәнекер. Қазақтың ұраны – Алаш болса, керегесі – ағаш. Ағаштан жасалатын киіз үйді – аспан әлемінің кішірейтілген бейнесі деп пайымдауға болады. Ағаштарды әулие дейтініміздің сыры – шаңырақтың қасиеттілігінде. Халқымыздың космогониялық ұғымындағы ағаштардың әлемге тіреу екендігі туралы сенімдері киіз үйдің ортасына ағаш дінгек қоюына ықпал еткен. Киіз үйдің шаңырағы аспанды, керегелерінің жұмыртқадай дөңгеленіп келуі Жер-Ананы бейнелеген. Шығыс Қазақстан өңірінде босана алмай қиналған әйелді киіз үйдің дінгегін құшақтатып айналдырады, ал балалар дінгекті айналатын болса ұрсып, жазалайды екен (Б. Қанарбаева, 2004). Қазақтардың заттық әлеміндегі құралдар, нәрселер және т.б. нысаналар семиотикалық дәрежеге ие болады да, сакральды мәні арқылы әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің жүйесіне кіреді (А. Керімбаев, 2007). Қазақта «Бақан аттаған байымайды, балта басқан жарымайды» деген мақал бар. Бақан әлем ағашының доминанты орнында көшпенділердің хан сайлау (мемлекеттік салтанат) дәстүрінен бастап, отбасылық, жауынгерлік, мал ғұрпында да феномендік қызмет атқарған. Ертеде отбасының ырыс-берекесі, құты бақанда тұрақтайды деген наным болған. Сондықтан отбасылық және шаруашылыққа (әсіресе төрт түлікке) байланысты ғұрыптың шешуші сәттері бақанмен атқарылады (А. Айтмұқашева, 2007).

Демек, қарағай текті жасыл ағаштар ертеде жолбақанның рөлін атқарған. Жолбақан (йол) – Көк пен Жерді жалғаушы жол әрі Көк күмбезіне «тірелуші» ағаш, Наурыз кезіндегі ғаламдық кіндік нышаны (М. Аджи, 1959). Әлем ағашы рәмізі ретінде найза немесе көптеген «бұтақ» шаншылып қойылған бағана жүреді (В. Брагинский, 1988). Аңыздарда – бұл бағана (әлемдік ағаш) құрбандық жасау жолының мәнін білдіреді. Құрбандық (құлпытас) бағана да, қорғаушы ағаш адам да (инау) құдайға құлшылық етуге арадағы дәнекер болып табылады, сондықтан құлпытас пен инау иерархиялық жағынан өте жуық. Осы тұрғыдан алғанда, құлпытастың батыс жақ қырында Алла мен Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарға арналған құран сөздері және тайпа таңбасының міндетті түрде болуының өзі, С.Е. Әжіғалидің тұжырымы бойынша, сол тайпа қайтыс болған ағайынымен бағана арқылы жаратушы тәңіріне құлшылығын исламдық рәсіммен білдіргендігінің

айғағы. Осыған орай қазақ құлпытасы мен ру таңбасы арасында (ат байлайтын бағана /абак, сірге/ - рудың, ошақтың рәмізі ретінде) семантикалық параллелизм байқалады (С.Е. Әжіғали, 2004). Сондықтан да шығар, ру-тайпа атрибуттарына таңба, ұран, жалау, құспен бірге ағаш та қатар жатқызылады (М. Карамендина, 2008).

Әлем ағашы шамандардың дінінде де пайдаланылған. «Бақсы ағаш басына өрмелеп шығып Тәңірмен тілдесе алады екен» дегенді С. Сейфуллин де айтқан (С. Сейфуллин, 1964). Қазақ фольклорисі Е. Тұрсыновтың пікірінше: «Шамандық дін бойынша тірілер дүниесін өлілер дүниесімен және жоғарғы әлеммен байланыстыратын екі жол бар. Бірі – әлем ағашы. Екінші жол – «бақсылар өзені» (Е. Тұрсынов, 2001). Бақсылардың өзені туралы ұғым «өлілер өзені» туралы түсінікпен және бақсылар ағашы туралы ұғыммен байланысып жатыр. Сондықтан шаман-бақсылар көрермендердің көз алдында қара күш иелерімен күресемін деп ағаш басына өрмелеген (Ә. Ақышев, 1954).

Шамандыққа дейінгі наным-сенім бойынша өлілер өзені – әулие талдардың басындағы ағып жатқан бұлақ (Түркі фольклоры, 2001). Олай болса әулие ағаштардың басына барып сыйынған жандар, оның бұтағына шүберек байлау арқылы, өз тілектері мен талаптарын о дүниедегі ата-бабаларына жолдайды, сол арқылы өлілердің рухы мен тірілердің жаны о дүниеде табысады деп ойлаған. Көшпелі халықтың мифологиясында осынау қасиетті Әлем Ағашын көбіне-көп ақиқат өмірдегі бәйтеректермен байланыстырады. Мұндағы бәй, бай – алыптықты, құт-берекені білдіреді. Қазақтардың арша деп жүргендері кәдімгі жаңа жылда құрылатын жасыл шыршасы (Б. Қанарбаева, 2004).

Жалпы, қазақ бәйтерек деп үлкен ормандардың ішінде ерекше үлкен бұтақтары мейлінше молынан жайылған, тамырлары топырақтан шығып, адырайып-адырайып көрініп жататын көп жасаған ағаштарды айтады. Осындай ағаштарды көргенде «Е, мынау орманның бәйтерегі екен ғой, ағаш атаулының бәрі осы бәйтеректен тараған екен ғой» деп уәж айтады, сондықтан бәйтерек деген атау жеке дара өсіп тұрған ағаштарға айтыла бермейді (Н. Мыңжани, 2017).

Аңыз бойынша Төле бидің бәйтерегі, шынары, ат байлайтын арша ағашы болған екен. Ел арасында арша қасына пәле-жалаларды, қара күш иелерін жібермейді деген сенім бар. Жас нәресте ауырып қалғанда оны арша салған суға шомылдырады, медицинада оның микроб өлтіретін қасиеті анықталған. Шарбақ ГЭС-тің жанындағы алып шынар ағашты кезінде біз 1990 ж. Төле бидің шынар ағашы туралы аңызбен байланыстырып дәлелдегенбіз (А. Тоқтабай, 2003), оның бер жағында Төленің осы әулиелі орта ағашы - шынар ағашын эзір тани алмайсың, ағашты қоршай «Чинар» деп аталатын ресторан кешені түскен.

Түркі тілдес халықтарда «Ертеден де ерте заманда, түйенің құйрығы жер сызғанда, ешкінің мүйізі көк тірегенде» деп келетін аңыз ертегілері бар. Мифологиялық ұғымдардағы нәрсенің тегін белгілеуді тура мағынасында қабылдамай, оны символдық (рәміздік) меңзеу деп қана түсініп, оның астарындағы сырлы мағынасына үңілуді қажет етеді (А. Мейірманов, 2014). Мал шаруашылығымен ертеден айналысқан қазақ халқы төрт түлік малдың жаратылыс тегін төрт стихиямен байланыстырады (М. Карамендина, 2006). Топырақ, ауа, су, от алғашқы күйінде формаға ие емес, ол жанмен қосылғанда ғана формаға ие болады және бастапқы күйге мүлдем ұқсамайтын нәрсеге тіршілік иесіне айналады (А. Мейірманов, 2014). Мысалы түйе малының аса киелі саналып, пайғамбарлардың, әулиелердің көлігі болуы түйенің топырақ текті жануар болуымен байланысты деуге болады, өйткені топырақсипат – кішіктік адамның ұлық қасиеті. Қазақ тарихындағы халық аса құрметтеген, әулие тұтқан Абылай хан, Райымбек батыр сияқты адамдарының киелі түйесі болуы осының бір айғағы. «Абылайдың киесі сары бура екен,- дейді Мәшһүр Жүсіп,- Абылай жорықта жеңетін болса, бура жорықтың жолына қарап жатады екен де, жеңбейтін болса, теріс қарап жатады екен». Түйенің пірі – Ойсылқара (Біз, өкінішке орай, Ойсылқараның орнын қаншама сұрастырсақ та таба алмадық). Тамырын тереңге жайып, жердің күш-қуатына қаныққан Әлем Ағашының да тегі топырақ. Көктерек, Қарағашты әулиелердің қабірі киелі топырақта. Қабір басынан өсіп шыққан қос терек те, қос қарағаш та киелі. Осыған байланысты «Көкті жұлма, көктей соласың» деп шөп пен суды т.б. қастерлеген қазақ үшін Жер ананың, туған жердің топырағы киелі болса, оның жемістерінің бірі – ағаштары да қасиетті саналуы сондықтан деп білеміз.

Жыланды ата. Ауызекі әңгімелерден естуімізше Жыланды ата тарихта болған адам. Әулиенің жатқан жері Ташкент қаласы, Чиланзар* ауданында. Ол жыланның тілін білген, оны оқып көзбен байлап тастайды екен. Тағы бір әңгімеде бұл жерде ордалы жылан болған, бірақ адам баласына, жан-жануарға тиіспейді, зиян келтірмейді екен. Жалпы қазақ арасында жыланды оқып, жарып жіберетін, өлеңмен оқып, байлап тастайтын бақсылар аз болмаған. Жылан шаққанда уын қайтару үшін бақсылар қобыз тартып арбаған. Айтатын сөздері:

Кер, кер, кер жылан,
Керек басты мер жылан,
Бір жылан бар сұм жылан
Бір жылан бар сұр жылан.

Бір жылан бар жеті жылғы
 Ту жылан.
 Құралай таудың басынан
 Қуып келген қу жылан.
 Пайғамбардың демінен
 Дегелек келді шық жылан.
 Ақ жылан, отты жылан,
 Кіші жылан, мышы жылан,
 Сары жылан, сарыбас жылан,
 Көп жылан, көбер жылан
 Шық Тәңірден парман келді,
 Парманнан қатты жарық келді.
 Мары, мары, мары жылан
 Ұзын, ұзын, ұзын жылан
 Ұзын, шашы келте жылан.
 Марқары, сарқары
 Былдыр-сылдыр болған түннің басынан
 Лек-лек келді, шық жылан!
 Ат жылан, қат жылан
 Ыс жылан, қара жылан
 Отыз бес көзді, қырық жүзді
 Ортан түннің басынан
 Лек-лек келді, шық жылан.

*Чиланзар (жыландар) – өзбек тілінде жыланды деген мағынаны береді.

Қазақ бақсыларының «ойыны» көбінесе бақсылық өлең-сарын ретінде айтылады. Олар өздерінің «жынын» кейде «жеңсіз берен киінген, лашын құстай түйілген» деп, қалың жауға қарсы шауып, қамал бұзған батыр бейнесінде, кейде «қара шұбар айдаһар», «жез тырнақты жолбарыс», «азу тісі балғадай қара бура», «бір мүйізі жер тіреп, бір мүйізі көк тіреген көк бұқа» болмаса, әлем дүниесін бұрқ-сарқ еткізген қара бұлт, қарлы дауыл бейнесінде келтіреді. Кейбір ұзақ айтылатын сарындарда бақсының бір емес, бірнеше «жыны» суреттеледі, оларды адам ұғымындағы ең күшті нәрселерге теңеп, салыстыра отырып, жырға қосады, тыңдаушының көз алдына елестетпек болады», - деп жазады М. Ғабдуллин (М. Ғабдуллин, 1964:59). С. Сейфуллиннің пікірінше: «Жын, пері екі түрлі болады, бірі – достық қылады. Бақсы достық қылатын жынның қуатымен бақсылық қылады» (С. Сейфуллин, 1964). Жылан шаққан адамды бақсылардың арбап жазуын көрген орыс ғалымы Ю. Леваневский: «адамның ақыл-ойының, рух күшінің материалдық қара күш – удан асып түсуі»-деп атап көрсетеді (А. Тоқтабай, 1998). Жылан туралы халықтың исламға дейінгі наным-сенімдері, халықтың тәжірибелері мен білімдері - материалданып ескерткішке айналуы Жыланды ата әулиеден анық байқалады.

С. Мұқанов: «Бақсының талып жататын себебі, бақсының ұғымынша, бақсының жаны мен тәңірінің жаны бірігеді де, дерттің құдайымен алысып, оны жеңеді. Бұл алысу бақсы талысып жатқанда болады. Бақсының есін жиюы жақсылық құдайының жамандық құдайын жеңуі, осы кезде бақсының жаны өзіне қайта оралады», - дейді (С. Мұқанов, 1974).

Адамзат санасындағы әуелгі түсінігі бойынша, өлген адам жерленгеннен кейін о дүниеде жаңа өмірі басталады (Л. Штернберг, 1936). Сондағы аруақтармен араласып бірге тұрады, кейде жәндіктердің бейнесіне еніп, жер бетіне шығып жүреді. Қазақ халқының аруақтар, оның киесі туралы діни нанымдарының түп-тамыры өте көне замандарда жатыр. Алғашқы қауым заманындағы көне діни наным «тотемизм» деп атайды. Қазақтың көнеден келе жатқан діни түсініктері бойынша әр батырдың айқаста, жорықта, түрлі қиын жағдайда көмектесетін аруақтары болады деп саналған. Аруақ – адамның ата-бабаларының қасиетті, киелі рухтары. Ол өзінің ұрпақтарын, руластарын қолдайды деп сенген. Сондықтан соғыс шайқастарына кіргенде, ат бәйгеден келе жатқанда, палуан күресінің жұлқыстарында қазақ ру-тайпалары ата-бабаларының не сол рудан шыққан батырлардың атын ұран етіп шақырып, олардың аруағынан медет күткен. Діни ұғымның дамып, күрделенуі барысында, ата-бабалар рухы адам бейнесін қабылдағанмен, олардың киелі аң-құс, жануарлар бейнесін сақтап қалған (Қ. Ахметжанов, 1996). Сондықтан қазақтың ұғымында аруақтар адамға қонғанда олардың киесі көбіне аң, құстардың бейнесін қабылдайды. Мысалы Ағатай батырды жұрт «әулие» дейді. Ағатайдың әруағы Исатайға (Тайманов) қонған екен. Әруақ түнде ұйықтап жатқанда үш түрлі болып келеді екен: 1) айдаһар жылан болып келіп, беліне оралып жатады екен, 2) қара бура болып күркіреп келіп, үстіне шөгіп жатады екен, 3) қабан болып күркілдеп келіп қойнына кіріп жатады екен (Х. Досмұхамедұлы, 1991). Батырлық жырларда Шора батырдың аруағы айдаһар екені айтылады. Орта жүзге ұран болған

Олжабай батыр ұйықтап жатқанда бір сары шұбар жылан қойын-қонышына кіріп, үстінде жорғалап жүреді екен. Қазақ батырларының айқаста, жорықта, жолда жүргенде қолдайтын, сыйынатын пірлері, әулиелері бар болған. Қазақта әулиелерге қатысты «Құдай атқан оңалар, аруақ атқан оңалмас», «Тірі адамның наласынан Аруақтың наласы жаман», «Әулие қасындағысын қолтықтайды», «Қырықтың бірі – Қыдыр, Мыңның бірі – Уәли», «Қыдырдың бірі – көлденең көк атты» дейтін мақалдар бар. Батырлар сыйынатын пірлерінің кейбіреулері мифтік қаһармандар, кейбіреулері тарихта болған, бірақ аты аңызға айналған тұлғалар, бірақ бәрі де батыр болып, соғыста ерен ерлік көрсеткендер. Олар: Рүстем мен Дастан, Баба Түкті Шашты Әзиз, Ғайып ерен, Қыдыр ата, Дәуіт пайғамбар. Мысалы, Орақ батыр қалмақтың Өгіз деген ханымен жеті күн шайқасып, әбден шаршайды, өзіне көмек беруге ұмтылған інісі Мамай батырдың ұсынысынан бас тартып, қалмақтың алдында өзінің әлсіреп бара жатқанын сездіріп алғандығына намыстанып, Баба Түкті Шашты Әзизді көмекке шақырады. Сол кезде оның көз алдында айдаһар жыланның сұлбасы пайда болып, ат үстінде белі тала бастаған батырдың беліне белдік болып оралғанда, Орақ батыр бойын жинап алады да, айдаһарды көріп зәресі ұшқан Өгіз хан есінен танып құлап қалады. Сөйтіп бабалар рухы айдаһар образында келіп жәрдем береді (Батырлар жыры, 1989). Тотемдік сенімге мұсылмандық діни образ қосылып отыр. Жыршы оны өзі естіген Баба Түкті Шашты Әзиз образымен байланыстырып, яғни, көнеден келе жатқан аруақтар культін исламдық дін әулиелердің атымен байланыстырып, жаңартқан (В. Басилов, 1970). Осы жырдағы жыланның аттың үстінде белі талған батырдың беліне белдік болып оралуының түпкі негізі батырдың намысын қорғау. Әлем Ағашының тамырында оратылып жататын, жердің күш-қуатына әбден қаныққан айдаһар жылан батырдың бойындағы күшті ұстап тұрған қорған қызметін атқарып тұр. Ол ғасырдан-ғасырға ауысып ұлттық дәстүрімізде бекігендіктен, онда ата-бабаларының рухы бар деген сенім берік қалыптасқан. Қазақтарда сақталған сенім бойынша Қызыр пайғамбар да жыланның бейнесіне еніп, түнде үйдің ішін аралап, ауырып-сырқап жатқандарға көмектеседі екен. Өзбек халқында да ақ жыланның образы қасиетті Қызыр пайғамбардың бейнесі деген сенім бар екен (Г. Снесарев, 1969). Қ. Ахметжановтың дерегі бойынша: «құстың, жыланның бейнелері, қауырсындары мен жылан қабығы «жыланбастар» өте ерте заманнан адамзатты түрлі бәледен, көз тиюден сақтайды деп санаған. Құстың қауырсынына, жыланның қабығына ұқсатып сауытты көбелеу, оның қорғаныс қабілетін арттырып қана қоймай, сонымен бірге магиялық-ырымдық рөлдерін де атқарған (Қ. Ахметжанов, 1996).

Қазақ халқының наным-сенімдерінде жыланға байланысты әдет-ғұрыптар мен ырым-тыйымдар күні бүгінге дейін сақталып келеді. Мысалы, жаңа туған нәрестені тіл-көзден сақтау үшін, жылан түлегенде далада түсіп қалған терісін бесігінің басына іліп немесе жыланның құбасын жастығының астына сақтап қоятын. Жасөспірім балалар «жыландай батыл боламыз» деп жыланның тістерін қағып алып қалталарына салып жүрсе, үлкендер де жыланның басынан алынған тастарды «адамның ойын қатайтады, бас ауруын емдейді» деп алып жүрген. Жыланның атын атамай «ұзын», «түйме» деп атаған. «Ұзын көрдім», «тас үстінде түйме жатыр екен» деп айтады жылан көргендер. Жол жүріп бара жатқанда жылан кезіксе, албаты өлтірмейді. «Бұл жылан қызын ұзатуға бара жатқан жолаушы, құдасының үйіне бара жатқан қыз алған құдасы», - деп ерте уақытта үлкендерден талай естігенбіз, - дейді ақпарат берушілер. Жылан үйге кіріп кетсе, өлтірмей басына ақ құйып шығарған. Алда-жалда жыланды өлтірсе, «тіріліп кетеді» - мыс деп бірнеше бөлікке бөліп, көміп тастаған. Қазақ емшілерінде «сілекей жинау» атты әдет бар. Жыландардың жазға салым әбден күйі келіскенде ауыздарынан сілекей ағады, оны олар шөпке жағып отырады, мұны жыланның түкірігі-деп атайды. Осыны емшілер қандауырмен, пышақтың қырымен жинап алып, емге қолданады. Жоңғарларға қарсы шыққан ұлт-азаттық соғыстың батыры Ер Жәнібек Бердәулетұлынан қалған заттардың ішінде «айдаһардың құлағы» деп аталатын шұбартас ұрпақтарының қолында әлі күнге дейін сақталған. Батыр иен тауда келе жатқанда кезіктерген айдаһарды өлтіріп құлағын кесіп алған. Ұрпақтары әлі күнге дейін шұбартасты шетінен үгітіп, суға салып ішсе ем болады, - деп сенім қылады екен. Мұндай ырым-тыйымдардың мәні – қазақ халқының табиғатты, қоршаған ортаны, аң-құстарды, жәндіктерді қорғап сақтау, аялау – яғни экологиялық мәдениетін көрсетеді.

Қазақ ертегілерінде айдаһар-жыландар адамзат қыздарына үйленіп, оларды су астына, жер асты елдеріне алып кетеді. Адам баласы дүниеге келіп, тәй-тәй басып, табиғатпен танысып, қоршаған ортаны бақылай бастағанда үлкен және улы жыландарды көріп зәре-құты қалмаған. Осылай неден қорықса соны құдай деп таныған. Жыландардың қос мекенді екенін білген соң, жыланмен адам дос болса, достықтың негізі қыз алып, қыз берісу болғандықтан, екі жақ құдандаласқан. Бұл туыс болсақ деген ниеттен, ой-арманнан туындаған мифтер екені даусыз.

Демек, Әлем Ағашының тамырында оратылып жататын айдаһар жылан – о дүние мен бұл дүниені, дәлірек айтқанда жер астындағы «аруақтар елі» мен жер үстінде тіршілік ететін адамдар мекенін бір-бірімен байланыстырушы космогониялық образ, миф бойынша жамандықтың бейнесі. Дегенмен халық олардың пайдалы жақтарын, емдік қасиеттерін жақсы білген, сондықтан олардың осындай ерекше қасиеттерін Жыланды атаға теліген болу керек. Ендеше айдаһар жыландардан тек жамандықты ғана емес, жақсылықты

да көреміз. Х. Арғынбаев дерегінде қазақ қайтыс бола салысымен оның найзасы тігінен жерге шаншып қойылады... Бір жылдан соң найзаны ерекше салтты сақтай отырып сындырып, сынықтарын зиратқа апарып қадаған. Найза арқылы жаны аспанға көтеріледі деп сенген. Найза орнына сырық, қазық немесе жай таяқ (бақан, піспек) та пайдаға асқан (Х. Арғынбаев, 1975). Ағаш-бағаналар құдайдың орнына мүлдем жүрген емес, тек қана бір иерархиялық деңгейден екіншісіне және кері қарай «ақпарат өткізуші» рөлін атқарған (С. Әжіғали, 2004). Дін жайын зерттеуші ғалымдардың пікіріне қарағанда бақсылар өз тәжірибесінде халықтық өнерді де пайдаланатын сияқты. Мысалы теміршілік өнер кейде бақсылық өнермен қатар жүреді. «Басы ауырған бақсыға барады, даулы кісі жақсыға барады», «Бақсының жақсысы, ауруға ауру қоспаған», «Әр бақсы әр басқа сарнайды» дейді халық. Көптеген бақсылар темірші, зергер, ұста болып келеді. Мұнда да бір сыр жатқандай (Қ. Бикұмар, 2013).

Бақсы ойыны басталғанға дейін ошақта жанып жатқан отқа сапсыз 2-3 кетпен, бірнеше басқа да темір заттар салып қояды. Бақсының ойынына қажет 5-10 шырақ, алдаспан, семсер, қанжар, шоқпар, қамшы т.б. заттар дайындалады екен (Қазақ халқының салт-д., 2013). Ш. Уәлиханов: «Көшпенділер ұстаның темір төсін көрсе тәу етеді», - дейді (Ш. Уәлиханов, 1985). Оның басты себебі темірдің алғашында аспаннан жайтас түрінде түсуі (М. Искаков, 1965). Осыдан бастап темірден жасалған заттарды кие тұтып, ауырған кездерінде жастықтарының астына жастайтын болған. Тегі аспандық болғандықтан бұны жеті қат көкке жасалған тағзым десе де болады (М. Карамендина, 2017). Қ. Ахметжан: «Түйіндесек, жауынгерлік қару-жарақтың қазақтың этникалық мәдениетіндегі мәні соғыс құралы мәнінен әлдеқайда кең болды. Егер дәстүрлі мәдениетте қару-жарақтың қолдану сферасын шеңбер түрінде бейнелесек, оның бір полюсінде ер-қаруы – соғыс құралы қызметі, қарсы полюсінде шаманның ғұрыптық қару қызметі, ал арасында бір жағында әскери әлеуметтік қатынастарды, әлеуметтік статусты, әскери дәрежені айғақтау және сый функциялары орналасады», - дейді (Қ. Ахметжан, 2006). Халық арасында бақсылардың қызған темірді жалауы, семсердің жүзімен жүру, тасты, жуан темірлерді тізеге салып сындыру, тіпті адамды бауыздап, қайта тірілтуі сияқты аңыздарды өз көзімізбен көрдік дейтіндері бар (С. Мұқанов, 1974). Құран Кәрім хикаялары бойынша: Аллах Тағала жан-жануар мен жәндіктердің тілін түсінуді тек Сүлеймен пайғамбарға ғана нәсіп еткен (Құран Кәрім хикаялары, 2005). Олай болса, жыланның тілін – ерекше қасиеттерін білген Жыланды атаның бақсылығы да ерекше болса керек деп есептейміз.

Қорытынды

Көктерек, Қарағашты әулиелерін зерттеу арқылы көптеген халықтарда кездесетін әлем ағашына табыну ғұрпының көшпенді халықтарда, оның ішінде қазақ халқының көне ұстанымдары мен наным-сенімдері өте бай екенін көреміз. Жыланға табыну салты адамзаттың көне дәуірлердегі дін пайда болмай тұрған замандарда көшпелілердің жануар, жәндіктерді қадірлеп-қастерлеу, қоршаған ортаны бүлдірмей табиғат аясында әр түрлі мақұлықтармен қатар өмір сүру жарасымдылығын көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Аджи М. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи. – М.: «ОАО новости», 1959.
- Айтмұқашова А.А. Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтникалық семантика. Филол.ғ.к. дисс. – Алматы, 2007.
- Акишев А. Искусство и мифология саков. – Алматы, 1984.
- Арғынбаев Х. Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1975.
- Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. - Алматы: «Алматы кітап» ЖШС, 2006.
- Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер. – Алматы: «Дәуір», 1996.
- Әжіғали С.Е. Генезис традиционной погребально-культурной архитектуры Западного Казахстана. – Алматы, 2004.
- Басилов В.Н. Культ святых в исламе. - М., 1970. С.180.
- Батырлар жыры. Т.5. - Алматы: «Жазушы», 1989.
- Бикұмар Қ. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. - Улаанбаатар, 2013.
- Брагинский В.И. Суфийский символизм корабля // Проблемы исторической поэтики литературы Востока. - М.: «Наука», 1988.
- Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. - Алматы, 1964. 59-бет.
- Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: «Ана тілі», 1991.
- Ефименко П.П. Первобытное общество. 3-е изд. – Киев, 1953.
- Жұртбаев Т. Дулыға: Көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар. - Алматы: «Жалын», 1994. Т.1. 5-бет.
- Искаков М. Ғылым және соқыр сенімдер. – Алматы: «Қазақстан», 1965. 27-б.
- Карамендина М.Ө. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі киелік ұғымына қатысты ғұрыптардың мәні // «Ш.Есеновтың ғылыми мұрасы» атты халықаралық Сәтбаев оқуларының еңбектері. – Алматы: «ҚазҰТЗУ», 2017.
- Карамендина М.Ө. Ру-тайпа атрибуты – құс пен ағаш. Қазақ тілі мен әдебиеті. 2008. № 12.
- Керімбаев А.Е. Қазақ тіліндегі сакральды атаулардың этнолингвистикалық сипаты. Филол.ғ.к. дисс.авторреф. – Алматы, 2007.
- Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1 том. – Алматы: «Арыс», 2005.
- Қанарбаева Б. Қазақтың наным-сенімдерінің фольклордағы көрінісі. – Алматы: «Жазушы», 2004. 125-б.
- Құран Кәрім хикаялары. – Алматы: «Әлбаракат» ҚҚ, 2005.
- Мейірманов А. Мифологиялық мазмұн мен символдық мәнің танымдық қызметі // Әл-Фараби. Философиялық-саясаттанулық және рухани-танымдық журнал. 2014. № 1 (45).

- Мұқанов С. Халық мұрасы. - Алматы: «Қазақстан», 1974.
- Мұстафина Р.М. Представления. Культы, обряды у казахов. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. С.96.
- Мыңжани Н. Таңдамалы мақалалар. – Алматы: «Мерей», 2017.
- Сейфуллин С. Шығармалар жинағы.Т.6. 1964. 154-б.
- Снесарев Г.П. Реликт домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. – М., 1969. С.115.
- Тоқтабаев А. Бақсылық сарындар // Жас қазақ. 1992. № 8.
- Тоқтабай А. Төле би хақында аңыз емес тарихи құжаттардағы деректер арқылы сөйлесек // Егемен Қазақстан. - 2003. – 31 желтоқсан.
- Турсунов Е.Д. Древние тюркских фольклор: истоки и становление. – Алматы, 2001.
- Түркі фольклорының бастауы Қорқыт. - Алматы, 2001.
- Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. 156-бет.
- Штернберг Л.Я. Первобытная религия. – Л., 1936.

А.Ғ. Толамисов

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университеті

ОТАРШЫЛДЫҚ КЕЗЕНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХИ ТАҒДЫРЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН КЕЙІНГІ «ҚАЗАҚТЫҚ РЕНЕССАНС»

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының көшпелі дәстүрі отаршыл империя және кеңестік социализм әсерінен қаншалықты өзгергені және русификация үрдісі қалай жүргеніне талдау жасалады. Мақаланың негізгі бөлігі шетел тарихшыларының көзқарасымен баяндалады. Сонымен қатар Тәуелсіз Қазақстандағы саяси өзгерістердің алғышарттарына назар аударылып, осы бағыттағы ғылыми әдебиеттерге талдау жүргізіледі. Мақаланың хронологиялық шеңбері Қазақстанның Ресей бодандығына кірумен басталып, егемендік алу оқиғасымен шектеледі.

Түйін сөздер. «индустриализация», «аграрлық революция», «отаршылдық», «интернационализм», «социализм», «ұжымдастыру», «егемендік».

Аннотация. В статье анализируется, как кочевые традиции казахского народа меняются от влияния колониальной империи и советского социализма и как идет процесс русификация. Основная часть статьи изложено с точки зрения иностранных историков. В то же время внимание обращается на предпосылки политических изменений в независимом Казахстане, а также сделан анализ научным литературам в этом направлении. Хронологическая структура статьи начинается с присоединения Казахстана к России и заканчивается феноменом суверенитета.

Ключевые слова. «индустриализация», «аграрная революция», «колониальность», «интернационализм», «социализм», «коллективизация», «суверенитет».

Abstract. The article analyzes how the nomadic traditions of the Kazakh people vary from the influence of the colonial empire and Soviet socialism, and how the Russification process proceeds. The main part of the article is presented from the perspective of foreign historians. At the same time, attention is drawn to the prerequisites of political change in independent Kazakhstan, and an analysis is made of scientific literature in this direction. The chronological structure of the article begins with the accession of Kazakhstan to Russia and ends with the phenomenon of sovereignty.

Keywords. «industrialization», «agrarian revolution», «colonialism», «internationalism», «socialism», «collectivization», «sovereignty»

Кіріспе

XVIII-XIX ғасырдағы отаршылдық кезең мен XX ғасырдағы Кеңес одағының саясаты нәтижесінде Қазақ халқының мәдениетінде, салт-дәстүрінде және Қазақ қоғамындағы «орыстандыру» үдерісінің орнығуын қарастыра отырып, қазақтардың біртіндеп көшпелі далалық мәдениеттен айырылу процессіне жүйелі түрде талдау жасау, сондай-ақ, Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан қоғамындағы жалпы өзгерістерді саяси, экономикалық және мәдени сарындарға жіктеп, отаршылдықтан қазіргі күнге дейінгі қазақ халқының басынан өткен мәдени үрдістерді шетел авторларының еңбектеріндегі деректерге сүйене отырып, маңызын ашып көрсету, оларды жан-жақты сараптау және арнайы түрде зерттеу – осы мақаланың негізгі мақсаты болып табылады.

Негізгі бөлім

Қазақстандағы мемлекеттілік тарихының тамыры тереңде жатқаны белгілі. Еуразиядағы ерте мемлекеттердің тарихы көне түріктерден бастау алады. Әлемдік өркениет тарихында Алтын Орданың алатын орны ерекше. XV ғасырдың екінші жартысында тарихи аренаға Қазақ хандығы шықты. Ол біртіндеп ғасыр соңына қарай Орталық Азия аймағындағы қуатты мемлекеттің біріне айналғандығы өздеріңізге белгілі. Көшпелі Қазақ хандығы өзінің басқа көршілеріне қарағанда дәстүрлі институттары тән орталықтандырылған мемлекет ретінде қалыптасты. Сұлтандардың оқшаулануына жол берілмей, дала конституциясы ретінде дәстүрлі әдеттегі құқық қолданылды. Кез келген мемлекеттік құрылым сияқты қазақтың дәстүрлі институттары да, тарихи кезеңдерде тар жол тайғақ кешуден өткені белгілі, бірақ олардың өз заманына бейімделген, икемді саяси жүйе болғанын мойындауымыз қажет. XVI ғасырда Қазақ хандығының шекарасы Алтайдан Еділге дейін, Оңтүстік Сібірден Ташкенге дейін созылып жатты. Осы кезеңде өзіне тән элементтері бар қазақ этносы қалыптасып біткен болатын. Мемлекеттік институттар біртіндеп әлсіреп, XVIII ғасырда Ресей империясының күшейуінің арқасында, оның қол астына өтті [1]. Қазақтардың Ресей патшалығының қол астына өтуімен дәстүрлі көшпелі қазақ қоғамы өзгеріске ұшырады.

Осы сәттен бастап қазақ халқының тарихында жаңа кезең басталған болатын. Өйткені қазіргі Қазақстан қоғамындағы болып жатқан саяси өзгерістердің түп тамыры осы тарихи кезеңнен бастау алады. Бұл тақырыбымызды баяндайтын отандық тарихшылардың еңбектері мол болғанымен, шетелдік авторлардың көзқарасымен жеткізуді жөн көрдік. Тәуелсіздік жылдарында қазіргі Қазақстан туралы батыста бай тарихи контексттегі бірқатар кітаптар жарық көрді. Ірі еңбектердің қатарында: «Қазақтар» - Марта Олкот, АҚШ (екінші және толықтырылған басылым, 1995 ж.); «Формирование казахской идентичности – от племени к государству» Ширин Акинер, Ұлыбритания (1995); «Современные казахи» Ингвар Сванбергтің редакциясымен, Швеция мен Ұлыбритания (1999); «Казахстан» Катрин Пужоль, Франция(2000); «Казахстан: отношения между центром и периферией» Салли Каммингс, Ұлыбритания(2000); «Казахстан: 1993—2000» Неміс экономист топтары (2001); «Строительство государства и нации в Казахстане» (2002) Мари-Карин фон Гумпенберг, Германия; «Смена элит и политическая динамика в Казахстане» Андреи Шмитц (2003) ГФР; және, тағы да Марта Олкоттың кітабы «Казахстан: непроеденный путь», АҚШ және Ресей (2002-03) [2].

Ш. Акинер «Формирование казахской идентичности» еңбегінде XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы жаппай славяндық иммиграция алдында өлкедегі Ресей халқының саны және оның ықпалы да аз болды деп баяндайды. Соған қарамастан, XVIII ғасырдың ортасынан бастап Ресейдің Сібір жеріне орнығуы қазақ даласының солтүстік бөлігіндегі экономикалық, мәдени және саяси өмірге әсер ете бастады. Көшпеліліктің отырықшы өмір салтына өзгеруінің еріксіз процесі осылай басталған болатын. Оңтүстікте, Ресейдің ықпалы әлсіз болғандықтан, онда отарлау үдерісі кейінірек басталды және көшпелі өмір салтының ыдырауы көрші мұсылман қауымдарының ықпалымен жүрді. XIX ғасырдың басында Ресей Кіші және Орта жүз аумағында бірқатар түбегейлі саяси реформаларды жүзеге асыра алуға қауқарлы еді. Ол реформалар Ресейге аймақтың тікелей басқарылуын және отарлауды күшейтуге мүмкіндік берді, бірақ сонымен қатар, тайпалық жүйенің географиялық, экономикалық және әлеуметтік іргетастарына елеулі әсер етті. Ресей реформаторларының жоспары бойынша дәстүрлі тайпалық топтармен сәйкес келетін аумақтық қағидаға сәйкес салынған әкімшілік бірліктерді енгізді, бірақ олар ұзақ уақыт бойы қалыптасқан көшпелі бағыттарды ескермеді. Сұлтандардың саяси күші толығымен жойылды; алайда Ресей әкімшілігімен ынтымақтасқандар жаңа әкімшілік аппараттарға қосылып, іс жүзінде Ресейдің мемлекеттік қызметкерлеріне айналды. Олардың ақсүйектік деңгейлері сақталып қалды, және әскери мен азаматтық шендері еңбек өтілі мен атақтарына қарай берілді. Ш.Акинер Ресей үкіметінің Қазақстанды империяның басқа территорияларымен толықтай біріктіруге тырысқан мақсатына қарамастан, 1867-1868 жылдардағы жаңа әкімшілік бөлініс өз алдарына қазақ жерінің бір әкімшілік бірлікке бірігуіне жол бермеу туралы тапсырмалар қойғанын айтады. Нақтырақ айтсақ Қазақстан әрқайсысы әртүрлі генерал-губернаторлықтың әкімшілік басқаруындағы үш аймаққа бөлінді: Орынбор (Орал және Торғай), Батыс Сібір (Ақмола және Семей), Түркістан (Сырдария және Жетісу облыстары). Мұндай бағыныштылық жүздердің дәстүрлі шекарасына мүлдем сәйкес келмеді, және ескі тайпалық байланыстарды бұзды. Жаңа әкімшілік шекаралар бұрынғы экономикалық байланыстарды ескермеді, рулар мен жүздердің арасына кедергі келтірді. Жаңадан пайда болған әкімшілік құрылымдардан тысқары орналасқан көшпелілердің дәстүрлі қозғалысына кедергі келтіретін жаңа бюрократияны тудырды. Автордың айтуынша, 1860 жылдардағы әкімшілік құрылымның Қазақстанның болашақ тағдыры үшін тағы бір қасіретті салдары болды: Солтүстік – неғұрлым индустрияландырылған аймақтың бір бөлігі болып қалыптасты; Оңтүстік аграрлы сипатта және Исламның күшті ықпалында қалды. Бүгінде, жүз жылдан астам уақыт өтсе де, бұл тарихи айырмашылық әлі де сезіледі.

Осы орайда Пужоль өткен тарихпен келіп жеткен қазақ халқының өзіндік ерекшелігі дуалистік сипатқа ие болған деп ой қорытады. Қазақстанды басқалардан ерекшелендіретін бұл екімәнділік – ол, әлі де болса шаманизм қалдығынан айырылмаған, отырықшылық процесін басынан өткізген, күштеп секуляризацияға ұшыраған, көпұлтты және көпконфессиялық дәстүрлі түркі-мұсылмандық негізбен Ресейден келген европалық модельдің біте қайнасуында [3].

Ресей империясының одан қалса Кеңес Одағының саясатынан кейін, оларға қатысты қазақтардың бойында күрделі сезімдер қалыптасты. Өткен дәуірдің көшпелілік дәстүрі жоғалуға айналып, уақыт өте келе қазақтардың өз жеріне деген қарым-қатынасы түбегейлі өзгерді. Тек ерекше жағдайларда ғана олар бұрынғы көшпелі дәстүр мен дәстүрлі тағамдарын еске алады, бірақ енді сол өткенге шындап оралу туралы ешкім тіс жармайды. Бірақ патшалық Ресеймен Кеңестік биліктің қазақтарға тигізген ең үлкен көңіл қаларлық істері – қазақтар өздерінің жаңа тәуелсіз мемлекеттерінде ұлттық азшылық топ (90-жж. ортасы) болып қалды, - деп М.Олкотт қазақтар туралы өзінің пікірін білдіреді [4].

Ресей өзінің саясатын әкімшілік-экономикалық әдістермен жүргізді. Бірақ мәдени сала да ұмытылмады. Ш.Акинер Ресей бірнеше арналар арқылы мәдени ықпал етуді жүзеге асырды, -деп есептейді. Оның біріншісі мемлекет қаржыландырған білім саласы болды. Бірінші орыс орта мектебі XVIII ғасырдың екінші жартысында Омбы, Орынбор, Петропавл және Жәмішев бекіністерінде ашылды. Олардың міндеті

әскери және азаматтық әкімшіліктің қажеттіліктері мен мүдделерін қамтамасыз ету болды. 1789 жылдан бастап империяның жоғары оқу орындарында қазақтың ақсүйектерін оқыту практикасы ресейліктермен азияттықтарды жақындастыруды нығайту, Ресейге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін нығайту, отаршыл басқару үшін кадрларды даярлау мақсатында жүргізілді. Осы саясаттың нәтижесінде ең алдымен солтүстіктегі қазақтар арасында білім беруді ынталандыру, орыс тілін, орыс мәдениетін және еуропалық білім беру жүйесінің бастамаларын енгізу қалыпты құбылысқа айналды. 1895 жылы 37 орыс-қазақ бастауыш мектептері болса, 1913 жылы олардың саны 157-ге жетті. Алайда бұл тек орыс халқының шоғырланған аймағында ғана мүмкін болды.

Орыс мәдениетінің екінші ықпал ету арнасы – киім, тұрмыстық заттар мен жиһаздарды және еуропалық әдеттерді игеру болды. Қазақ аристократтары француз тілін үйренді, француз сәнін көрді, еуропалық стильде биледі және өздерінің мінез-құлқын орыстық қалыпқа ұқсатуға тырысты. Төменгі деңгейдегі шаруалар да материалдық мәдениеттің жаңа элементтерін - айналар, самоварлар, тігін машиналары, шамдар, кереуеттер, орындықтар мен үстелдерге бейімделе бастады.

Бұрынғы ауылдық ұсталар қоғамның бірте-бірте ұлғайып келе жатқан сұраныстарын қанағаттандыра алмады. Ресей нарығымен қоса көшпелілер үшін жұмыс істейтін кәсіби суретшілермен қолөнершілердің табы қалыптасты. Көпұлттың басы қосылған жәрмеңкелерде айтыс немесе бәйге сияқты дәстүрлі ойын-сауықтар бұрынғыға қарағанда әлдеқайда азайды. Уақыт өте келе олар көзге елестетерлік халықтық мәдениет ұғымына айналды.

Ресейлік ықпалдың тағы бір көзі, сонымен қатар ең бастысы – ол, қалалардағы интеллектуалды өмір болды. Олар 1820 жылдардан бастап империяның түрлі бөліктерінен қазақ даласына революциялық рухты алып келген дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер, ғалымдар және саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар (әсіресе, украиндар мен поляктар) еді. Бұл топтар өздерінің ғылыми қызығушылықтарына қарай қалаларда үйірмелер ұйымдастырды. Олар метрополияның ғылыми және мәдени өміріне қатысып, сайып келгенде, Қазақстанның қалаларында баспа қызметін дамытуға негіз қалап берді. Орыстық білім алған қазақ элитасы көшіп келген иммигранттармен жиі достыққа ұласатын тығыз қарым-қатынаста болды. Мұндай байланыстар жас қазақстандық интеллигенцияның көкжиектерін кеңейтіп, орыс мәдениетінің ең көрнекті идеялары мен ойшылдарына тікелей қосылуға мүмкіндік берді (мұнда Акинер М.Достоевскиймен Ш.Уалихановтың достығын меңзеп отыр). Қазақ мәдениетінің орыс мәдениетімен байланысының жағымды салдары болған төртінші сала, ол – көшпелілер мұрасын жазып, жіктеп, түсіндірген орыс фольклористері мен этнографтарының қызметі болды. Кенеттен жарыққа шығарылған Египет мумиялары сияқты, Ресей мемлекетімен байланысқан көшпелі өмір салты да сондай жылдамдықпен ыдырай бастады. Алайда Акинер басқасына қарағанда колониальді режимдегі діннің жағдайына баса назар аударады. Себебі бір қарағанда парадоксальді көрінгенімен, Ресейдің ықпалымен бірге қазақ даласында Исламның да рөлі өсе түскен. Патша өкіметі екі жүзжылдық бойы империя құрамында болған татар миссионерлерімен уағыздалған Ислам дінін қазақ жерінде нығайтуға тырысты. Мемлекет мешіттер салу және діни әдебиеттерді басып шығару үшін қаражат бөле бастады. Бірақ Исламның сүнниттік бағыты, Ханафи мектебінің өкілдерінен болған барлық молдалардың шыққан тегі оңтүстіктен, яғни Түркістан мен Ташкенттен еді. Ал татарлар болса XIX ғасырдың басында Солтүстік Қазақстандағы қазақтар мен орыстар арасындағы «шекаралық делдалдардың» рөлін атқарған болатын. XIX ғасырдың екінші жартысында ресейлік билік қазақтар арасында исламның нығаюына бейжай қарап отыра алмады және оларды христиан дініне айналдыру науқанын бастады. Бірақ бұл идеяның қазақтарға көп әсері бола қоймады. Ең алдымен, Ресей әкімшілігі молдалардың санын шектеуге тырысты. Мешіттер мен мұсылман мектептерін ашу биліктің ресми рұқсатымен ғана мүмкін болды. Вақфқа және одан да басқа діни салықтарға тыйым салынды. Бірақ, бұл шараларға қарамастан, мұсылман мектептерінің саны өсе берді: 1895 жылы Қазақстанда мектеп деген атаумен 31 бастауыш білім беру орны болса, 1913 жылы – олардың саны 267-ге жетті; барлық ірі қалаларда екінші деңгейлі мектеп-медреселер болды.

Бұдан басқа Орыс мәдениеті ықпалынан қазақ мәдениетіндегі өзгерістер туралы Т. Уиннердің «Қазақтың ауызша шығармашылығы мен әдебиеті» кітабында жазылған. Уиннер орыс ықпалы қазақ фольклорына екіұдай әсер етті деп есептейді. Бір жағынан ол Кеңестік тарихнамада қазақ ағартушылығы деп аталған, мәдениеттегі тұтас бір бағытты дүниеге әкелді. Екінші жағынан, алғашқы Ресейлік ықпалдың өзі қазаққа жат барлық нәрселерді жоққа шығаратын «көтерілістер поэзиясы» бағытын тудырды. Революциядан кейін қазақ мәдениеті мен қазақтар тоталитарлық режимде дамығанымен, қазақ мәдениетінде ауызша шығармашылық дәстүрінің әсері сезіліп тұрды. Өз кезегінде бұл жағдай қазақ халқының өзіндік ерекшелігін сақтап қалу туралы айтуға мүмкіндік берді.

Олкотт өз тұрғысынан XX ғасырдың басындағы қазақстандық қоғамның саяси және әлеуметтік-мәдени өміріндегі бірқатар маңызды процестерді анықтайды. Ол біріншісіне қазақ даласындағы Ислам дінінің таралуын жатқызады. Исламның дәстүрлі түрде қазақтардың мәдени өмірінде (оңтүстіктен басқа) шағын орынға ие болғаны туралы пікірге қарамастан, Олкоттың пайымдауынша, исламның позициясын

нығайтуға, біріншіден, Екатеринадан басталған Санкт-Петербургтың қазақтардың арасында Исламды жаю саясаты әсер етті. Екіншіден, XX ғасырдың басында империяның діни және жалпы қоғамдық өміріндегі шектеулердің алынуы Қазақстанға да әсер етті.

Қазақтардың арасында Исламның беделінің өсуімен қатар, зайырлы элитаның қалыптасу процесі де қатар жүрді. Бұған европалық ықпалдың көрінісі болған орыстық ықпалдың әсері болғаны сөзсіз. Осы үдерістердің тоғысуы Исламизмнің өсуі мен қоғамды жаңғырту үшін қазақ интеллигенциясының өсіп келе жатқан тілегі арасында қақтығыс тудырды. Мәдени мұраның бір бөлігі ретінде Исламмен даму немесе қазақтардың европалануы үшін одан бас тарту. Қазақ интеллигенциясы осындай үшіншісі жоқ екі таңдауда қалған болатын. Сондай-ақ Қазақстан Жадиизмнің мәдени алаңына да қатыстырылды, бірақ бұл мәселені толығымен тек революция ғана шешіп берді [5].

Осылайша қазақтың басына тағы бір нәубетті кезең Кеңестік билік орнады. 1920-1930 жылдардағы қасіретті белес меншік қатынастарын бұрын соңды болмаған мемлекеттік қатынастарға айналдыру жөніндегі кеңестік эксперименттің басталуы болатын. Сталиндік «аграрлық революция» (ұжымдастыру) мен бүкіл өнеркәсіптік инфрақұрылымды мемлекет меншігіне айналдыру (индустрияландыру) қоғамды ұзақ онжылдықтар бойына құрсауланған, оны саяси тоталитаризм мен иррационалдық экономикалық болмыстың озбыр өктемдігінде болуға душар еткен жүйені дүниеге әкелді.

Хрущевтың саяси және әлеуметтік-экономикалық «жылымығы» сталинизмнің «мұз құрсауын» аздап жібіткенімен, қоғам өмірінің қалыпты ережесін өзгерте алмады. Қоғамдық қағидат әкімшіл-әміршіл жүйенің бұрынғысынша тамыр соғысынан қуат алып өзін «сергек сезінді».

Алайда оның жалған экономикалық тонының өңі айналып, шын тұрпаты көріне бастады. Брежнев командасы «қоғамның күткеніне» етене деп кеңінен насихаттап үлгерген кезекті реформаторлық шара да, сол сылбыр ишарадан аспады.

Ресей империясының құрамына кірген сәттен бастап шығыстағы көршілерден гөрі метрополияға көбірек тартылған «шекаралық ұлтқа» айналған қазақтар үшін 86 жылғы оқиғалардан кейін «интернационалдық және патриоттық тәрбие» режимінің күшеуілуі бүкіл этностық организмді келеге келмейтіндей етіп бүлдіру қатерін ішіне бүгіп жатты. Алайда қазақ ұлтшылдығы деп басылған таңба күткендігінен гөрі кері нәтиже берді. Қазақтар өздерін КСРО деп аталатын ұлан-байтақ, демек, біртұтас аумақтың тұрғындары емес, қайта өз республикасының – олар өз есімін берген Қазақстанның боданы ретінде сезіне бастады. Этностық қоғамдастықтың және оның элитасының ішінде рулық-тайпалық теңдестік пен жергілікті мүдделердің орнына жоғалып бара жатқан тіл, дәстүрлер мен мәдени мұра қатері алдында жалпыұлттық ынтымаққа ден қойылды [6].

Шын мәнінде, 80-жылдардың аяғында орын алған өкілетті, заң шығарушы және атқарушы органдарды қайта құру тек қоғамдық құрылысты ауыстыру емес, сонымен бірге КСРО-ның аса ірі державалық тұрпаттағы мемлекеттік құрылым ретінде өмір сүруі де аяқталды дегенді білдірді. Алайда ұлттық-мемлекеттік дербестіктің заң жүзінде баянды етілуі бір жерде тез, бір жерде баяу жүрді. Бұрынғы Одақта тұруға келіспейтіндігін бірінші болып Балтық республикалары жариялады, олар өздерінің негізгі заңдарына ұлттық заңдардың одақтық заңдардан жоғары тұратынын жариялаған өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Ресей 1990 жылы шілдеде егемендік туралы декларация қабылдады, оның ізінше мұндай декларацияны Украина, Молдавия, Белоруссия қабылдады.

Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясын республиканың Жоғары Кеңесі қоғамның түрлі топтарының ұстанымдарын алдын ала ұзақ талқылаудан кейін 1990 жылы 25 қазанда қабылдады. Қазақстан бұрынғыша КСРО-ның субъектісі ретінде әрекет етті, алайда өзінің басқа республикалармен өзара қатынастарын принципті жаңа шарттық негізде құрды. Көп ұлтты республика үшін халықтың бұл қадамға тосыннан емес, саналы түрде баруына біраз уақыт қажет болды. Ұлттық мемлекеттілікті қорғау мемлекеттің өзіне жүктелді. Төл мәдениетті, дәстүрлерді, тілді қайта өркендетіп, дамыту және қазақ ұлты мен Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту міндеті басым бағыт ретінде белгіленді. Ел аумағының бөлінбейтіндігі мен оған қол сұғылмайтындығы үзілді-кесілді баса айтылды. Құжат негізінен ұлттық өмірді қайта өркендету барысын барынша жеделдетуді қарастырды: «Республика қазақ халқының әлемдегі бірден-бір отаны болып табылады және оның тағдыр-талайы – болу-болмауы тек осы өңірде ғана шешіледі» деп атап көрсетілді.

Отарлық бұғаудан азаттық алудың классикалық қағидалары бойынша Қазақстан тәуелсіздік бағытымен жылжудың бастапқы нүктесі ретіндегі өзінің тарихи түп тамырына қайтып оралу алдында тұрды. Ұлт-азаттық күрестің осыған ұқсас жағдайларда орын алған сценарийлері әдетте қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымын бастан-аяқ өзгертумен және келімсек халықтың жаппай қуылуымен аяқталатын. Басқарудың жаңа режимдері биліктің тірегі ретінде дәстүршілдік пен ұлттық оқшауланушылықты таңдаған Орталық Азия өңірінде мұндай сюжеттік желі ұлттық егемендіктің қатал өктемдік сипатын қалпына келтірді. Өлемдік қоғамдастыққа орнықты жағдайда кіру талабымен, қазіргі заманғы жедел дамуы нұсқасын таңдаған

саяси бағдарлар үшін қарыштап кадам басу межелері, жергілікті ұлттық-мемлекеттік бірегейлікті әлемдік әлеуметтік-экономикалық дамудың үлгі-қалыптарына кіріктіру жолымен айқындалды. Республика екінші нұсқаны тандап алды. Қазақстандық реформалардың мұндай жобасы «бейімделген жаңғырту» (Н.Ә.Назарбаев) деп аталды. Оның мәні теориялық жағынан дайын үлгілерді жалаң көшіріп алуда емес, керісінше, олардың «ең алдымен дәстүрлі институттарға, этникалық-мәдени ерекшеліктерге, аймақтың саяси тарихына, мемлекеттің геосаяси, геоэкономикалық, геомәдени құрылымдардағы нақты жағдайына» бейімделуінде болды [5, 128 б.]. Ал бұл нұсқа дәстүршілдік рухы мен жаңғырту арасындағы келісімді сақтап қана қоймай, сонымен бірге ұлттың қайта өркенденуіне серпін берді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуын қорытындылауға тырысқан бірінші тұлға «Қазақстан: саяси реформалар және экономикалық даму» кітабының авторы (1994), Лондондағы Халықаралық қатынастар институтының қызметкері - Адам Диксон. 1997 жылы Осло қаласында Норвегияның қалалық және аймақтық зерттеулер институты жанындағы Й. Хольм-Хансеннің «Қазақстандағы ұлттық мемлекет құрудағы аумақтық және этномәдени өзін-өзі басқару» атты кітабы жарық көрді. Автор Қазақстанның этно-мәдени өміріндегі орыс мәдениетімен тілінің үстемдігі туралы сөз қозғайды. Автордың пайымдауынша, ауылдық қазақтар патернализмге және авторитаризмге бағдарланған; солай бола тұра үкіметтің мақсаты басқа этникалық топтардың қарсылығына тап болған дерусификация бағыты болды. Автор жаңа қазақстандық бірегейлік көпұлттылықпен ұштасуы тиіс деп есептейді, оның пікірінше, Назарбаевтың елді қазақыландыру стратегиясы қауіпті, мемлекетті ішінен бөлуі мүмкін деп ой қорытады. Қазақстанның конституциялық құрылысын егжей-тегжейлі салыстырмалы талдаған еңбекті неміс зерттеушісі О.Люхтерханд (Гамбург университеті) оқырманға ұсынды. Ол Кеңес Одағындағы конституциялық заңның эволюциясын көрсетіп, тәуелсіздік кезіндегі Ата заңның жай-күйіне назар аудартады.

2000 жылы Корольдік халықаралық қатынастар институтының мерзімді басылымдар сериясында Эдинбург университетінің қызметкері С. Каммингстің Қазақстан туралы шығарған жұмысы жарық көрді. Ол екі жыл бойы Британдық Экономикалық және әлеуметтік зерттеулер кеңесі жобасы бойынша Қазақстанда зерттеулер жүргізді. Осылайша, оның «Қазақстан: орталық пен шеткі арасындағы қарым-қатынас» атты кітабы академиялық немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарының жемісі емес, тікелей бақылаулардың нәтижесі болып табылады. Автордың айтуынша, кітаптың негізгі мақсаты орталықтың саясаты мен халықтың түрлі топтары мен өңірлерінің реакциясы шеңберінде қазақстандық қоғамның біртектілігі мен алуан түрлілігі арасындағы қатынастарды түсіндіру болып табылады. Біртұтас унитарлы мемлекет ретінде Қазақстанға қауіп төндіретін барлық факторларды қорытындылай келе, Каммингс оларды келесідей тізімдейді: құқықтық қайшылықтар, әлеуметтік-экономикалық мәселелер, географиялық өлшемдер, демография, геосаяси жағдай, шетелдік капиталға тәуелділік, әр түрлі альянстар арасындағы бәсекелестік. Автор соңғы екі факторды ең қауіпті деп санайды. Осылайша, тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан өзінің біртұтастығының екі қауіпіне тап болды: этно-аймақтық дербестік талаптары және басқару жүйесін орталықсыздандыру. Қазақстанның біртұтастығын нығайтудың жалғыз жолы Каммингстің пікірінше, авторитарлық режимдегі біртұтас мемлекеттің үлгісі болып табылады. Бұл үлгіде провинциялық және жергілікті мүдделердің дауысы естілмейді. Қазақ даласының тарихы сыртқы қауіп-қатер ұлтты біріктіріп, ұлттық және мемлекеттік бірлікке алып келген кездегі мысалдарға толы. Қазіргі жағдай тура осындай. Саяси элита мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау үшін ортақ мүдделермен біріктірілген. Қазақстандық саясаткерлер өте прагматикалық түрде жұмыс істейді және кез-келген идеологиялық қарама-қайшылықты болдырмауға тырысады. Қазақстанның болашағы өзара қарым-қатынастар мен өзара байланысты экономикалық, этникалық, әлеуметтік және саяси қатынастардың күрделі жүйесі болып табылатын орталық пен шеткі арасындағы теңгерімнің қаншалықты сақталуы мүмкін екеніне байланысты болады.

Зерттеушілер ортағасырлық қазақ даласының таңба-белгілері келтірілген алғашқы деректердің қатарына Рашид ад-Диннің, Қашғаридің және Әбілғазының еңбектерін жатқызады. Дегенмен, қазіргі зерттеушілер қолданып жүрген еңбектердің дені біршама кешірек, яғни ХVIII ғ. аяғынан бастап жарық көргендер. Бұлардың алдыңғы қатарында Н. Аристов, Н. Гродеков, А. Левшин, Л. Баллюзек, В. Радлов, М. Вяткин, С. Абрамзон, С. Фукс, В. Курылев және т.б. көптеген авторлардың зерттеулері тұрады. Қазақ даласы таңбаларын зерттеу тарихнамасында Ш. Құдайбердіұлы, М. Тынышпаев, С. Аманжолов, В. Востров, М. Мұқанов, Х. Арғынбаев еңбектерінің орны бір төбе.

Қазақ даласында таңбалардың қолданылу тарихын зерттеудің тереңдей түскені күні кеше – Қазақстан өз тәуелсіздігін алғанан бергі уақыт. Қазіргі уақытта бұл тақырыпты қамтитын ғылыми және ғылыми-танымдық еңбектердің саны жүзден асып кетті. Олардың арасында осы тақырыптың негізгі мәселерін анықтау және шешу жағынан алғанда құндысы – В. Ольховский, С. Яценко, З. Самашев, Н. Базылхан, А. Рогожинский, А. Досымбаева, Ж. Артықбаев, С. Ярыгин және Ө. Шнанов еңбектері.

Нәтижелер

Ортағасырлық қазақ даласының таңбалары – бүкіл Еуразиялық дала белдеуінде кездесетін таңба-белгілердің ажырамас бөлігі. Ғалымдардың пікірінше таңбалардың кем дегенде 70 мың жылдық тарихы бар (Perrin, Pim, Yatsenko, 2010, 9 б.), ал қазақ жерінде олар неолиттен бастап кездеседі (Самашев, Базылхан..., 2010, 14-б.). Кейбір ғалымдар таңбалардың зерттеушілер назарына іліге бастауын ХVII ғ. жатқызады, ал археологтар мен этнологтар оларды кәсіби зерттеуді 1881 ж. Тбилсиде өткен Ресей археологтарының V-ші конгресінен соң бастады деп санайды (Perrin, Pim, Yatsenko, 2010, 19-б.). Таңбаның әлемнің басқа да елдерінде ғылыми тұрғыдан зерттеле бастағаны да осы уақытпен тұспа-тұс келеді.

Егер жаһандық тұрғыдан қарайтын болсақ, басқа салалармен салыстырғанда таңбаларды зерттеу ісі әлі күнге кереметтей ілгері басып кете қойған жоқ. Бұл мәселенің зерттеудің жеке бір саласы ретінде өзіне лайықты бағасын алмауы ғалымдар арасында кәсіби байланыстың жоқтығымен түсіндіріледі. Әлем ғалымдарының зерттеу пәніне деген көзқарасының әлі де болса шектеулі болуы және өзара ақпарат алмасу деңгейінің әлсіздігі таңбаларды зерттеу мәселесін жетілдірумен айналысып жүрген зерттеушілер үшін үлкен кедергі (Perrin, Pim, Yatsenko, 2010, 18- б.). Яғни бұл сала әртүрлі елдердің ғалымдары арасында ортақ зерттеу алаңының болмауы және ғылыми ақпараттың қажетті көлемінің уақтылы түсіп отырмауы себепті ақсап қалды.

Қазақстандық ғылыми орта үшін мұның басты себебі – кеңестік кезеңде осы тақырыппен шұғылдануға шектеу қойылуы болды (Рогожинский, 2016, 225- б.). Зерттеушілер таңбаларды жекедара қарастыра алмай, ежелгі жазбаларды (Аманжолов, 1959) және этникалық тарихты (Востров, Муқанов, 1968) зерттеу аясында тиіп-қашып тоқталуға мәжбүр болды. Ортағасырлық Қазақстан көшпелілерінің таңбаларын зерттеу қарқыны тек соңғы он-он бес жылда ғана артты (Рогожинский, 2013, 226- б.). Алайда Еуразия даласын мекен еткен ортағасырлық халықтардың таңбалары мен белгілері, олардың шығу тегі мен даму барысы, трансформациялануы турасында толыққанды біртұтас ғылыми зерттеу әлі де жасалған жоқ (Самашев, Базылхан..., 2010, 7- б.).

Бізге белгілі рулық таңбалардың тамыры тереңде, тіпті сонау қола дәуірінен бастау алады деп саналғанымен (Вайнберг, Новгородова, 1976, 66- б.) «қазақ таңбалары» аталатын таңба белгілер бастауын орта ғасырлардан, яғни көне түркілерден алады (Ольховский, 2001, 100 б.) деген мәнмәтінде қарастыра болсақ, қазақ даласы ортағасырлық халықтарының таңбалар жүйесін зерттеу ерекше маңызға ие екені сөзсіз. Қазақстан территориясы түркі халықтарының алғашқы мемлекеттері пайда болып өмір сүрген аумақ болғандықтан бұл мәселенің шешімін табу үшін тек қазақ жері мен халқына тән таңбаларды ғана емес, басқа да түркі тілдес елдердің таңбаларын қоса зерттеп, салыстырмалы талдау жасалуы тиіс.

М. Тынышпаев қазақтың үйсін, қаңлы, жалайыр, арғын, керей, найман, қоңырат, қыпшақ, алшын тәрізді негізгі руларының қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түркімен, башқұрт, татар, ноғай халықтарының құрамында, сондай-ақ Қырым, Қашғар, Ауғанстан, Кавказ, Иран және Монғолия жерлерінде кездесетінін жазып қалдырған (Тынышпаев, 1925, 27-28 -бб.). О. Акчокраклы, Р. Кузеев, Р. Керейтов, О. Каратаев еңбектері де (Акчокраклы, 1927; Кузеев, 1974; Керейтов, 1999; Каратаев, 2003) бұны растай түседі. Түрік ғалымы Е. Юртсевер өзінің «Таңба» атты еңбегінде бүкіл түркі халқын Шығыс, Орта, Батыс түркілер деп үлкен үш топқа және әр топты өз ішінде, яғни, Шығыс түркілерді үш, Орта түркілерді он төрт, ал Батыс түркілерді сегіз топшаға бөліп кеңінен қарастырып, таңбаларды осылардың барлығына ортақ құбылыс ретінде келтіреді (Yurtsever, 1993,14-18- бб.).

Одан кейінгі мәселе «таңба» сөзінің шығу тегін анықтау. Бұл жағынан келгенде ғалымдар көбіне В. Ольховскийге (Ольховский, 2001, 100-б.) жүгінгенді жөн көргенімен, О. Перриннің пікірін де (Perrin, 2010, p. 26) ескерусіз қалдыруға болмайды.

Сонымен қатар, ортағасырлық қазақ даласы халықтарын зерттеу барынша нәтижелі болуы үшін қарастырып отырған аумақ пен уақыт кеңістігіне сәйкес келетін «таңба» ұғымын нақтылап алу да маңызды. Заманауи зерттеулер нәтижесі көрсетіп отырғандай «таңба» аясы өте кең ұғым және оған әр зерттеушінің өзінше алып-қосары бар. Бірақ бұл жерде бір анығы таңба ең алдымен рулық меншіктің белгісі (Samashev, 2010, p. 331). Осы орайда біз Н. Аристовтың «А.Н. Харузиннің осы мәселеде айтқан пікірімен қосыламыз, таңба сөзінің мағынасы жеке және отбасылық меншік пайда бола қоймаған рулық кезеңге нұсқайды» деген ойының жаны бар деп санаймыз. Себебі «әмеңгерлік» дәстүрі күні кешеге дейін сақталып келген қазақ халқы үшін жекеменшік немесе жанұялық меншік деген салыстырмалы ұғымдар. Отағасы кез келген уақытта шайқаста немесе барымтада мерт болуы мүмкін жағдайда, оның мал мүлкі руластарының ішіндегі ең жақын туысының қолына өтетін болғанын ескерсек (Қазақтың этнографиялық категориялар..., 2011, 326-327 бб.), мал шаруашылығымен айналысатын, жауынгер, көшпелі қоғамда барлық мал-мүлік рудың меншігі болған деп нақты айтуға негіз бар.

Нақтылануы тиіс келесі мәселе – ортағасырлық қазақ даласы халықтарындағы таңбалардың негізгі функциялары. Атап айтқанда, В. Ольховский келтірген таңбаның сегіз функциясының (Ольховский, 2001, 107-108- бб.) біз қарастырып отырған уақыт пен ортаға сәйкес келуі, яғни бұл тізімнің толықтырылуы немесе керісінше азайтылуы.

Таңбалардың түркі халықтарымен ұқсастығы, яки параллельдігі мәселесінен бөлек, айырмашылықтарын, нақты қазақ даласына тән ерекшеліктерін анықтап алудың да маңызы зор. Бұл мәселеге О. Каратаев (Каратаев, 2003, 71-б.) пен Рогожинский де (Рогожинский, 2016, 224-б.) өз еңбектерінде тоқталып өткен. Ендігі жерде солардың пікірін дамытып, деректермен дәйектеп нақты айырмашылықтар мен ерекшеліктер анықталуы тиіс.

Таңбалар туралы осы уақытқа дейінгі жазба деректерді топтастырып, тиісінше кезең-кезеңдерге бөліп, тарихнамалық шолу жасау арқылы да көптеген теориялық мәселелерді шешіп алуға болатыны даусыз. Әсіресе ғалымдардың еңбектерінде келтірілген деректерге сапалы түрде салыстырмалы талдау жасалатын болса, солардың нәтижесінде ортағасырлық қазақ даласында өмір сүрген ру-тайпалардан бастау алатын түркі халықтарына ортақ таңбалар кестесін әзірлеп шығуға болады.

Бұл жерде ерекше тоқтала кететін бір мәселе, А.Е. Рогожинский өз еңбегінде алдыңғы буын авторларының еңбектеріне сын көзбен қарау керек, олар келтірген деректердің сәйкеспейтін тұстары бар деп келтіреді (Рогожинский, 2016, 223-226-бб.). Автордың көтеріп отырған мәселесін тереңірек қарастырып, бұл жерде негізгі қателіктер мен «техникалық қателіктерді» айырып алу қажет. «Техникалық қателіктер» деп отырғанымыз негізінен малды таңбалау кезінде орын алатын жағдайлардың жиынтығы. Олардың қатарына таңбаланатын малдың тұрқының үлкен-кішілігіне, таңба тыртығының әбден жазылғаннан кейінгі бейнесіне, сондай-ақ таңбалаушының қолындағы қызған темірдің олқы немесе теріс түсуіне байланысты өзгерген таңба-белгілерді жатқызуға болады. Оның үстіне этнографиялық кезеңде сатып алынған немесе ауыстырылған малдың иесі бұрынғы таңбаның үстіне өз таңбасын басатын сәттер де байқалғандықтан бұл тәжірибенің ежелден келе жатуы мүмкін екендігін де ескеру қажет.

Біздің бұл келтіргеніміз қарастырып отырған мәселенің кейбір тұстары ғана. Бұдан бөлек ортағасырлық таңба-белгілердің типологиясы мен жіктелуі (рулық, этникалық, тайпалық), семантикасы, этноәлеуметтік-мәдени маңызы (оғыз, қыпшақ, найман және басқа да ірі рулықтайпалық одақтардың таңбалары) тәрізді келтірілгендерден анағұрлым күрделірек сұрақтары да жетерлік

Қорытынды

Ортағасырлардағы қазақ даласы халықтарының белгі жүйесіндегі таңбалар соңғы кездегі зерттеу еңбектерінде жиі қамтылып жүрген тақырып. Қазіргі уақытта бұл тақырыпқа деген қызығушылық Қазақстан аумағынан асып алыс-жақын шет елдердегі зерттеушілердің назарын аудартып отыр. Бұл өте құптарлық жағдай, себебі біріншіден, тың көзқарастар пайда болады, екіншіден салыстырмалы түрде зерттеулерге қажетті деректер саны артады, мәселені толық қамтып ұқсастықтар мен айырмашылықтарды барынша дәл келтіруге мүмкіндіктер туады. Осы тұрғыдан алғанда қазақстандық зерттеушілер алдында тұрған міндеттер жаңарып, олардың қатарына соңғы жылдардағы археологиялық және этнологиялық зерттеулер нәтижесін қосып деректер базасын жаңғырту, бұрынғы зерттеулерді жалғастыра отырып жаңа теориялықәдіснамалық негіздемелерін жасау және т.б. кіреді.

Әдебиет

Акчокраклы О. Татарские тамги в Крыму (Мат-лы науч.-этногр. экспедиции по изучению татар. культуры в Крыму, 1925) // Изв. Крымского педагогического института. 1927. Кн. 1. С. 32-47

Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата: Изд-во Алма-Атин. пед.ин-та, 1959. 450 с.

Вайнберг Б.И., Новгородова Э.А. Заметки о знаках и тамгах Монголии // История и культура народов Средней Азии (древность и средние века). – М.: «Наука», – С.1976. 66-74, 176-179

Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX в.). Алма-Ата: Наука, 1968. 256 с.

Каратаев О.К. Кыргыздардын этномаданий байланыштарынын тарыхынан. -Бишкек, 2003. – 167 б .

Керейтов Р.Х. Этническая история ногайцев : (К пробл. этногенет. связей ногайцев). –Ставрополь: Карачаево-Черкес ин-т гуманитар исслед –1999 – 174 с.

Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа: Этнический состав, история расселения.– М.: Наука, 1974.– 572с.–2400 экз. (в пер.)

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011, – 738 б

Ольховский В.С. Тамга (к функции знака) // Историко-археологический альманах. – Армавир, 2001. – № 7. – С. 100-109.

Рогожинский А.Е. Проблемы изучения достоверительных знаков средневековых кочевников Казахстана // Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук. Алматы. – 3 (289). – 2013. – С. 226-240.

Рогожинский А.Е. Казахские тамги: новые исследования и открытия // Казахи Евразии: история и культура: сб. научн. Трудов. – Омск: Изд-во Ом. гос. ун-та им. Ф.М. Достоевского; Павлодар: Изд-во Павлод. гос. пед. ин-та, 2016. – С. 223-235

Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. Көне түрік таңбалары. – Алматы, 2010. – 168 б.

Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казацкого народа. Ташкент: Восточное отделение киргизского государственного издательства. Туркестанский отдел русского географического общества, 1925. – 77 с

Oliver T. Perrin, Joam Evans Pim and Sergey A. Yatsenko. Mark Studies. An Interdisciplinary Approach // Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey / edited by Joam Evans Pim; Sergey A. Yatsenko and Oliver T. Perrin. – London; Dover:Dunkling Books. 2010, pp.9-25

Oliver T. Perrin. Tamgas and Space: Territorial Mark and Mnemotechnic // Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey / edited by Joam Evans Pim; Sergey A. Yatsenko and Oliver T. Perrin. – London; Dover:Dunkling Books. 2010, pp. 25-61

Samat K. Samashev. Kazakh Tamgas. Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey / edited by Joam Evans Pim; Sergey A. Yatsenko and Oliver T. Perrin. – London; Dover:Dunkling Books. 2010, pp.331-340

Yurtsever E. Tamga. Istanbul, 1993. – 156 s

References

Akchokrakly O. Tatarskie tamgi v Krymu (Mat-ly nauch.-etnogr. ekspedicii po izucheniyu tatar. kul'tury v Krymu, 1925) // Izv. Krymskogo pedagogicheskogo instituta. 1927. Kn. 1. – S. 32-47(In Russian)

Amanzholov S.A. Voprosy dialektologii i istorii kazahskogo yazyka.Alma-Ata: Izd-vo Alma-Atin. ped.in-ta, – 1959. – 450 s(In Russian)

Vainberg B.I., Novgorodova E.A. Zametki o znakah i tamgah Mongolii // Istoriya i kul'tura narodov Srednei Azii (drevnost' i srednie veka). – M.: «Nauka», – S.1976. 66-74, 176-179 (In Russian)

Vostrov V.V., Mukanov M.S. Rodoplemennoi sostav i rasselenie kazahov (konec XIX –nachalo XX v.). – Alma-Ata: Nauka, 1968. – 256 s (In Russian)

Karataev O.K. Kyrgyzdardyn etnomadaniy bailanshtarynyn taryhynan. –Bishkek, 2003. –167 b (In Kyrgyz)

Kereitov R.H. Etnicheskaya istoriya nogaicev: (K probl. etnogenet. svyazei nogaicev). Stavropol': Karachaevo-Cherkes. in-t gumanitar. issled.,1999. 174 s(In Russian)

Kuzeev R.G. Proishozhdenie bashkirskogo naroda: Etnicheskii sostav, istoriya rasseleniya.M.: Nauka, 1974. 572 s (In Russian)

Qazaqtyn etnografiyalyq kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dástýrli jyiesi. Enciklopediya. – Almaty: DPS, 2011, – 738 b.

Ol'hovskii V.S. Tamga (k funkcii znaka) // Istoriko-arheologicheskii al'manah. – Armavir, 2001. №7. – S. 100-109.

Rogozhinskii A.E. Problemy izucheniya udostoveritel'nyh znakov srednevekovyh kochevnikov Kazahstana // Izvestiya NAN RK. Seriya obshchestvennyh i gumanitarnykh nauk. – Almaty. 3 (289). 2013.– S. 226-240.

Rogozhinskii A.E. Kazahskie tamgi: novye issledovaniya i otkrytiya // Kazahi Evrazii: istoriya i kul'tura: sb. nauchn. Trudov.– Omsk: Izd-vo Om. gos. un-ta im. F.M. Dostoevskogo; Pavlodar: Izd-vo Pavlod. gos. ped. in-ta, 2016. – S. 223-235

Samashev Z., Bazylhan N., Samashev S. Kone týrik tanbalary. –Almaty, 2010. – 168 b.

Tynyshpaev M. Materialy k istorii kirgiz-kazakskogo naroda. – Tashkent: Vostochnoe otdelenie kirgizskogo gosudarstvennogo izdatel'stva. Turkestanskii otdel russkogo geograficheskogo obshchestva, 1925. –77 s

Oliver T. Perrin, Joam Evans Pim and Sergey A. Yatsenko. Mark Studies. An Interdisciplinary Approach // Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey / edited by Joam Evans Pim; Sergey A. Yatsenko and Oliver T. Perrin– London; Dover:Dunkling Books. 2010, – pp.9-25

Oliver T. Perrin.Tamgas and Space: Territorial Mark and Mnemotechnic // Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey / edited by Joam Evans Pim; Sergey A. Yatsenko and Oliver T. Perrin–London; Dover: Dunkling Books. 2010, – pp. 25-61

Samat K. Samashev. Kazakh Tamgas. Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey / edited by Joam Evans Pim; Sergey A. Yatsenko and Oliver T. Perrin. – London; Dover:Dunkling Books. 2010, pp.331-340

Yurtsever E. Tamga. – Istanbul, 1993. – 156 s

ӘОЖ 39(574)

У.Р. Шнанов

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

ТАҢБАЛЫ ЖАР ЕСТКЕРТКІШІНІҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ

Аңдатпа. Мақалада Түркістан облысы, Созақ ауданы территориясындағы Қарағанды облысы Ұлытау ауданымен шекаралас аймақтағы Бетпақдалада орналасқан Таңбалы жар есткерткішінің қазақ тарихында ерекше орын алатындығы көрсетіледі. Таңбалы жар есткерткішіне қатысты Ресейлік және Отандық ғалым-зерттеушілердің еңбектеріне талдаулар жүргізіле отырып таңбалардың этникалық тарихты зерттеудегі ролі анықталады. Таңбалытастағы ру таңбаларының ерекшеліктеріне сипатамалар жүргізіледі. Аталған таңбалардың көне оғыз дәуірлерінен бастап қазақ хандығы тұсындағы ру таңбаларымен жалғасатындығы айқындалады.

Түйін сөздер. таңба, белгі, ру, нышан, дерек, аңыз.

У.Р. Шнанов

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

РОЛЬ ПАМЯТНИКА ТАҢБАЛЫ ЖАР В ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Аннотация. В статье доказывается, что памятник Тамгалы жар, расположенный в Бетпақдале в пограничной территории Улытауского района Карагандинской области с Сузакском районом Туркестанской области, занимает особое место в истории казахского народа. Анализируя научные работы Российских и Отечественных ученых- исследователей связанные с памятником Тамгалы жар, была определена роль тамг в изучении этнической истории. Даны характеристики особенностям родовых тамгов в памятнике Тамгалы жар. Выяснено, данные тамгы продолжают родовых тамгов начиная древние огузского периода до Казахского ханства.

Ключевые слова. тамга, знак, род, символ, источник, легенда.

U.R. Shnanov

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE TANBALY ZHAR MONUMENT'S PLACE IN THE HISTORY OF THE KAZAKH PEOPLE

Abstract. The article shows that the monument of Tanbaly zhar which plays an important role in Kazakh history. The Tanbaly zhar is located in the land of Betpakdala which is situated where the Ulytau district of Karaganda region borders with the territory of Suzak region in Turkestan, and it occupies a special place in the history of the Kazakh people. Analyzing the research works of Russian and Kazakhstani scholars related to Tanbaly zhar monument, the role of tamgas in the study of ethnic history was determined. The characteristics of the ancestral tamgas in the monument to Tanbaly zhar is given. It was found out that these tamgas are the continuation of clan tamgas from the ancient Oguz period to the Kazakh Khanate.

Keywords. tamga, sign, gender, symbol, source, legend.

Кіріспе

Түркістан облысы (бұрынғы ОҚО) Созақ ауданының Қарағанды облысы Ұлытау ауданымен шектесетін солтүстік алқабындағы Бетпақдалада орналасқан Таңбалы жар кешендері жөніндегі зерттеулер осы есткерткіштің қазақ тарихындағы ерекше маңыздылығын көрсетеді. Таңбалы жар есткерткішіндегі көне жазбалар мен таңбалар жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Ерте замандардан жергілікті халықтың киелі жеріне айналған бұл есткерткіш тарихын зерттеу ісі өте маңызды. Тарихи деректер мен зерттеулерге сүйене отырып тасқа басылған таңбалар арқылы қазақ даласында мекендеген көне тайпалар мен рулардың тарихына қатысты мағлұматтарды алуға болады. Бір - бірінен алыс емес аумақта бірнеше жерде жар бойына таңбалар басылған есткерткіштердің табылуына байланысты «Таңбалы жар» атауы ғылыми айналымға енгізілгені дұрыс. Таңбалы жар есткерткіші зерттеулер мен ел арасында «Таңбалы жар», Таңбалы тас», «Таңбалы Нұра» т.б. атаулармен белгілі.

Дереккөзі мен әдістері

Бұл естерткіш туралы 1875 жылы дерек қалдырған әскери-тарихшы М.И. Иванин тарихи орынның атауы туралы: «На реке Сары-су,.. к стороне р. Чу выдается мыс, известный киргизам под именем Тамгалы-жар, где с незапамятных времен хранятся на берегу р. Сары-Су дикий камень, на котором высечено до 500 тамг и печатей» - дей келе бұл естерткіштің тарихи құжат ретінде бағалы екендігін топшылайды [Иванин, 1870, 196-б].

Таңбалы жар туралы көне деректің бірі ретіндегі осы дерекке сүйенсек «Таңбалы жар» атауын ертеректе жергілікті халық та білгендігіне куә боламыз. Л.Кузнецов М.И. Иванниннің бұл дерегінде Таңбалы жардың орналасу аймағын көрсетуде қателіктер барлығы туралы: «Приводимые Иваниным сведения о местности Тамгалы-жар не совсем точны. Это-не мыс на берегу Сарысу, а повышенность Голодной степи» - деп жазып, нақты орналасу аймағын көрсетті [Кузнецов, 1927, 123-б]. Алайда оның атауы туралы мәселеге ешқандай уәж келтірмеді. Яғни, Тамғалы жар атауы М.И. Иванин дерегінде дұрыс айтылған деп айтуға болады. Ю.А. Шмидтің Таңбалы жардағы таңбалардың иероглиф екендігі туралы ойын Л.Кузнецов теріске шығарып: «Оказалось, на камне вовсе не иерогифы, как писал Шмидт, а высечены тамги различных племен»- дей келе ондағы тасқа басылған ру-тайпалардың таңбалары екендігіне көз жеткізді [Кузнецов, 1927, 123-б]. Ю.А.Шмидт XIX - ғасырдың 80-жылдарында далалық аймақта зерттеу жұмыстарымен айналысып, карта бетіне түсірді. Бетпақдаладағы Таңбалы жардағы таңбалар туралы: «...Камень этот принадлежит к песчанникам, величиною 3 кубических сажени, с высеченным на нем клинообразными иероглифами и цветными лоскутками, которыми киргизы украсили, окружающие камень кусты боялыша» - деп жазды [Шмидт, 1894, 47-б]. Таңбалы жарды зерттеуші А.Шренк еңбегін мысалға ала отырып Ә.Марғұлан бұл естерткішті көп ғалымдар «тарихтың зор куәлігі» деп атайтындығын жазған [Марғұлан, 2005, 120-б]. 1895 жылы Ақмолалық әскери дәрігер Л.И. Кузнецов пен Атбасар уезінің тілмәші Х.Бекхожин Таңбалы жарда болып ондағы таңбаларды қағаз бетіне және фото суретке түсірген. Л.Кузнецов жазбалары мемлекеттік орыс географиялық одағының Семей бөлімінің жазбаларында сақталған. Л.И. Таңбалы жардағы қағаз бетіне түсірген таңбалары осы жазбаларда сақталған. (№1 сурет). Таңбалы жар таңбаларын фотоға түсірген Х.Бекхожиннің фотолары Өзбекстан Республикасының мемлекеттік архивінде сақталуы мүмкін деген болжам бар. Бұл болжам Рогожинскийдің Таңбалы жар туралы мақаласында келтіріледі. Л.Кузнецов: «Из имеющихся источников известно также, что в 1895 г. во время поездки по делам затянувшейся земельной тяжбы между кочевниками долины Сарысу и Чу переводчик Атбасарского уезда Акмолинской области Хасан Бекходжин (с 1890г. выступал тяжбе в качестве доверенного лица от казахов рода баганалы племени найман того же уезда) осмотрел Тамгалытас, зарисовал знаки на камне и сопровождал переводом некоторые имевшиеся здесь же надписи; кроме того, им впервые был сделан фотографический снимок камня» - деп жазды [Кузнецов, 1927, 123б]. Алайда бұл фотонның сапасының нашар болып шыққандығы жөнінде Л. Кузнецов Семей бөлімінің жазбаларында жазып өтеді [Кузнецов, 1927, 120б]. Қазіргі күндері Таңбалы жардағы жазуларда Л.Кузнецовтың қағаз бетін түсірген араб әріптерімен жазылған мәтін сақталмаған. Суреттегі таңбалардың көпшілігі бүгінгі күні сақталмаған.



№1 сурет

Таңбалы тас кешендерінде кездесетін ру таңбаларына қатысты деректердің қайнар көздерінің бірі М.Ж. Көпейұлы жинақтаған шежіре аңыздары. М.Ж. Көпейұлы: «Бетпақ далада «Таңбалы шұбар» деген жер бар. Сонда тасқа басылған таңбалар бар. Қазақтың таңбалары талас болса сол тастан барып қарасады. Алаша ханның тұсында басылған таңба деседі. Мұнан бұрын сағымнан пайда болған Шыңғыс хан да тоқсан екі

баулы Қыпшаққа таңба үлестіріп, ұран қойып берген екен деседі. Алаша ханның тамы Қаракенгірде, өзеннің күн батысында, Ташкент, Түркістан ұсталары жасаған. Күйдірген кірпіштен салынған. Өзінен қалған нәсіл, тұқым» - жоқ дей отырып, «Таңбалы шұбар» атауы жөнінде және таңбалардың салыну уақыты туралы деректер береді [Көпеев, 2007, 123б].

XIX-ғасырда Тамғалы жар естерткішін Ресей зерттеушілерінің назарын аударса Отандық зерттеушілер ішінде танымал ғалымдар Ә.Марғұлан, Қ.И. Сатпаев Тамғалы жардың қазақ тарихында ерекше орын алатындығына көз жеткізді. Ә.Марғұлан «Тамғалы тас» жазуы атты мақаласында: Мұндағы қалың жазудың тұрған жерін қазақтар ерте заманнан бері қарай «Тамғалы тас», «Тамғалы жар» деп атайды. Ол Бетпақдаланың ортасын қия кесіп, ұзыннан созылған шың-жартас, Сарысу өзенінен 20 шақырымдай жоғарырақ. Тамғалы-жар биік шыңның іргесінде жоғары шалқып тұратын құмайт тастар, ол тас жұмсақ болғандықтан жазуға да өте қолайлы» - деп жазды [Марғұлан, 1984, 132-б]. Шынымен де Таңбалы жардағы тас таңбаларды басуға өте қолайлы жұмсақ болып келеді. Л. Кузнецовтың Семей бөлімшесі жазбаларында берген араб жазуымен берілген мәтін мазмұнын Қ.И. Сатпаев өз еңбегінде былай деп түсіндіреді: «Қыпшаки, найманы, алчины, арғыны (қаракесек), уйсуну (куйсун) и табыны! О дай благоденствия этим шестерым» (қыпшақ, найман, алшын, арғын, қаркесек, үйсін, табын иллахи қар рәсиге һамиша хайа рахмет қыл сен алтауын» - деп түсіндіреді [Сатпаев, 2017, 85-б]. Ә.Марғұлан: «Тамғалы тас» жазуындағы үш жүз тайпаларының бірігіп, «алты ұлысты сақтай гөр» деп тілеуі - ең соңғы рет қазақ болып, жеке халық болудың ашық бір түрі» - дей келе бұл естерткіштің қазақ халқының жеке халық болуы тұсындағы бас қосқан естерткіш болғандығы туралы жазды [Марғұлан, 1984, 142-б]. Ә.Х. Марғұлан А.И. Шренкті Таңбалы жарда кездесетін көне таңбалардың арасында Сібірдегі қия тастардан «... Орхон жазуына ұқсас алфавиттен бірнешеуін түсіріп алады» - деп жазып, көне таңбалардың бірнешеуін көрсетеді [Марғұлан, 1984, 133-б]. Осы таңбалардың ішінде көне орхон әріпіне ұқсас таңба қазақ ру таңбаларының ішінде кездесе бермейді (№3сурет). Ә.Марғұлан Шренктің Сібірдегі қия тастардан А.И. Шренктің көне Орхон жазуына ұқсас таңбаларды түсірген дей келе алты таңбаны көрсетеді. [Марғұлан, 1984, 142-б]. Осы алты таңбаның ішінше бұл таңба кездеседі. Бұл жерде көне тайпалық таңбалардың түрік сына жазуымен байланысы туралы Н.А. Аристовтың мына пікіріне тоқталып өтсек: «Так если ограничиться даже теми формами, какие имеют употребленные В.В. Радловым для напечатания надписи на памятнике Кюль-тегина знаки тюркского алфавита то окажется, что 29 из 38 знаков тюркского-алфавита сходны с ныне существующими родовыми тамгами или близко к ним, при сем некоторые знаки представляют собою одну и ту же тамгу, только в разных положениях» - дей келе таңбалар мен түрік сына жазуларының ұқсастықтарын көрсетті [Аристов, 2007, 50-б]. Бұл байланыстарды анықтау мақсатында жан-жақты терең зерттеуді қажет етеді.

Талдамалар

Таңбалы жар ру таңба кешендері Дабысын тұз көліне барып құятын, батыстан шығысқа қарай ағатын екі үлкен сай бойында орналасқан. Таңбалы жар естерткішінің орналасу айырмашылықтарына байланысты кешендердің солтүстік батыс жағындағы нысанды Таңбалыжар - 1, деп белгіледік. Таңбалы жар - 2 де ру таңбалары биік жардың оң жағында орналасқан. Таңбалы - 1 кешеніне қарағанда 2 - кешеннің тастары қатты болып келеді, яғни үгітілу процесі жүрмеген. Таңбалы жар- 1 де ру таңбалары жардың бойындағы бірнеше жерде табиғи тастарға бедерленген. Таңбалыжар 2 де ру таңбалары боркемік, жұмсақ тасқа салынған. Жергілікті өлкетанушы Мақсат Қарғабайдың айтуынша Таңбалы жардағы тастардың ел аузындағы бір атауы Егілмелі тас, яғни жұмсақ, бос деген мағынаны білдіреді.

Таңбалы жар естерткіштеріндегі ру таңбаларын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Олар:

- Оғыз, Сақ дәуірінен бастап тасқа басылған көне таңбалар.
- Қазақ хандығы тұсында салынған ру таңбалар;

Таңбалытас естерткішін ғалым Қ.И. Сатпаев та Таңбалытас №1, және Таңбалытас №2 деп деп белгілеп, Таңбалытас 2 дегі таңбалар Таңбалытас 1 қарағанда кейіннен салынған деп есептейді. Оның себептерін былайша түсіндіреді:

- 1. Таңбалытас 2 жұмсақ құмтастан тұрғандықтан табиғи бұзылымға тез бой алдырады;
- 2. Араб жазулары (XIX-XXғғ) кейінгі араб каллиграфиясымен жазылған;
- 3. XIX ғасыр мен XX ғасыр басында қазақтар 1 кешендегі таңбаларға киелі ретінде санап тиіспеген, кейбір таңбаларды осы жерге яғни жақын Таңбалыжар 2 ге естелік ретінде сақтап көшірген;
- 4. Таңбалы тас 2 алдыңғы зерттеушілер сипаттамаларына сәйкес келмейді. (Ю.А.Шмидт, А.И. Шренк, Л.Кузнецов) [Сатпаев, 2017, 83-84 -бб].

Біздің пікірімізше, Қазақ хандығы құрылу қарсаңында ру таңбалары негізінен осы Таңбалы-1 кешеніне салынған және Л.Кузнецов пен Х.Бекхожиннің сипаттаған 500 - ге жуық таңба осы кешенде орналасқан. Бұған биік жарқабақтан төменге қарай құлаған ірі тас фрагменттері, олардың бей-берекет жатуы дәлел бола алады. Біздің көшірме жасаған ру таңбалары тастардың ең үстінде жатқан бөліктерінен

ғана алынды. Бізге дейінгі зерттеушілер сипаттаған ру таңбалары осы Таңбалы-1 кешенінде жатқан ауыр тас фрагменттерінің астында деп есептейміз.

Нәтижелер

Көне таңбалар қатарында оғыз дәуірі кезеңінен келе жатқан таңбалар да кездеседі. Мұндай таңбалардың бірі оғыздардың қайы тайпасының таңбасы Таңбалы жар - 2 естерткішінде таңбаланған. (3 сурет) Осы таңба туралы Рашид ад-дин қайы руының таңбасы деп көрсетеді [Рашид-ад-дин, 1952, 88-б]. М.Қашқари өз еңбегінде бұл оғыз тайпасының атауын қайыг деп атап, ол тайпа таңбасын осылай белгілеген [Қашқари, 2005, 93-б]. Т.Омарбеков Сыр бойын билеген қаңлы тайпалары билікке келгендер атымен «Оғыз» атанып кетті дей келе, Рашид-ад-динде бірінші болып, Қашқариде 22 тайпа арасында екінші болып аталатын Қайы (қайығ) тайпаларының кейінгі қазақ Қаңлыларында сақталып қалуы сондықтан деп жазады [Омарбеков, 2017, 28-б]. Қаңлыларда осы таңбаның бір бөлігі яғни I көсеу таңбасы сақталған. Бұл таңба қазақ ру-тайпалары арасында жеке-жеке кездеседі. Олар бақан таңба - Y, I - әліп таңба, II - қос әліп таңба. Көне таңбалар арқылы ежелгі тайпалардың кейінгі қазақ хандығын құрған ру-тайпалармен тікелей туыстық қатынастарын айқындауға болады.



№2



№3

2 - суреттегі «балық таңба» туралы Ә.Марғұлан А.И. Шренктің Сібір жеріндегі қия тастағы таңбалар арасынан Орхон жазуына ұқсас алфавиттен бірнешеуін түсіріп алған дей келе бірнешеуін көрсетеді [Марғұлан, 1984, 132-б]. Берілген алты таңбаның ішінде осы таңба көрсетілген. Бұл таңба расында да Орхон жазуында кездеседі.



№4



№5

Қаз табан таңба (5 сурет) - Таңбалыжар - 1.2. кешендерінде кездеседі. М.Тынышбаевтың таңбалар кестесінде берілмеген. Н.А. Аристовта да бұл таңба жөнінде мәліметтер кездеспейді. Аталған таңбаның қандай тайпаға тиселі екендігін анықтау қажеттігі туындайды. Бұл таңба қандай руларға тиісті екендігі ру-тайпаларының таңбаларымен салыстыра зерттеуді қажет етеді. Ә. Марғұлан: «Бептақдалада салор қазан таңбасы» - дей келе екі таңбаның бірін осылай көрсеткен [Марғұлан, 1984, 28-б].

Алайда М.Қашқари еңбегінде Салгур, Рашид-ад-динде Салор атанған тайпа таңбасы Ә. Марғұлан көрсеткен таңбаға толық сәйкес келмейді. Дәл осы таңба «Арқар» деп аталып, төре таңбасы ретінде көрсетіледі. Тағы бір еске салатын қызықты жағдай осы таңба Есік қорғанынан табылған күміс табақшадағы көне жазуда да кездеседі. Ә. Марғұлан мақаласында көрсеткен оғыздардың баят тайпасының таңбалары Тамғалы жарда кездеспеді [Марғұлан, 1984, 133-б]. Мұның себебі бұл естерткіштің табиғи және кездейсоқ адамдардың қолымен бүлінгендіктен таңбалар өшіріліп қалуы мүмкін.

Ашамай таңбасы Таңбалы жарда осы таңбаның екі түрі кездеседі. (4, 6 сурет) Таңбалы жарда кездесетін ашамай таңбасының бірінде төменгі екі бөлігінде қосымша бағыт берілген. Ашамай таңбасы М.Тынышбаевтың ру таңбалары кестесінде Кіші жүзде Керейіт, Орта жүзде Керей мен Уақ руларының ру таңбасы болғандығын көрсетеді [Тынышпаев, 1990, 29-30-бб]. Таңбалыжар-2 кешенінен табылған ашамай таңбасына қосымша төменгі жағына бағыттаушы берілген, таңбалардың бұл түрі ру таңбаларын зерттеушілер еңбектерінде кездеспейді. Аталған таңба жөнінде Ақселеу Сейдімбек көне таңбалардың бірі ретінде крест таңбасына ұқсас бірақ екі жақ ұшында бағыттауыш (стрелка) (4 сурет) бейнеленген таңбаны жебе таңба деп атап, кіші жүздің Алшын руының таңбасы ретінде көрсетеді [Ақселеу Сейдімбек, 2008, 688б]. Ашамай мерзімді көшу кезінде түйе өркешіне арасына жүкті орналастыру мақсатындағы айқасқан ағаштан жасалған құрал. Ашамай таңбасын зерттеушілер арасында крест таңбасымен айырмашылықтарын шатастыру кездесіп жатады. Ашамай таңбасына ұқсас таңба Рашид ад диннің еңбегіндегі оғыздардың Күн

ханның үшінші ұлы Жұлдыз ханның бірінші ұлы Аушур және екінші ұлы Кызықтың таңбалары қазақ руларының арғы тарихынан хабар берсе керек [Рашид-ад-дин, 1952, 88-б].



№6 №7



Бақан таңба - (Y) – шаңырақты көтеретін бағана ағаш құралы атауымен байланысты. Бақан таңбасы Таңбалы 1.1., 1.2. Шеңгелдіде кездеседі. Зерттеушілер ішінде бұл таңбаның таралуы жөнінде М. Тынышбаев таңбаның Кіші жүздің Алаша, Шеркеш, Есентемір, Алаша Орта жүзде Бағаналы н Найман руларында кездесетіндігі туралы мәлімет келтіреді [Тынышпаев, 1990, 29-30-бб]. Осы таңбаның шығу уақыты туралы С.А. Яценко мен Т.С. Досанов: «В целом тамга в виде буквы «Y» весьма широко встречается в петроглифах тюрко-монгольских народов, в том числе и в сценах датируемых эпохой раннего средневековья. Вероятно, на территории Минусинской котловины Y образная тамга также использовалось в эпоху раннего средневековья» - дей келе, таңбаның шығу уақытын ерте орта ғасырлар уақытымен байланыстырады [Яценко, Досанов, 2014, 134б]. Минусин ойпатындағы ерте бұл таңба орта ғасырлар таңбасы ретінде берілгенімен Қазақстан аумағында бұл таңбаның ертерек уақытта болғандығына көз жеткізуге болады. Тағы бір көңіл аударатын жағдай Есік қорғанынан табылған күміс табақшадағы көне жазуда осы бақан таңбасы да кездеседі. Найманның ортақ таңбасы V мүйіз немесе өкіреш таңбасы мен Y бақан таңбасын көбінесе зерттеушілер шатастырып жатады. Ә. Марғұлан «Ескі қаңлы елінің тасқа түсірген таңбасы» және ескі ергенек таңбасы Найман таңбасының бірі ретінде осы таңбаны көрсетеді [Марғұлан, 1984, 133-б]. Найманның ортақ таңбасы есебінде кездесетін - V таңбасы. (мүйіз, немесе өкіреш таңба - шартты түрдегі атауы) Наймандардың шығу тегі Оғыздармен байланысты болғандықтан және бұқа культімен байланыстыра осы атауды ұсындық. Бұл екі таңбаның ортақ емес екендігін және әртүрлі ру-тайпалардың таңбалары болғандығына көз жеткізуге болады. (7 сурет)

Түйе мойын таңба (9 сурет) - немесе шылбыр деп аталады. Бұл ру таңбасы С.Аманжоловтың жазуынша Жаппас, Таз тайпаларының таңбалары болып еспетелінеді. Кіші жүз шежіресін жазған Т.Үсенов Алаша таңбасы «Айшық», яғни «Z» деп көрсетеді. Осы таңбаға ұқсас, бірақ қосымша жалғанған таңба кездеседі. Сонымен қатар Ә.Марғұлан бұл таңбаны қайы елінің жайтаңба, бүкіл елінің таңбасы тізе бүк таңбасы ретінде көрсетеді [Марғұлан, 1984, 134-б].



№8



№9

Тарақ таңбаның айыр таңба немесе төре таңба атаулары да кездеседі. (8-9 сурет) - төлеңгіт, табын, руларында кездеседі. С. Аманжолов «Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері» атты кітабында тарақ таңбаны Жалайыр руының да таңбасы ретінде көрсетеді [Аманжолов, 1959]. С.Е. Әжіғали тарақты табын таңбасы жайлы айта келіп бұл таңбаның массагетерден бері қазақ хандарына дейінгі және тағы басқа әулеттердің таңбасы болғандықтан пішімі даулы деп есептейді [Әжіғали, 2002, 464-б]. Тарақ таңбасы туралы С.Әжіғалидың бұл пікірімен келісуге болады. Шын мәнінде де тарақ таңбасының жоғарғы бөлігінде сызықшаның түйісуі әр түрлі болып келеді. Үйсін ішінде жалайыр және арғын ішінде тарақты таңбасы бар. Ә.Марғұлан Ш.Уәлихановтың мына дерегін келтіреді: қазақ арасында үйсін мен қаңлыларды ұлы ата деп қадірлеп, Жалайыр Қадірғалидың сипаттауынша ең беделді болған деген пікірін келтіреді [Марғұлан, 1984, 142-б]. М. Тынышпаев тарақ таңбасын төре таңбасы ретінде белгілеген [Тынышпаев,1990,30-б]. Тарақ таңбасы туралы мақаласында Ж.Егізбаев «... Нокта ағасы, аға балалы қара шаңырақ иесі атанған жалайыр, тарақты, табын, және төрелер - қазақ қоғамында атқарушы билік өрісінде болған және тарақ таңбасы билік рәмізі болғандығын зерттеуді тереңдете түседі» - деп жазды [Егізбаев, 29-30б].

Тұмар таңба - М. Тынышбаев кестесінде бұл таңба Ұлы жүз рулары Шапырашты мен Ошақты, және Кіші жүздің Беріш руларында кездеседі. Осы таңбаны М. Тынышбаевтың Ошақтылардың негізгі таңбасы ретінде көрсетіледі. [Тынышбаев, 1990, 28-б]. Тамғалы жар-1 де бұл таңба айқын сақталған.



№10 №11



Көсеу таңба - I жиі кездесетін таңбалардың бірі. С.Аманжолов, Н.И. Гродеков, М.Тынышбаев пайымдаулары бойынша Қаңлыларда екі түрлі таңба кездеседі. Бірі -) ай таңба, екіншісі I көсеу таңба. Бұл таңбаның қандай руға тиселі екендігі әлі анықтауды қажет етеді. Н.А.Аристов көсеу таңбасы туралы: «У колена канглы тамга кесеу, (кочерга) а потому колена исты, у которого, как и у родов его тилик и уик, там же тамга, должно происходить от канглов» - деп жазды [Аристов, 2007, 50-б]. Бұл таңбаны отқа табынумен байланысты мифологиялық түсініктен шығуы мүмкін деген болжам жасауға болады.

Босаға таңба (II) - Таңбалыжар 1 және 2 кешенде де кездеседі. Бұл таңба Н.А.Аристов, М. Тынышбаев зерттеулерінде Қоңырат руының таңбасы болып есептелінеді. Босаға таңбасы киіз үйдің кірер есігіне, яғни босағаға ұқсас келеді. Босаға қазақ халқы түсінігінде киелі орын ретінде белгілі. **Үш әліп таңбасы** - Таңбалы жар 2 кешенінің 4 - тасында әліп таңбасының астыңғы бөлігінде қосымша көлденең үш жолақ сызық берілген. Т.Омарбеков б.з.б. II - б.з. IV ғасырлары аралығындағы ежелгі үйсіндердің бір таңбасының бірі ретінде таңбасы осы үш жолақ сызық таңбасын көрсетеді [Омарбеков, 2017, 23-27-бб]. Ә.Марғұлан бұл таңбаны үш әліп деп атап, ескі үйсіндерге тиселі екендігін жазды [Марғұлан, 1984, 140-б].

Ашамай таңба (x) - Таңбалы жар - 2 кешенінде берілген. М. Тынышбаев кестесінде Орта жүздің Бағаналы руының бір таңбасы, Уақ және Кіші жүзде Телеу және Керейіт руларының таңбасы ретінде көрсетіледі [Тынышбаев, 1990, 29-30-бб]. Ашамай мерзімді көшу кезінде түйе өркешіне арасына жүкті орналастыру мақсатындағы айқасқан ағаштан жасалған құрал. Ашамай таңбасын зерттеушілер арасында крест таңбасымен айырмашылықтарын шатастыру кездесіп жатады. Ашамай таңбасына ұқсас таңба Рашид-ад-диннің еңбегіндегі оғыздардың Күн ханның үшінші ұлы Жұлдыз ханның бірінші ұлы Аушур және екінші ұлы Кызықтың таңбалары қазақ руларының арғы тарихынан хабар берсе керек [Рашид-ад-дин, 1952, 88-б].



№12 №13



Сірге таңбасы (13 сурет) - Сіргелі руының таңбасы атауымен байланысты. Сірге төрт түлік мал ішінде түйе мен сиырдың есейген төлінің енесін ембес үшін лайықтап жасалған томағасы. Тамғалы - 2 де кездеседі. М.Тынышбаев, С.Аманжолов зерттеулерлерінде сірге таңбасының Сіргелі руына тиселі екендігін жазылды.

Қос әліп таңбасы (II) - Таңбалы жар-2 кешенінде кездеседі. М. Тынышбаевтың таңбалар Орта жүзде Қыпшақ, Кіші жүзде Керейіт пен Тама руларының таңбасы ретінде көрсетілген [Тынышбаев, 1990, 29-б].

Оқ таңба - жебе ұшының басына ұқсайды Таңбалыжар-1 кешенінде кездеседі. М.Тынышбаевтың ру таңбалары кестесінде бұл таңба Адай руының негізгі таңбасы болып есептелінеді.

Көз таңбасы - М. Тынышбаевтың ру таңбалары кестесінде Арғын таңбасы болып есептелінеді. Көз таңба Талмас ата есткерткішінен табылды. (14сурет)



№14 №15



Таңбалытастың 1970-жылдардан бастап және қазіргі күндері де келуші адамдар қолымен бүлініп жатқандығына жоғарыдағы сурет дәлел бола алады. (15 сурет) Таңбалы жардағы кейбір таңбаларды әлі де жан-жақты зерттеу қажет. Таңбалы жар естерткіші туралы Ж.О. Артықбаев Киелі жерлер: Таңбалы тас атты мақаласында: «Таңбалытас» тасасында Еуразия халықтарының сұлбасы көрінеді. Себебі Бетпақдаладағы құз-жартастарға таңба салу құрметіне даланың ең ежелгі мықты тайпалары ғана рұқсат алған. Бұл естерткіш - қазақтың ұлттық бірлігінің ең тамаша айғағы және тарихымыздың қайнар бұлағы» - деп жазды [Артықбаев, 2015].

Қорытынды

Таңбалытастың қазіргі жайы туралы: «Қазба байлыққа қызыққан отаршы елдің өкілдері жарып жіберген Таңбалы тасты сақтай алмадық. Өкінішті. Одан да өкініштісі, қазақ қазақ болғалы алғаш рет ту тіккен, орда көтерген жерді тиісінше қадірлей алмай отырмыз» - деп жазды өлкетанушы Төреғали Тәшен [Төреғали, 2017]. Жергілікті өлкетанушы С. Тәбірізұлы да осы естерткішті сақтау мәселесі жөнінде бірнеше мақаласы шықты. Таңбалытастың қазіргі күйі жанашырлық жағдайда қалып отыр. Естерткіштің табиғи мүжілуімен қатар адам қолымен де бүлінуде. Кеңестік жылдарында геологтар қолымен жарылып сындырылса, одан әрі таңба беттеріне кездейсоқ келушілердің де қолтаңбалары түсіп үлгерген. Тіпті бертінгі уақыттарда да осы естерткішке келушілер таңбаларды бүлдіріп, үстінен әртүрлі адамдар есімдері мен түрлі жазуларды жазып қалдырған (15 сурет). Тарихтың мол мұрасы Таңбалытастың басына арнайы естерткіш тақта қою, ондағы жойылып бара жатқан таңбалардың көшірмесін түсіру және қорғауға алу уақыт күттірмейтін іс.

Ұсыныстар:

- Таңбалыжар кешеніне келушілерге таныстыру мақсатында естерткіш туралы ақпарат және оның тарихи маңызы жайында жазылған арнайы (табличка) тақтатас қою.
- Кешеннің қазақ халқының тарихындағы маңыздылығын ескере отырып мемлекеттік қорғауға алу.
- Таңбалы жар естерткіштерін әр түрлі мамандық иелерін қатыстыра отырып кешенді зерттеуді ұйымдастыру.
- Зерттеу нәтижелеріне сәйкес Таңбалы жар кешендерін қайта қалпына келтіруді қолға алу.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Ақселеу Сейдімбек Қазақтың ауызша тарихы. Астана: Фолиант 2008. - 688 б.
- Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка А.1959.
- Артықбаев Ж.О. Киелі жерлер: Таңбалы тас <http://e-history.kz/kz/publications/view/3249> © e-history.kz 2015. қаңтар.
- Аристов Н.А. Этногенез и этническая история казахского народа. Астана: «Алтын кітап» 2007. - с.50
- Әжіғали С. Архитектура кочевников Алматы. 2002. - 464 б
- Егізбаев Ж. Қазақ тайпалары мен руларының таңбаларындағы тарақ таңбасының билікке қатысы мәселесінде //Қазақстанның ғылыми әлемі. №3-6 (49-52) 213 - 82-83 бб.
- Иванин М.И. О военном искусстве и завоеваниях монголо-татар и среднеазиатских народов при Чингис-хане и Тамерлане. СПб.1875 - с.196
- Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. 2-басылым.толық. Астана: «Алтын кітап». 2007
- Кузнецов Л. О надписи на камне «Тамгалы тас» в пустыне Бетпак дала в Атбасарском уезде Акмолинской губернии // Записки Семипалатинского отдела Государственного русского географического общества выпуск. XVI Семипалатинск. 1927. - с.123
- Маргулан А.Х. Труды по культуре казахского народа. Павлодар: «Эко», 2005. - с.120
- Марғұлан Ә. Х. «Тамгалы тас» жазуы // Жұлдыз №1 январь 1984 - 132 б.
- Махмуд ал-Кашгари Диван Лугат ат-Турк Алматы: «Дайк-пресс» 2005. - 93 б.
- Омарбеков Т. Ежелгі Ақыртастағы таңба нені аңғартады? // т.ғ.д. профессор Қ.Т. Жұмағұловтың 70жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция жинағы. 2017
- Рашид ад-дин Сборник летописей. Т 1. Книга 1. Москва-Ленинград., 1952. - с.88
- Сатпаев К.И. Доисорические памятники в Джезказганском районе Астана: «Алтын кітап» 2017. - 85 б.
- Төреғали Тәшен Қазақтың төлқұжаты - Таңбалы тас // Айқын газеті. Сәуір 21, 2017
- Тынышпаев М. Материалы к историкирғиз-казахского народа Алматы: «Алтын-орда» 1990. - с. 29-30

Шмидт Ю.А. Очерки киргизской степи к югу от Арало-Иртышского водораздела, в Акмолинской области // Записки Западно - Сибирского отдела ИРГО. Кн. XVII, Вып II. Омск, 1894. - с. 47

Яценко С.А. Досанов Т.С. Тайна руники // қазақстан және Орта Азия халықтарының материалдық емес мәдени мұраларын зерттеу мәселелері: топонимика, эпиграфика, өнер атты халықаралық конференция материалдары. Астана. 2014 - 243 б.

Компьютерде беттеген
Зикирбаева В.С.

Редакцияның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Шевченко көш., 28,
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«**edu.e-history.kz**» журналының редакциясы
Телефон: +7 (727) 261-67-19
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.